

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 008:198

Қолжазба құқында

ӘБІКЕНОВ ЖАРҚЫНБЕК ОРАЛБЕКҰЛЫ

Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау

6D020400 - Мәдениеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық ғылыми кеңесші:
Ғабитов Т.Х.,
философия ғылымдарының докторы, профессор
Шетелдік ғылыми кеңесші:
Ееро Тараста
PhD доктор, Финляндия, Хелсинки
университетінің профессоры

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ	9
1.1 Мәдени құндылықтар: ұғым талдау және әдіснама.....	9
1.2 Мәдени құндылықтарды семиотикалық зерттеудің ерекшеліктері.....	27
2 СЫР ӨҢІРІНІҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ	42
2.1 Сыр өңірі киелі нысандарын рәміздік талдау.....	42
2.2 Сыр өңіріндегі дәстүрлі мәдени құндылықтарды семиотикалық талдау.....	61
2.3 Бұқаралық мәдени құндылықтардың рәміздік негіздемесі.....	89
3 ҚАЗІРГІ СЫР ӨҢІРІНДЕГІ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҮДЕРІСТЕРІН МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	109
3.1 Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар үдерістерін мәдени-әлеуметтік зерттеу тәжірибесі.....	109
3.2 Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың мәдени туризмді дамытудағы маңызы.....	126
ҚОРЫТЫНДЫ	147
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	148

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы қазақстандық мәдениеттанулық ғылымның зерттеу алаңына ұсынылып отырған тың тақырып. Семиотикалық талдау мәдени құндылықтардың бірыңғай мәтінін біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі таңда ғылымның мәдени құндылықтар саласында зерттелмей жатқан және заманауи тұрғыдан зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қолы жетіп, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани салаларындағы пайда болған түбегейлі өзгерістер мәдениеттанушылар алдына, оларды жаңаша зерделеу міндетін қойды. Осы міндетті жүзеге асыруда жұмысымызға жаңаша тұрғыдан қарау үшін, семиотикалық талдау және зерттеу тәсілдерін пайдалану қажеттілігі туындап тұр.

Біз зерттеу нысанына алып отырған Сыр өңірінің мәдени құндылықтарының даму кезеңдерін, қызметі мен бағыттарын заманауи тұрғыда зерттеудің маңызы зор. Сыр өңірінің мәдени құндылықтары қазақ мәдениет әлемінің бір бөлшегі ретінде толыққанды мағлұмат беретін мәдени жәдігер болып табылады. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарының семиотикалық талдаудағы ғылыми-теориялық мәселелері мәдени антропологияда бұған дейін арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, оны жан-жақты кең қамтылған пәнаралық өрісте қарастыру әрекеті семантикалық, прагматикалық идеялар негізінде зерттеу, мәдени құндылықтардағы ақпараттық мазмұндық-семиотикалық аясы негізінде ұлттық әлеуетін және түрлі мәдениет белгілерін құрайтын негізгі элементтерін жіктеу, түркі дүниетанымындағы мәдени құндылықтардың қасиеттілігі туралы ұғым түсінігін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Жалпы мәдени құндылықтар туралы айтқанда біз оның көп қырлы құбылыс екендігіне, күрделі, қозғалыс пен даму жағдайында болатындығына назар аударуға тиіспіз. Маңызды мәселелердің бірі мәдениеттің субъектісі туралы мәселе болып табылады. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын уақыттың өлшемі пен кеңістікте сіресіп тұрып қалған тарихи болмыстың феномені деп қарауға болмайды, қайта керісінше ол да үнемі өзгеріс пен даму процесінде болды. Сыр өңірінің мәдени жетістіктері ақыл-ойы мен шеберлігінің негізінде осы өңірге тән мәдениет деп аталатын құбылысты жасады. Сонымен мәдениетті жасау адамдардың олардың ойларының, эмоциясы мен тәжірибесінің жетістігі болып табылады. Оған осы өңірдің азаматтарының қосқан үлесінің дәлелі бірегей мәдени туындыларын дүниеге келтірді. Осы қызметтің нәтижесінде мәдениеттің өзі жаңғырумен болады. Әрине, туынды оны жасаушысы үшін қандайда бір құндылықты еншілейді. Осы тұрғыда Сыр өңірінде де жеке адам, отбасы, ру және т.б. сияқты өзіне тән бірегейлікті, өмірлік жағдайларды реттеудің өзіндік негіздерін ақпаратты сапада сақтау, қайта жаңғырту және берудің бірегей тәсілдерін, осы құбылыстардың мағыналық өңделуі, түсіндірілуі бар. Ақпаратты берудің ғылыми-техникалық үдерісте неғұрлым жетілген түрлері бар

болғанымен, бірақ біз үшін «мәдени дәстүр» үйреншікті, түсінікті және іс жүзінде қажетті болып табылады.

Сондықтан қазіргі таңда Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын семиотикалық тұрғыдан зерделеу, дүниетанымдық рухани-ақпараттық әлеуетін мазмұндық-семантикалық бағытта саралау, осы арқылы мәдени жәдігерлерді семиотикалық концептінің мазмұнын жан-жақты талдау мәдени антропологияның өзекті мәселесі болып табылады.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Таңдалып алынған тақырып отандық мәдениеттанулық және философиялық әдебиетте алғашқы болып табылады. Алайда бұл зерттеу ішкі мәнісі бойынша көптеген теориялық ізденістер, мәдени мәтіндер мен деректерге сүйене отырылып орындалған.

Біздің зерттеу объектіміз тұтасымен құндылықтар мәселесіне арналмағандықтан, ғылыми ізденістер аймағында құндылықтар теориясының әртүрлі типтерін құрайтын философиялық тұжырымдарға тоқтала кетеміз. Сондықтан құндылықтар мәселесіне философия тарихында да көптеген пікірлер білдіріліп, антика заманында өмір сүрген Сократ, Платон, Аристотель, неміс классикасының өкілдері И.Кант және Г.Гегель, аксиологиялық трансцендентализмнің негізгі өкілдері Г.Риккерт, жаңакантшыл Э.Кассирер, персоналистік онтологизмді бағытының өкілі М.Шелер, мәдени-тарихи релятивизм концепциясы бағыты өкілдері Дильтей, Шпенглер, Тойнби, құндылықтар концепциясының негізін әлеуметтану ғылымында жасаған М.Вебердің, Р.Уильямстың құндылықтың өзгеру типологиясын қалыптастыруын қарастырамыз.

Қазақстандық философтар құндылықтар мәселесіне еліміздің тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап терең мән бере бастады. Көптеген еңбектерде құндылық мәселесі қарастырыла бастады. Құндылықтардың мәні мен табиғатын айқындауда шығармашылықтың және руханилықтың арқауымен байланыстырған зерттеушілерге Қ.Ә.Әбішевті, М.З.Изотовты, У.Е.Ерғалиді, А.Қ.Қасабекті, А.Х. Қасымжановты, А.Б.Қапышевты, С.Ю.Колчигинді, А.Г.Косиченконы, Б.К.Құдайбергеновті, Г.Г.Соловьеваны жатқызуға болады.

Құндылықтар жүйесі белгілі әлеуметтік-этникалық қауымдастықта қалыптасып, дамитын болғандықтан ол ауқымдағы мәдени, ділдік, идеялық бағдарлардың маңыздылығы зор. Бұл тұрғыда зерттеу барысында С.Н.Ақатайдың, Т.Айтқазиннің, Г.К. Әбдіғалиеваның, Н.Байтенованың, Т.Х.Ғабитовтың, К.Кішібековтың, Р.Қ.Кәдіржановтың, К.М.Мардановтың, Ә.Н.Нысанбаевтың, К.Ш.Нұрланованың, Б.Нұржановтың, Т.С.Сәрсенбаевтың, Г.К.Шалабаеваның, Н.Шаханованың монографиялары мен мақалаларындағы философиялық тұжырымдары мәселені жаңаша сараптауға негіз болды. Қазақстанның рухани құндылықтары жөнінде өзінің ойларын заманға байланыстыра сабақтаған С.Е. Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлем: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбына арналған монографияда рухани құндылықтарға теориялық және аксиологиялық тұрғыда анықтама берілген.

Бүгінгі таңда батыс елдерінде мәдени құндылықтарды зерттеу семиотикасы жеткілікті дамыған теория болып табылады, бұның тәсілдері құндылықтардың әртүрлі танымдық деңгейін талдауға мүмкіндік береді. Семиотикада белгінің бір-бірімен қатынасын синтаксис, белгінің белгіленген затқа қатынасы

семантика, белгі жүйесінде тұтынып қолданылатын белгі қатынасын прагматика айырып береді. Бұл мәдени құндылықтардың дүниетанымдық түсініктерінің негізгі жүйесін семиотикалық тәсілде айқындауға мүмкіндік береді. Мәселенің зерттелу деңгейіндегі семиотика мен рәмізшілдік мектеп батыстық мәдениетте қалыптасқандықтан, осы бағдарламалардың жетістіктерін пайдалану отандық мәдениеттанудың жаңашыл жетістіктерге жетуіне себепкер бола алады.

Мәдени құндылықтар құбылыстарын семиотикалық тұрғыдан зерттеу және жалпы рәміздік белгі мәселелер бойынша ізденістер семиотика мен семантиканың дамуына байланысты батыстық зерттеушілер тарапынан өрістеді: К.О. Апель, Ч. Моррис, Ч. Пирс, Э. Кассирер, М. Фуко, Р.Гвардини, В. Тэрнер, К. Леви-Строс, Д.Фрезер, Ж. Деррида, Ж.Делез, Ф.Гваттари, О. Шпенглер, Ф. Лиотар, А. Тойнби және т.б. Рәміздің мәдениеттегі маңыздылығы П.А. Флоренский, П.Г. Богатырев, Ю. Лотман, А.Ф. Лосев және т.б. ресейлік авторлардың еңбектерінде зерттеліп қамтылған.

Тікелей мәдени құндылықтардағы семиотикалық суреттемелері мен олардың рәміздік негіздеріне арналмағанымен, осы мәселенің белгілі бір қырлары айқындалған қазақстандық кейбір ғылыми еңбектерді атап өтсек, қазақ халқының мәдениеті, коммуникациялық қатынастары, қолөнері, тұрмысы жайлы жазылған Ш.Уәлиханов еңбектерінің маңызы зор. Оның еңбектері ХІХ ғ. орта кезеңіндегі қазақтардың қарым-қатынастары семиотикасы тарихына мол мағлұмат қосады. Академик Ә.Марғұланның үш томдық еңбектері қызықты деректермен, құнды мазмұнымен қатар, әрбір мәдени артефакттың семиотикалық технологиясын сипаттап, қолдану орнын анықтайды. Қанат Нұрланованың «Адам және әлем. Қазақтың ұлттық идеясы» атты кітабында қазақ идеясы ретінде «адаммен егіз жарық дүние» рәміз суреттемесін ұсынады.

Диссертация тақырыбына қатысты Н. Ж. Шаханованың «Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне семантика-семиотикалық талдау» және «Дәстүрлі қазақ мәдениетінің әлемі» атты зерттеулерінде дәстүрлі қазақ мәдениетінің кешендік құрылымына семиотикалық талдау берілген. Қазақ дүниетанымы мен дәстүрлі мәдениетіндегі түйінді рәміздер Қ.М. Борбасованың Қазақстандағы діни қарым-қатынастарға арналған еңбектерінде, Т.Х.Ғабитовтың «Қазақ мәдениетінің тарихы», В.Ғалиевтың «Қазақ мәдениетінің рәміздері» және т.б. зерттеулерде сарапталған. Ғалым Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде де мәдени құндылықтар семиотикасына қатысты құнды деректер қамтылады. Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінің бірқатары дәстүрлі өнер мен этнографиялық құндылықтарды заттық-материалды мәдениет тұрғысынан сипаттап, түсінік береді. Алғаш рет мәдени құндылықтар Бек Ибраевтың ғылыми зерттеу мақаласында тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеліп, семиотикалық талдау жасалады. Осы тұрғыда, мәдениеттану саласында қорғалған Н.Қ.Альджанованың «Қазақтардың коммуникациялық мәдениетін семиотикалық талдау» атты докторлық диссертацияларында көтерілген идеялар мен семиотикалық тұрғыдан талдау мәселелерінің өз жалғасын табуын объективтілік деп санаймыз.

Алайда бұл зерттеулер аталған тақырыпты тікелей қамтымағандықтан диссертациялық ізденістің объектісі мен пәнін жаңа деп бағалауға толық негіз бар. Біз қарастырып отырған мәселенің аталып өткен зерттеулерден негізгі

айырмашылығы зерттеу нысанының өз дәрежесінде анықталуымен және соған сай зерттеу әдісін қолдану өзгешелігінде. Семиотика ғылымы мемлекетімізде даму сатысының бастапқы кезеңдерін басынан өткізуіне байланысты таңдалып алынған тақырып отандық мәдениеттануда алғашқы болып табылады. Алайда бұл зерттеу ішкі мәнісі бойынша көптеген теориялық ізденістер мен деректерге сүйене отырылып орындалады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазіргі таңда еліміздің құндылықтары қайта қаралып жатқан Қазақстандық қоғамның, жаңа өркениеттілік талаптарына сай мәдени құндылықтарды семиотикалық таңбалары мен олардың рәміздік негіздерін зерттеу жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Қойылған мақсат бойынша мәдени құндылықтарды семиотикалық тұрғыдан зерттеу арқылы оның мәдени үлгі нысандары сараланып, басқа тарихи кезеңдердегі мәдениеттер араласу ықпалымен дамыған нысандарына және даму жолдарына мәдениеттанулық және антропологиялық тұрғыдан талдау беру зерттеудің мақсатын нақтыландырады. Аталған мақсатты шешу барысында төмендегідей ауқымды міндеттерді алдымызға қойдық:

- Мәдени құндылықтардың рухани дамудағы құндылықты моделін айқындау үшін батыстық семиотикалық рәмізшілдік мектептің жетістіктері мен құндылықтарына мәдениеттанулық сараптама беру;

- Мәдени құндылықтардың семиотиканың талдау кезінде түрлі мәселелік өрісін анықтау және бұл саланың қазіргі мәдениеттегі тәжірибелік ролін айқындау;

- Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың типологиясын жасау;

- Мәдени құндылықтардың өзіндік стилдік ерекшеліктерін айқындау және оларға мәдениеттанулық салыстырмалы талдау беру;

- Мәдени құндылықтарда қалыптасқан әр түрлі вербальды емес семиотикалық суреттемелерге рәміздік-мәтіндік талдау беру;

- Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарды семиотикалық талдай отырып, тарихи-мәдени контекстінде қарастыру және салыстыру;

- Сыр өңірінің мәдени құндылықтарды рәміздік суреттемелер арқылы аксиологиялық түсіндірме және концептуалды сипаттама беру;

- Сыр өңірі азаматтарының мәдени құндылықтарды бағалауы, мәдени құндылықтарға деген тұрақты түсініктері мен олардың сақталу деңгейін, бұл түсініктердің әлеуметтену дәрежесін зерттеу, мәдени құндылықтарға деген көзқарастары мен ұстанымдарын анықтау болып табылады.

- Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарды рухани мәдениет пен мәдени туризмді өркендетудегі маңыздылығын талдау;

- Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарды негізінде туризмдік кластерді дамыту және оның турресурсын жасау.

Зерттеудің нысаны: Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар.

Зерттеу жұмысының пәні: Сыр өңірінің мәдени құндылықтарының таңбалық және рәміздік жүйесі, оның пайда болуы, семантикасы, прагматикасы және типологиясы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақстандық мәдениеттану ғылымының зерттеу кеңістігінде мәдени құндылықтарды семиотикалық талдау алғашқы рет Сыр өңірі контекстінде қарастырылып отыр. Жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар үдерісін батыстық зерттеу

ұстанымын қазақы этномәдени қисынмен үйлестіріп, рәміздік мәдени мән-мағынасын кешенді мәдениеттанулық зерттеулер арқылы ашу болып табылады.

Диссертациялық еңбекте көтерілген тақырыптың маңыздылығынан және алға қойған мақсат-міндеттерді шешуден туындаған келесі жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

-Сыр өңірі мәдени кеңістігінің концептуалдық аясы мен мәдени семантикасы мен рәміздерін семиотикалық тұрғыда сараптау арқылы зерделенді.

-Мәдениет саласындағы семиотикалық ғылыми еңбектері негізінде мәдени құндылықтар генезисін, құрылымын және негізгі белгілері жан-жақты қарастырылды.

-Ғылыми суреттемелерде рационалды түсіндірмелік, философияда-пайымдау басымдылық танытса, мәдениеттанулық суреттемелерінде адами қарым-қатынастарды болмыстық бітімдермен үйлесімді типтік салыстырмалық тәсілмен білдіру алдыңғы қатарға шығатындығы дәлелденді.

-Сыр өңірінің мәдени құндылықтарының дәстүршілдік пен жаңашылдық аясындағы өзгерістері анықталды.

-Бұқаралық мәдениеттегі заманауи өзгерістердің ұлттық мәдениеттің кейбір салаларына тиізетін әсері анықталды және мәдени құндылықтар жүйесінің озық үлгілерін құрудың жобалары ұсынылды.

-Сыр өңіріндегі киелі нысандар қазақстандық брендтеу үдерісін дамыту мен жетілдіру нысаны ретінде дәлелденді.

-Өңірдің имидждік даму бағыттарын анықтау үшін өңірді дәріптеу шарттары жіктеліп және аймақтық брендинг теориялары, тұжырымдары және принциптері зерделенді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Мәдени құндылықтардағы рәміздер жалпы семиотикалық тұрғыда адам мен әлем арасындағы қарым қатынас тұрғысынан түсіндірілсе, архетиптік сипаттағы мәдени рәміздер өз бойларына қашанда құпиялықты жасырады. Оның астарында қашанда кодтық мағыналық негізге сүйенген мәдени этикалық дәстүр сақталатыны белгілі. Құндылықтар туралы зерттеулер бойынша мәдени саладағы рәміздер адам қызметінің нысаны мен оның қажетті алғышарты болып есептеледі.

2. Сыр өңірінің мәдени кеңістігіндегі инновациялық үрдістері уақыт талабына сай өзгереді және өркениеттік толқындармен үйлесімді әрекет етеді. Семиотикалық талдау өңірдегі дәстүр мен жаңашылдық, құндылықтарды түгендеу, жаппай батыстандыру үрдістерінің белсенді модернизация аймағында жүретіндігі белгілі. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі рәміздік қатынастарды айқындау арқылы қазіргі рухани мәдениеттің архиптеріне назар аударылады және осының нәтижесінде құндылықтардың ділдік негіздерін сараптау басталады.

3. Сыр өңіріндегі мәдениеттанулық талдаудан желілік коммуникацияның айрықша кеңістіктік топологияға негізделетіні және оның коммуникациялық әрекетке қатысудағы анонимділігі көзге түседі. Жаһанданудың бірегейлендіру тенденциясы ұлттық ерекшеліктерге тиімді емес, сондықтан батыстандыру мен жаһанданудың қабылданатын коммуникациялық модельдерін трансформациялау қажет.

4. Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдары, жастардың қоғамда қалыптасқан адамгершілік, салт-дәстүр, мінез-құлық қағидаларын адамзат жасаған өмірлік құндылықтар мен талғамдарды, рухани байлықтарды бойына сіңіріп, меңгеруді талап етеді.

5. Сыр өңірінің дәстүрлі қоғамдағы мәдени мұрасын оқшауланған, тұйық күйінде емес, бүкіл түркі өркениеті кешенінде, үздіксіз әлеуметтік мәдени даму процесінде зерттелгені дұрыс, сонда ғана өңірдің өзіндік ерекше сипаттамалық рәміздік белгілері ғылыми мағынада ашылады.

6. Сыр өңірі халқының мәдениетінің рәміз-рәсімдік түсініктері арқылы мәдени кеңістігі ерекшеліктерімен танысуға болады. Себебі мәдени кеңістіктің ұйымдасуы өмір салтының детерминизмі ықпалынан туындаған. Олардың терең мағынасы мәдени кеңістік қатынас ерекшелігіне байланысты қалыптасқан халықтың тұрақты дүниетанымдық түсініктерін білдіреді.

7. Сыр өңірі өзінің мәдени құндылықтар тарихын әлемдік тарихи үдеріс ауқымында қалыптастырған. Семиотикалық тұрғыда, Сыр өңірі мәдени құндылықтарын оның этикалық және эстетикалық өлшемінде алсақ, бұл өңір халқының игеріп қабылдаған және тіршілік ортасына айналған ғаламның, ғарыштың бейнелі үлгісі деп қабылдауға болады.

8. Өзіміздің құндылықтарымызды сақтап қала білгендігіміз біздің басты жетістігіміз болғанымен, Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдарын айқындап отырады.

9. Туризм мен семиотиканың өзара іс-қимылының әдіснамалық механизмін әзірлеу туристік маркетингтік жұмыста өңірдің рәміздік бейнесін салуға әсер ететін факторлар туралы үстірт түсінуден аулақ болуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың әдістемелік және теориялық негіздері.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық және теориялық негізінде Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын семиотикалық талдау жатыр. Ізденістің мазмұнындағы архитектуроналық бірлік логикалық және тарихи талдаудың ішкі байланысын айқындаудан туындайды, мәдени рәміздерге түсіндірме беру барысында ұлттық болмыстың гомогендігі мен тұтастығына ерекше көңіл бөлінді. Зерттеудің әдістемелік негізінде батыстық, ресейлік және қазақ мәдениеттерінің тарихи мәтіндері талдау объектісі ретінде алынды.

Біз қарастырып отырған мәселенің аталып өткен тарихи, археологиялық, этнографиялық зерттеулерден негізгі айырмашылығы зерттеу нысанының рәміздік-таңбалық анықталуымен және соған сай жаңашыл батыстық зерттеу әдістерін қолдану өзгешелігінде.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық нәтижелері мен ұсынылатын тұжырымдары. Мәдени құндылықтарға қатысты семантикалық, прагматикалық, рәміздік, мәдени-әлеуметтік зерттеулер мәселелерінің ғылыми-теориялық негіздерін тереңдетуге және толықтыруға өз деңгейінде үлес қосады. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын семиотикалық талдау арқылы жалпы қазақ дүниетанымын мәдени антропологиялық парадигма аясындағы зерттеулердің теориялық негіздері мен ұстанымдарын нақтылай түседі.

Семиотика біріккен кешенді жүйе болғандықтан, диссертациялық жұмыста аналитикалық, пәнаралық, жалпылау, сипаттау, жүйелеу, салыстыру, қорытындылау, семиотикалық рәміздерді интерпретациялау, прагматикалық пайымдама жасау, сауалнама алу, жазбаша сауалнама алу әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. Сонымен қатар диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізу барысында антропологиялық әдістер: бақылау, мәдениеттанулық портрет әдісі қолданылды. Сонымен қатар кейбір қажетті деген мәселелерде баяндау логикасы берілді.

Зерттеу барысында компаративистік, семиотикалық мәтіндерді интерпретациялау, рәміздерді реконструкциялау тәсілдері қолданылды, сонымен бірге мәдени мәтіндерге түсіндірме беру барысында ұлттық қарым-қатынастар жүйесінің гомогендігі мен тұтастығына басымдық берілді.

Бұл зерттеу Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын семиотикалық талдау жүйесіне прагматикалық және семантикалық пайымдама жасауға арналғандықтан, семиотикалық талдаудың негізінде қазақтың дәстүрлі қарым-қатынастарының генезисін, аксиологиялық тамырын талдауға ерекше назар аударылды.

Жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңыздылығы: Қазіргі заман талабына сай мәдени құндылықтардың насихатталуымен байланыстыруға болады. Таңдалып алынған тақырыптың маңыздылығы сонымен бірге Сыр өңірінің қазақ мәдениетінің бір бөлшегі ретінде заманауи зерттеулерге негізделген теориялық моделін жасау қажеттігінен туындайды. Ол семиотиканы зерттеуші ғалымдардың зерттеу әдістері мен тәсілдеріне сәйкесті қайта қалпына келтіруге және де әдістемелік жетістіктерге негізделуі тиіс.

Диссертацияның нәтижелерін философия мен мәдениеттанудың бірқатар мәселелерін шешуде пайдалануға болады, әсіресе, отандық мәдениеттің салаларын бірегейлендіруге үлес қосуында, жаһандану үдерісіндегі мәдениеттердің трансформациялануы кезеңінде ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды сақтап қалуда, қазақ мәдениеті мен руханиятының архетиптері, жеке тұлғаның мәдени мұраларға құндылық ретінде қарауына және тағы басқа мәселелерді зерттеуде оның нәтижелері қомақты болатыны сөзсіз.

Бұл зерттеу Сыр өңірінің мәдени мұрасын игеруде, мәдени төлтумалылықты қалыптастыруда, соның негізінде өңірдің дәстүрлі мәдениетін насихаттауда өзіндік үлесін қосады. Оның үстіне Сыр өңірінің мәдени танымдық құндылықтық-мағыналық қырларының семиотикалық талдау тұрғысында әлі күнге дейін зерттеле қоймағанын айта кету керек. Сондықтан аталмыш мәселелерді бүгінгі күн сұранысына орай зерттеу сипатында қарастыру маңызды.

Өңірлік мәдени құндылықтар теориялары мен қағидаларына талдау жасау арқылы қазақстандық мәдени кеңістік үшін және мәдениеттану ғылымының зерттеу алаңына жаңа теориялар мен тұжырымдамалар ұсынылды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер заманауи мәдени кеңістікте мәдени құндылықтар мәселесін семиотикалық тұрғысынан әрі қарай зерттеуге, өңірдің имиджін қалыптастыру үрдістерін жалғастыруға негіз бола алады.

Диссертацияның тәжірибелік жәй-күйі мемлекетіміздің мәдени-тарихи рухани құндылықтарын қайтадан жаңғыртуға бағытталған реформаларының

жүзеге асырумен байланысты болып табылады. Диссертацияның тұжырымдары еліміздегі тарихи-мәдени қозғаушы қоғамның рухани негіздерін, мәдениеттердің араласудағы диалогын қалыптастыруда өз септігін тигізе алады. Бұл зерттеулер аталған тақырыпты тікелей қамтығандықтан диссертациялық ізденістің объектісі мен пәнін жаңа деп бағалауға толық негіз бар.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы. Диссертацияның негізгі теориялық қағидалары мен қорытындылары автордың 15 ғылыми мақаласында, соның ішінде 5 Қазақстан Республикасы Жоғары Аттестациялық Комиссиясымен бекітілген тізімдегі журналдарда, 9 халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1-і Scopus базасына кіретін журналдардың бірінде жарияланған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Библиография 170 атаудан тұрады, соның ішінде шетелдік әдебиеттер. Жұмыстың көлемі – 158 бет. Жұмыстың негізгі мәтінінде 15 сурет бар.

1 МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

1.1 Мәдени құндылықтар: ұғымталдау және әдіснама

Құндылық бұл заттың маңыздылығы, пайдалылығы. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады. Алайда оның маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, объектінің ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті бағалануынан болады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауы нәтижесі.

Жалпы құндылықтар арнайы философиялық мәселе ретінде қарастырылып, сан алуан бағыттар арнасында әртүрлі әдістер арқылы әртүрлі шешімдерге келіп тоғысып жатты. «Құндылық» ұғымының генезисі этимология негізінде мынадай үш мағынаны біріктіреді: құндылық қатынасының нысанасы ретіндегі заттардың сыртқы сипаттамасы; қатынастардың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапасы; адамдар арасындағы қатынаста құндылықтың жалпы мәнге ие болуы [1, 65-79 б].

Философияда құндылық құбылыс пен қоршаған ақиқат объектілердің адамзаттық, субъективтік, мәдени маңызымен үйлестіріліп отырылған. Құндылықтар мәдениет әлемі, бұл адамның рухани іс-әрекет саласы, тұлғаның адамгершілік санасы, рухани байлығының бағасы мен өлшемі. Демек, ол тұлғаның еркін ойлауына мүмкіндік бере отырып, оның сана сезімін қалыптастыруға, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Құндылықтарды зерттейтін сала аксиология деп аталады. Сондықтан құндылықтар мәселесіне философия тарихында да көптеген пікірлер білдіріліп, антика заманында өмір сүрген Сократ: "Игілік дегеніміз не?" -деген сұрақты қойған болатын. Ол кезеңде философтар құндылықтарды болмысқа барынша жақындатып, аксиология онтологиялық формаға ие болды. Сондықтан, Антика заманында өзіндік құрылымы бар, құндылықтар туралы ілім аксиология қалыптаса қойған жоқ еді. Бірақ, құндылықтардың абсолютті және салыстырмалы қасиеттері туралы түсініктер ерте заманнан-ақ пікірталастар туғыза бастады. Мәселен, Платон үшін ең жоғарғы құндылықтар абсолютті түрде өмір сүреді, ал софистер болса, өздерінің атақты "Адам барлық нәрсенің өлшемі" деген тезисі арқылы барлық құндылықтардың адамдардың бағалауынан өтетінін білдіріп, олардың салыстырмалы қасиетіне назар аударған. Аристотель құндылықтар әлемін жіктеуден өткізу қажеттілігін айтады. Ол адамның даналығының өлшемі-оның қандай құнды нәрсені таба білуінде деген пікірді келтірген [2, 6 б].

Антикалық дәстүрге тән құбылыс құндылықтарға өзіндік жіктеме беруде. Мәселен, әсемдік пен сұлулық руханилықтың эстетикалық типінде көрініс берсе, жақсылық-этикалық мағынада қарастырылады. Платон өзінің ұстазы Сократ сияқты адами құндылықтарды игілік категориясынан туындатады. Этика мен эстетиканың ара жігін анықтаған, кейде бір-біріне қарсы қойған Аристотель болып табылады. Ол табиғат пен мәдениеттің, құндылықтар мен олардың мәдени формалардағы көріністерінің айырмасын айтады. Құндылықтар

субъективті сипатта айшықталады деген пікірді білдіреді [3].

Жаңа платоншылдар заманында құндылықтар сипаттамасы адамдық мағыналардың үнемі өзгеріп отыруымен байланыстырылады. Бұл кезеңнің ерекшелігі мәдени формалардың әлемдік, жалпыадамзаттық мағынаға ие бола бастауында. Өйткені, бір мағыналар екінші мағыналармен қақтығысуы, бәсекелесуі арқылы жаңа мағынаның туындайтыны жаңа платоншылдарға түсінікті бола бастайды. Міне, сондықтан тарихи кезеңде мәдениеттердің ішкі мәндік құрылымдарынан жалпыадамзаттық құндылықтардың ұшқындары біліне түседі. Сонымен, мәдениеттер мен құндылықтар полифониясы алғашқы рет үйлесімді дамудың баспалдағы екендігі мойындала бастаған болатын. Сондықтан, құндылықтар бәсекелесуі құндылықтардың ымыраласуымен, бір-біріне ықпал етумен қатар жүріп отыратын тарихи кезең адамның әлемді аксиологиялық тұрғыдан пайымдауына іргетас бола бастайды. Адам құндылықтар үлгісінің сан қырлы екеніне және олар қоғамды жетілдірудің қайнар көзі екеніне мән беретін кезең басталады [2, 6 б.].

Немістің классикалық философиясында құндылықтар әлемі жаңа ұғымның кең таралуымен сипатталады. Бұл "еркіндік" категориясы. Еркіндік-адамның ең күдіретті құндылығы деген ұғым қалыптаса бастайды. И.Кант және Г.Гегель немістің ұлы философтардың танымдары бойынша құндылықтар ұғымына зейін қойып, талдаулар жүргізген. Мысалы, И.Кант аксиологиялық түсініктерді қалыптастыру үшін қоршаған әлемді ойша нақты және идеалды деп екіге бөлген. Адам алдына қойған мақсатына жету үшін ол факторлардың ықпалына, мәнділігіне қатысты деген ойларда болған [4, 19 б.].

Канттың пайымдауынша: "Зерденің нағыз міндеті-оның ерікке ықпалында, оның кез келген адами қызығушылықтан еркін адамгершілік заңына бағындыру қабілетінде. Зерде өзінде сыртқы табиғи байланыстылыққа тәуелді емес адами дамудың жоғарғы мақсатын ұстайды. Бұндай мақсат болып индивидтің моральді тіршілігі танылады. Адамзат тарихы, ұғымдар еркіндік тарихы ретінде барлық адам баласының қозғалысының осы биік мақсатты көздеу тұрғысынан қарастырылуы тиіс" [5].

Жалпы құндылықтардың мәнін түсініп алу қажеттілігі, мәдени құндылықтарды сараптау барысында алдымен құндылықтардың болмысын ашып алуды сұранып тұрған жеке мен жалпының қатынасы болып құрылған логикалық импликациялардан бастауды қажет етеді. Құндылықтар теориясының алуан түрлі бейнелерінен біртұтас құрылым туындап, өзінше философиялық келбет қалыптасады. Сондықтан ғылыми қолданыстағы көптеген тұжырымдардың кеңістігінен құндылық мәніне берілген негізгі түсініктемелерді саралап, оның ішінен басшылыққа алынатын бағдарымызды таңдап алуымыз керек және өзіміздің түсініктемесі тиянақты ұсынуымыз қажет. Енді құндылықтар теориясының әртүрлі типтерін құрайтын философиялық және социологиялық концепцияларға тоқтала кетелік.

Біздің зерттеу объектіміз тұтасымен құндылықтар мәселесіне арналмағандықтан, ғылыми ізденістер аймағында құндылықтар теориясының әртүрлі типтерін құрайтын философиялық және социологиялық концепцияларға тоқтала кетеміз. Осы орайда, типологиялық әдісті немесе сол тәрізді типологиялық бағытты қолдануымызға болады. А.П. Огурцов бойынша

типология дегеніміз: «1) ғылыми таным әдісі, оның негізінде объект жүйелерін бөлшектеу және типтің, яғни жинақталған, идеалды модельдердің көмегімен оларды жинақтау жатыр. 2) типологиялық сипаттың және салыстырудың қорытындысы» [6]. Бұл тұрғыда М. Вебер идеалды типтер әдісі деген атауға ие болған нұсқаны қолданады. Кейіннен бұл әдісті В. Дильтей және адам рухының типологиясын әзірлеген Г. Зиммель де пайдаланған болатын. «Мұндай әдіс»-деп жазады М. Вебер, «эвристикалық» болуы мүмкін, ал құбылыстардың құндылығын анықтау үшін, тіпті қажет. Идеалды тип-бұл «болжам» емес, ол болжамның қалыптасуы қай бағытта болуы тиіс екендігін ғана көрсетеді» [7, с. 345-415].

Құндылықты болмыстан бөлу және оны зерттеу әртүрлі философиялық бағыттар (натуралистік психологизм, трансцендентализм, персоналистік онтологизм, мәдени-тарихи релятивизм мен социологизм) арқылы жүзеге асырылып, классикалық еуропалық философиядан тыс дамыды. Соның ішінде, неокантианттық философияда трансцендентализм бағыты үлкен қызығушылық туғызады.

Құндылықты зерттеу мәдениет мәселесімен бірдей контексте қарастырылды. Табиғаттың және адамзат мәдениеті мен құндылығының маңызын саналы түсіну неокантианттық философияда айқындалды. Мұнда құндылықты зерттеу дүниетанымдық және логикалық-әдіснамалық бағытта іске асырылады.

Сонымен, құндылық негізінен эмпирикалық феномен ретінде қарастырылады. Келесі бағытқа құндылық тек адамзат шындығына тиесілі феномен деген түсінікке келіп саятын концепцияларды, яғни аксиологиялық трансцендентализмді жатқызамыз. Оның негізгі өкілдері-Г.Риккерт [8, с 62], В.Виндельбанд, [9, с 100-125] және т.б. Бұлар натуралистік көзқарастарға өзіндік оппозициялық танымға негізделген, жаңакантшылдардың Баден мектебінің өкілдері болып табылады. Құндылықтарды философиялық тұрғыда жан-жақты зерттеуде жаңакантшылдардың еңбегі зор, яғни олар бұл ұғымды философиялық талдаудың объектісі ретінде қарастырудың арқасында біршама философиялық пәндерге тән бытыраңқылықты тұтастыра білді. Бұл Бадендік неокантшылдар мектебінің негізгі ережесі мен ерекшелігі құндылықтарды идеалды, трансцендентті әлеммен тығыз байланысты нормалардан іздеуінде, субъектіден де, объектіден де тұратын әлем бүкіл әлем емес, оның бір бөлігі ғана деп түсінуінде. Бұл нормалардың қалыптасуы өте күрделі процесс және ол бір сәттілік құбылыс деп есептелмейді, оның құрылымы әртүрлі рухани қатынастардың өзіндік қордалануы деп қарастырылады. Бұл құндылықтардың қатарына Ақиқат, Сұлулық, Игілік, Еркіндік сияқты рухани әлемнің құбылыстары жатады. Сонымен құндылық қоршаған ортаның нақты нәрселері емес, сананың қатпарларында қалыптасатын трансцендентальді нормалардың әрқилы формасы.

Г.Риккерттің пайымдауынша, құндылықтар әлеуметтік шындықта физикалық немесе психикалық түрде болмайды, олардың мәні деректілігінде емес, маңыздылығында. Бұл жерде Г.Риккерттің көзқарасын жай ғана субъективті идеализм деп үстірт айта салуға болмайды. Себебі ол құндылықтардың маңыздылығын жеке адамның субъективті бағалауымен

шектемейді, осы деңгейде қалып қоймайды. Маңыздылықты Риккерт жалпылық ұғымдармен анықтап, оны объективті өмір сүру деңгейіне дейін көтереді. Яғни объективтілік абстарктілі түсінік емес, әрбір даралықтың өмір сүру кеңістігінде болуға тиістілік, оның мәнімен байланысты шама қалып, құбылыс деп түсініледі. Бұл құндылықтарды негізінен рухани құндылықтар деңгейінде қарастыру деген сөз.

Генрих Риккерт тарихта мәнді таңдауды анықтағандықтан құндылықтарды жалпы ортақ мәдени құндылықтар (Kulturwerte) деп атауға да болады дейді. Оның өзінің мәдени мұраттары оның материалдарды өңдеуінде шешуші мәнге ие болмауы керек, оған құндылыққа таза теориялық қатыстың көмегімен мәндіні мәнсізден айыру үшін, өзінің бейнелеп отырған адамдар мен халықтардың жалпы ортақ мәдени құндылықтарын түсіну ғана керек [10, 53 б].

Жаңакантшыл Э.Кассирердің пікірінше, әркімнің жеке арманы, тілекталабы, фантазиясы дараланған күйде өмір кешкен жағдайда мәдениеттің пәрменді дамуына елеулі үлес қосылмайды. Ғылым, өнер, тіл және мәдениет, жалпы алғанда рухани дүние "тұтастанған ғаламды" құрамай, социумда өзіндік ортақ мақсат қойылмай адами рухани тұрғыда тек ойнаумен, өзін-өзі алдарқатумен айналысады [11].

Құбылыстардың мәнін дөп басып, олардың көп қырлы қасиеттерін әлемдік қатынастардан екшелеп шығарып, айрықша сипаттамалар беру оңай шаруа емес. Барлық ғылымдар рациональдық тұрғыдан құбылыстардың әртүрлі қасиеттерін ашуға тырысады. Ал философия рухани дүниенің ерекше саласы ретінде, осы бағыттың өкілдерінің пайымдауынша, құндылықтардың сипатын ашуға жақынырақ тұрады [12, 55 б]. Құндылықты трансцендентті феномен ретінде пайымдасақ бұл бағытта персоналистік онтологизмді үшінші типке жатқызуға болады. Бұл бағыттың өкілі М.Шелер [13]. Басты ерекшелігі-құндылықтар дүниесінде өзіндік иерархия бар деп есептеуінде.

М. Шелер әрі қарай құндылықтар мен құндылықтар көрініс табатын құндылық иелерін бөліп көрсетеді. Ол әртүрлі заттар, игілік және т.б. бола алады, оның ішінде тұлғалар ерекше орынды иеленеді. Шелер құндылықтарды бөледі, оның пікірінше, классификация қатаң иерархияға бөлінген: жоғарғы және төменгі құндылықтар бар: «Қандай да бір құндылықтың басқасына қарағанда анағұрлым жоғары болуы құндылықтарды танудың ерекше актісінде жүзеге асады, бұл «қалау» деп аталады» [14, 305 б]. Шелердің пікірінше, қалауға қарама-қарсы акт немқұрайлылық, құндылықтар иерархиясы логикалық тұрғыдан дедукцияланбайды, адамның қалауы-немқұрайлылық актілерінде қандай да бір құндылықтың мәртебесін қайтадан анықтауы тиіс. Бұдан біздің байқағанымыз, М. Шелер құндылықтар болмысын айқындауда, өзі атап көрсетпесе де, тек этикалық тұрғыны негізге ала отырып, эстетикалық талғам мен танымды басты парадигма ретінде таңдап алғандығын, демек, басқаша құндылықтарды тыс қалдырғандығын және оларды басқаша бағалау жүйесін қарастырмағандығын бағамдай аламыз.

Мәдени-тарихи релятивизм концепциясы бағыттың өкілдері-Дильтей [15], Шпенглер [16], Тойнби [17] және т.б. Олар аксиологиялық плюрализм идеясын ұсынады, яғни әр құбылыстың көпжақты құндылығы болу мүмкіндігіне тоқталады. Бұл концепцияның ерекшелігі ол бір ғана «шынайы» құндылықтық

жүйесінің шеңберінде шектеліп қалмауында, әрбір мәдени-тарихи кезеңде басымдық танытатын құндылықтар жүйесі мен құндылықтар бағдары болатындығын мойындауда. Тағы бір айта кететін жағдай Дильтейден кейін мәдениеттің құндылықтық мағынасын интуитивтік тұрғыдан талдау жасау кең тарай бастады. Сөйтіп, бұл бағыт әлеуметтік философия мен әлеуметтік психологияның түйіскен жерінен өз тұжырымдарын қалыптастыра түсті.

Құндылықтар концепциясының негізін әлеуметтану ғылымында жасаған М.Вебер болып табылады. Ол жаңакантшылдармен келісе отырып, олардың құндылықтық нормаларын әлеуметтік іс-қимыл мен әлеуметтік білімді тұжырымдауға қолданады. Сөйтіп, социологияда алғашқы рет құндылықтар мәселесі күн тәртібіне қойылады. Құндылық әлеуметтік субъектіге қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма деп алынады. Ол әлеуметтік әрекеттер мен әлеуметтік білімді норма ретіндегі құндылықтар деп қарады. Аксиологиялық теорияларға сүйене отырып, адамдардың құндылық қатынастарының қайталанып отыратын кластарын қарастырады [18, 223 б].

Ғалымдар арасында құндылықтар әлемінің өзгеріп отыруы мәселесі кең көлемде зерттеліп, ағылшын ғалымы Р.Уильямс құндылықтың өзгеру типологиясын қалыптастырды:

- Құндылықтардың жасалынуы-тәжірибені кең ауқымда жүргізілуіне байланысты бағалаудың жаңа түрлерін, критерийлерін жасау және оны іс-қимылды, мінез-құлықты реттеп отыру үшін қолдану.
- Құндылықтар деструкциясы-әлеуметтік өзгерістерге байланысты белгілі бір құндылықтардың жойылып, жоғалып кетуі.
- Құндылықтардың күшеюі-керісінше, құндылықтардың әлеуметтік ортада жаңа беделдерге ие болып, ауқымын кеңейтіп, жаңа объектілерді қамтуы.
- Құндылықтарды қолдану-қоғамда бұл құбылысты рационалды түрде қолдану, оның рәміздік деңгейін реттеп отыру.
- Құндылықтық қатынастарды нақтылау яғни құндылықтардың әрекет ету ауқымын анықтау.
- Құндылықтарды шектеу-басқа бір маңыздылығы бар құндылықтарды қолдану арқылы әр құбылыстың мөлшерші әсер ету ауқымын қалыптастыру.
- Құндылықтар экспалификациясы, бұл құндылықтардың жасырын күйге жарыққа шығып, белгілі бір формаларға, пішімдерге ие болуы.
- Құндылықтар келісімі, яғни құндылықтар аралық шиеліністерді шешу мақсатында әрбір құндылықтың басымдылығын анықтап, жүйедегі орнын белгілеу арқылы үйлесімділікке қол жеткізу.
- Құндылықтарды интенсификациялау және абсолюттеу-белгілі бір құндылықтардың адамдардың өмірлік бағдарларында шешуші рол атқарушы күшке айналуы, көп адамдар үшін маңыздылығының артуы [19].

Құндылықтарға адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру құралдары ретінде қарау көзқарасы міндетті түрде қажеттіліктер теориясына көз жүгіртуді талап етеді. Қазіргі заманғы қажеттіліктер теориясының аса перспективті бағыты Э. Фромм мен А.Маслоу сынды әйгілі өкілдердің еңбектеріне негізделген гуманистік психология болып табылады.

А. Маслоудың пікірінше, адам қажеттіліктерінің бәрін атап өту және жүйелендіру мүмкін емес. Тек айқындалған және дербес сипаттағы

қажеттіліктерді ғана атап өту мүмкін болады. Осындай әдіспен анықталған қажеттіліктердің ішінен тұлға құрылымының негізін қалаушы қажеттілікті ерекше атап өту керек. Ол адам өмірінің мәнділікке және тұлғалық құндылықтарға қарай бағытталу қажеттілігі. Бұл адам тұлғасының бойында бар қажеттіліктердің жүйесін құрайтын негіз.

Сондай-ақ, Э. Фромм адамға туа салысымен тән объективті қажеттіліктер мен ықыластар, эмоциялар, ұмтылыстар, сезімдер сынды субъективті қажеттіліктер арасында айтарлықтай айырмашылықтың бар екендігін айтады. Бұл қажеттіліктер бір жағынан әлеуметтік үрдіс нәтижесінде, екінші жағынан адам тұлғасының қалыптасу барысында туындайды.

Қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген осындай қатынасты А. Маслоу индивид пен қоғамның жетілмегендігі деп біледі. Сөйтіп, қажеттілікті қанағаттандыру құралының өзі ең алғашында индивидтың санасында құндылықпен теңестірілмейді. Теңестірілу тәжірибе негізіндегі пайымдаудың нәтижесі болып табылады. Адамның санасында маңыздылық объективті тұрғыдан өткініші, тұрақты құбылыс ретінде пайымдалған кезде теңестірілу туындайды. А. Маслоу: «адам өз дамуының арғы межелеріне қол жеткізіп, өмірінің жақсы кезеңі орын алған тұста өзінің қандай екендігін аңғарып, пайымдау арқылы өз әлеуетін жақсартқан кезде ғана бақытқа, рухани жан тыныштығы мен үйлесімділікке қол жеткізілетіндігін мойындайды, сонда ғана ненің жақсы және ненің жаман, ненің дұрыс, ненің бұрыс, ненің пайдалы, ненің зиянды екендігін түсіне алады» [20, 79 б].

Қазақстандық философтар құндылықтар мәселесіне еліміздің тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап терең мән бере бастады. Көптеген еңбектерде құндылық мәселесі қарастырыла бастады. Посткеңестік қазақстандық философияда К.А. Абишев пен А.К. Абишева құндылықтар мәселесіне айтарлықтай назар аударған. Олардың ұстанымдары көп жағынан ұқсас. К.А. Абишев Ф. Ницшенің құндылықтар мәселесін зерттеуге қосқан үлесін жоғары бағалайды: «оның құндылықтар деп атаған негізгі маңызды көрсеткіштерін толығымен сенімді деп санауға болады, жалпы ол әділ айтқан» [21, с 207]. К.А. Абишевтің өзі құндылықтың арнайы анықтамасын тікелей ұсынбаса да, мынадай жанама анықтамалар береді: «құндылық деп әлемдегі адам болмысының белгілі бір тәсілін немесе адамның әлемге деген қатынасының белгілі бір тәсілін атауға болады» [21, с. 208]. А.К. Абишева да осыған ұқсас пайымдама жасайды: «Құндылықтарды идеямен көрсетуге, логикалық тұрғыдан негіздеуге, оның мазмұнынан туындайтын барлық салдарын дамытуға болады, бірақ олардың өздері идеяның мәні емес, ал оны өмірдің, өмір салтының немесе адам болмысының әлемдегі белгілі бір тәсілі ретінде сипаттауға болатындығы-бұл әлемге қатысты тәсіл» [22, с 141]. Бірақ ол да құндылықтарға арнайы анықтама бермегенмен, оның қолданылу аясын анықтайды: «Дәуірдің идеясы, қандай да бір мәдениеттің рухы, халықтың рухы деген атауларға немесе тағы да басқаша атауларға «құндылық» терминін қолдану анағұрлым үйлесімді». Бірақ бұл анықтама емес, небәрі жанама сипаттама. Екі автордың да құндылық туралы пікірлері адамның «ішкі рухани әлемінің өзегін» құрайды және мәдениеттің «мәндік орталығы», адамдардың таңдаған нақты құндылықтары адамдардың барлық қарым қатынастарын, әрекеттерін «тізіп көрсетеді», уәждеме үрдісіне

және мақсатты болжауға ұласады дегенге келіп саяды.

Бұл авторлардың құндылық мәнін талқылау нәтижесінің ең құнды тұжырымы біздіңше, құндылықты адамның әлемге деген қатынасының ерекше тәсілі ретінде анықтауы болып табылады.

Ал, енді "Құндылық" ұғымының аксиологияда негізгі объект бола отырып әр түрлі мағынада түсініктеме алуының түптамасы құндылықтық жүйеге байланысты философиялық көзқарастардың алуандығында. Әсіресе, төмендегі жіктелер позициялар айырмашылығына әсер етеді:

1) субъектінің бағалау іс-әрекетін байланысты сипаттама деп түсінудің орнына құндылықтарды мәдени кеңістіктегі объективті өмір сүретін феномендермен сәйкестендіру;

2) субъектіге маңызды және қажеттігін қанағаттандыратын нәрселерді байыптаудың орнына құндылықтар ретінде абстрактілі мәндерді мойындау;

3) құндылықтардың жеке нақтылықтан жоғары түрде өмір сүретіндігіне қарсы болып, оны субъектінің жеке нақтылығына маңыздылығына ғана жатқызу [23].

Жалпы Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан бастап өмірде орын алған алуан өзгерістер қоғам алдына түрлі күрделі мәселелерді қойды. Мәдени құндылықтарының маңызы қазіргі таңда ерекше сипат алып, ұлтты мүлдем жойылып кетуден сақтайтын құбылысқа айналды. Қазіргі жаһандану жағдайында ақпараттық күрес ашық түрде күш алуда. Бұл жағдайда мәдени құндылықтарын жоғалтпаған мемлекет қана, әлемде өзінің мәдени құндылықтары арқылы ұлттық болмысын, ұлттық мемлекеттілігін сипаттайтын нақыштарды сақтап қала алады. Бұл тұрғыда қазіргі мәдени құндылықтарды жинақтау, оларды жаңғырту, сақтау, насихаттау үлкен өзектілікке ие болып отырған күрделі мәселе. Бұл мәселе арнаулы мәдениеттанулық талдауды қажет етеді. Демек, еліміздің мәдени-өркениеттік даму аясындағы жетістіктерін, осы жетістіктерге негізделген мәдени құндылықтарды семиотикалық сараптау арқылы тақырыбымыздың өзектілігін аша түсеміз.

Бірақ, мәдени құндылықтардың қазіргі кезеңдегі табиғатына, мәніне, қызметіне арналған тұтастанған еңбектер әзір жарыққа шықпаса да, қазіргі таңда мәдени құндылық туралы ғылыми көзқарастар мен қызығушылық басылған емес, қайта мәдени құндылық мәселелерін ғылыми ізденістің объектісі ретінде зерттеу дәстүрлері қарқындауда. Дегенмен қоғамның ең негізгі субъектісі-адам болғандықтан, оның мәдени өміріндегі қалыптасу процестері маңызды мәселе болып қала бермек және оған әлеуметтік философиялық тұрғыдан сұрыптаулар, тұжырымдар жасау өмір қажеттілігі.

Шын мәнінде, құндылық саласындағы барлық идеялар адамдардың іс-әрекеттерінің нысандары мен құралдары бола отырып, олардың қандай да бір қатынастарын, соның ішінде мәдени қатынастарды реттейтін қызметтерді орындайды. Осы тұста үйлестіруші ретіндегі құндылық болып табылатын мәдениеттің ерекшелігі бар. Мәдениет адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған еңбегі нәтижесінде пайда болған материалдық, әлеуметтік, саяси және рухани құндылықтарды біріктіреді. Мәдениет пайда болған құндылықтардың тек жиынтығы ғана емес, сонымен қатар құндылықтарды қалыптастыру және игеру тәсілі, яғни адамның рухани және

материалдық салада өз шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру тәсілі.

Мәдени құндылық ұғымы құндылық түсінігін мүлде төмендетпейді, ол субъектінің мәдени іс-әрекетінің әртүрлі формаларында оның семантикалық мазмұнын объективтендіруді және осы арқылы тиісті мәдени формаға құндылық беруді, оны артефактке, игілікке айналуды қамтиды. Мәдени құндылықты мәдениеттің дамуымен қалыптасқан, адами маңызды және гуманистік тұрғыдан адекватты мағына ретінде анықтауға болады, ол конструктивті, ал экстремалды мағынада-субъектінің тұлғасын шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыру саласындағы тиісті перспективаны құрайды. Мәдени құндылық оның идеалды-нақты тұтастығымен сипатталады, яғни оның компоненттерінің идеалды мағынасы және нақты артефактілердің әлеуметтік-мәдени объективті тұтастығы. Мәдени құндылықтың шынайы табиғаты белгілі бір мағынаны немесе семантеманы, мәдениетке тән белгілік-рәміздік жүйеде көрсетілген және артефакт ретінде әрекет ететін және адам мен қоғамның қажеттіліктеріне байланысты объективті игілікті қамтиды. Сонымен, мәдениет дегеніміз адамнан айырылмайтын құндылықтар әлемінің шындығы [24, с 18].

Әр мәдениет өзіне тән құндылықтар жүйесінен тұрады. Құндылық адами мәдениет көрсеткіші, мәдениеттің адам болмысындағы әртүрлі формаларына көзқарасын танытушы.

Кең мағынада, құндылық-мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Құндылық адамдандырылған дүниенің бастаулары: нәрселердің, заттардың, құбылыстардың тұлғалық-әлеуметтік өлшемдері, бағалану деңгейлері. Мәдениет арқылы құндылық адамдық болмыстың бір тірегіне айналады. Өзімен-өзі бейтарап нәрселер мәдениет өрісіне енгеннен кейін, пайдалы бола бастайды. Әр заманның, адами болмыстың осындай өлшемдері құндылық пен дүниетанымға деген көзқарасты қалыптастырды, өмір мен өнерге деген түсініктерді іріктеуге ұйытқылық етті. Жалпы ғалымдардың ойлары осындай тұжырымға тіреледі.

Мәдениеттануда құндылықтар адам баласы жасаған барлық құндылықтардың жиынтығы деген түсінік қалыптасқан. Кез келген мәдениетті нақты құндылықтардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Әрбір мәдени дәуірдің өзіне тән құндылықтары, яғни белгілі құрметтелетін қасиеттер, құбылыстар жүйесі болды. Осы рухани абсолюттер ауысқан уақытта басқа дәуір басталады. Құндылық ұғымы мәдениеттің ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Адам өзі үшін не нәрсе маңызды екенін өзі анықтайды. Құндылықтар шындықты реттейді, оған маңыз береді. Адам өмірінің мәні құндылықтар жүйесінің тұлғалық интеграциясы. Құндылық дегеніміз адам қажеттілігінің бейнесі. Ол зат немесе идея болуы мүмкін. Сондықтан құндылықтар материалдық немесе идеалдық деп екіге бөлінеді. Материалдық құндылықтар-еңбек құралдары мен тікелей тұтынатын заттар. Рухани құндылықтар-философиялық, діни, эстетикалық, моральдық, құқықтық, саяси, идеялар. Барлық құндылықтар қоғамдық өндірістің нәтижелері. Кез келген құндылықтың екі сипаты-функциональды маңызы және тұлғалық мәні бар.

Материалдық мәдениеттің шындық өмірдегі күнделікті тұрмыстағы заттармен тығыз байланысты қаралатыны белгілі. Заттың бірдей семиотикалық

бағалы еместігін түсінудің жағдайларының бірі болып осы уақытқа дейін этнографияда «материалды» және «рухани» мәдениет деген салалар арасында бөліну саналады. Бір заттардың материалдық мәдени аумағына енуі, ал басқа рухани мәдениет саласына қосылу дерегі, оларға түрлі семиотикалық мәртебе берілетінін көрсетеді. «Материалдық мәдениет саласына жататын заттар семиотикалық мәртебесі төмендегенімен бағаланса, ал рухани мәдениетке жататын заттарда семиотикалық мәртебесі жоғары өнімдердің рухани мәдениеттің көрінісі екендігін, рухани, материалдық мәдениет деп бөлу шартты екендігін білдіреді, олардың бір-бірімен тығыз байланыстылығын айқындайды [25, с 2].

Рухани құндылықтар белгілі ақпараттық және ақиқаттық мағынамен сипатталады. Саяси, құқықтық, этикалық және басқа да идеялар дұрыс немесе бұрыс болуы да мүмкін, бірақ олар өзінің құндылық табиғатын жоғалтпайды. Өйткені олар адамдардың әртүрлі уақыттағы және кеңістіктегі ұмтылыстарын білдіреді. Барлық идеялардың материалдық болмысы бар. Идеялар құндылық аясында белгілі бір нақтылық функцияны орындайды, олар адамдардың арасындағы белгілі бір қатынастарды реттейді.

Осы орайда өмір сүруді қамтамасыз ететін, мәдениетке жататын дүниелердің мәдениетке қатысы адамдардың тек өмір сүруі үшін қажет мұқтаждықтарын ғана қанағаттандырып қоймай сонымен бірге олардан жоғары тұратын социогендік символикалық және эстетикалық қажеттіліктерінде өтейді деген қазақ тілдерінің заттық мәдениетін зерттеген ғалым Ж.А.Манкеева пікірін қуаттай түскіміз келеді [26, 30 б].

Қуанышбаева Жазираның айтуынша, мәдениетте үш түрлі құндылықтар қалыптасқан: құндылықтар-идеалдар, құндылықтар идеалдармен өзара әрекет ету барысында айқындалған құндылықтар-заттардың қасиеттері, құндылықты қасиеттерге ие құндылықтар-заттар. Ал мәдени құндылықты ұстанушы тұрғысынан қарастырар болсақ, оларды жеке дара, топтық немесе ұжымдық, жалпыхалықтық және жалпыадамзаттық деп бөлуге болады. Тұлғалық немесе жеке-дара құндылықтар-жеке адам үшін заттың, құбылыстың, идеяның маңызының құнды болуы. [27, 16 б].

Белгілі ғалым Серік Нұрмұратовтың айтуынша мәдениет пен руханият саласындағы маңызды құбылыстардың қатарына құндылықтар мәселесі жатады. Құндылықтардың табиғатын зерттей отырып оның тарихи субъектіге қатысты мәндік сипатын анықтау арқылы қоғамның даму бағытын, оның болашағын бағамдауға болады. Кез келген қоғам өзінің тарихи болмысында, тарихи даму эволюциясында ерекше құндылықтар жүйесін қалыптастырады және оны барынша дамытып отырады. Мағыналық мазмұны бойынша гуманистік емес, яғни әлеуметтегі үйлесімділікті бұзатын агрессиялық мағынадағы құндылықтарға басымдық берген қоғам түбінде өзінің саяси-әлеуметтік дүниесін, мәдениеті мен экономикасын белгілі бір қайшылықтарға, қиындықтарға алып барады, өзінің болашағына балта шабады, деградацияға жол береді. Құндылықтық үйлесімсіздіктен жалпы қоғамның ішкі дамуында тежелулер басталып, әр түрлі салада дағдарыстар белең алатыны анық. Сөйтіп, қауымдастықтың өркениеттілік жолына түсуіне мүмкіндіктер шектеледі. Демек, құндылықтар-әлеуметтік кеңістіктегі кейбір объектінің, құбылыстың, үдерістің

көрінісі ретінде адам, топ және қоғам үшін стратегиялық маңыздылығы бар әлем. Құндылықтар өзінің шынайы мағынасында адамдардың түбегейлі мүддесіне сәйкес келіп, оның рухани кемелденуі үшін идеал, эталон, іргетас, бағдар қызметін атқарады. Сондықтан іргелі құндылықтар өздерінің қоғамдық-саяси, рухани-адамгершілік жағымды қызметін ұлттың дамуында атқарады [28, 87 б].

Б.А.Тұрғынбаеваның көзқарасы бойынша, құндылықтар әлемі-мәдениет әлемі, адамның әрекетінің, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының басымдылықтарының саласы. Құндылықтар дүниетаным ықпалымен қалыптасады, өйткені адам әрқашан әлеуметтік тәжірибе барысында әр алуан көзқарастарды біріктіруге ұмтылады делінген [29].

Біз мәдени құндылықтық бағдарлардың қайта бағаланып жатқан өзгерістер дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Мәдени құндылықтар адамға қоршаған шындықты тануға мүмкіндік беретін мағыналар жүйесін толығымен қайта құрастырып отырады. Заттар мен құбылыстар сипаттамаларды табиғаттағы, қоғамдағы, адамдағы үрдістер бүтіндігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Адамның өз өмірлік әлеміне деген қатынасын өзіне-өзі тиесілігі мен өзіндік мәртебесін құндылықтық құрылым анықтайды. Құндылықтық өлшемдер тұлғалық, топтық, этностық, әлеуметтік ауқымда шектелініп, оқшауланатын болса, онда руханилық құбылыстардың белең алмағаны, әлеуметтік субъектілердің зерделік табиғи деңгейде шыға алмағаны болып табылады. Ал субъектінің руханилық деңгейде көтерілуі оның тек жеке басына әсер етіп қана қоймайды, ол рухани құндылықтардың қоғамда басым болуына ықпал етеді.

Мәдени құндылықтар концептінің қалыптасуына құндылықтар жүйесі, салт-дәстүрлер, халық шығармашылығы, өнері, сезімдік және өмірлік тәжірибесі сияқты қарапайым философияның бірқатар факторлары әсер етеді. Сонымен қатар концептілер «адам мен ғаламның аралығын жалғайтын өз алдына бір мәдени қабат» құрады.

Мән ретінде құндылық конструктивті объективтендіруді болжайтын семантикалық әлеуетке ие, өйткені адам «құндылық» мәніне ие емес, ол үшін мәдени құндылық бар, яғни оның әлемде өмір сүруінің әлеуметтік-мәдени ортасын құру мен дамытудың негізі мен бастауы ретінде қызмет ететін құндылық, сонымен қатар адамның мәдени дамудың объективті мәні ретінде субъект ретінде өзін-өзі дамытуы. Маңызды мәдени құндылық мәдени кодқа сәйкес келетін және тиісті әлеуметтік-мәдени ортада орналасқан құндылықтардың үш негізгі семантикалық қабатын қамтиды:

- 1) жалпыланған дүниетанымдар мен мағыналық-өмірлік идеялар қабаты;
- 2) семантикалық координаталардың бірыңғай жүйесін анықтайтын доминантты мәнмен ұсынылатын мәдени кодтың контекстінде куәландырылған жарамды нақты мәндер қабаты;
- 3) объективті қатынастарға сәйкес келетін және әлеуметтік байланыстардың нормативтік қағидаттары ретінде әрекет ететін әлеуметтік құндылықтардың қабаты.

Мәдениеттің кеңістігінде құндылықтар формада және сапада пайда болады: рухани объективтілік, материалдық объективтілік және объективті қатынастардың әлеуметтік объективтілігі. Шындығында, мәдени кеңістік

әлемдегі адам өмірінің кеңейтілген анықталған және ұйымдасқан әлеуметтік-мәдени ортасы ретінде мәдени кодпен рұқсат етілген оның құндылықтары жүйесінің объектісі болып табылады. Мәдени құндылықтар семантемалар-бұл мәдениеттің хронотопымен байланысты адам өмірінің әлеуметтік-мәдени ортасына қатысы бар объектілер мен шындық объектілері мен мәдени кодтармен жаңартылатын, олардың құндылықтарын «асырып салу» арқылы қалыптасатын дүниетанымның тұрақты психикалық бейнелері. Мәдениеттің хронотопында құндылықтар-бұл мағыналық, тиісті бағдар мен белсенділікке ықпал ететін семантикалық диспозициялар. Дүниені игеру кезінде адам пәні мәдени кодқа тән құндылықтарға (семантикалық) «мағыналар торына» тән объектілер мен шындықты қамтиды, олар мәдениетке енеді және оның бөлінбес бөлігі болады. Осылайша, мәдени құндылықтар олардың сақталуына және адам өмірінің тәжірибесінде, мәдени кеңістікте адамның әлеуметтік-мәдени ортасында үнемі өсіп-өнуіне бағытталған. Адамның іс-әрекеті процесінде құндылықтың объективтілігі мәдени құбылыстың өнімі-артефакт болып табылады, бұл мәдениетті құру, дамыту және молықтыру, артефактілер-құндылықтар [30, с 19].

Әр ұлт тілдің, әрі белгілі бір мәдениеттің ұстанушы ретінде танылады. Ол үшін мәдениет пен айналадағы ақиқатты тану құралы ғана емес, осы мәдени құндылықтарды ұстанатын адамның ойлау жүйесі, өзгеше бет бейнесі болады. Яғни мәдени құндылықтар осы халықтың мәдени ұлттық ділін байқатады.

Құндылық бірлестіктерінің арасында ұлттық мәдениет ерекше орын алады. Құндылық деңгейінде ұлт пен этносты теңестіре қарастырып отырғанымыз, осы бірлестіктердің мәдени және табиғи негіздерінің жақындығын да байқауға болады. Этномәдениет туралы Л.Гумилевтің концепциясына назар аударсақ: этнос-жер биосферасының бір бөлігі; этнос-таза әлеуметтік құрылым емес, ол бірнеше формацияларда өмір сүре алады; этнос-бұл Homo Sapiens-тің өзін және өзіне жақындарды топтастырып, басқаларға қарсы қоятын бірлестігі; этнос-тек адамға тән ұжымшылдық түрі; этнос бір-біріне ұқсас адамдардың тобыры емес, керісінше ол әртүрлі қабілетті және мүдделі топтарды, олардың дәстүрін, мәдениетін, географиялық және басқа этностармен қарым-қатынасын қамтитын жүйеге жатады [31, с 30].

Ғалымдарымыздың еңбектерін саралай отырып, қазақ этномәдениетінің әлеуметтік құндылықтарын атап өтуге болады: табиғатпен үйлесімді өмір сүру, ата-бабаларымызды құрметтеу, шаңырақты қадірлеу, отбасылық құндылықтардың жоғарылығы, кісілік қасиеттерді даралау, айрықша тұлғаларды: ақсақалдарды, батырларды, билерді, ру басыларын, ауыл және ел ағаларын құрметтеу, тектілікті сыйлау; әйелдің әлеуметтік өмірдегі құндылығы; катал далада қалыптасқан төзімділік, қайсарлық және ашықтық [32, 24 б].

Заманауи мәдени кеңістіктегі құндылық түсінігінің мәні саналуандылыққа айналды және метафизикалық біржақтылықтан прагматикалық икемділікке бет бұрды. Тіпті ұлттық бірегейлену мен этномәдениеттің айшықталмауының және айқындалуының мүмкін емес себебі көпвекторлы құндылықтардың қалыптасып отырғанынан да, тілдік шұбарлықтан да емес. Ұлттық мәдениет пен құндылықтардың жаңғыруы заманауи дәуірдің маңызды шарттарының бірі және шектелу мен тұйықталудың алдын алуға ұстындарды айқындап, тиімді бағдарлауында жатыр. Заманауи дәуір сипатының саналуандығы мен оған баға

берушіліктің жан-жақтылығы қазіргі мәдени құндылықтар тұтастығының көпқырлы болмысында. Оның жедел масс-медиа құралдарымен коммуникациялануында және адамзаттың құндылықтарды өндіруі мен тұтынуында. Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлы ғылымдардың алдында тұрған мәселелердің бірі-заманауи демократиялық-либералдық, әлеуметтік жаңаруды оңтайлы жүзеге асыру болса, ол қоғам және оның құрамдас бөлігі болып табылатын адамға мәдени-құндылықтық аспектілерді таңдау еркіндігін ұсынып отыр [33, 195 б].

Мәдениет дамуының қозғаушы күші қажеттілік. Қажеттілік адамның жан дүниесінің өте маңызды, негізделген себепті нәрсемен қамтамасыз етілуі, соны қанағаттандыру сезімі. Адам баласы үшін аса маңызды саналып, оның ерекше қызығушылығын оятатын, осы қызығушылық мәні арта түскендіктен, ынтаназары ауған белгілі нысан құндылық болып табылады. В.И.Полищуктің ойынша, құндылықтар әлемі және оның өндірісі мәдениет көрсеткіші болып табылады, оның қалыптасу жолын төмендегідей тізбекте көрсетеді: сезім, қажеттілік, қызығушылық, құндылық, мәдениет. Бұл тізбектегі әр ұғым алдыңғы мазмұнды қамтып отырады, ал бұлардың арасындағы тұрақтылық пен берік байланысты мәдениеттің өмір сүру формасы болып табылатын дәстүр қамтамасыз етеді. Дәстүр мәдениет мазмұнындағы қажеттілік. Мәдениет тарихы адам әрекетінің сезім мен қажеттіліктен құндылыққа бағытталуы [34, 34 б].

Мәдениет табиғи факторлармен қоса ерекше руханилық тұтастыққа негізделеді. Сондықтан да мәдени құндылықтар өзінің өміршеңдігімен көзге түседі. Адам қанша жеке субъект болғанмен, өзіне арқа сүйейтін тірек іздейді. Отбасы осындай тірек қызметін өте жақсы атқарады. Отбасылық, рулық, әлеуметтік топтық деңгейде қалыптаса алмайтын маңызды құндылыққа ана тілі жатады. Тіл арқылы ұлттық мәдениеттің құндылықтары қалыптасады, таратылады және өзгеріп отырады. Тіл ұлттық мәдениеттің коммуникациялық құралы, оған сөзбен қатар өнер түрлерінің тілі, миф-аңыздардың рәміздік астары, салт-дәстүрлері, қысқаша айтқанда бүкіл халықтың тілі жатады.

Адамзат үшінші мыңжылдыққа аяқ басқандағы басты үрдістердің бірі-елдер арасындағы экономикалық және саяси жағынан жақындау сияқты ғаламдық процестер. Бұл үрдістен мәдени құндылықтар да тыс қала алмайтыны түсінікті. Әр халықтың мәдениеті жеке дара құбылыс боып табылғанымен, адамзаттың жалпы планетарлық өркениетінен де бөлектене алмайды. Сонымен қатар, мәдениет ұлттық бастауларынсыз өз ерекшеліктерінен айырылып, өміршеңдігін жоғалтады. Кез-келген халықтың ерекше қасиеттерімен қатар өзіндік, қайталанбас жеке халықтардың іс-әрекетінен құралады. Ал, мәдениет болса, жалпы айтсақ, осы іс-әрекеттердің жиынтығы [35].

Нарықтық құндылықтардың нағыз адами құндылыққа айналуы «руханилықтың негізгі келбеті-адамның өз бойындағы барлық жақсылық қасиеттерін әлемге паш ету дайындығы. Олардың рухани дүниені дамытуына, қоғамда игілік үшін қызмет етуінде болып отыр» [36, 15 б].

Жаһанданудың адам құндылықтарына әсері өзінің салдары жағынан одан анағұрлым қомақты. Адамның құндылықтары мәдениетпен салыстырғанда оның тұлғалық өзегіне көбірек жақын. Мәдениет адамның құндылықтарының, әсіресе,

адам болмысының мәнімен байланысты құндылықтардың, оның мәнін ашатын құндылықтардың сыртқы қабаты [37, 89 б].

Қазіргі заманның жаһандық үдерістерінде адам құндылықтарының екі жүйесі қақтығысады деген тезис кеңінен таралған. Бұл екі жүйе: дәстүрлі мәдениеттен бастау алатын құндылықтар жүйесі мен либералды және демократиялық бағдарлардың төңірегіне топтасқан құндылықтар жүйесі. Құндылықтардың бұл екі жүйесін екі әлемнің дәстүрлі әлем мен қазіргі заманғы демократиялық әлемнің қақтығысы ретінде түсіндіру дұрыс болмайды. Егер бұл солай болғанда, онда екі құндылықтық жүйелердің қарама-қарсы тұруы орын алмас еді, оның барысында бұрынғы дәстүрлі құндылықтар жаңа әлемдік нақтылықтарға сәйкес келетін, яғни бұл либералды-демократиялық деп аталатын бүгінгі құндылықтарға трансформациялануы жүзеге асатын адам құндылықтарының тарихи сабақтастығы туралы ғана сөз қозғауға болар еді [38, 389 б].

Мәдени құндылықтар әлемдік материалдық және рухани мәдениеттің ең жоғары көрінісі болып табылатын адамзаттың ғасырлық тәжірибесін жинақтап, оларды тұтастай алғанда адам мен қоғамға қатысты трансформациялық функциясын орындайды. Мәдени құндылықтардың өзара алмасуы түрлі мәдени дәстүрлерге жататын мемлекеттер мен халықтар арасындағы ынтымақтастыққа жағдай жасауға ықпал ететін халықаралық мәдени саясат құралы болып табылады. Дегенмен бұл мемлекеттер арасындағы тығыз ынтымақтастықты талап етеді. Бұл міндет қазіргі таңдағы заманауи әлемде ерекше мәнге ие болып, көптеген өнер туындылары бір елден екіншісіне ауысып, түрлі мәдени дәстүрлерге жататын мемлекеттер мен халықтардың арасындағы бейбіт диалогы мен ынтымақтастықтың артуына ықпал етеді. Өйткені мәдени құндылықтар адамзаттың шекараларынан тыс және ұлттық кедергілерге қарамайтын баға жетпес мұрасы болып табылады.

Мәдени құндылықтардың теориясы ретінде шындық ұғымымен бірге яғни игілік ұғымын да жатқызамыз. Яғни игілік құндылықтың маңызын айқындайтынын білеміз. Осыдан келіп, мәдени құндылықтар теориясы үшін маңыздылықты білдіретін құндылықтар ғана қызығушылық туғызады, ал тек мәдениет саласында құндылықпен байланысты ақиқатты тікелей қарастыруға болады. Себебі мәдениет игіліктердің жиынтығы болып табылады және тек осынымен ғана түсінікті. Мәдениет игіліктерінде көптеген мәдени құндылықтар жетілдіріледі. Сондықтан мәдениет тек игіліктерден басталуы тиіс, сонда ондағы көптеген мәдени құндылықтарды ашуға болады. Мәдениет объектілерінде демек құндылық бар.

Шын мәнінде, мәдениет құбылыстары тек құндылыққа қатысты ғана қарастырылмауы тиіс, сонымен қатар ол олардың психикалық мәніне қатысты бағалауды да қамтуы тиіс, сондықтан құндылықтар тек психикалық нәрсе деп бағаланады, соған байланысты жалпы алғанда денелікке қарағанда психикалық жай-күй неғұрлым бағалы ретінде қарастырылады [39, 63б].

Мәдени құндылықтар ғылым, өнер, ақыл-парасаттың категорияларына сәйкес шексіз болмыстың ол үшін іріктелгенін білдіреді: бұл орайда олар әрқайсысы жасаған ақыл-парасатты сана үшін айырықша таңдау және өңдеу арқылы өзінше “құбылысты” білдіреді. Бұл жекелеген нысандарда біздің

қолымыз жететін білімнің, қауымдастықтың, шығармашылықтың ақыл-парасат әлемдерін білдіретін тек қана біртұтастық болып табылады. Тек бұл біртұтастық қана жекелеген дүниелердің қарапайым жиынтығына қарағанда өлшеусіз артық; онда біздің алдымызға дара және кездейсоқ бір-бірімен түйісетін бөліктер толықтай және біртұтас бірлікте болады. Бірақ біздің өзіміз рәміздік тұрғыда әрқайсысы шын мәнінде мәдени құндылықтардағы біртұтастықтың бөлігі деп есептейміз және де ол нақты байланысқа енгізілген.

Егер Сыр өңірі халқының мәдениеті туралы қарастырсақ ең алдымен мәдени құндылықтар мәселесінде объектілердің мәдени құндылықтарға қандай қатысы бар және мәдени құндылықтар арасында қандай байланыстар бар деп сұрайтын боламыз. Сонымен бірге мәдени құндылықтарды жүзеге асыру мәселесі туындайды және бұл арада ерік пен қызмет қайтадан пайдалы болып көрінеді. Бірақ дүниенің субъективтендіруші ұғымында қажеттілік арта түседі және мұндай жағдайда мәдени құндылықтардың одан бұрынғы мәселелерін бізге көрсетуге тура келеді.

Сыр өңірі халқының мәдени түсінігі туралы сұрасақ, мәдени құндылықтардың маңызы туралы қарастыру керек. Мәдениетті түсінгісі келетіндер үшін субъектіні жай ғана түсіну аздық етеді, ол мәдени құндылықтарды түсінуден бастау алуы шарт. Мәдени құндылықтардың мәселелерін реттеу арқылы ғана субъектінің мәселесіне, басқаша мәдени құндылықтарға жататындарға келуге болады. Мәдени түсініктердің мәнін жоятын объективизмге қарсы күресте субъектіні объектілердің байланысынан жай ғана бөліп шығару жеткіліксіз. Біз, егер өзімізге мәдени түсініктердің мәнін ұғындырғымыз келсе, бұл субъектінің беріктігіне байланысты. Бұл беріктілілік мәдени құндылықтар үшін ғана болуы мүмкін, бірақ ешқашанда субъективизмнің шындығы бола алмайды.

Жалпы объектілер мәдени құндылықты иеленеді немесе барлық объектілерден мәдени құндылықтар кездеседі. Кейде объектінің өзін де мәдени құндылықтар деп атаймыз. Мысалы Сыр өңіріндегі Қорқыт Ата кешені мәдени шындық объектісі болып табылады. Бірақ осындай шындықта кездесетін құндылық олардың өзіндік шындығына тіптен сәйкес келеді деп те, келмейді де қарастыру қиын емес. Мәдени кешеннің шындығын құрайтынның бәрі яғни оны жасаған құрылыс заттары құндылыққа, онымен байланысты болатындарға жатпайды. Сондықтан біз мәдени құндылықпен байланысты шындыққа негізделген объектілерді “игіліктер” деп атайтын боламыз, сонда осылайша оларды оларда кездесетін құндылықтардан айыруға мүмкіндік туады. Мұндай жағдайда кешеннің құндылықтарын игілік деп қарастырамыз. Бірақ құндылық объектіні бағалайтын субъектімен нақты байланысты болады. Міне содан мәдени кешенге мәдени құндылық ретінде қараған жағдайда ақиқат игілікке айналады. Сондықтан Қорқыт Ата мәдени кешенін құндылықтардың өзімен бағалауын сәйкестендіруіміз керек. Егер құндылықты бағалаудан бөліп қарасақ, тек сезіну мағынасында болады. Мәдени құндылықтар мұндай жағдайда өзі шындықтың бөлігіне, нақты айтқанда, адамның жан-дүниесінің болмыстық бөлігіне айналады, ал мұндай жағдайда Қорқыт Ата мәдени кешені мәдени құндылық ретінде руханияттың бөлігі болып шығады.

Болмыстың мәдениет объектісіне айналатын бөлігінің және оларды осы арқылы табиғаттан бөлетін құндылық түріне келетін болсақ, онда біз мына төмендегілерді айтуымыз керек. Құндылықтар туралы олар болады немесе болмайды деп айту жөн емес, ал олардың мағынасы бар немесе мағынасы жоқ па, әңгіме сонда. Мәдени құндылықтың іс жүзінде ортақ маңызы танылады, немесе оның маңызы, объектілердің таза индивидуальды мәніне қарағанда, ол өзі онымен байланысты болғанда, ең кем дегенде бір мәдениетті адамға танылады. Бұл орайда, егер мәдениет деген сөзді ең жоғарғы мағынасында алып қарасақ, әңгіме бұл арада жай ғана тілектің объектілері туралы емес (Begehren), мәселе игіліктерге қатысты, оларды бағалауда немесе олармен жұмыста біз өзімізді біз өмір сүретін қоғамның мүдделеріне аз немесе көп дәрежеде, немесе басқа бір негіз бойынша, өнегелілік міндетті санаймыз. Осы арқылы біз мәдениет объектілерін инстинктивті бағалау және қалау арқылы, игілік құндылығы барын, бөліп аламыз, бұл егер тек жалғыз инстинкт негізінде ғана болмаған кезде, көңіл-күй ауанымен жүзеге асады [39, 60 б].

Бұл үшін ол мәдениетті шындық ретінде зерттейтін ғылымға жүгініп, объективтендіре отырып, оның сан алуандығын жеке даралау көмегімен анықтау да қажет. Субъект емес, объектілер құндылықтардың теориясы ретінде философияның бастапқы нүктесінің мәні. Ол оларда орныққан құндылықтардың тұрғысынан алғанда оларды талдауға тартуы тиіс. Ол құндылықтарды мәдениет объектілерінен бөлуі қажет және бұл орайда, қандай құндылықтар мәдениет объектілерінен мәдениет игіліктерін жасайтындығын анықтау керек. Сонда ол құндылықтарды дербес зерттейді және оларды құндылықтар ретінде оларды таза күйінде түсінеді.

Сонымен, мәдениет ұғымын жалпыға ортақ тілмен толық сәйкес келетін қолдаймыз, яғни ортақ мәнді құндылықтармен және осы құндылықтарды игерумен байланысты объектілердің жиынтығы мәдениет дегенді білдіреді.

Осы кезге дейінгі Сыр өңірінің мәдени құндылықтар жүйесін зерттеудің әртүрлі ғылыми парадигмалары теориялық тұрғыда жалпылама сипаттама жасаумен айналысып келді. Сыр өңірінің мәдени құндылықтар жүйесін семиотикалық тұрғыдан талдау қалың қазақ тұтасқан аймақтағы тұтастанған мағынадағы мәселелерін анықтау үшін маңызды. Осы тұжырымдарға орай, өңірдегі өзіндік рәміздік санадағы кейбір қатпарлы күрделі құрылымдарды тереңдей пайымдауға тырысу мәселенің ғылыми объективтілікпен анықталуына жол ашады және өңірдің мәдени ерекшеліктерін нақты түсінуге көмек береді.

Сыр өңірінің мәдени құндылықтарының семиотикалық тұрғыдан зерделенуі дүниетанымдық жағынан алғанда маңызды болып табылады. Бұл мәселелер тек теориялық қана емес, практикалық жағынан да маңызға ие, яғни Сыр өңірі қазақтарының ұлттық мәдени болмысын пайымдауы жатады. Сыр өңірі қалың қазақ мәдениетінің бөлшегі ретінде әдетте өзінің мәдениетін, өзіндік санасын, дүниетанымын басымдық танытатын мәдени кеңістіктің заңдарына сәйкес қалыптастырады.

Себебі Сыр өңірінің мәдениеті нақты заттар дүниесі мен миф шығармашылығына байланысты салт-дәстүрлермен және синкретті сана-сезімге негізделген нормалармен берілген. Сыр өңірінде дәстүрлі қоғамға негізделген өздерінің рәміздік әлемі құрылған. Олар адамдардың арғыжақтан ежелгі

заманнан қалған тотемдердің бейнесін, бейсаналық ақпарат, космостық ұғымдарға байланысты ойларды да бейнелейді. Осындай әлеуметтік-менталды ақпарат ұрпақтарға көне заманнан семиотикалық тәсіл арқылы жеткізіледі.

Қандай да бір ұлттың рухани байлығының көрінісі материалдық және рухани мәдениеттің туындылары екені даусыз. Сонда рәміз тілі мәдени-әлеуметтік әрекеттердің объективті және субъективті факторлары мен қоса ұлттық сана-сезімді анықтайтын үрдіс болып саналады. Әрбір мәдениет-рәміздік жүйелердің жиынтығы болып табылады. Мәдени-әлеуметтік рәміздер жалпы семиотикалық тұрғыда адам мен әлем арасындағы қарым-қатынас жүйесі ретінде түсіндіріледі. Сыр өңіріндегі архетиптік сипаттағы мәдени рәміздердің өз бойларына құпиялықты жасырған, оны астарында кодтық-мағыналық негізге сүйенген мәдени-этикалық дәстүр сақталған. Себебі мәдени құндылықтардың рәміздік санаттарында табиғат пен әлеуметтік құбылыстардың өзара байланыстарын анықтайтын, дәстүрлі түсініктер негізіндегі Сыр өңірі халқының өмірлік салтынан байқалатын тәжірибесі мен дүниетанымы жатыр. Содан барып дәстүрлі түсінік пен либералды құндылықтар қоғамдық тұрғыда іс-әрекетіне айналып, ойлау әдісі мен стиліне, жалпы мәдени құндылықтарына әсер етіп, дүниетанымдық түсінуді қалыптастырады. Бұл өзіндік тұрғыда табиғат пен адам арасында өзіндік байланыс орнатып, Сыр өңірінің мәдени құндылықтар бағытын арттырады.

1.2 Мәдени құндылықтарды семиотикалық зерттеудің ерекшеліктері

Негізгі зерттеу бағытымыз семиотикалық талдау барысында мәдени құндылықтар және оның таңбалық белгісі рәміздердің құндылықтық-мағыналық негіздерін талдау, мәдениеттің біртұтас және ұдайы дамудағы жанды организм ретіндегі ерекшеліктерін анықтау, мәдениет дамуының әр түрлі кезеңдерін танудың теориялық және практикалық негізін құрайды. Мұндай зерттеулер мәдениет мұралары мен құндылықтың арасындағы терең байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ мәдениетіндегі рәміздер жүйесінің өзі тікелей мәдени құндылықтар жүйесінің өмір сүру формасы екенін атап өткен жөн, өйткені мәдениетте мәдени құндылықтар басым маңызға ие. Ал олардың рәміздер әлемінде айшықталатыны белгілі болғанымен, оның астарлы мазмұнының таңбалануын заманауи тұрғыда танып, сараптау қажет.

Менталитеттің ерекшеліктері тек қана вербальдық түрде ғана берілмейді. Ол семиотикалық тәсіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік-ментальдық ақпаратты жеткізетін арналарға мәдени құндылықтарды да жатқызуға болады. Семиотикалық тұрғыдан алсақ, тілді табиғи және жасанды таңбалардың жүйесі ретінде екіге бөліп қарастыруға болады. Табиғи тіл дегеніміз күнделікті өмірде қолданылатын, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, санадағы ұғым мен ойды бейнелейтін кешенді дыбыстық жүйе. Ал жасанды тіл адамдардың өзара келісімдері бойынша жасалады, дәстүрлі мәдени құндылықтарды табиғи тілдің жүйесінде негіздейді, олар символикалық түрде ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік-мәдениеттік ақпаратты вербалдық немесе семиотикалық түрде жеткізіп отырады.

«Мәдениет-құндылықтар мен мән-мағыналар әлемі, себебі символизация үрдісі-адамзат мәдениетінің табиғи байланысы оның дамуы мен ұғымын ашатын көкжиегі» деген А.Я. Гуревич «Мәдениеттің универсалды категориялары өзінің туындауында барлық құбылысты қамтиды. Бұлар, сонымен қатар адам санасын анықтайтын категориялар. Кеңістік, уақыт, өзгеріс пен себептілік, тағдыр, сана сезімнің жоғары сезімге қатынасы, жеке мен жалпыға қатысы секілді шындықтың ұғымы мен формасын қабылдауы туралы айтып отырмыз»-дейді. Мұнда автор категорияларды мәдениеттің маңызды семантикалық «инвентарь» бөлігін құрушы деп біледі [40].

Сыр өңірі қауымдастығы тұтас қазақтардан тұратын аймақ болғандықтан, әдетте өзінің ұлттық мәдениетін, өркениеттік құндылықтарын өзі өмір сүретін ортада басымдық танытатын, яғни мәдени доминанталық рөл атқаратын тарихи субъектілердің ресми кеңістіктік заңдарына сәйкес қалыптастыруда.

Осы қатынастардан туындайтын ерекше заңдылықтар барлық өңірлер үшін өмір сүру салтының ерекше сипатын анықтайды, ал Сыр өңірі де осы өзара байланыстардан да шеттеп қалмайды. Осы тарихи кезеңге дейінгі шетелдерде және біздің елімізде құндылықтар жүйесін зерттеудің әртүрлі ғылыми парадигмалар пайда болды. Көптеген ғалымдар жалпы қоғамдағы құндылықтар мәселесіне ерекше назар аударып келген мамандармен біріге отырып теориялық тұрғыда қарастырғанмен нақты семиотикалық сипаттамалар беруге назар аударылған емес. Осыған орай Сыр өңірі қазақтарының өмірін, ондағы қалыптасқан мәдени келбетті, құндылықтар әлемінің семиотикалық ерекшеліктерін қазіргі заманда ғылыми қолданбалы зерттеу тұрғысынан

қарастырудың өзектілігі мол екені де белгілі және оның қазіргі замандағы ғылыми-зерттеу басымдылығына күмән келтіруге болмайды. Сыр өңірінің мәдени құндылықтар әлемін рәміздік тұрғысынан зерделеп, өңірдің өзіндік семиотикалық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-методологиялық қырларын анықтау қажет. Қазіргі әлеуметтің мәдени құндылықтарын игерудегі сабақтастығын және құндылықтық өзгерулерін ашып берудің маңызы зор. Әрине, елімізде құндылықтар әлемін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау бойынша тәжірибелік материалдар жеткілікті жинақталғаны белгілі. Дегенмен Сыр өңірінің құндылықтар әлемі туралы мағлұматтар толық емес және олардың бірегейленуін анықтау бойынша ғылыми талдаулардың қажеттілігі сезілді.

Пәнаралық байланыстың қазіргі ғылыми білімге тән, кейбір бөлімдерін басқаларымен біріктіріп, ғылыми құбылыстарды зерттеуде әртүрлі пәндердің әдістері мен тәсілдерін қолдануы байқалады. Мәдениеттану парадигмасы ерекшелік емес, керісінше тарихи қалыптасқан «ережені» білдіреді. Әр түрлі білімді қамтитын ғылым бола отырып, мәдениеттану көптеген пәндермен өзара әрекеттеседі, олар бір саладан екінші аймаққа ауысып, ғылыми байланыстардың мүлде жаңа түрін құрайды. Осындай байланыстардың бірі семиотиканың мәдениеттануға ауысуы нәтижесінде жасалды. Бұл, әрине, сайып келгенде мәдениетті зерттеуде семиотикалық тәсілді қолдануға әкелді. Осылайша, әртүрлі пәндердің бір-бірімен байланысы олардың білім саласының кеңеюіне әкелді деп қорытынды жасауға болады. Зерттеу жұмысының көлеміне зерттеуге жаңа әдістер мен тәсілдер енгізілді.

Біз зерттеу нысанасына алып отырған мәдени құндылықтарды семиотикалық зерттеу ғылыми-теориялық мәселелері мәдени антропологияда бұған дейін арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, оны жан-жақты кең қамтылған пәнаралық өрісте қарастыру, семантикалық, прагматикалық идеялар негізінде зерттеу, мәдени құндылықтардағы таңбалық ақпараттың мазмұндық-семиотикалық аясы негізінде ұлттық әлеуетін және түрлі мәдениет белгілерін құрайтын негізгі элементтерін жіктеу, түркі дүниетанымындағы негізгі аспекті ретінде саналатын құндылықтардың қасиеттілігі туралы ұғым-түсінігі және тұрғындарының ішкі әлемі арасындағы байланысты анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Мәдени құндылықтарға рәміздік тұрғысынан қарау мен түсініктер жүйесін қалыптастыру семиотикалық әдістемелік тұрғыда тың бағыт. Жалпы қазақ мәдениеттануында мәдени құндылықтарды семиотикалық талдау жасау, оның жаңа теориялық негіздерін жасау негізгі мәселе болып табылады. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарына бай иллюстрациялық және теориялық материалдарына жаңа тұрғыдан қарау, оны семиотикалық тұрғыдан зерттеу, рәміздік табиғатын талдау, оның ішкі мән-мазмұнын, маңыздылығын арттыра түседі.

Семиотика ғылыми тілде таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы, табиғаттағы немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән.

Семиотика (грек. Semeion-белгі)-ақпаратты және түрлі белгілік жүйелердің қасиеттерін сақтап философиялық-теориялық тұрғыдан зерттейді. Семиотикаға табиғи және жасанды тілдер (оның ішінде ғылыми теорияның тілі, кино, театр, музыка тілі), белгі жүйелерінің барлық түрі (жол белгілерінен бастап кескіндемеге дейін), табиғат пен қоғамдағы түрлі сигналдар жүйелері енеді. Семиотика тек белгі және белгі жүйесі туралы ғылым болып кеш қалыптасса да, философиялық тұрғыдан жеткілікті түрде пайымдау тарихи тамыры тереңде [41, 26 б].

Белгі туралы ғылымның негізгі ұстанымдарын алғашқы болып американ логигінің бірі Ч.С. Пирс (1839-1914) қалыптастырды. Ол шындық пен ғылыми білім үдерісін түсіндіретін ғылыми логиканың құрылуына ұмтылған. Сонымен қатар Пирс семиотикалық жұмыс істеудің параметрлерін белгіледі, олар: репрезентант, интерпретант, референт («белгінің үш тағанды табиғаты») және ең алғаш рет белгілерді топтастырды (икондық белгі-индекс-символ), белгінің қызмет жасау үрдісі-семиозисті зерттеді. Икондық қатынас-(ұқсастық принципі бойынша) белгіні өзінше түсінетін кейбір қасиеттері бойынша жалпылама түсінік [42].

Семиотикада белгінің бір-бірімен қатынасын синтаксис, белгінің белгіленген затқа қатынасын семантика, белгі жүйесінде тұтынып қолданылатын белгі қатынасын прагматика айырып көрсетеді. Семиотика туралы көптеген ізденістер ХХ ғасырда кеңінен танылып, мәдениет салаларының бәрі тіл ретінде даму үрдісінде қарастырылды. Семиотика терминімен қатар «семиозис» ұғымы қатар жүреді. Семиозис (грек тілінде sema-белгі)-термині семиотикада қабылданған, белгі мағынасының дамуын білдіреді. Ертеде гректер семиозисті біріншіден, белгі ретіндегі нақты нәрсені, екіншіден, белгі нені білдіріп тұр немесе не нәрсеге бағыт беріп тұр (десигнат); үшіншіден, затқа белгі ретінде берілген күштің әсерін енгізіп анықтайды дейді Р. Барт [43].

Қазіргі семиотика «семиозис» ұғымын «объект-белгі-интерпретант» деп сипаттап, табиғаттағы қарапайым белгілердің араласуын қолданады. Ч. Пирс үшін «семиозис» ұғымы міндетті түрде оның семиотикалық теориясында орталық түсінік болды. Оның түсінігі бойынша белгі, өзінің белгі екенін түсінбейінше, белгі ретінде жұмыс істей алмайды, яғни белгі белгі болу үшін талдануы қажет.

Интерпретанта (пайымдау) белгі қатынастарының аудармасы. Мысалы, бір адамның өзі қабылдаған белгіге белгілі бір әсері, берілген сөздің мағынасын басқа бір сөздің көмегімен түсіндіріп беруі. Әр белгі талдау тудыруға қабілетті және бұл процесс шын мәнінде шексіз болып табылады. Шексіздікті Пирс былай жорамалдайды: егер берілген объектінің гипотетикалық өмір сүруінің ең соңғы, ең күрделі, аяқтаушы талдауын алсақ, онда ол интерпретанта біздің санамызда осы объектінің өзі болып қалады. Бірақ мұндай объект те, белгі де физикалық тұрғыдан алғанда бір-біріне сай, тең және олар өмір сүруі мүмкін емес.

Семиотикалық талдау үдерісі шексіз. Пирстің шектеусіз семиозис идеясы осыған негізделген, семиозис-белгі таңдаудың динамикалық үдерісі, оның өмір сүруінің жанды мүмкіндігі. Семиозис идеясы белгі мен сыртқы дүние

арасындағы қатынастың мәнін көрсетеді. Репрезентациялық объекті бар, бірақ ол алынып тасталған, оған жету мүмкін емес. Алайда, бұл объектіні өзі тудырған белгілерді зерттеу арқылы тануға болады. Семиотиканың тағы бір негізін қалаушы Моррис семиозисті белгі сияқты нәрсенің әрекеті деп қарады [44]. Ч. Пирс семиозистің логикалық жағын дамытса, Ф. Соссюрдың еңбектерінде оның лингвистикасы зерттеледі. Соссюр семиологияны «белгілердің өмірін қоғам өмірінің ішінен оқытатын» (қоғамға лингвистика құрамды бір бөлігі болып кіруі керек) ғылым деп ой толғатқан. Соссюр бойынша талдаудың бастапқы бірлігі-белгі, ол білдірілетін (түсінік, мазмұн жоспары) мен білдіретіннің (акустикалық бейне, көрініс жоспары) қатынасы болып табылады, олар еркін байланысады [45].

Жалпы бұл айтылғандардың бәрі бізді мәдениетті адамның көрінісі ретінде, оның өзін-өзі таныту мен өзін-өзі танудың барлық түрлерін қамтитын қызметі ретінде түсінуге жетелейді. Адамзаттың түрлі тәжірибе жинақтауына байланысты мәдениетті ақпараттық жүйе ретінде түсіну қажеттілігі туындайды. Мәдениетті ақпараттық жүйе ретінде қарастыру оны зерттеуде семиотикалық тәсілді қолдануды қарастырады. Осы тәсілге сәйкес мәдениет белгілердің күрделі ұйымдастырылған жүйесі ретінде зерттеледі. Семиотика грекше «сема» сөзінен шыққан, аудармада «белгі» дегенді білдіреді. Белгіні қолдана отырып, әртүрлі қауымдастықтар өздері туралы белгілі бір ақпаратты шифрлайды. Белгілер жүйелері көптеген халықтардың мәдени ерекшелігін сақтауға арналған. Мәдениет мәтіні белгілер тізбегінен құрылған [46, с 215].

Адамдардың сан алуан белгілер көмегімен ғана қоршаған ортаны танып, оның маңызды жақтарына мән беріп, заңдылықтарын қалыптастырып, өзінің тәжірибесі мен білімін жүйеге келтіріп, осы белгілер арқылы жеткізетіні сөзсіз ақиқат. Ол коммуникативті немесе трансляциялық процесте басқа объектінің аналогы болып көрінетін материалды объект болып табылады. Белгі мәдени код, көркем бейне, рәміз секілді мәдени мәнді ақпаратты белгілейтін едәуір күрделі пішіндермен тығыз байланысып, оның мәнін ақпарат беретін белгі айқындайды. Ал қарапайым пішіннің мәні оның атауымен затта көрінеді. Белгіні айқындауда оның маңызды қасиеттері пайда болады. Белгі кейбір заттық объект бола тұра басқа бір заттың қызметін білдіреді. Бұл тұрғыда белгі бақылауға алынған объектінің (заттық), белгіленген объектінің үлгісін (мағыналық) және сезім арқылы айқындалатын (экспрессивті мағынасын) объектінің мәніне ие болады [47].

Ч. Пирс алғашқылардың бірі болып белгілердің жалпы теориясын қарастырған кезде коммуникативті әрекет яки семиозистегі субъектінің факторын да ескерудің маңызын алға тартқан. Оның ойынша, белгілердің әрекет етуінде үш мүше қатысады: а) белгінің өзі (ғалым оны «репрезента» деп атайды); ә) осы белгінің негізінде интерпретатордың санасында туындайтын басқа белгі – интерпретанта (ғалым оны «белгінің қабылдаушыға әсері» дейді); б) осы белгі ұсынатын объект. Мұнда тілдік белгілердің семиотикалық үрдіс немесе интерпретатордың әрекетінен тыс өмір сүре алмайтындығы назарға алынады. Ч. Пирс бойынша интерпретанталар: а) белгілі бір эмоцияларды туғыза алады; ә) қандай да бір әрекетке себепкер болады; б) ойлау я қимыл-әрекет барысына әсер ете алады [48].

Аңғарылатын нәрсе таңбаның динамикалық сипатқа ие екендігі, оның тұрпат межесі мен мазмұн межесі дамуға, өзгеруге бейімдігі және де мазмұн межесінің тұрпат межесімен салыстырғанда даму дәрежесі жоғарылығында. Тілдік таңба болмысындағы бұл сипат мазмұн межесін тек құрылымдық лингвистикада қарастырудың жеткіліксіздігіне жол ашты. Себебі таңба адам танымының даму деңгейіне сәйкес, өмірдің, еңбектің, мәдениеттің нәтижесі ретінде көрініс тапқанда символға айналады. Сондықтан да символ мәселесі мәдениетпен, тарихпен, салт-санамен тығыз байланысты қарастырылуы тиіс [49, 5 б].

Зерттеу үшін таңбаның нысанға қатысты жіктелімі ерекше қызығушылық туғызды және осыған орай, ешкім де көрінетін рәміздердің кодталған «тілдің» құрамына кірмейтінін жоққа шығара алмайды. Оның есесіне, индексті және иконалық таңбалар туралы мәселе тым даулы болып көрінеді [50, p 210]. Пирс иконалық таңбаны-оған қатысы бар нысанмен белгілі бір табиғи ұқсастығы бар таңба ретінде анықтаған еді. Оның портрет пен адам арасындағы «табиғи ұқсастықты» қандай мағынада түсінетінін ойша таба аламыз, ал диаграммаларға келетін болсақ, Пирс оларды иконалық таңбалар деп білген, өйткені олар нақтылықта бар қатынастардың формасын жеткізіп тұрады [51, p 210]. Иконалық таңбаны анықтау сәтті болды, анықтаманы әрі қарай Моррис дамытты, әрі қарай насихаттады, өйткені, бейненің семантикалық анықталуы үшін, бұл оған қолайлы тәсіл болып көрінді. Моррис үшін иконалық таңбаға, өзінде белгіленетін нысанның қандай да бір қасиеті болатын немесе, нақтылап айтсақ, «өзінің денотаттарының қасиеттерін иеленетін» таңба жатады [52, p 96].

Философ Евгений Горный өзінің зерттеу нәтижелері негізінде үш анықтаманы ұсынады. Семиотиканың ең кеңінен тараған классикалық анықтамасы объекті бойынша берілген анықтама болатын: «Семиотика деген – белгілер және белгілер жүйесі туралы ғылым». Алайда, бұл анықтамаға тереңірек қарасақ «белгілер» немесе «белгілер емес» деген айырмашылықты кім орнатады? деген сұрақ туындайды: 1) белгілер бар және 2) біз белгі деген не екенін білеміз деп келісіп алайық. Бір жағынан, біз заттарды тани аламыз, заттар туралы тек белгілердің көмегімен заттарды белгілеу арқылы айта аламыз. Екінші жағынан, өзге уақытта белгі ретінде қолданылатын нәрсе кейбір жағдайларда жай ғана зат ретінде қолданылуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, қандай да бір затты қайда және қашан белгі деп қарастыруымыз не қарастырмауымыз көптеген жағдайларға байланысты. Бұл белгі болудың өз алдына дербес, нақты нәрсе емес, ол басқа бір факторлардан туындайды дегенді көрсетеді. Алайда семиотиканы белгілік сияқты құбылыс қызықтырады. Сондықтан да ол осы мәселені тікелей қарастырмай, белгіні оны тудыратын жағдайлардан тыс анықтайды. Заттардың мәселесі және сәйкесінше белгі/зат арақатынасы мәселесі шын мәнінде семиотиканың мәселесі емес. Семиотиканың белгі емес жағдайға қатысы болмағандықтан, белгілерден басқа нәрселердің бар не жоғын шеше алмайды немесе семиотика тілімен айтқанда, белгі емес те белгі деп қабылданады, бірақ ол қарама-қарсы мағынаға ие. Сонымен семиотика дегеніміз кез-келген нәрсені белгі және белгілер жүйесі ретінде қарастырудың амалы. Оның нысаны-барлығы, бұл дегеніңіз, нысаны мүлде жоқ дегенді білдіреді.

Екінші типтегі анықтама-семиотиканың методы бойынша берілген анықтама. Ол бойынша: «Семиотика-табиғи тілден басқа нысандарға лингвистикалық методтарды қолдану». Бұл деген не? Бұл семиотика қандай да бір нәрсені тіл сияқты құрылымы, функциясы бар дүние ретінде қарастырудың белгілі бір амалы. Осындағы «сияқты» деген сөз методтың мәні болып табылады. Бұның бәрі тіл ретінде сипатталуы мүмкін: туыстық қатынас жүйесі, ым-ишарат, жоралғылар. Семиотика, демек, тілдің астарлауын /метафора/ кез келген тілдік емес құбылыстарға ауыстыру. Семиотиканың негізгі қағидаларының бірі лингвистикалық терминдердің мазмұнын кеңейту. яғни, семиотика методы бұл кез келген нәрсені тілдің астарлауы /метафора/ ретінде қарастыру, басқаша айтқанда, кез келген нәрсені тіл ретінде метафора тұрғысынан сипаттау.

Үшінші типтегі анықтама бойынша тілдің адамзат әлемінің ең маңызды өлшемі ретіндегі ерекше орнын беретін көптеген теориялар бар. Мәселен, Х.Г. Гадамердің талқылауында герменевтика тілді «адамзат өмір сүретін қолайлы орта» деп қарастырады. Адамзат тіршілігіндегі символикалық аппараттың атқаратын негізгі ролін мойындау психологиядағы, әлеуметтанудағы, антропологиядағы және т.б. ғылымдардың көптеген бағыттарының жұмысының негізін құрайды. Алайда, ешкім осы ғылымдарды семиотика деп атамайды, бірақ семиотиканың өзі де өз-өзін оларға қарама-қарсы қояды. Неге? Евгений Горныйдың ойынша, бұның себебі семиотика өзін әлдебір метағылым ретінде көрсетуінде ғана емес. Метазерттеулер семиотиканың жұмыстарының кішкене пайызын ғана құрайды, семиотиканың өзі бірнеше шағын бағыттарға тарайды. Басқа да кеңейтілген түсіндірмесін шығаруға болады. Мәселен, семиотика деп белгілердің табиғатына сүйенген және де өзін тіл құбылысы ретінде түсіндіруді көздеген мәтінге деген көзқарасты айтуға болады. Ал мәтін деген семиотикалық тұрғыдан қарастырылып отырған кез-келген нәрсе. Осындай кеңейтілген ұғымға сәйкес, семиотика мәтінді зерттеуге қатысты көптеген бағыттар арқылы жүзеге асырылады [53].

Мәтін мәдениет тілінің синтездік формасына жатады. Мәдениеттанудың қазіргі түсінігі бойынша мәтінді жай ғана сөйлеу әрекеті немесе айтылымдардың қағазға түскен жиынтығы деп анықтауға болмайды. Мәтін адам қолынан шыққан барлық нәрсе. Мәтін белгілі бір мағынаға ие болатын таңбалық жүйелер жиынтығы. Сонымен, мәдениеттің кез келген құбылысы адамдардың таңбалық жүйе көмегі арқылы жасалған мәтін болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда мәтінді мәдениеттің “тәні”, ал мәдениеттің өзін белгілі бір мәтіндер жүйесі ретінде түсіндіруге болар еді. Сондықтан мәдениетті тану мәтінді тану дегенді білдіреді. Мәтін негізгі ақпарат иеленуші болып табылады [54, 5 б].

Бірақ әрбір мәтін-көпмағыналы. Жаңа тарихи-мәдени контекстке түскен мәтін жасалған кезіндегі мағынадан ерекше жаңа мағынаға ие болады. Сонымен, дәуірден дәуірге қарай мәдениет туындысының түсінігі өзгеріп отырады. Мәтіндер тарихта өмір сүреді және солармен сұхбаттасқан жаңа буындар олардың мазмұнын жаңадан пайымдап, өмір қоятын сауалдарға жауап іздейді. Осылайша мәтіндердің объективацияға түсуіне байланысты мәдени құндылықтар жойылмайды, өйткені олардың мән-мағынасы үнемі жаңарып

отырады. С.К. Иконникованың айтуынша, бар немесе бар мәдениеттің екі қайталама модельдеу жүйесі бар. Көп жағдайда бұл тілдік және бейнелеу өнері. Бұл адам миының екілік құрылымына байланысты. Алайда, қорытынды талдауда әр мәдениет екінші реттік модельдеу жүйелерінің өзіндік иерархиясын құрады [55, с 215].

Мәскеу қаласында жарияланған В.Рудневтің еңбегінде рәміз және коммуникациялық таңбалардың арасындағы ішкі байланысқа ерекше назар аударылады. Бұл бағыт өкілдері екі әлем: күнделікті шындық дүниесі мен трансцендік ақиқат құндылықтары әлемін атап өтеді. Соңғысының өзегін абсолюттік сипаттағы рәміздер құрастырады. Өйткені оны мәдени мәтін деп қарастыруға болады. Мәтін шындықтың бейнесі емес, оны тек рәміздік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік бар [56, 96].

Сыр өңірі мәдени құндылықтарын семиотикалық тұрғыдан пайымдау тұрғысында ең алдымен мәдени мұралардың рәміздік белгілер мазмұнына назар аударған абзал. Рәміздер әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде адамзат тарихында маңызды орын алып, оның рухани мәдениетінде терең таңбаланған. Оның эстетикалық қырларын бағамдау арқылы мәдениеттің, рухани мұрамыздың мән-мазмұнын тануға мүмкіндік туады. Бүгінгі таңда мәдениет ұғымына көптеген анықтамалар бар. Бұл жұмыстың тақырыбын ашу үшін оның кейбір аспектілерін бөліп көрсету қажет.

Біріншіден, мәдениет бұл адам қызметінің «өнімі». Табиғат күштерді ығыстырып жеңудің нәтижесі. Екіншіден, мәдениет дегеніміз адамның қолымен және ақылымен жасалынатын барлық нәрселердің жиынтығы. Үшіншіден, қоғам дамуының әр кезеңінде есте сақтау, аудару және жаңа құндылықтар жасау функциялары мәдениетке тән [57, 14 б].

Мәдениеттің сигнификаттық қызметі мен танымдық және коммуникативтік функциялары қатар жүреді. Таңбалар мен олардың мағынасы адамға «әлем бейнесін» жасауға мүмкіндік береді. Атау, мағына, бағалау көмегімен шындық әлем континуумы мәнді фрагменттерге бөлінеді. Олар өз кезегінде практикалық және рухани әрекеттердің талабына сай дифференциацияланады, интеграцияланады. Әр мәдениетте бұл бөлініс әртүрлі ұғымдық, тілдік мәнге ие болады. Өйткені мәдениеттің адами мөлшерін танытатын құндылық өз бойына адам болмысы мен адамның тіршілік ету формаларын жинақтайды [58, 157 б].

Э. Кассирер концепциясында мәдениет бәрінен жоғары тұрған өзекті ұғым. «Мәдениет өзінің үздіксіз дамуында үнемі тілдік рәміздерді туындатып отырады. Дегенмен ғылым мен философия бұл рәміздік тілдер мен олардың элементтерін ұғынықты қылып жеткізуі қажет. Олар синтетикалық тұрғыда құрылған жүйені аналитикалық тұрғыда өңдеуі тиіс. Мәдениет туралы ғылым бізге рәміздерді айшықтауға, олардың астарында жасырынып жатқан мағынаны табуға үйретеді» [59, 94 б.].

Рәміз белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге, жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Ол рәміздің шығуына алғашқы қиялдау, болжау, ертегі түстер, наным-сенімдер секілді құбылыстар әсер етіп, жалпы адам санасының дамуымен өрбиді.

Рәмізді мәдениеттің семиотикасы тұрғысында сараптаған Ю.М. Лотманның пікірінше, «мәдениет тарихының барлық материалды әлеуметтік кодтар жүйесі мен ауқымды ақпараттар тұрғысынан талдануы мүмкін, яғни бұл ақпараттар белгілерде бейнеленіп, оны ұжым санасына жеткізуге мүмкіндік береді», – деп пікір түйеді. [60, 46 б]. Осы тұрғыдан, рәміз әлеуметтік кодтың маңызды факторы бола отырып, әлеуметтік-мәдени мұраларды жинақтаушы, сақтаушы және жеткізуші болып табылатындығы даусыз. Ю.М. Лотманның ой желісімен пайымдасақ «рәміз мәдениеттің жадысы» деген идеяға сәйкес келеді. Рәмізтанудың екінші әдістемелік алғышарты рәміз құрылысына қатысты. Рәміз қандай да бір таңба, бірақ өнерге келгенде оны бір-біріне қатыссыз деп қарастыруға болмайды, себебі өнер мағына мен бейнемен тығыз қарым-қатынаста, егер рәміз бірқатар шексіз заттарға бөлінген қызметтер ретінде ұсынылса, бұл жағдайда біз оның құрылысындағы екі түрлі, үнемі орын алатын қарама-қайшылығын байқаймыз.

Лотманның айтуынша мәдениетті зерттеуде адамның ақпаратты өндіру, айырбастау және сақтау барлық іс-әрекеті белгілі тұтастыққа ие деген бастапқы алғы шарт болып табылады. Жеке алынған таңбалық белгілер жүйелері имманентті ұйымдастырылған құрылымнан тұрады деп топшыланса да бір-біріне сүйене отырып, яғни бірлікте ғана жұмыс істейді. Ешбір таңбалық белгі жүйесі оңашаланған қызметпен қамтамасыз ететін механизмге ие емес. Бұдан шығатыны, семиотикалық айналымдағы дербес ғылымдар сериясын құруға мүмкіндік беретін тұрғымен бірге, басқа да мүмкін, ол көзқарас бойынша оның бәрі семиотикалық мәдениеттің жеке аспектілерін қарастыратын, таңбалық белгілер жүйесінің қызметтік сәйкестігі жөніндегі ғылым [61].

Рәміз мәдениетті біртұтастықты қамтиды, ал мәдениеттің біртұтастық құрылымы мазмұнында ғана емес, ол әр пішінді рәміз тәсілінде айқындайды. Рәміз әрдайым бар нәрсенің бар екенін табуға мүмкіндік беріп, ол ауыстырады, репрезентациялайды. Кез-келген мәдениетте рәміздің атқаратын рөлі маңызды.

Рәміз бен мәдениет арасында астасып жатқан байланыстар бар екендігін өз концепциясын 1928–1929 жылдар аралығында жарық көрген «Рәміздік формалар философиясы» атты еңбегінде жан-жақты негіздеген Э.Кассирер шығармаларынан көруге болады. Ол «адамзат тек физикалық қана емес, сонымен қатар рәміздік универсумда өмір сүреді. Тіл, миф, өнер, дін – осы универсумның бөліктері. Адамды «animal rational» деп айтудың орнына, оны «animal symbolicum» [62, с 52] деп анықтау қажет деген болатын.

Э.Кассирер атап өткендей, әркім өзінің символикалық дүниесінде өмір сүреді. Басқаша айтқанда, рәміз мәдениеттанулық мәселе болып табылады. Ол адамның рухани болмысына мән-мағына беріп, ретке келтіріп отырады [63]. Э. Кассирер мәдениеттің негізінде адамның жалпыға бірдей, жүйеленген және үнемі жасалатын рәміздеуге қабілеттің жатқанын ескертеді, адамды «рәміз шығарушы жаратылыс» деп атайды [64].

К. Леви-Стросстың тұжырымдауынша әлеуметтік-мәдени әлем, ең алдымен рәміздер әлемі. Мәдени семиотикалық бағыттың негізін қалаушылардың бірі-Ю.М.Лотман. Ол мәдениеттегі таңбалар жүйесін «семиосфера» деп атап, глобальды сипат берді. Негізгі мәдениетіндегі әлеуметтік ролді гениетикалық емес ұжым зердесі ретінде сақтап және

жалғастыратын жиналмалы тәжірибе деп атады. Таңба заттың мағына беретін, іс-әрекет пен өзіне тән мінезділік пен адам айналасындағы дүние. Таңба ол-рәміз, материалды құбылыс, көрнекті бейне мен формада абстаркты ой мен түсінік береді [65]. Мәдени-философиялық рефлексия болмысының мұндай түсінігі рәмізге болмыстық және танымдық мән-мағына, семантика береді. Мәдениет пен рәмізге қатысты А.Я. Гуревич «мәдениеттің универсалды категориялары өзінің жаратылысында барлық құбылысты қамтиды. Бұл, сонымен қатар адам санасын анықтайтын категориялар. Біз мұнда кеңістік, уақыт, өзгеріс пен себептілік, тағдыр, сана сезімнің жоғары сезімге қатынасы, жеке мен жалпыға қатысы секілді шындықтың ұғымы мен формасын қабылдауы туралы айтып отырмыз» – деп айтады. Мұнда автор категорияларды мәдениеттің маңызды семантикалық «инвентарь» бөлігін құрушы дейді. Мәдениеттің универсалды категорияларын А.Я. Гуревич «ғарыштық категориялар» деп атайды. Ол мәдени рәміздерге қатысты былай ой тұжырымдайды: «рәміз субъективті тұрғыда емес, объективті жалпы мағыналы болып келеді. Әлемді танудың бірден-бір жолы рәміздер мен оның терең мағынасында жатыр» [66]. А. Ф. Лосевтің түсіндіруі бойынша, рәміз (символ) термині грек тіліндегі «симболон» деген сөзден шыққан, «таңба». «белгі», «пароль», «сигнал», «алдын-ала көрсетілген таңба» деген мағынаны білдіреді.

А.Ф. Лосев рәміздің жалпы мағыналы құрылымын былай сипаттайды. Біріншіден, ол ең алдымен заттың бейнесі. Сондықтан зат, шындық рәмізді анықтайтын бастапқы және қажетті түп негіз. Екіншіден, рәміз әркашанда жалпылау болады. Ол өзінде өз құрылымын анықтайтын заң ретіндегі идеяны қамтиды. Үшіншіден заттың рәмізі, Лосевтің пікірінше, оның көрінісі немесе оның таңбасы. Ф. Лосевтің пайымдауы бойынша, рәміздік тілдің жалпы құрылымы рәмізді құрастыру принципі ретінде яғни тудыратын үлгі ретінде белгілейді. Дүниеде сансыз әр түрлі рәміздер толып жатыр [67, 17 б].

Рәміздердің түрлі ғылыми, философиялық, мифологиялық, діни, техникалық типтері бар. Рәміздеу үрдісі бірнеше актілерден тұрады. Біріншіден, алдын-ала белгіленетін затты ойластыру акты. Екіншіден, таңбаның шын заттармен қатысына кепіл беретін, объективтілейтін акт керек. Үшіншіден, сананың дәл бір затқа, оны басқа заттардың қатарынан атап көрсету мақсатпен, арнайы бағытталуы немесе интенционалдық акт. Төртіншіден, таңба үшін ноэмикалық акт керектігі үшін, бесіншіден, белгілейтін адам және белгіленетін зат болу керек. Олар ұштасқанда адам және белгіленетін зат болу керек. Олар түйіскенде сигнификативтік акт жүзеге асырылады, яғни белгілеудің толық актіні рәміздеу, алтыншыдан, барлық актілерді біртұтас бүтіндікке жинақтайтын акт болу керек-бұл семантикалық акт. Бұл акт болмаса рәміз ұғымы мүмкін емес.

Авторлардың көбісі барлық таңбалы және рәміздік қатынастар үш бөліктерден тұрады деп ортақ пікірді қолдайды: 1) таңба немесе рәміз; 2) объект; 3) қабылдайтын адамның ақыл-ойы. Белгілі тәжірибені, хабарды бекітіп басқа адамға белгіленген түрде жеткізу үшін бұл таңбаны басқа біреу «оқып» танып білуі керек.

Семиотикалық құрал ретінде тек тіл ғана емес, миф, ғұрыптар, сондай-ақ тұрмыс заттары, тұрғын үй, азық-түлік, киім, жас ерекшеліктері

пайдаланылады. Семиотикадағы тәсілдерді пайдалану біздің ойымызша, этнос мәдениетіндегі әр түрлі таңбалық құралдардың өзара байланысын көрсете отырып «этно анықтағышты» немесе мәдениетке этносемиотикалық әдісті қолдану туралы пікірлердің мағыналы қиылысын, негізгі өлшемдерін анықтайды. Таңбалардың әр қилы түрлерінің өзара байланысының сипатын, иерархиялық қозғалысын ашады, қызметтік семиотикалық нормаларды және дәстүрлі көшпенді мәдениеттің концептуалды-кодтық негіздемесін белгілейді» – деген философ Н. Шаханованың пікіріне толық сүйенеміз [68, 23 б]. Зерттеу нысанын рәміздік белгі ұғымынсыз түсіндіру мүмкін емес.

Мәдениет құндылықтар жүйесінен құралса, ал адамзат өз кезегінде өзінің жасампаз қызметінің үрдісінде рәміздік көріністерді қамтиды. Рәміз ұғымының әлеуметтік-мәдени табиғаты философиялық тұрғыдан зерделеуде киім тақырыбына қатысты маңызды қызмет атқарады. Рәміз зат қандай салада болмасын, өз табиғатын ерекше кескінді бейнелерде сипаттайды. Олардың бір-бірінен айырмашылықтары болуы заңды құбылыс және адамның ғұмырлық іс-әрекетінің жасырын, құпия мәнге толы іргелі құндылықтарын, мұраттары мен идеяларын бейнелі түрде жүзеге асырады.

Жалпы ұлттың мәдени құндылықтарының көрінісі ретінде материалдық және рухани мәдениеттің туындылары екені сөзсіз. Сонда рәміздік тіл мәдени-әлеуметтік құбылыстардың объективті және субъективті факторларымен қоса мәдени құндылықтарды анықтайтын үрдіс болып табылады. Осыған байланысты антрополог, К.Леви-Стросс өзінің «Құрылымдық антропология» деген еңбегінде мәдениетті түсінудің қос маңызды бағытын бөліп көрсетеді. Оның біріншісіне мәдениетті тұрақты символдар ретінде қарастырып, ал: тіл, өнер, ғылым, дін, дәстүр, салт, кез-келген мәдениет адамына тән осы нәрсе осы рәміздермен анықталады-дейді [69, 12 б]. Рене Генонның «Шындықтың деңгейлері сан алуан түрлі, олар кез келген табиғи құбылыстардан бастап, бірін-бірі жалғастыра абсолютке дейін жетеді. Рәміздің шынайы болмысы да осы түрлі деңгейлерді біріктіретін сәйкестік болып саналады. Содан барып барлық табиғаттың өзі қарапайым рәміз болып шығады. Табиғаттың ақиқат мәнін осы табиғатқа өзімізді метафизикалық ақиқатты түйсінуге итермелейтін көрсеткіш деп қарағанда ғана оның сырына қанық бола аламыз» [70, 8 б] деген тұжырымдамасы осы қағидамен үндесіп жатыр.

Мәдениет семиотикалық жүйелердің иерархиясы ретінде, екінші жағынан өзін қоршайтын мәдениеттен тыс орта аясының көпқабатты құрылымы ретінде жасалады. Бірақ ішкі құрылым, жеке семиотикалық жүйе бөлімдерінің құрамы мен сәйкестігі ғана бірінші кезекте мәдениеттің түрін құрайды.

Рәміздің мәдени құндылықтар аясындағы қызметі ғалам мен адамды тануға себепші болатын, рәміздік бейнені өзгертуге қабілетті адамның ойлау жүйесін бейнелейді. Демек, біз мәдени құндылықтардағы көптеген ақпараттар жиынтығын бойына жинайтын рәміздік жүйелерді әлеуметтік-мәдени құбылыстардағы тарихи үрдістердің мәнін ашудың кілті, заттың субстанциялық негізі болатын танымдық категория деп айтамыз. Мәдениеттің гнесеологиялық талдауын, оның онтологиялық негізінен бөліп қарастыру мүмкін емес екені белгілі. Олай болса, рәміз әмбебап категория ретінде мәдениет мәнісінің жалпы

құрылымын, оның идеялары мен мәдени құндылықтарының негізгі түйінін жасауға мүмкіндік береді.

Рәміздеуді тарихи типтеген жағдайда көркем рәміздің діни-мифологиялық рәмізден айырмашылығы білінеді. У. Шпенглер «Еуропаның құлдырауы» шығармасында мәдениеттің және оның кезеңдерінің басты мәнді сипаттарының бірі ретінде стильге баса назар аударды. Ол үшін стиль осы дәуірдің рухани ахуалымен анықталатын «форманы метефизикалық сезіну». Ол жеке тұлғаға, өнер түрлеріне тәуелді емес метафизикалық құбылыс ретінде осы дәуірдің шеберін де өнер туындыларын да бағыттарын да дүниеге әкеледі. Ол үшін стиль әр дәуірге тән руханилықпен анықталатын форманың метафизикалық түйсінілуі. Мәдениеттің осы кезеңінің метафизикалық стихиясы ретінде «ұлы стиль» өнердегі тұлғаны, бағытты, кезеңді өзі қалыптастырады. Ол тұлғаға, өнердің материялы мен түріне, тіптен өнердің бағытына да тәуелді емес. Шпенглер стильді көркем-эстетикалық мағынасынан да кеңірек түсінеді [71, 289 б]. Демек, мәдениеттің сан алуан ақпараттар жиынтығын бойына сақтайтын рәміздік жүйелерді әлеуметтік-мәдени құбылыстардағы тарихи үрдістердің мәнін ашудың «кілті», заттың субстанциялық негізі болатын танымдық категория ретінде анықтаймыз.

Рәміздердің басты ерекшелігі архетипті негізі мен бейнелігінде, әмбебаптығы мен терең мағынаға толы астарлы мән-мазмұн, ұлттық мәдени сипатында көрінеді. Көптеген зерттеушілер рәміздердің көпмағыналығын, сан алуан мазмұннан тұратындығына назар аударған. Біздің пікірімізше, рәміздің көп мағыналы сипаты мәдениетті жасаушы халықтың жасампаздығы деп ойлаймыз [72, 38 б].

Семиотикалық мәдениеттануда рәміздің шарттылығына үлкен көңіл бөлінеді. Бұл жерде рәміз шарттылығы деп ондағы конвенционалдықты, көпмәнділікті, әр түрлі контекстіні атап өтуге болады. Э.Кассирер атап өткендей, әркім өзінің символикалық дүниесінде өмір суреді. Басқаша айтқанда, рәміз мәдениеттанулық мәселе болып табылады. Ол адамның рухани болмысына мән-мағына беріп, ретке келтіріп отырады [73, 55 б]. Рәміздің мәдениет жүйесіндегі қызметі ғылыми әдебиетте үшке бөлінеді: дүниетанымдық, жинақтаушы-бейімдеушілік және ақпараттық қатынас қызметтері.

Біріншіден, рәміздің дүниетанымдық қызметі, мәдениеттің қай саласында болмасын образды түрде ақиқат болмысты бейнелеудің ерекше формасы ретінде бейнесін табады. Демек, оның болмысты бейнелеудегі маңыздылығы заттардың мәні мен құбылыстарын және үдерістерінің ішкі заңдылықтарының терең мазмұнын шынайы түйсіну. Мұндай түйсінуде белгілі бір мақсатқа бағытталған идеялар мен құндылықтар, адамдық өлшем арқылы адамзат мәдениетінің әмбебаптық мәселелерін айшықталып, рухани-мәдени өмір дамуының әлеуметтік-тарихи кезеңдерін анықтайды.

Рәміздің екінші қызметі бейімдеушілік. Рәміз мұнда адамның әлеуметтік мінез-құлқын белсенді түрде реттеп, оны мәдениетке бейімдеп, ұрпақ арасындағы қарым-қатынасты орнатудың тиімді тәсілі болмақ. Ол дүниетаным мен құндылықтарды, дәлірек анықтасақ, дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған ойлаудың императиві ретінде бейнеленеді. Мәдениеттегі рәміздің

бейімдеушілік қызметі, әсіресе салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар мысалында жиі кездеседі.

Рәміздің үшінші мәдени қызметіне тоқталатын болсақ, ақпараттық қатынас өзінің мәнді идеялық құнды бағдары мен әлемге қатынасы тұрғысынан алғанда, мәдениет жадысының ерекше конденсаторы іспеттес. Бұл адамның ұжымдық жадысының әмбебап және ықпалды тетігі ғана емес, мәдениет бірлігін синтездеуші принцип.

Мәдениет жүйесіндегі рәміздің мәні мен оның орнын сипаттай отырып, Ю.М. Лотман «рәміз мәдениет континуумының неғұрлым тұрақты элементтерінің бірі. Мәдениет жадысының маңызды механизмі болып, рәміз мәтіндерді, сюжеттік схемаларды және тағы басқа да семиотикалық құрылымдарды мәдениеттің бір кезеңінен басқа кезеңіне тасымалдайды. Мәдениеттің диахрониясы мен рәміздердің тұрақты жиынтығы маңызды түрде біртұтас механизмінің қызметін өздеріне алады. Өздері туралы мәдениет жадысын жүзеге асыра отырып, олар оңашаланған хронологиялық қабаттарға бөлінуге мүмкіндік бермейді. Өмір салты мәдениет өмірі мен рәміздерде көрініс тауып, мәдениеттің ұлттық және ареалдық шегін анықтайды»-дейді [74, 241 б]. Мәдениет семиотикалық анықтамаларының бірі бойынша өзінің болмыстық кеңістігіне ие болып тұрған, табиғи кеңістіктен ерекшеленіп тұрған рәміздік шындық болып табылады. Мәдениеттің семиотикалық өрісі тек адамға ғана тән рәміздеу қабілеті арқылы жасалады. Бұл қабілет қиялдау және абстрактылау деген антропологиялық қасиеттермен байланысты.

Жалпы қазақ халқының уақыт пен кеңістікті түсіну, қабылдау дәстүрін қазіргі заман талабына сай қайта қарастыру, ұлттық ойлау жүйесінің рәмізділік бағыттарын игеруге негіз болары сөзсіз. Рәміздік таным Сыр өңірі ділдік қоғамдық әлеуметтік жүйесіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі. Себебі рәміздер ұлттық ой қазынасы ғана емес, ұлттық ойлау дәрежесін қалыптастырудағы негізгі ойлау жүйесі. Мәдени құндылықтар дүниемізді анықтауда рәміздік тұрғыда елдің мәдени келбеті болып қала береді. Рәміздің мағынасы мәдени құндылықтардағы тіл, дәстүр, мағыналар қызметін түсінуді, оны зерттеудің маңызын айқындай түседі. Мәдени құндылықтардағы рәмізді семиотикалық тұрғыда талдау қоғамда жүріп жатқан жаһандану үдерісінде ұлттық сананың жоғалу қаупінен сақтайтын маңыздылығынан туындайды.

Сыр өңіріндегі түрлі нормалар мен императивтер, жалған құндылықтармен ауыстырылған кезде құндылықтардың қайта бағалануы Сыр қоғамы үшін қауіпті жағдай туындатып, қоғамдық организмнің ыдырауына әкелу қаупі ұлғаюы мүмкін. Алайда, жоғары мәдени құндылықтарды қорғап қалу үшін рухани мәдениеттің коды болып табылатын ұлттық рәміздер жалпы құндылықтар жүйесінің негізгі өзегі ретінде қызмет атқарады. Рәміз-дүниетанымдық мазмұнымен маңызды мәдени әмбебаптық қызмет атқарып, адам санасында терең ақпараттық із қалдыратын рухани мәнді ұғым.

Жалпы әрбір Сыр өңірінің мәдени құндылықтары адам әлемінде жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға айналмаса, ондай деңгейге көтерілмеген туындылар жалған құндылықтар мен үйлесімділікті шайқалтушы теріс құралдар болып табылатыны анық. Тарихи үдеріс құндылықтарды уақыт таразысынан өткізеді, керектісін қалдырып, сараптайды. Мәдениеттің жоғары

деңгейіне көтерілу үшін әлеуметтік болмыста жинақталған өнер туындыларындағы таңба-белгілердің семиотикалық мәні мен терең мазмұнын, оның белгілі бір үйлесуі мен кемелденуін терең түсінуіміз қажет.

Мәдениет негізінен құндылықтар мен оның рәміздік мәндерінен тұрады десек, сонымен қатар технологиялық және материалдық нысандарды да қамтиды. Мәдениеттің материалдық және материалдық емес екі формасы болады. Материалдық емес мәдениетке қоғам мүшелеріне ортақ тіл, құндылықтар, мән-мағыналар жатады. Материалдық мәдениет қоғамда өндірілетін физикалық нысандарды қамтиды. Дегенмен материалдық нысандар материалдық емес мәдениетке тәуелді. Қазақ мемлекеттік және ұлттық рәміздерінің құндылықтық-мағыналық мазмұнын ашып, философиялық-семиотикалық тұрғыда талдаудың өзектілігі зор [75, 163 б].

Семиотикалық талдау жасау зерттеулерінде мәдени құндылықтар түсінігі бастапқы ретінде қабылданады. Бұл тұста мәдени құндылықтардың өзіне өз тұрғысынан қарайтын көзқарасы мен оны бейнелейтін ғылыми метажүйесінің көзқарасынан қарауды айыра білу керек. Жалпы қарағанда, мәдениет шектелген аймақ түрінде көрінгенмен, оған одан тысқары жатқан адамзат тарихының, тәжірибесінің немесе іс-әрекетінің құбылыстары қарама-қарсы тұрады.

Сонымен мәдениет, бір жағынан, семиотикалық жүйелерінің иерархиясы ретінде, екінші жағынан, өзін қоршайтын мәдениеттен тыс орта аясының көпқабатты құрылымы ретінде жасалады. Бірақ ішкі құрылым, жеке семиотикалық жүйе бөлімдерінің құрамы мен сәйкестігі ғана бірінші кезекте мәдениеттің түрін анықтайтыны даусыз [76].

Адамның адамзат тарихы қалыптасқаннан бергі тарихын оның рухани болмыс-бітімінің үздіксіз ашылу үдерісі деп қарастыруға болады. Адамзат тарихы адамның өз шығармашылық қасиеттерін көрсетуі арқылы, көзқарастары мен ойлары, жасаған образдары және дүниетанымымен ерекшеленеді [77, 115 б].

Ғылыми дамудың қазіргі кезеңінде мәдени құндылықтарды зерттеу әдістерін қайта ойластыру қажет, себебі мәдени құндылықтарды жеке нысандар ретінде сараптау емес, мәдениеттанымдық контекстіні семиотикалық талдау қажеттілігі сезілуде. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын зерттеу нысаны ретінде анықтағанда жүгінеріміз рәміздік мазмұндағы мәдени құндылықтар. Бұл мұраларды эстетикалық және танымдық қырлары тұрғысынан қарастыра келіп, мазмұнының астарынан философиялық мағыналар мен түсініктерді тұжырымдаймыз. Осы мақсатта қолданатын негізгі әдістеріміздің бірі семиотикалық тұрғыда талдау. Сыр өңірі мәдени құндылықтарының семиотикалық қызметтерінің тұжырымдамасын құрастыру зерттеу мақсаты болғандықтан, жұмыс атқарудың негізгі әдісі теориялық құрастыру әдісі немесе рәміздік идеалдандыру. Бұл зерттеуді орындау үшін қазіргі заманғы мәдениеттің мәтіндік-маңыздық сипаттамаларын сараптауға және өмірдің рухани саласын түсінуге себепкер болды.

Мәдени құндылықтарды қоғамдағы рәміз, белгі, таңба және басқа да өзіндік ерекшеліктері анықтайды. Мәдени құндылықтар жеке адамның өмірінде маңызды роль атқарады, бірақ бәрібір тұлғаның құндылықты бағдарларын анықтамайды, өйткені адамның мәні қоғамдық қатынастар жиынтығына байланысты екені белгілі. Топтық құндылықтар адамдардың қауымдастығы

үшін заттардың, құбылыстардың, идеялардың маңызының құнды болуы. Жеке адамдарды бір құндылықты бағдарлар арқылы біріктіретін топтық құндылықтардың қандай да бір ұжымның тіршілік әрекеті үшін маңызы өте зор. Адамды ойдың билеуін әрекеттің бастауы ретінде қарастыруға болады. Ой мен әрекеттің тоғысуы өзінен-өзі белгілі бір әдіс-тәсілге табан тіретеді. Дегенмен, осы семиотикалық әдістер мен әдіснаманың мәдени құндылықтарды тану жолында жоқты түгендеу үшін, мәдени құндылықтарды парықтау үшін бағдар беретіне күмәніміз жоқ.

Егер мәдени құндылықтар шексіз құбылыстар қатарына орналастырылған функцияны көрсететін болса, онда біздер оның құрылымынан бір-біріне әрқашан қарама-қарсы әр түрлі компоненттердің бірлігін табамыз. Бір жағынан ол туындатушы модель болса, екінші жағынан осы арқылы туындайтын шындық өмір құбылыстарының шексіз қатары. Осы тараудың тұжырымдасын былай деп түсіндіруге болады: мәдени құндылықтардың рәміздік алуан түрлі қасиетін туындатушы моделі Сыр өңірінің халқы болып табылады. Атап айтқанда, Сыр өңірі қоғамы мәдени құндылықтардың мәдени типтерінің шексіз алуан түрлі болуына септігін тигізеді. Семиотика мәдени құндылықтардың бірін-бірі ауыстырып отыратын тарихи типтерінің динамикалық қыры тұрғысында қарастырылатын болады.

Бірінші тарау қорытындысы

1. Мәдени құндылықтардағы рәміздік ұғымдардың даму үлгісін анықтау үдерісі тек логикалық ойлаумен шектелмей, сонымен бірге сана, бейне, қабылдау секілді қызметтерін атқарып, соңында адамның рухани-мәдени қызметінің барлық аясынан өріс алады.
2. Мәдени құндылықтар архаиканың қызметін атқаратын мәтіндер қабаты белгілі кезеңнің әлеуметтік жағдайы, тарихи уақыты, дүниетанымы, қоғам мен мәдениетінің даму деңгейі сипаттайды. Мұндай ерекше мазмұнды, көлемді кең ауқымды мәтіндерді қысқа да нұсқа түрде сақтап жеткізу рәміздерге ғана тән. Рәміздің осы қасиетінен оның ұлттық ерекшелігін білеміз.
3. Мәдени құндылықтардың феноменологиялық қырларын этикалық және эстетикалық ой дүниесінің дамуы аясында семиотикалық талдау, қазіргі әлеуметтік болмыстағы мәдени құндылықтарының өзектендірілуі, төлтума мәдениеттің сақталуына ықпал етеді.
4. Мәдени рәміздер жалпы семиотикалық тұрғыда қоғам арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан түсіндірілсе, архетиптік сипаттағы мәдени рәміздер өз бойларына қашанда құпиялықты жасырады. Оның астарында қашанда кодтық мағыналық негізге сүйенген мәдени этикалық дәстүр сақталып, семиотика туралы зерттеулер бойынша рухани саладағы рәміздер қоғам қызметінің нысаны мен оның қажетті алғышарты болып есептеледі.
5. Тікелей мағынасында мәдени құндылықтар семиотикасы қазіргі классикалық емес мәдениеттануда қалыптасқан рационалдық парадигманың тар шеңберінен шығуға бағытталған талпыныс болып табылады.
6. Семиотикалық талдау қоғамның мәдени-танымдық, рухани-ақпараттық кеңістігін қалыптастырады. Ол мәдени құндылықтар мен мән-мағыналардың шоғырланған маңызды бейнелік формасы болып табыла отырып, мәдениет құралдарының, қызметтерінің рәміздік мүмкіндіктерін жүзеге асырады.
7. Мәдени ақпаратты тасымалдаудың және мәдени сабақтастықты қамтамасыз етудің коды ретінде Сыр өңірі мәдени құндылықтары этностың рухани мәдени жүйесінің негізін құрайды. Бұл тарихи эволюцияның мәдени астары болып табылады.
8. Мәдени құндылықтардың ерекшелігі мазмұнын өз бойына жинақтайтын мәдени артефакт ретінде алғашқы мәдени коннотациясын сақтай отырып өз аясында мәдениет ақпараттарын жинақтап, нақтылап, ертеңгі күнге жеткізіп, сабақтастықты қамтамасыз етеді.

2. СЫР ӨҢІРІНІҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

2.1 Сыр өңірі киелі нысандарын рәміздік талдау

Сыр өңірінде киелі тұтқан тағзым ету ету нысандарының тарихы ерте замандардан бастау алады. Сыр өңірі сияқты киелі орындарға тағзым ету әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі тек қазақ халқының мәдениетінде ғана емес, барлық түркі халықтарында кездеседі, осы дәстүр бүгінде сақталған.

Адам қоныстанған өңір үлкен бір әлемге айналады. Адам ландшафты өзгертіп тіршілік ортасын жасайды. Өңір адамның өмір сүру қалпына қалай әсер етсе, адам да өңірді өзіне қолайлы, тиімді өзгертеді. Адам өзі өмір сүрген өңірдің уақыты мен оқиғасын қалыптастырады, кеңістік рельефын өзгертіп қолымен жасалған заттар әлемімен қоршайды. Оның қолымен жасалған туындылар онымен бірге өмір сүреді және ұрпақтан ұрпаққа қалады. Өңірдің өмірлік мәні мен мағынасын кеңейтеді, мәдениеті мен тарихын жасайды. Әрбір адамның туып өскен мекені «туған жер» деп аталады. Оның табиғаты, ауасы, жері, тау-тасы, тәрбиесі, білімі, салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихы, тарихи-мәдени мұрасы, рухани және материалды құндылықтары әрбір адам үшін «киелі» [78, 367б]. Адам баласын қоршаған әлем бай да алуан түрлі, осы ғаламды рухани-практикалық тұрғыда игеру үдерісінде әр этнос шындықты өзіндік бағалау деңгейі, бағалау өлшемі арқылы қарастырады. Эмоционалды бояу-рең арқылы қабылданған қоршаған әлем шындығы мен құбылыстары адамның жеке сезімімен, талаптарымен ұштасып жатады. Философтардың пайымдауынша, бағалаушылық субъектінің қуаныш, масаттану, құрметтеу, қастерлеу тәрізді эмоциясын туғызады. Бұл қатардың ең жоғары деңгейінде тұратыны-киелілікке аса құрметпен қарау сезімі. Адам баласы үшін пір тұтатын киелі, қастерлі ұғым-түсінік өмірдің қай кезеңінде де өте қажет. Құндылық-киелі де қастерлі ұғым. Бұл мәселенің, әсіресе құндылықтардың мәні азайып, дәстүрлі мәдениеттің қадірі кетіп бара жатқан дәуірде қажеттілігі сезіледі. Өз ұлтының құндылықтарына ықыласпен, құрметпен қарау сезімі адам бойына сәби кезінен сіңіріледі, ананың сүтімен беріледі. Өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін-моральдық негізі ретінде ана тілі арқылы игеріп, нәр алады [79, 278 б]. «Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға күштарлығын білдірген. Энциклопедиялық түсіндірмелерде «киелі орын» дегеніміз ерекше мәні бар қайталанбас объектілері бар орын. Онтологиялық тұрғыда «киелі» күнделікті болмыстан бөлінетін шынайылықтың жоғарғы деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат білім; құбылысологиялық тұрғыда таңқалдыратын, ғажап дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс [80, 224 б].

Мәдениеттанушы Құралай Ермаганбетованың айтуынша киелі нысандар Қазақстанның мәдени брендин қалыптастыру тәжірибесінде мынадай қызметтерді атқарады:

- 1) киелі объектілер мәдениетті сақтауға, ұлттық кодты, тарихи өзара әсер және мәдени байыту қырларын түсінуге көмектеседі;
- 2) киелі орындар белгілі бір өңірдің рухани, тарихи және эмоционалды

орталығы ретінде орын алады. Яғни бұл жағдайда ол табиғи-ландшафттық киелі кеңістікте коммуникавтік және шоғырлану қызметтерінің өзектілігін арттырады;

3) киелі кеңістіктер және олардың мағынасы өңірдің мәртебесін көрсете отырып мәдени туризмді дамытуға және туристік дестинацияны жасауға септігін тигізеді;

4) киелі орындар мен объектілер космогониялық білім, мифологиялық киелі архетиптер, ұмытылмас шайқастар мен көрсетілген ерлік туралы ақпаратты сақтайды, өлкетануды дамытады және ұмытылған тарихи-мәдени топонимдерді дәріптеуге болысады;

5) киелі орындар адамдар санасында қорғаушы және біріктіруші қызметін атқарады. Эмоционалды кейіпкерлерге – батырларға, хандарға, ұлы тұлғаларға, құрбандарға арналған ескерткіштер, кесенелер Қазақстан халқының рухани бірлігін нығайтуға көмектеседі;

6) киелі орындар экологиялық мәдениетті, табиғатқа, жануарларға және өсімдіктер әлеміне ұқыпты қарауды қалыптастырады;

7) киелі культтік объектілер діни санада дәнекерші, медиатор рөлін атқарып қана қоймай, Ұлы Дала Елінде қалыптасқан интеллектуалды діни мұра туралы көзқарасты кеңейтеді;

8) киелі культтік объектілер мен мемориалды объектілер аймақтардағы қоғамдық өмір орталығы ретінде коммуникативтік және интегративтік қызмет атқарады [81, 123 б].

Адамзат санасында ұзақ уақыт бойы «киелілік» ұғымы тек қана дінмен ұштастырылып келді. «Қасиетті жер», «киелі орын» ұғымдарын идеологиялық және күнделіктілік тұрғысынан түсіндіруге болады. Идеологиялық деп тұрғанымыз мемлекеттік маңыздығы бар «қасиетті жерлер», екіншісі күнделікті халықтың сұранысына ие болып отырған, жеке ұрпақтың ата-бабасымен байланысты «қасиетті орындар». Әрбір киелі орын өзінің әлеуметтік, мәдени, саяси, діни функцияларын атқарады. Күнделікті қарапайым адам мен діни адамның, ғалымның қабылдауының нәтижесінде әртүрлі тұжырымдамалар мен түсініктер қалыптаса береді, бірақ бұл нысан ешқашан өзінің жекешілігін, ерекшелігін жоғалтпайды.

Шетелдік зерттеушілер Steve Brie, Jenny Dagers және David Torevell киелі жерлерді үш топқа бөліп қарастырады: біріншісі-әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған «қасиетті орындар»; екіншісі-табиғат факторларымен пайда болған-емдік сулар, емдік балшықтар, долмендер және тағы басқалары. Үшінші категориясы екі категорияның араласуынан пайда болған «киелі жерлер» [82, 10 б]. Әрине киелі жерлерінің бұл критерийлері барлық елдерде кездеседі және туризмнің барлық түрлерінің дамуына септігін тигізіп отыр.

Киелі жер ұғымын дін тарапынан түсіндірген зерттеушілер де көп болды. Соның бірі, әлеуметтанушы Э. Дюркгейм барлық діндерді-пендешілік және қасиетті деп екі салаға бөліп көрсетеді. Дюркгейм бойынша, «сакралдылық-әлеуметтік құбылыс, қоғамдық топтар өздерінің әлеуметтік және моралдық ниеттеріне қасиеттілік бейнесін, нышандарын береді. Осы арқылы ұжымдық талаптарға табынуды талап етеді» [83, 386]. Дюркгейм бойынша, сакралдылықтың маңызды белгісі оның қол сұқпаушылығы, жекешілігі және

күпиялылығы.

Киелі кеңістік сипаттамасына байланысты әртүрлі және көп жоспарлы номинация. Киелі кеңістіктің тарихи-мәдени естеліктерінің тереңдігі мен тығыздығы уақыт ұзақтығымен сипатталады. Бұл аспект бір аймақта өмір сүретін халықтардың, мәдениеттің және барлық артефакттардың диахрондық қиық және қазақстандық заманауилықты әртүрлі мәдениеттер ізін қалдырған еуразиялық «ортақ ошақ» нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ұзақ ғасырлық үрдістердің генезисі ерекше және өзінше мәдениетті айқындайды. Қазақстандағы киелі кеңістіктің әртүрлі таңбалары әртүрлі тарихи тамырдың барын куәландырады.

Қазақстанның киелі жерлерін типтік бөлінісінде «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлының алты топтық жіктелісі негізге алынды. Атап айтқанда: табиғи-ландшафтық қастерлі орындар, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, Қазақ хандығының астаналары мен қалалары, зиярат етуге арналған діни-ғұрыптық нысандар, тарихи тұлғаларға қатысты қастерлі жерлер, саяси-тарихи оқиғаларға байланысты киелі орындар [84].

Сыр өңірінің қазақтарында дүниеге дәстүрлі көзқарасының идеялық өзегі: заттарды киелеу болып табылады. Сыр өңірінің қазақтары әлі күнге шейін киелі жерлер басына түнеп тілек-дұғаларын оқиды. Ата-баба культі, сонымен қатар оларда әрбір табиғат жаратылыстарының киесі мен иесі бар деген сенім қалыптасқандығын аңғаруға болады. Сыр өңірі халқы киелі деп жарық дүниенің тылсым таңғажайыптарын, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастырған.

Міне сондықтан өңірдің дүниетанымындағы киелілікті зерттей келе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Қызылорда облысы бойынша жергілікті өлкетанушылардың ұсыныстары негізінде 12 тарихи ескерткіш еліміздің жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 35 тарихи ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді. Жалпыұлттық қасиетті нысандар: Ежелгі Шірік-Рабат қалашығы; Ортағасырлық Жанкент қалашығы; Ортағасырлық Сығанақ қалашығы; Ортағасырлық Жент қалашығы; Қорқыт Ата кешені; Бегім ана мұнарасы; Оқшы ата кесенесі; Хорасан кесенесі; Төлегетай-Қылышты кесенесі; Жанқожа батыр мазары; Бұқарбай батыр кесенесі; Христос Спаситель шіркеуі. Өңірлік қасиетті нысандар: Ежелгі Бәбіш қалашығы; Баланды II кесенесі; Жетіасар археологиялық кешені; Ортағасырлық Күйіккескенқала қалашығы; Сауысқандық петроглифтері; Ортағасырлық Асанас қалашығы; Есабыз әулие кесенесі; Сунақ Ата кесенесі; Мүлкәлан кесенесі; Мүсірәлі әулие кесенесі; Құлболды ишан кесенесі; Айқожа ишан кесенесі; Түмен әулие кесенесі; Қосым қожа кесенесі; Қожан қожа кесенесі; Қарасопы кесенесі; Оразай ишан кесенесі; Ахмет ишан кесенесі; Ала тағы әулие қорымы; Белең ана кесенесі; Ақтас мешіті; Ноғай мешіті; Ғанибай мешіті; Қалжан ахун мешіт-медресесі; Әбжали ишан мешіті; Иманқұл мешіті; Қожаназар ишан мешіті; Ғанибай үйі; Саяси қуғын сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш; Тағзым алаңы; Байқоңыр ғарыш айлағы.

Біз осы диссертация негізінде «Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау» атты зерттеу жобасы аясында жазбаша сауалнама алдық.

Жазбаша сауалнама Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттері арасында жүргізілді. Жазбаша сауалнама жұмыстарына 18-25 жас аралығындағы 500 студент қатысты. Жалпы жазбаша сауалнама барысында Сыр өңіріндегі киелі де танымал мәдени нысан ретінде нені атар едіңіз және оның рәміздік, белгілік, таңбалық сипатын атап беріңіз деген сұраққа барлығы Қорқыт ата кешенін таңдады.

Осы көпшілікке тән жауапты бағамдай отырып Қорқыт ата кешенін семиотикалық талдауға арнайы бөлімде тоқталамыз. Бұл тарауда байырғы түркі халқының мәдени-рухани ой санасы мен дүниетанымын айқындайтын Қорқыт Ата кешенінің рәміздік мән-мағынасын семиотикалық талдау негізінде ашып, семиотикалық талдау тұрғысында алғашқы рет қазақ мәдениеті контекстінде қарастырылды.

Әлемді қоршаған құбылыстардың белгілерге бөлінуі мәдениеттану саласындағы зерттеулерде адам әрекетімен шартты түрде қолданыс тапқаны ақиқат, өйткені ол әрдайым объектілер арасындағы жағдайды ұстап тұрған. Оларға «материалды мәдениет» бөлшектері жатады. Дәстүрлі мәдениетте әлем біртұтас қабылданғандықтан дүниенің барлық заттары мен құбылыстары міндетті түрде көп түрлі қызмет атқарған. К. Леви-Стростың айтуынша: «Материалдық мәдениеттің заттары тек утилитарлық құндылығымен ғана ерекшеленбейді. Ол сонымен бірге түрлі қызметтерді орындайды, оны түсіну үшін тарихи, географиялық, механикалық немесе физико-химиялық факторларды ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік факторларды да ескеру қажет» [85, 317 б]. Қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін объектілер немесе оларды нышандайтын дәстүрлі қоғамдағы ғұрыптық заттардың белгісі маңызды мәнге ие. Бұл объектілер киелі саналып адамдардың осы қасиетті заттармен қатынасы салттық қатынасқа айналып, ғұрыптық пішінде қабылданған.

Жалпы Қорқыт Ата кешенінің семиотикалық, нышандық мәнінің маңыздылығы оның пайдалылық құндылығынан кем болған жоқ, сондықтан олар утилитарлық және рәміздік мақсатта бірдей қолданылады. Сыр өңірінде кешен практикалық және рәміздік талаптарға сәйкес келгендіктен мәдениет фактісіне айналып, рәміздік белгі бола алуымен мәдени құндылыққа айналған.

Рухани өміріміздің тарихында бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін айшықтай түсетін айрықша тұлғалар болды. Исламға дейінгі Тәңірлік дүниетанымның шашырап жатқан дерек көздерінің негізінде пайымдап, бас-аяғын жинақтауға әрекеттенер болсақ, оның бел ортасында тұрған дара тұлғаларды айналып өту мүмкін емес. Солардың бірі, бірегейі-түркі халықтарының арасында есімі ежелден танымал-Қорқыт ата.

Жалпы Қорқыт ата жайлы сөз бастау немесе Қорқыт Ата жайлы кесіп-пішіп пікір білдіру мейлінше жауапкершілігі зор, өте күрделі мәселе. Бірақ біз бүгінгі таңдағы таным-түсінікте үш бірдей Қорқыттың яғни Қазақы Қорқыт бейнесі, Қорқыт-Кітаби Қорқыт, Тарихи Қорқыттың іс-қарекеті, бітім-болмысына тоқталмай, Қорқыттың құрметіне қойылған Сыр өңіріндегі түркі өркениетін кеңінен насихаттау үшін жасалған бастамаға үлес қосып, Қорқыт Ата кешенінің рәміздік-белгілік мәдени мән-мағынасын ашуды мақсат етіп қоямыз. [86, 167 б].

Жеке тұлға адам өмірінің мәнмен толығыуы ол өмір сүріп отырған қоғамның, қоршаған мәдени ортаның, жалпы адамзат өркениетінің мәнге ие болуына негіз болған. Кешеннің рәміздік мәнге ие жәдігерлерді зерттеу арқылы адамның қоршаған ортасын, тұрмыс салтын, қоғамды, мәдениеті мен әдет-ғұрпын, бүкіл болмысын уақыт пен кеңістіктің ауқымына симайтын рухани әмбебап мәнділіктермен толтырады. Кешеннің рәміздерінің образдық сипаты адамдардың эстетикалық санасына ықпал етеді. Кешеннің рәміздік бұл ерекше сипаты шындықтың реалистік бейнесінің жалпы міндетіне байланысты дүниетаным ретінде сипатталады. Рәміздердің мәні дерексіз идеялармен ғана байланысты емес, сонымен қатар эмоциялық жан толқынысымен, эстетикалық көріністермен де тығыз байланысты. Осы қасиеттердің нәтижесінде терең жүзеге асқан рәміздің мазмұнға бай мәні адамдардың іс-әрекеті мен ұмтылыстары, ойларының шоғырлануына септігін тигізеді. Кейде олар айрықша маңызды ұлы оқиғаларда, тарихи процестерде қозғаушы күштердегі рәміздер ретінде қолданылады. [87, 89 б]. Мәдени кодтарды яғни рәміз, белгілерді білу, мәдениет тілін меңгеруге, прагматикалық маңызды мәселелерін шешуге, мәдени жәдігерлеріндегі адам мен әлем, ондағы қоршаған орта туралы нақты семиотикалық мәліметті ғылыми тұрғыда жүйелендіруге мүмкіндік береді. [88, 89 б].

Ал рәміздің қызметі терең дүниетанымдық мағынасымен ерекшеленіп, бірқатар қасиеттерден тұрады. Оны тіл мен мәдениеттің байланысын анықтап, оның семантикалық шексіздігі, семиотикалық бейнелілігі, құрылымының күрделілігі адамға деген әсері мен эмоцияға бейімділігімен анықтай аламыз [89].

Қорқыт Ата кешеніндегі рәміздік әлемі зерттеу нысаны ретінде алынғандықтан, қорқыттанушы-ғалым Сейсен Мұқтарұлының Қорқыт Атаның жаңадан салынған мемориалды-комплексі мен ескі Қорқыттың көне күмбезінің ерекшелігін айырып алу үшін екі құрылысқа екі атауды орнықтырған жөн, жаңа құрылыс атауына «комплекс», «мемориал», «обелиск» тәрізді интернационалдық терминдерді телімей жалпақ қазақ тілінде «Қорқыт Ата кешені» деп атаған қисынға келеді деген пайымдауы, қазіргі таңда жүзеге асып бұл кешен «Қорқыт Ата кешені» деп аталады.

Қорқыт Ата мазары-тарихи сәулет өнер ескерткіші. Шамамен 9-10 ғасырларда қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қорқыт станциясынан 3 км жерде тұрғызылған. 1952 жылдан опырыла бастап, 1952 жылы Сырдария өзені шайып кеткен. Қазір орны белгісіз. Мазар 19 ғасырдың соңында Ә.Диваев, И.А.Кастанье, П.И.Лерх зерттеулеріне негіз болған. Бізге Түркістан альбомы жинағында жарияланған фотосуреттер арқылы жеткен. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша, құрылымы шикі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді 6-8 қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрнегімен нақышталған. Исламға дейінгі түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Мазардың орнына қазіргі заманғы мемориалдық ескерткіш орнатылған [90, 58 б]. Кешен түркі тілдес елдердің тағзым ететін қасиетті орны және күрделі сәулеттік өнер туындысы ретінде ерекше маңызға ие Қорқыт Ата ескерткіш кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде, Қорқыт станциясына жақын

табиғи төбе үстінде орналасқан. Қорқыт Ата ескерткіші-сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Кешеннің құрылысы 1980 жылы архитектор Б.Ә.Ибраев пен физик-акустик С.И.Исатаевтың жобасымен басталған. Сәулетшілер кешендік жүйелеу барысында темір жол мен тас жол аралығында биік төбенің табиғи бітім болмысын, етегінен өріне қарайғы кеңістікті тиімді пайдаланғандықтан кешен тартымды, рухани жағымды әсер етеді.

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қылуат, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай және әкімшілік ғимараты ашылды. Осы жылы облыстық музейдің филиалы ретінде қызмет көрсетіп келеді. 2014 жылы облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Қорқыт ата мемориалды кешеніне көркемдік деңгейі жоғары, тарихи-мифологиялық мән-мазмұны терең, архитектуралық шешімі заманауи талаптарға сай соңғы үлгіде жасалған берік құрылыс материалдарынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде кешеннің маңызды нысандары мұражай, қылуат, амфитеатр, стела, қошқар мүсіні қайта жаңғыртылды.

Қорқыт қазақ үшін ең алдымен күй атасы. Қобызды күй шалу дәстүрін алғаш орнықтырушы. Қобызды серік етіп, ел қамы мен халық тағдырын болжайтын көріпкел бақсысы түрік халықтарының ішінде Қорқыт күйлерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізе алған бірден-бір ұлт қазақ болып тұр. Күйді тыңдау, күйді орындау эстетикалық, психологиялық құбылыс, оны тыңдау табиғи қажеттіліктен тұрады. Соның арқасында күдіретті, әсем күйдің, әннің, жырдың, т.б. өнер түрлері мен салаларының шыңдалуы, орындалуы, болашақ ұрпаққа көшіп қабылдануы, саналы ұрпақтың рухани байлығына айналды.

Міне соның құрметіне жасалған ең басты рәміздік белгі стелла-қобыз бейнеленген, ол төрт элементтен тұрады. Биіктігі 12,1 метр, ені 5,3 метр, Қордай тасынан дайындалған. Әрбір стелла әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стеллалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт Ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Адамның үн арқылы ерекше күйге түсуі-бұл стеллада орнатылған қобыздың негізгі интерпретациялық сыры. Дегенмен бұл дыбыстар арқылы өмірдің сырын музыка арқылы, болмыстың өзін күй арқылы сезініп, біліп тарқатумен Қорқыт күйлерінің құпиясын сезінгендей түсінік қалыптастырады. Бұл жерде бір нақты айтып кететін жәй: көзбен көру, құлақпен тыңдау біртұтас байланысты болып отырса ғана тыңдалған дүниенің мән-жәйін терең қабылдап түсінуге жол ашылады дейді. Келген адам, мысалы, дала желі соққанда қобыздан шығатын күй сарынды тыңдай отырып, Ұлы даланың тынысын, толғанысын сезініп, көріністеріне міндетті түрде кеңістікке көз тастай отырып тыңдайды. Сонымен бірге адам тыңдай отырып, рәміздік белгілерді музыкалық бейнелермен ұштастырып, ішкі рухани көзбен тағы да бейне ретінде көріп те отырады.



Сурет 1-Қорқыт ата кешені.

Қорқыт Ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін бейнелейтін «Түйе табан» өрнегімен безендірілген.

Жалпы түйетабан оюы-алыс сапар нышаны символы болып табылады. Яғни көштегі халықтың дүниетанымы, ойы, арман-мүддесіне байланысты ерекшеліктері осы бір ою-өрнек элементтерінен рәміздік тұрғыда аңғаруға болады.



Сурет 2-Түйетабан оюы.

Зооморфтық ою-өрнектерге жататын «Түйетабан» ою-өрнегі түйенің басқан ізін бейнелейтін күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою. Түйетабан деп аталатын көп гүлді, үлпек басты тікені бар өсімдік, ол да түйенің табанына ұқсас екі жарты, оны кей жерлерде «табақ» өрнегі деп атайды. Бұл жалпы түркі халықтарының дүние суреттемелерінде кеңістік пен уақытты, адам мен дүниені рәміздер арқылы түсіндіру бірінші орынға шығады, зооморфтық рәміздерден антропоморфтық бейне-суреттерге ауысу түркілік дүниетанымның ерекше қисынын құрастырады [87, 92 б.].

Бұл оюдың рәміздік бейнесін өнердің образдық құрылымының сипаты ретінде ою-өрнектердің тілін негізгі ұстаным деп бағалауға болады. Тұтастай ою-өрнекке жүгінген көшпенділер өнерінде бұл жәй ғана декор емес, сондай-ақ этникалық таңбалық образды-мағыналық жүйе. Бұл жағдайда ою-өрнектер тілі формальдық белгі ретінде емес, керісінше, оның мағынасының функциясы ретінде қызмет атқарады: онда қоғамның рухани және материалдық өміріндегі

ою-өрнектердің символикасына жататын осы бір күрделі синкреттік роль кескін табады [91]. Яғни, өткенімізді таразылауда, түп тарихтың негізгі ерекшеліктерін, ата-бабамыздың мәдениеті мен өнерінің жетістіктерін паш етуде, оны келер ұрпаққа ұғынықты деңгейде жеткізуде өзіндік маңызы бар терең мағыналы рәміз болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, кешеннің қасиеті рухани тәжірибе ретінде берері-адамның сезім толқуын ерекше рухани қуатқа айналдыруында. Көру арқылы сана астарына енген, қанға даритын сезім толқуы аса бір ерекше өміршең қуат күшіне айналады. Осы себептен кешенге келгенде осы берілген рухани күш-қуат арқылы адам, сайын кең далаға көз тастап, асқақтап шалқып қайтады.

Кешендегі стелланың ортасында рәміздік түрде «Мәңгілік өмір ағашы» адам өмірінің мәңгілік мәні бар деген мағынада орнатылған. Біздің арғы түсінігімізде дүниені Тәңір жаратқанда ең алдымен алтын жұмыртқа пайда болған. Жұмыртқаның үстіңгі қабығынан көк аспан, астыңғы қабығынан жер пайда болып, жерден ең бірінші өмір ағашы шықты деген сенім бар. Қазақтың түсінігінде жеке-дара өскен ағаш киелі деп есептеледі. Айдалада өсіп тұрған ағашқа шүберек байлап кету бізде әлі сақталған. Қазақтың шежіресінің өзі, халықтың өсіп-өнуі ағаштың тамырына баланады. Негізгі түпкі идеясына терең үңілсек, ежелден келе жатқан «ағаш-дүние тірегі» дейтін ұғым жаңғырған. Бұл ұлттық, ұлттық рух тұрғысынан Киелі Ағаш культін ұсынады. Халықтың қабылдауымен танылған алтын мен күміске малынған Ағаш бейнесі-қазақтың құт-берекесінің символын береді [87, 93 б.].



Сурет 3-Мәңгілік өмір ағашы.

Дегенмен Қорқыт атаның өзі туралы академик Ә.Марғұлан: «Қорқыттың өмір бойы арман еткені-өлмейтін, жасай беретін өмір іздеу, осы үшін күресіп, оған қарсы тұру. Қорқыттың бұл философиясы дүние тарихында өте сирек жолығатын, адам баласы туғызған ойдың ең жарқын бейнесінің бірі болып суреттеледі. Мұны тек Прометей не Харта туралы айтылатын дүниежүзілік әдебиет мұрасына теңеуге болады. Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт бар өмірін тағдырмен, дүниені жасаушымен алысу үстінде өткізеді. Өлмейтін өмірді көксеп, тағдырға қарсы тұрады. Қорқыттың іздегені адам баласының өлмей, уайымсыз еркін мәңгілік жасауы. Бұл тұрғыда алғанда кешеннің құрамындағы бұл рәміздік нышанның «Мәңгілік Өмір» ағашы атануы, осы Қорқыт атаның

мәңгілік өлмеу философиясымен сабақтасып жатыр [92].

Ал қазіргі таңдаға зиярат етуші азаматтар жасап жүрген «Ағашқа ақтық байлау»-ағашқа табынуды білдірмейді. Бұл да ескіден жеткен сарқыншақ. Ақтық кез келген жерге бекерден бекер байланбайды. Қандай болмасын бір киесі бар деп есептелген немесе әулие адамдардың жатқан жерлердегі ағашқа, адамға сая болған жапандағы жалғыз ағашқа байланады. Бұл киеге деген құрмет. Кешенге келген азаматтар бұл ағашқа шүберекке ақша түйіп байлап немесе жәй шүберек байлап жатады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан тарихи дәстүрлі мал шаруашылығы саласының бірі, халқымыздың тұрмыс тіршілігі, күнкөріс көзі қой шаруашылығымен тікелей байланысып жатыр. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген сөздерде терең ұғым бар. Қой да киелі түліктің бірі. Оның пірі-«Шопан ата» кейде «Қошқар ата» деп аталады. Сондықтан Шопан атадан тілеу тілегенде «малды берсең, қойды бер» деп өтінген.

Басқа халықтардың философиясы сияқты отандық философия да өз қайнар көзін көне аңыздар мен дастандар, ертегілерден бастайды. Ежелгі түріктер үшін қайырымды рухтар-ата-баба рухтары болды. Оларға сиынып ақсарыбас қошқарды және табындағы алғашқы төл басын құрбандыққа шалды.

Ата-бабаларымыз қой шаруашылығының қыр-сырын жетік білумен қатар, кейінгі ұрпақтарға олардың төл атауларына байланысты көптеген сөздерді аманаттап кеткен. Соның бірі рәміздік бет-бейне Қошқар тұмсық сөзі. Дөң мұрын, қоңқақ мұрын дегенді білдіреді. Яғни қошқардың мұрнына ұқсастық белгісі бар, қоңқақ болып келуі. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың шығармасында: «Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт шүңірек көз жігітпін» деген сөйлемдер кездеседі. Ал І.Есенберлиннің бір әдеби туындасында мынадай жолдарды оқуға болады: «Ұзын бойлы, қошқар мұрын, қоңыр көзді, ақ сұр жігіт өзіне қадала қараған самсаған көзден қайысқан жоқ». Жалпы кейіпкердің бет-әлпетін суреттеуде кеңінен қолданылатын теңеу сөздердің бірі қошқардың тұмсығы деуімізге болады.

Сонымен кешендегі ерекше ескерткіштің бірі Қошқар мүсіні-диаметрі 36,4 метрді құрайтын шеңберлі алаңда орналасқан. Мүсіннің ұзындығы-165,5 см, ені-85 см, биіктігі-120 см. Қордай гранитінен қашалған мүсін-биіктігі 220 см бес деңгейлі тұғырға қойылған. Тұғырдың мүсін қойылған алаңқайының көлемі-200x90 см. Қошқар ежелгі арий мен қазақ мифологиясында көк тәңірінің олжасы мен теріс күштерден қорғаушы рәмізі болып табылады. Сондықтан мүсін қошқар бейнесі мен сақ грифінің-гриф басы, арқасындағы қанаты, аяғы сфинске ұқсас жиынтығы күрделі сипаттамадан тұрады.



Сурет 4-Қошқар мүсіні.

Кешен құрамына кіретін тағы бір ерекше құрылыс, құрамдас бөлігі атауы «Қылует» немесе халық ауызындағы балама атауы «Тілек мұнарасы» деп аталады. Ғалымдардың айтуынша қылует-арабша оңашалану деген сөз, жарық дүниеден қол үзіп, жер астында жеке дара өмір сүру арқылы бұл дүниенің күнәларынан бойын аулақ ұстау, тазалану, сөйтіп, Жаратушыға дүниеден бөлек, оңаша отырып құлшылық жасайтын түрі ретінде Йасауидің өзі енгізген амалы болып табылады [87, 94 б.].

Аталған ежелгі дәстүр Қорқыт Ата кесенесінде де рәміздік тұрғыда жалғасын тауып «Қылует»-оңаша тілек тілейтін жер асты мінәжат үйі салынған. Яғни оның терең философиялық мағынасы бар, қылуетте, қазіргі заманның күйбең тіршілік қарбаласында бір сәт болса да тоқтап, ойды бір ретке келтіріп, адамның табиғатпен етене байланыста екеніне көзін жеткізіп, жаратқанға құлшылық етіп орасан зор рухани әсер алып шығады. Қабырғаларында шырағдан қойылатын шағын қуыстар бар. Намаз оқитын бөлмеге баспалдақ арқылы түседі.

Сонымен қатар халық ауызындағы «Тілек мұнарасы» аталуы себепті қалыптасқан дәстүр бойынша өзгеше рәміздік мағынасы бар, зиярат етуші азаматтар оны үш немесе жеті рет айналады, одан кейін аяқ киімді шешіп, мұнараның ішіне кіріп, арман-тілектерінің орындалуын сұрайды.



Сурет 5-Тілек мұнарасы.

Тағы да қосымша ақпарат адам өміріндегі аса мәнді де, сәнді мереке-жастардың үйлену тойы. Бұл кәметке толған жастардың өмірден өз орнын тапқан салтанаты. Бұл өңірдің үйленген әрбір жастары бастарын қосып, үлкен өмірге қадам басарда міндетті түрде Қорқыт Ата кешеніне келіп, дұға бағыштап, шүберектерін байлап, үлкен кісілердің батасын алып кетіп жатады. Тілек айту пирамидасын сағат тілімен үш рет айналып, ортадағы шағын бөлмеге кіріп, жастар өз қалауларына сай тілек тілейді.

Жалпы ниет адамның мақсатына, оқиға мазмұнына орай жасалатын әрекетіне қатысты. Сондықтан да кешенге келетін азаматтардың ниеттерінің мақсатқа лайықталған ынтасы деп қарастыруымызға болады. Ниетті ұғым ретінде қарастырсақ, оның құндылықтық мәнісі әр түрлі жағдайларға байланысты адамның қылығы және пиғылы арқылы көрініс табады. Осы сияқты

пиғылда да ниеттің бір көрінісі. Ниет-субстанция болса, қылық пен пиғыл оның көріністері.

Ұлттық болмысымызда жиі қолданылатын ниеттің тағы мынандай формалары бар, олар: тілек, бата. Тілек ниет емес. Тілек ниеттің сипаттық көрінісі. Тілектің субстанциялық мәні жоқ, оның мәні-ниет. Сондықтан ниет білдіру, бірақ бата ритуалдық қызметке айналған, тілек білдіру формасы [87, 94 б].

Кешенге келіп ниеттерін Қорқыт Атадан бата алу арқылы білдіру, бұл өңірдің тұрмысына сіңісті болған дәстүр. Бұл ғұрыптың мәнісі неде? Мәнісі ниет білдіруде. Ниет табиғатында ізгі тілек жатыр. Бата табиғатында сакралдылық бар. Бата бұл адал ниеттің рәміздік белгісі деуімізге болады.

Қорқыт ата кешенін рәміздік тұрғыдан ары қарай талдасақ, онда кешеннің сыртқы келбеті мен құрылымының барлығы рәміздік мағынаға ие екендігін аңғаруға болады. Соның бірі амфитеатр-түрлі ойындар мен сайыстарды тамашалауға арнап көне Рим дәуіріндегі архитектуралық құрылыс үлгісінде салынған. Амфитеатрдың ортасында дөңгелек алаң бар. Көрермендер орындары тұйық шеңберленіп келеді де, сатылай көтеріле береді. Амфитеатрдың өлшемдері: 536 м², астыңғы диаметрі: 6 метр, үстіңгі диаметрі: 25 метр.

Сонымен қатар негізгі амфитеатрдың бұл кешенде орналасуы жоғарыдан қараған кезде жалпы кешен қобыздың астыңғы бөлігі болып есептеліп, амфитеатр қобыздың шанағы болып табылады. Төменгісі 12 метр, жоғарғысы 32 метрлік амфитеатрда 2000 адам болған іс-шараны тамашалай алады. Бүкіл түркі тілдес елдер арасында өтетін «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты өнер фестивалі дәстүрлі түрде екі жылда бір рет кешеннің амфитеатрында өтеді. Яғни бұл іс-шара ашық аспан аянда болады. Ал Зеңгір көк ашық аспан, барлық халық үшін әрқашан бейбітшіліктің аманшылық пен тыныштықтың белгісі болған.




Сурет 6-Амфитеатр.

Егер ашық аспанды тереңірек талдасақ Тәңірлік нанымнан бастау алатын көк аспан, жарық күн ең қасиетті құдірет саналған. Тәңірге табынушылар Аспан мен Күнді дүниенің бәрін жаратушы құдірет деп таныған, ал жоғары қызмет бабындағы кісі-мемлекетті билеген қағанға аспан қасиет берген, құдірет иесі ретінде құрметке бөлеген. Тасқа айналып бізге жеткен ежелгі

түркі жазуының Орхон-Енисей ескерткіштерінде бұл туралы: «Жоғарыда-көк аспан, төменде-қара жер құрылып, ал олардың аралығында адамзат перзенттері пайда болғанда» деп жазылған. Білге қаған хақында: «Тәңірімнің маған мейірі ауып, жебеген соң жолым түсіп мен қаған болдым»-дейді «Күлтегін ескерткіштерінде». Бұл ғасырлар түкпірінен жеткен, мыңдаған жылдар жасаған дәстүр.


Мұражай-құрылымы бір қабатты, жоспары «Г» әрпі тәрізді. Өлшемдері 15,9x14 метр. Ғимарат 3 экспозициялық залдан тұрады. Онда Қорқыт өмір дәуірдің тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін құндылықтар мен жәдігерлер қамтылған. Мұражай қорында 700-ге жуық экспонат сақтаулы. Кешеннің мұражайындағы құнды жәдігерлер рәміздік-белгілік тұрғыда біздің дәстүрлі мәдениетіміздің терең мазмұнынан, діліміздің сырлы әлемінен хабар беріп, әрқайсымыздың жүрегіміздегі төл мәдениетімізге деген сүйіспеншілігімізді қозғап, өткен мен бүгіннің арасында терең байланыс орнатады [87,95 б].



Сурет 7-Мұражай.

Стелла, қылуат, амфитеатр орналасқан биіктетілген алаңқай гранитпен жапсырылған биік бетон қабырғамен қоршалған. Кешеннің осы бөлігінің қоршау көлемі 74,22x67,18 м., биіктігі 3,9 м.

«Қорқыт Ата ескерткіш кешені» Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде.



Сурет 8-Қорқыт ата кешені.

Қорқыт Ата кешенінің сыртқы келбеті мен құрылымы рәміздік мағынада қобыз үлгісінде жасалынған, біз оған жалпылама сипаттама бере кетейік. Қобыздың пайда болуына байланысты ғалымдар екі түрлі болжамға тоқталады. Бірінші ғалымдардың ғылыми болжамы-логикалық қисын, екіншісі аңыздар. Аңыздық тұрғыда қобыз қазақ халқы үшін қоңыр үнімен ғасырлар сырын жетелейтін киелі аспап. «Қарағайдың түбінен қайырып алған, үйеңкінің түбінен үйіріп алған» қобызды қазақтың кие тұтуының өзіндік мәні бар. Оның ішінде қобызды ойлап тапқан мистикалық тұлға Қорқытқа байланысты аңыздармен тікелей байланысты. Қобыз адамның дауысын, қасқырдың ұлуын, аққудың қиқылын, жел мен судың үнін бере алады. Табиғаттың қайталанбас дыбыстарын ағаштан ойылып жасалған қарапайым аспап бере алады. Аспап ысқысы бар шекті аспаптардың қатарына жатады.



Сурет 9-Қобыз.

Қазақтың ескі дәуірдегі қобызының формасы аққудың бейнесінде жасалған. Қобыз мойны ұзын, құйрығы сопақ, ұзынша келген, аққудың құйрығы сияқтанып жасалады. Қобызды аққу формасында жасаудың тарихы мен Қорқыт төңірегіндегі аңыздардың арасында тығыз байланыс бар. Аңыз бойынша Қорқыттың дүниеге келуі қандай ғажайып болса, оның өмірі де сондай ерекше болған. Жастайынан ұшқан құс, жүгірген аңға, соққан жел, жауған жауынға ден қойып, табиғатпен тілдес болып өседі. Түсінде “ақ таяғы көк тіреген” әулие қарт аян беріп, оған қобыз жасауға, ол қобыздың мүшелерін ғарыштағы киелі хайуандарға ұқсатып жасауға аян береді. “Қобыздың көлемі-нар атанның жілігіндей, шанағы қара бақырдай, көні-аруананың бауыр терісінен, тиегі-ор текенің мүйізінен, ішегі-бесті айғырдың құйрығынан болсын, аспабыңның аты-қобыз болсын. Қобыз қиялыңа, ойыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар”. Оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай күйде екен. Сонымен көкірегін кернеген күй қобызбен үндесіп, жер беті сазды сарынға бөленеді. Қобыз үні-Қорқыттың көңіл күйі мен табиғаттағы жанды-жансыз тіршілік өзара үндесіп, космостық-универсалдық үйлесімділікке, тәтті бір арналарға қосылып, бірігіп, ағып жатады [93, 89-91 б]. Қобыздың аққудың түсіне келтіріп жасаудың зор тарихи дәстүрі бар. Бірінші,

халықтың сұлулықты сүйетін ой-санасы бойынша, аққудың дауысы-жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үннің бірі. Екінші, аққу қазақтардың ерекше қадірлейтін киелі құсы, оған еш уақытта тиіспейді, су бетінде жүзіп жүрген аққу көрсе, оған сүйсіне қарайды. Тағы бір дерек тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуы мүмкін. [94, 1056]. Шыныменен, қобыздың жасалу формасы аққуға ұқсайды. Көлденеңінен қойса, басы, мойны, шанағы бәрі ұшып бара жатқан аққуды көз алдына келтіреді. Қазақта аққудың терісін киген бақсы өте қадірлі саналған. Аққу-рәміздік белгі бойынша үздіксіз жылжитын күннің ишарасын білдіреді. Ит-Ала-Қаздың он екі баласының бірі аққу құс жерге де, тұнық суға да, көкке де ортақ болғандықтан, қазақтар үшін айрықша қасиетті-құстың төресі болып саналатыны белгілі.

Екінші пікірге келетін болсақ, оны қисынды деп қарастыруымызға болады. Жауынгер бабаларымыздың жан бағатын бірден-бір қаруы садақ болған соң, оны күндіз-түні қолдарынан тастамаған.



Сурет 10-Садақ.

Оның адырнасын шірене тартып жіберіп кеп қалғанда, одан шығатын «ызың»-нәзік үнге де көңіл аударған. Жай отырған кездерінде көңіл-күйлерінің ауанына қарай адырнаны жайымен шертіп, оған ыңылдап қосылатын да болған. Адырнаға саусағын қойып, оны жоғары-төмен жылжытса, дыбыс деңгейінің өзгеретінін де байқаған. Содан келіп, енді жауға кезенер қару емес, рухани аспапты ағаштан арнайы жасай бастаған.

Оған нақты дәлел: Африка құрлығындағы елдер арасында әлі күнге дейін садақ пішіндес бір ішекті монохорд деген аспапты пайдаланатындар кездеседі екен. Біздің ғалымдарымыздың айтуынша, дәл осы бір ішекті садақ аспап-адырна-арфа Орта Азия, Қазақстан аймағынан Жерорта теңізі арқылы Мысырға, одан әрі бүкіл Африка құрлығына тараған.



Сурет 11-Садақ пішіндес бір ішекті монохорд.

Тиекті ойлап тапқанға дейін барлық ішекті аспаптар негізінен имек-доға түрінде жасалған. Өйткені, таза дыбыс шығару үшін тербеліске түскен ішек ешнәрсеге тиіп тұрмауы қажет. Осылай барлық көшпелі көне тайпаларда олар өздері қасиетті де киелі санаған бөрі, арқар, аққу бейнесіндегі адырна, сазген, қобыз, шертер секілді саз аспаптары ежелгі ғасырларда пайда бола бастады.

Қобыз аспабының атауын семантикалық негізде қарастырсақ қазақ тілінде қобы деген сөз бар. Іші қуыс, науа деген мағына береді. «Қобыз атауы іші қуыс деген сөзден туындаған» дейтін болжам осыдан шыққан. Қазақ, өзбек халықтарының музыкалық аспаптарын сипаттаған А. Ф. Эйхгорн екі ішекті, ысқылы аспапты «қауыз» деп атаған. Іші қуыс, орта шеніне дейін шанақпен жабылған аспаптың «қобыз», «қауыс», атаулары фонетикалық тұрғыдан өзара жақын. «Кобуз» қарақалпақша, «комуз» туваша, «кубыз» татарша, «қияқ» қырғызша, «кобуз» түрікше, «гиджак» түркіменше, өзбекше, «кәмәнші» тәжікше атаулар түгел осы қобыздың аз ғана фонетикалық өзгеріске түскен аттары десек болады. Н.Бичурин еңбектерінде 680 жылы көшпелі тайпалардың келісімі кезінде түріктердің күпі деген аспапта музыка ойнағаны айтылады. Күпі, күбі-Қазақ ұғымында іші қуыс ыдыс. Демек, құрылымы мен мағынасы жағынан қауыз бен күпі ұқсас [95,54 б]. Рашид ад-Диннің шежірелер жинағында қыпшақ іші қуыс ағашты білдіреді. Осы дерекке қарап қобыз-қыпшақ тайпасының ортасында туған, сөйтіп іші қуыс, бірде күбі, бірде қауыз деген семантикаға ие болған музыкалық аспап екендігін байқаймыз.

Әуенге, музыкаға, ырғаққа деген қажеттілік тіршіліктің имманетті қозғалысынан, жалпы Ғарыштың өзіндік ішкі үйлесімдігінен туындайды. Музыканы, әуенді қадірлеп, табиғаттың ерекше ырғағына сүйсінбеген, музыкалық аспап ойлап таппаған, дүниеге деген қатынасын көркем шығарма арқылы, белгілі бір көркем бейнелер арқылы жеткізбеген халық жоқ. Барлық халықтар өзі өмір сүрген жердің, табиғи мекеннің ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік эстетикалық құндылықтарды дәріптеген. Сондықтан әрбір халықтың эстетикалық дүниетанымы жалпыадамзаттың мәдени байлығын еселете түседі [96, 61 б]. Ақыл-парасат өрісі философиялық, менталдық, рухани-талғамдық, мәдени байланыстардың өрісі адамзат қатынастарының, ұжымдық және жеке тұлғаның жиынтық шығармашылығының нәтижесі. Бірақта оның бастапқы семантикалық өзегі ежелгі мифологиялық ойлану жүйесінен алынған әлдебір идеалдық мағына, көне образ болып табылады. Сөйтіп, мұндай мифологиялық көне образ кейін жыр өзегіне айналады, жырға қосылады, осы арқылы жырғау

оны жұртшылық назарына ұсынады. Мәтіннің ондай өзегіне мифтер, ертегілер, генеалогиялық сюжет, өсиет сөз, астарлап сөйлеу және т.б. жанрлар жатады, оны халықтың рухани, өнегелілік, тарихи тәжірибесі демеп отырады. [97, 208б].

Қазақ аңыздарында Қорқыт қазақтың күй атасы, қазаққа ән, күй, музыка үйретуші деп айтылады. Қорқыт күйлеріне терең философиялық тебіреніс элегиялық көңіл-күй мен майда қоңыр лиризм тән. Күйші шығармаларында халқы мен елінің тағдырын, болашағын ойлап, өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп ой толғап, қобыздың үні мәңгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сызыла сұңқылдайды. Қорқыт күйлеріне тән тағы бір ерекшелік-оларда әуендік байланыс, бір-бірінен сабақтастық бар. Бір күйдегі нақыш-саз екіншісінде ашық және жасырын түрде де қайталанатын. Яғни, күйдегі қысқа сарындар әрбір күйде кейбір ырғақтары, факуралық сілемдері өзгеріп, түрленгенімен, бұлардағы саздық байланыс үзілмейді. Қорқыт Атаның күйлерінің маңыздылығын беруде интерпретацияның қатысуынсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Қорқыт күйлерін интерпретациялау-бұл күйдің ішіндегі мазмұнын ашу, музыкалық шығарманың ішіндегі бейнені шығармашылықпен білдіре алу, жеткізу, шеберлікпен орындалып күйдің кеңістігіндігін сезіндіре алуында болып табылады. Күйлерді мәтін ретінде интерпретациялаудың міндеті тыңдармен барынша мол ақпарат алып, Қорқыт Атаның күй арқылы берген мазмұнын, сонымен қатар, күйді орындаушылардың мазмұнның мағынасын өзі үшін ғана емес, өзгелерге де барынша ұғындыру болып табылады.

Жалпы Қорқыт күйлерінің интерпретациялық ауқымы кең. Өйткені, халық менталитетінің қалыптасу негізінде дәстүрі, мәдениеті, әлеуметтік құрылысы, адамның өмір сүру әлемі жатады. Қорқыт Ата күйлерінің интерпретациясы күйлерді тыңдағанда шексіз кеңістігін, көшпелі өмірдің рухани тәжірибесін қабылдап сезіндіреді. Дегенмен күйдің философиялық астарын түсіну үшін тыңдаушы күйдің сарын-сазына ғана елтіп қоймай, іштей осы саздың мәнін ашатын семиотикалық сөздің ырғағын да анық тани білуі қажет. Күй тыңдаған адам оның сөздік мағынасына іштей ілесе алмаса да, күйдің интерпретациялық мән-маңызын, семиотикасы мен семантикасын қазақ даласына келіп, Қорқыт Ата кешенінде болып барып тыңдаса, сезінуі әсерлі болатыны сөзсіз. Себебі, дүниені терең қабылдау ретінде пайымдау дамыған қиялға тән. Ол болған жерде күшті интуиция да, онда көрінетін, көрінбейтін салалары да, күштілігі мен шексіздігі де пайда болады.

Әрине, Қорқыт Атаның күйлерінің логикалық құрылымына сөз ықпалын тигізе алмайды, дегенмен күйлердің эмоциялық-информаторлық болмысын интерпретациялық беруде сөз ырғағы қосалқы роль атқарады. Тыңдаушыны бірінші күйдің саздық, дыбыстық тілі ұйытады. Сосын әуендік дыбыстық тілімен баурайды. Тыңдаушы неғұрлым Қорқыт Атаның өмір сүрген дәуірі кезеңдерімен таныс болса, күй мен тыңдаушы арасындағы семиотикалық тұрғыдағы сезімдік тілі де бай болмақ [98, 187 б]. Табиғаттың бір ғажабы-адамның өзі. Күнделікті өмірде табиғаттың адамға әсері, әсіресе, адамның алғашқы пәк-көңіл, нәресте кезінде әсер етті. Сондықтан да, адам өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына арналған өмір сүру ережелерін ойлап табуға мәжбүр болды. Табиғаттың түсініксіз құбылыстары кезінде ол ереже-зандарды басшылыққа ала отырып, әр түрлі тосын жағдайларда қалай әрекет

етудің құрал есебінде қолданды [94,105б]. Күрделі өзгерістер қоғамның барлық материалдық және рухани тіршілігінің салаларында өтіп жатты. Яғни, бақсы типімен ол кездің өзінде ақын, жырау типтері де қалыптасып жатты. Қазақ фольклоры үлгілерін тудырушы әрі сақтаушы-таратушылары типтерінің генезисі жағынан ең көнелері-бақсы, ақын, жырау [99, 46 б]. Қорқыт туралы аңыздың негізгі идеясы бақсылар идеясына, жалпы шаман дініне тән идеяға сай келіп отыр. Түркі халықтарының ұғымы бойынша, бақсының мінетін көлігі-оның қобызы.

Қорқыт туралы аңыздан да осыны көреміз: оның тартқан тамаша күйлерін дүниедегі жан иелері құмартып тыңдайтын болыпты. Жер үстінде тыныштық таба алмаған соң, суға барып тұрайын деп, кілемін Сырдарияның суына төсеп, сонда қобызын тартып тұрады. Қорқыттың қобызының үнінен Сырдарияның ағысы тынып тоқтапты. Бұл жерде Қорқыт жүз жыл жасап, өмірін мәңгі қобыз тартумен өткізеді. Қорқыт күйлерін бүкіл дүние түгел ұйып тыңдайды. Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатып, Қорқыт күйін тыңдапты. Сарыарқаның аңдары да, Сырдарияның жағасына шұбырып келіп, Қорқыт күйін тыңдайды. Сырдария ағысын тоқтатыпты.



Сурет 12-Қорқыт Ата.

Демек, аңыздың айтқандары да бақсы ойынының тәртібіне сай келіп отыр. Қорқыттың кілемін Сыр суына төсеп, күй тартқандығынан да бақсының ойынын салып, шаман өзеннің суымен қобыз қайығына отырып жүзіп, табиғаттың тылсым күштері иелерімен қатынасқандығын байқаймыз.

Сонымен, Қорқыт туралы аңыздың түпкі негізі-есімі ел есінде сақталмаған бір ұлы бақсының өзіне мәңгілік өмір тілеп, ойнағаны туралы баяндайтын аңыз. Өзі үшін мәңгілік өмір тілеп, арнайы сарын айтып, ойын салу-қатардағы бақсының қолынан келетін нәрсе емес. Бұл тек қана өз күшіне сенген, күшті бақсының ғана қолынан ғана келеді. Асқан күшіне сеніп, ойын бастаған бақсы туралы аңыз кейінгі ұрпақтарды күні бүгінге дейін тебірентіп келеді. Қазақ бақсыларының Қорқытты пірі деп есептейтіндіктерінің себебі, міне осында жатыр [100,159 б].

Қазақ аңыздарындағы ескі дін сарыны-бақсылық болып табылады. Қорқыттың бақсы болған деп қарастырумыздың нақты дәлелі-қолындағы

қобызы. Өйткені, қобыз-әулиелердің аспабы болып табылады. Қобыз тарту, онымен пірін шақыру бақсылардың ғасырлар бойы келе жатқан бір дәстүрі [101, 263 б]. Қазақ бақсысының әдеттегі әлеуметтік өмірінде әдет-ғұрыптық заттары қасиетті деп саналады, ондай заттарға әйелдер, бөтен адамдар жақындауға тыйым салынады. Қазақ бақсылары өздерінің қобызын өте сақтықпен әрі қасиеттілікпен ғұрпын сақтай отырып жасайды. Бұл аспаптардың бақсылар үшін маңызы ерекше, метафизикалық тұрғыда онымен өзге әлемге ұшады [102, 208 б]. Жалпы Қорқытты пір тұтып дәстүрін жалғаушылар бақсылық пен кәсіби музыканың арасында тұрған тұлғалар. Бұл-бақсылықтың қазаққа ғана тән екендігінің белгісі, яғни, жыршы-жыраулардың қобызбен сүйемелдейтіні бақсы болмысынан қалған соңғы рәміздік нышан болып табылады.

Кешенге келген азаматтар міндетті түрде мәдени кодты қабылдау және психологиялық күй кешу жағдайында болатыны сөзсіз. Бұл кешендегі вербальды емес белгілерді ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кешен архитектуралық ансамбль ретінде өзінің көптеген дәуірлердің мәдени белгілерін бойына сіңіріп, өзінің уақытпен қалыптасқан тұрақты және әмбебапты айқындылық құралдарын қалыптастыра білгенімен маңызды. Егер кешендегі вербальды емес белгілердің пайымдалуына жол берсек, бұл үдеріс екі деңгейлік сипатқа ие, бұлар кешендік тұрғыдан пайымдау мен кешенге келуші азаматтардың тұрғысынан пайымдау. Бұл екі түрлі айырмашылықты Ю.М. Лотман «Сахна семиотикасы» атты еңбегінде сахнадағы адамдар үшін оқиға болып жатса, ал залдағы көрермендер үшін оқиғаның өзі белгі болып табылады қағидасын атап өтсек, бұл кешенді де үлкен сахна деп қарастырып, ал бұл кешенді көрушілер үшін де бұл бір атаулы оқиға, өмірлеріндегі рухани құндылық белгісі болып қалады. Себебі прагматикалық тұрғыдан Қорқыттың өмір сүру тәжірибесі-Жоғары Рухтың жалпы адамзатқа берген нағыз адамша өмір сүру озық рухани үлгісі сияқты. Яғни бұл кешен өзінің рәміздік белгілерімен ерекше бағдар беретін киелі бағдаршам, яғни оның негізінде кешенге зиярат етіп келуші азаматтар қарапайым күйкі тірлікті емес, рухани құндылықтарға сусындайтын іс-әрекеттерге барғанда ғана өмір философиясының даналық түркілік бағытын түсініп, зерделей түседі.

Енді осы символдық тілмен берілген аңыздардың негізгі ойларын категориялық тұрғыдан қарасақ Қорқыт Атада бақытқа жетудің мекені Жерұйық, өз отаны Сыр бойы, құтылудың құралы Қорқыт Атада қобыз, ал құтылудың құралы болып табылатын қобыз метафизикалық тылсым күш иелері “Бақ таяғы Көк тіреген әулие қарт” аяни түс арқылы білдіріп тұр. Қобыздың жабдығы сүйек, тері, темір, мүйіз, қылдан, кей аңыз нұсқаларында ағаштан құралып, аққу бейнесінде көлемі нар атанның жілігіндей қылып жасалған. Аңызда да кейіпкер рухани көтерілудің символы ретінде дарияның үстінде тұр. Су ақиқаттың символы. Осы аңыздардан көптеген шындықтың төркінін түстеуге болады. Сонымен Қорқыттың қобызы-оны “Дүниенің Орталығына” апарып, экстаз-сарын арқылы оның көкке ұшуын қамтамасыз ететін Тәңірмен байланыс құрудың құралы [93, 612 б]. Қорқытты танудың бірінші шарты, біздіңше, оның мұрасына өзінің рухани-дүниетанымдық кеңістігінен қарау болмақ. Қорқыттың мұрасы аңызбен көмкерілген. Аңыз-табиғаты жөнінен

ақиқатты рәміздік тілмен жеткізетін идеялардың сандығы. Ал рәміздік ойлау категориясының тікелей ғарыштық тұтастыққа қызмет еткені белгілі жайт.

Ендеше ерекше сәулетімен алыстан мен-мұңдалап тұратын Қорқыт Ата кешені рәміздік жағынан рухани дүниенің есігі іспетті, ал қобыздың үні сарнаған Қорқыт ата кесенесі адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті. Ескерткіш айналасындағы жағымды аура жалпы зиярат ертіп келген азаматтарға ерекше көңіл мен күш-қайрат сыйлайды.

Бұл кешенге келуші азаматтардың тек ойлаудың логикалық шеңбері аясына ғана қатысты болып қалмайды, бұл бір рухани құндылықтарды бойына сіңіру құқығы барын және осы негізде әрбір жеке тұлғада рәміздік рухани үлгінің өзіндік бағыты мен қағидасы қалыптасатын жатқызуымызға болады. Бұл жердегі ең басты мәселе азаматтардың кешеннің рәміздік құрылым қызметін түсінбей, жалпы сипаттау негізде қабылдап, негізгі рәміздік ерекше бөліністегі симбиозды көре алмауында немесе оған керісінше оған ерекше толғаныспен қарап, кешендегі элементтер тұтастығын, бүкіл болмысымен қабылдау репрезентациясын қалыптастыра алмауында жатыр. Бұл мәселеде барлық рәміздерді бір-бірімен байланыстыратын рухани тұтастық құрылып, бұл оларды заттық ұқсастыққа қана біріктірмей, қайта олардың ішкі әдіснамалық бірлігін көрсетуі қажет сияқты. Яғни кешенге келуші азаматтарға сыни көркемдік, рәміздік тұрғыда ойлаудың негізгі қағидасына прагматикалық тұрғыда «басымдылық» беріп, әрбір кешендегі әрбір белгіге жаңаша форма ретінде қабылдап, жаңа өзіндік негіздемені қажет етуіне жағдай жасалуы керек. Таза таным, рәміздік тұрғыда ойлау, мифологиялық діни сараптамалық ойлау, көркем дүниетаным функцияларын былай түсіну керек: олардың бәрінде кешеннің сыртқы безендірілуі қаншалықты жүрсе, ішкі дүниенің дүниенің қалыптасуы, яғни объективті рәміздік мағыналық түсінудегі өзара байланыс және ой-көзқарастың рәміздік тұтастығының қалыптасуы да бірдей тең дәрежеде жүреді [87, 96 б.].

Бірақ бұл жерде мынадай ойлар келеді, яғни Қорқыт Ата кешенін жан-жақты және кең мағынада ұғынсақ та, ол қашанда рәміздік тұрғыда рухани жағынан ұғындырып түсіндіруде қалыптасатын тұтастық болып нақты білінеді. Кез келген кешеннің рәміздері қаншалықты түрлі дәрежеде болып келсе де, оның жолы мен бағыт-бағдары аяғында құбылыстардың бірлігіне жеткізуге тырысады. Ол жеке-дара күйінде қалуға тиіс емес, ол өзара байланыстар қатарына енуі қажет, бұл жерде ол қисындық және себептік «жүйенің» элементі болып қалыптасады. Осы мақсатқа, яғни айрықша нәрсені заңдылық келбеті мен тәртіпке келтірудің әмбебап пішініне енгізуге ұмтылу барысында кешеннің өзіндік танымдық маңызы ашылады. Кешендегі кез келген рәміздік белгілерге, тек сананы жаңғырту қабілеті ғана емес, іштей берілетін шығармашылық күштер де тән деп қарастыруымызға болады. Кешенге келгендер рәміздік белгілерді қарапайым тұрмыс тіршілігі тұрғысынан ғана ойында сақтап қоймайды, оның бойында қарапайым жеке болмысқа белгілі бір мән-мағына, өзіндік үлгідегі ой-мұрат, мазмұн беретін рухтың өзіне тән шынайы күш-

қуатын сезінеді. Бірақ бұл сезіну жеке тұлғаның өз шамасында өнерге, мифке, дінге және дүниетанымына да қатысты болып табылады. Себебі адамдардың барлығы өзіндік ерекшелігі бар бейнелер мен белгілер әлемінде өмір сүреді, мұнда эмпирикалық берілген нәрсе белгілі бір қағида бойынша айрықша көрініске ие болады. Олардың бәрі өздерінің айрықша нышандық пішіндерін түзеді, егер интеллектуалды нышанға ұқсамаса, онда ең болмаған жағдайда өздеріне рухани шығу тегі жағынан тең келетін түр-үлгілер жасайды. Осы түр-үлгілердің әрқайсысы бір-біріне жуыспайды және бір-бірінен бөлініп те кетпейді немесе олардың әрбірінің рәміздерді тануда рухани көзқарастарының нақты әдісі болады. Осы себепті әр жеке тұлға ақиқаттың өзіндік айрықша жағын тануға тырысады. Егер кешендегі барлық рәміздік белгілерді біртұтас түрде оқи алсақ, өз кеңістігімізде өнер мен таңбаны, миф пен танымды біріктіре ұғынсақ, онда мәдени құндылықтар семиотикалық талдау тұрғысында жаңаша көзқарас пен бастамаларға ие болып, көкжиегі кеңейер еді [87, 97 б.].

Жалпы алғанда Түркі қағанаты кезеңі түркі өркениетінің қалыптасу, шет елдерге тарау және тұтас түркі елі идеясының өмірге келу уақыты болды. Тарихи деректер мен ғылыми пайымдауларды түйіндей келе, Қорқыт Исламды әлі толық қабылдамаған түркі тайпаларының мәдени рәмізі деп қарастыруға болады. Қорқыт жырларының философиялық мән-мағынасының алтын дінгегі-әлемді, табиғат заңдарын көркемдік танымдық тұрғысынан игеру [103, 346 б]. Бұл артефакттар, сонымен қатар ішкі көшпенділердің мәдени құндылықтарын сақтаған семиотикалық белгілер ретінде әрекет етеді. Мұның дәйектілікке негізделген күрделі құрылымы бар, сонымен қатар әртүрлі құндылықтармен байланыстырылады. Бүгінгі күнге дейін сақталып қалғандықтан, бұл көптеген құндылықтардың табиғи серпінділігін көрсетеді [104, 296.]

Осы орайда, өзінің тарихына үңілген әрбір адам, осы Қорқыт Ата кешеніне келу арқылы, ондағы біртұтастықты білдіретін репрезентациялық белгілер арқылы ішкі рухани сезімдерін қанағаттандыра алатындығын атап өткендігіміз жөн. Сондай-ақ кешен келуші азаматтардың мәдени туризмді қалыптасуына үлес қосып, мәдени құндылықтарға құрметпен қараудың жаңаша дәстүрін қалыптастыруда да маңызды қызмет атқарады. Жалпы кешеннің мақсаты ұлттық мәдени кешен ретінде өзіндік қолтаңбасымен өткен тарихты сездіру және кешендегі барлық рәміздік элементтер арқылы қоғамдағы қалыптасқан өнер мәтінін ұғыну, ұлттық құндылық ретінде рәміздердің өзіндік болмыс ерекшелігін сезіну арқылы тарихқа қайта оралып, біртұтас рәміздік белгілер арқылы көкейесті сұрақтарына жауап беру.

Жалпы Қорқыт Ата кешені мәдени ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның жан дүниесіндегі толғаныстарын өзіндік рәміздік белгілері арқылы мәнін нәзік жеткізетін, терең экзистенциалды мазмұнымен адам жадында мәңгі сақталады. Сондықтан, кешен дамудың ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да мәдени игілігіне айналып отыр. Қобыз бейнелі кешенге келген адам музыка күші, адамды мәңгі ететін жасампаздық пен шығармашылық-Қорқыт туралы аңыздың негізгі идеясын түсініп, сезініп, өзінің дүние-таным үшін ең бір керемет, әсер алады [87, 98 б.].

Сыр өңірінің Қорқыт Ата кешені жетістіктерінің ерекшелігі сәулет өнері. Бұл сәулет өнерінің жемісі-ескерткіш. Ал, ескерткіш сурет болсын, ғимарат

болсын-адам қолтаңбасы. Демек, адамның басқаларға қалдырған ескерткіші. Осы ескерткіштер арқылы біз бұл адамдардың ой-армандарын ұғынамыз. Қорқыт Ата кешені-халықтың өткен өмірінің, дүниетанымының мәңгілікке сақталатын бір белгісі, өзіне тән шежіресі бар рухани қолжазба.

2.2 Сыр өңіріндегі дәстүрлі мәдени құндылықтарды семиотикалық талдау

Қазіргі заман дамуы ауқымындағы Сыр өңірі қазақтарының құндылықтар әлемінің рәміздік жаңғыруының мәні мен мазмұнында философиялық аспектілері бар екені белгілі. Дәстүрлі дүниетанымдағы атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен бастау алып, жаһандану жағдайындағы Сыр өңірі қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы халық дүниетанымында-«Жер кіндігі Байқоңыр», «Сыр-Алаштың Анасы», «Сыр елі-Жыр елі» нышандары арқылы бейнеленді. Жалпы «Сыр -Алаштың анасы» деген аталы сөзге сәл тереңірек ой жүгіртсек мән мен мағынаға толы сыр жатыр. Рәміздік тұрғыда Қорқыт бабадан басталып, Сыр сұлейлерінің әрқайсысы бір-бір жеке философиялық мектеп, бір-бір дүниетанушы ұлттық тәлімгер екенін ескерсек «Сыр өңірі Алаштың Рухани Анасы» да екеніне көз жеткізер едік.

Екінші мағынасы қазақ даласына қан жаудырған талай-талай жаугершілік, әртүрлі табиғи да адам қолымен әдейі жасалған аласапырандар сияқты тарихи зобаландар кезінде қазақ осы Сыр бойына келіп, жан сақтап аман қалған. Сыр бойы оларды сәбиін аман сақтауға жанын салатын анасындай әлдилеп, қамқоршы болған. Міне, сондықтан да «Сыр-Алаштың анасы» атануының аржағында осындай да бір сыр жатыр.

Сыр өңірі халқының мәдениетінің өзіндік ерекшелігінің негізі осы мәдениеттің мәні болып табылатын мәдени руханилықтың имманентті формасы болуында. Өңір халқының өзіндік рәміздік санасының ішкі логикасын іздеу жалпы мәселелерді шешуге, оларға мәдени танымдық көзқарас қалыптастыруға әкеледі. Ең басты ерекшелігі рәміздік мәдениеттің өмірлік көзі, қоғам дамуының өзегі және динамикалық принциптерді ұстанған жаңашыл және дәстүрлі мәдени құндылықтардың сабақтастығы болып табылады.

Сыр өңірінің мәдени құндылықтар ұғымы оның өзгешелігін, әртүрлілігін түсінумен, яғни салт-дәстүр нормалары формалары арқылы сипатталады. Біз мұнда қазақ өркениетінің бір бөлшегі Сыр мәдениетінің материалдық және рухани аспектідегі жеке адам мен топтардың жалпы байланысын семиотикалық тұрғыда негізделген уақыт пен кеңістікте үлкен тұрақтылыққа ие болған әлеуметтік өмір ұйымының ірі көлемді нысаны ретінде береміз.

Әрбір халықтың мәдени құндылығын құрайтын мәдениеттің түп тамыры осы елдің пайда болу және қоғамдық даму барысында қалыптасқан ата-баба салты мен дәстүріндегі ұстанған заттарында жатқаны белгілі.

Заттарға қойылатын негізгі талап-олардың адамға тигізетін пайдасы немесе зияны, бұл көп жағдайда магиялық сипатқа да ие болып кететіні, одан әртүрлі тыйымдар туындайтыны да болған. Архаикалық мәдениет заттарының таңбалық, символдық мәні басым, олар көп жағдайда белгілі ақпарат білдіреді. Мәдениеттің сигнификаттық қызметі мен танымдық және коммуникативтік функциялары қатар жүреді. Таңбалар мен олардың мағынасы адамға «әлем

бейнесін» жасауға мүмкіндік береді. Атау, мағына, бағалау көмегімен шындық әлем континуумы мәнді фрагменттерге бөлінеді. Олар өз кезегінде практикалық және рухани әрекеттердің талабына сай дифференцияланады, интеграцияланады. Әр мәдениетте бұл бөлініс әртүрлі ұғымдық, тілдік мәнге ие болады. Өйткені мәдениеттің адами мөлшерін танытатын құндылық өз бойына адам болмысы мен адамның тіршілік ету формаларын жинақтайды [58, 157 б.].

Дегенмен Сыр өңірінің дәстүрлер жүйесі бұл қатып-семіп қалған догма емес, дамып отыратын, уақыт бойынша өзгеріп отырған тарихи құбылыс. Десе де, орынсыз өзгертулерді көтере алмайтын өте шыңылтыр дүние. Сондықтан көненің кез келген дүниесін өз ыңғайымызға, бүгінгі жеткен білім-парасатымызға лайықтау барысында қиратып алмау жағын да қарастыруымыз керек. Себебі ғасырлар бойы жасаған төл мәдениет-тұтынған наным-сенімдері мен дәстүрлі дүниетанымына немқұрайлы қарауға болмайды. Адам қатынасының әлеуметтік детерминациясы құндылықтар этикеті әр уақытта қайтадан пайда болады дегенді білдірмейді; олар «әлеуметтік мұраның» тәсілі ретінде мәдени дәстүр механизмі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі». Егер қазіргі заманғы үздік технологиялық ой сыртқы әлемді бағындыруға бағытталса, дәстүрлі мәдениетке қоршаған ортаның қыр-сырын меңгеріп, «тілін түсіну» үшін онымен қарым-қатынас орнату, үйлесе өмір сүру мақсаты тән болған.

Сыр өңірі қазақтардың дәстүрлі тұрмыстық мәдениетінің түрлі бөлімдеріне деген құрылымдық-семиотикалық талдау белгілердің түрлі типтерінің иерархиялық бір-біріне бағыныштылығын және олардың өзара байланысының сипатын бағамдауға мүмкіндік береді. Күнделікті өміріне қажетті бұйымдардың белгілі бір дәрежеде шектеулі болуына байланысты, әрбір зат жоғарғы дәрежеде функционалды қызметін атқарып қана қойған жоқ, оның едәуір мәндік мағынасы болды. Семиотикалық статусының толықтығы бойынша ең бірінші кезекте киіз үй көзге түседі.

Қазіргі Сыр өңірі қазақтарының негізгі баспанасы болмаса да, киіз үй өзінің жоғарғы семиотикалық статусын әлі күнге дейін сақтаған. Белгілі этнограф Тәттігүл Картаеваның айтуы бойынша Сыр қазақтарының киіз үйінің құрылысы мен формасында қазақ халқының киіз үйінен айтарлықтай айырмашылығы болған. Сыр өңірінде киіз үйдің есігіне кіретін дәліз түрінде, жазда көлеңке, желді күні ық болуы үшін шом пішеннен ықпана соққан. Аймақтық ерекшелік киіз үйдің сүйектерінің өрнектелуі мен киіз жабдықтарының дайындалуынан және киіз үйдің ішкі жиһаздары мен теңдерінің жинақталуынан да байқалады. Себебі Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі баспанасы дүниетанымдық және наным-сенім қағидаларымен үйлесімді байланыста дамиды.

Сонымен қатар Сыр өңірінде баспана тұрғызу ісінің қолға алыну себептерін сараптасақ, біріншіден, көшпеліліктен жартылай отырықшылыққа өту кезеңіндегі қазақтардың мерзімдік жайылымдық жерлердің тарылуы, қыстық қонысқа бекітіле бастауы әсер етті, екіншіден осы өңірдің табиғат жағдайы мен ауа-райына да байланысты қалыптасты, ХІХ ғасырдың аяғы-ХХ ғасырдың басында қыс айларындағы қиындықтар баспана тұрғызуға алғышарт болды, үшіншіден, 1868 жылғы ереже осы өңірге қоныстанушылардың келуі

баспана соғу ісінің қарқынды дамуына әсер етті [105, 84 б]. Материалдық мәдениеттің де, рухани мәдениеттің де бастауы-адам баласының санасында «үй-баспана, үй-тұрақ» ұғымының пайда болуы мен адамның табиғаттың саналы перзенті екендігін сезінуінің жемісі. Үй адамдарды отағасы және отбасы мүшелері тәрізді әлеуметтік-отбасылық белгілеріне қарай біріктіретін мекен-жай, тұрақ, баспана [106].

Сыр қазақтарының киіз үй құрылымдары жөнінде Г.С. Загряжский деректерін негізге алсақ, Сырдария қазақтары қыста баспанада отыруға мәжбүр емес. Қыстық киіз жыздық киіз үйден кіші етіп тігіліп, бір үзікке кем жабылған. Қыстық киіз үйлерді кейбірі екі киіз үймен жапса, кейбірі киіз үйдің сыртын шимен жапқан. Сыр үйшілері киіз үйдің сүйегін, тал, терек, шыбық, сыр талдан жасайды. Орташа үйге 8, үлкен үйге 12 қанат дайындалған. Әрбір үй мүшесі киіз үйдің қай жерінен орын алу керектігін біледі. Киіз үйге 50 ге дейін адам сиған. Киіз үйдің ішкі семантикасындағы шаңырақ, төр, ошақ, босаға, табалдырықтың адам өміріндегі орнын бейнелеген. Киіз үйдің тұрмыс қажетін өтеудегі қызметі мен қолданыстық формасын Сыр өңірінен бақылаған автордың бірі Л.Мейер. Ол: қыс кезінде де киіз үйде тұруды жалғастырып, жылы болуы үшін екі қабат киіз жауып, етегін құммен бастырған-деп растайды. Бай отбасылар 6-8 киіз үйге дейін тіккен. Сыр бойында қыс кезінде де киіз үйде отыру 1937-1937 жылдарға дейін жалғасқан, жаз кезінде киіз үйде отыру ауылдық жерлерде 1980 жылдарға дейін кеңінен, ал қазіргі кезеңде ішінара жалғасып, киіз үй аула, шарбақ ішінен тігілуде [105, 81 б].

Алдымен айтарымыз: киіз үй үш түрлі материалдан жасалғанын байқаймыз. Олар: ағаш, жүн, тері. Ағаш өсімдік текті, ал тері мен жүн - мал өнімі. Ағаштан киіз үйдің сүйек-қаңқасы, жүннен киіз жабдықтары жасалады. Тері, біріншіден, керегенің көгіне, екіншіден, шаңырақ тоғымының қоспасын таңатын таспаға жарайды. Тағы бір айқындалған мәселе-еркек киіз үйдің қатты ағаш қаңқасын, ал әйел жүннен жасалатын жұмсақ жабдықтарын жасаумен айналысады екен. Үйдің ағаштан жасалатын сүйек-қаңқасы-еркектің, киізден жасалатын жабдығы әйелдің рәмізі екендігін байқаймыз. Қазақта «сүйек әкенікі, ет ананікі» деген ұғым бар. «Руың кім?» дегенді «сүйегің кім?» деп те айтады. Тұтастай алғанда киіз үйдің қатты ағаш сүйегі-еркекті, биязы жұмсақ жүннен жасалатын жабдығы әйелді рәміздеп, үй тігіп, отау көтеру салты ер мен әйелдің бірігуін, некелесуін, өсіп өрбуін тұспалдайды екен. Дәстүрлі дүниетанымда ғалам бейнесі ұдайы жұптық тайталас ауанында түсіндіріліп, кеңістік игеріледі [107, 234 б]. Баспана да адамның қоршаған ортаны, яғни ғалам кеңістігін саналы игеруінің нәтижесінде өмірге келген. Киіз үйдің тұтас тұлғасы ер мен әйелдің бас қосып бірігуінің рәмізі болып табылады [108, 137 б].

Жалпы Сыр өңірінің ұлттық дүниетанымында киіз үй ғарыштық және әлеуметтік әлемінің кіші үлгісі ретінде киелі мәдени құндылықтар қатарына жатқызылады. Себебі киіз үйдің мағыналық болмысы мен жеке элементтері қазақтың діни-мифологиялық сенімімен, семиотикалық табиғатымен ұштасып жатыр. Оның құрылымы жеке элементтеріне дейін Сыр өңірінің архитектуралық құрылыс тәжірибелерінде дизайндық тұрғыда кеңінен ұштасып, киіз үйдің кеңістігінің киелілігі байланысты қалыптасқан этикет

нормалары әлі күнге сақталған. Соның белгісі ретінде шаңырақ пен босағаның ерекше қастерленуі. Оны біз тойларда жиі айтылылатын «Керегелерің кең болсын», «Шаңырақтарың биік болсын», «Шаңырағың шаттыққа толсын деп айтатын тілектерден және Сыр өңірі қазақтарының заманауи көпқабатты үйлерде тұрса да «Босағада тұрма», «Босағаны керме, табалдырыққа шықпа» деген тыйымдарды қолдануынан байқаймыз.

Есік-шекаралық кеңістік қызметін атқарады. Киіз есік жұмбақта былайша бейнеледі: «Көк итім қабаған, артына киіз жамаған». Ескі қазақ есікті «ергенек», «иткірмес» деп те атаған [109].

Түрік-моңғолдардың ежелгі түсінігінде ит тотем баба саналып, ұдайы күзету, қорғау функциясын атқарған. Қаладағы еліктеушілікке бейім кейбір азаматтар үйіне итті кіргізіп, оларды отбасының бір мүшесі санап тұрғыза бастаған.

Дегенмен Сыр өңірі қазақтарының көпшілігі қанша заман өзгерсе де, итпен бір үйде тұруды құптамайды.

Адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жиі қолданылатын босаға, табалдырық халықтың дүниетанымында да, дәстүр арқылы санамызда берік орныққан рухани әлемімізде де киелі, қасиетті саналады. Табалдырық түсінігінің негізінде де құт дүниетанымы жатыр. Қазақ халқы үшін табалдырық-құттылықтың символы.

Себебі табалдырық пен босаға жазық кеңістікте «адам әлемі-табиғат әлемі», тік кеңістікте «жоғарғы әлем-төменгі әлемді» байланыстырып тұрған әмбебап киелі торап. Сондықтан Хаостың қалдығы бар екі әлемге де тән емес дүниелер осы межеде реттеледі, табалдырыққа тапталады деп иланған. Табалдырықтың осындай семантикалық айрықша мәртебесіне қатысты көптеген ырым-тыйымдар пайда болған. Табалдырықты басуға, онда тұрып амандасуға, босағаны керуге тыйым салынады. Осы мәндес сан алуан ұғымдардың барлығы әлем халықтарына ортақ универсал ұғым екендігін айта кеткен жөн [108, 144 б.].

Жалпы түркілік онтологияда «өмір және құнарлылық» семиотикалық коды аңғарылады. Бұл кілт арқылы түркілердің үй-жайын, киіз үйдің семантикалық кеңістігін, адамның үстіне төңкерілген аспанның моделін түсіндіруге болады. Киіз үйдің барлық нүктесі бақыт немесе игілік деп түсінілетін «құт» рәмізі арқылы бейнеленеді. Себебі қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының семантикалық дінгегі «құт» ұғымы. Оны «өмірлік күш», «өркендеу басы», «өмір потенциясы», сонымен қатар байлықпен байланысты «бақыт», «игілік», «үлес», деген ұғымдармен сәйкестендіруге болады.

«Құт» негізінен, өмірлік күшті, алға қарай ұмтылуды білдіреді. Дәстүрлі дүниетаным үшін адам, өсімдік, хайуан өзара жақын және олар табиғаттағы тіршіліктің әр түрлі көріністері. Адамның дүниеге, әлемге деген қатынасы рухани және құндылықтық негізден құралады және осы арқылы ол әсерленіп отырады. Негізгі идеясы-ең жоғарғы құндылық ретінде, яғни адамды және адам өмірін қастерлеу. Сондықтан Сыр өңірінде кез-келген игілікті бастамаға немесе күнделікті тұрмыстық затты сатып алу барысында болсын барлығында тұтынушыға «құтты болсын» сөзін қолдануы осы құндылықты дәріптеудің негізін білдіреді. Себебі Сыр өңірінің дүниетанымдық, тұрмыс-тіршілігінен мол

ақпарат беретін, тағылымдық-танымдық мәні зор, парасатты ойлар мен ізгі тілектерді мәдени құндылық деп білсек, тілектердегі ұлттық болмысты айрықшалайтын «құт» концептісі мәдениетті танудың негізі деп білеміз.

«Құт» ұғымы рәміздік тұрғыда адам өміріндегі сәттілік, ырысқа кенелу, несібенің мол болуы, өмірдің берекелі болуы, шаттыққа шомылуы белгісі болып осы күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан емес. Керісінше, адам өмірінің мәні болып отыр. Бұл жерде құт дүниетанымында экзистенциалдық бастау, мәнділік басым деуге болады. Мәселен, Сыр өңіріндегі жас нәрестенің дүние есігін ашу, шілдеhana, тұсаукесер, қыз ұзату, үйлену тойы т.б сан түрлі салт-дәстүрлеріміздің барлығын құтты болу рәмізімен қарастырады. Мысалы «келіннің аяғынан» деген сөз бар. Келіннің аяғының құттылығы осы отбасыға дүниеге нәресте, ұрпақ сыйлауында. Нәрестенің келуі-бұл құттың келуі. Өйткені, құт-дамудың, көбеюдің, молшылықтың, өнімділіктің нышаны. Оны көбейтушісі бата-тілек деп, «Аяғын құтты болсын!», «Құтты қадам болсын!» тілек білдіру міндеттілікке айналып, өмірдің берекелі болуы, ырыс-несібенің молаюы, дәулеттілікке кенелуінің мәні терең осы кең түсініктерді бір өріске біріктірушісі құт деп тұжырымдаған. Ал адамның тіршіліктегі түпкі арманы, мүддесі мен мақсаты не? Ол бақытты болу, бақытты сезінуді адам тіршілігінің өрісі санаймыз. Ал оның бастауы, субстанциясы-құт. Сонда, субстанция құт жанның тілегі болса, оның акциденциясына тәннің тілегі тіршілік, бақыт, береке, ырыс, несібе арқылы толығыады. Сондықтан Сыр өңірі қазақтары да құт бар жерде несібе де, ырыздық та, игілік те, бақыт пен берекеде болады деп сенім білдіреді.

Қазақтың киіз үйі-ғаламның моделі, бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы киелі орын. Киіз үйдегі кеңістік-қазақ дүниетанымының тоғысуы. Оның киесі туралы толғансақ, сөз шаңырақтан бастау алады. Ал қазақ үшін шаңырақ-қасиетті әрі сан қатпарлы ұғым. Ол бір жағынан Күннің символы, ал уықтар Күннен шашыраған сәулелерді бейнелейді. Екінші жағынан шаңырақ-әулеттің рәмізі. Сондықтан Сыр өңірінің заманауи үйлерде тұрса да үй жайын прагматикалық тұрғыда шаңырақ деп түсінеді. Негізінен, шаңырақты ең алдымен киіз үйдің құрылымдық бөлігі ретінде қабылдап, одан соң ақиқат дүниені, қоршаған ортаны тану арқылы оған жақын мағыналармен байланыстырып танымдық, тілдік тұрғыда интерпретациялайды.

Бұрышы болмаған киіз үйді еркіндіктің рәмізі деп түсінетін қазақтар әлі күнге дейін шаңырақ киелілігін әлі күнге тасымалдау барысында ұмытпайды. Байырғы түсінікте шеңбердің іші «игерілген мәдени кеңістікті» тұспалдайтышын байқаймыз. Қазақ иен далада түнегенде шеңбер сызып, оның ішіне еніп жатса, қауіпсіз болады деп ырымдаған [110, 187]. Ертегіде Ханшентей батыр нөкерлеріне: «Мен озып кетейін, сен үшеуің келіндер! Менің дөңгелек сызған жеріме қон»-дейді [111, 266]. Осы деректерден киіз үйдің көкжиек тәрізді дөңгелек пішінінің өзі байырғы түсінікте адамды жауыз рухтардан қорғайтын магиялық қызмет атқарғанын білуге болады.

Сонымен қатар шаңырақ-киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер. Семантикалық тұрғыда шаңырақ сөзі шаң және қарақ сөздерінен шыққан. Көне түркі сөзі бойынша шаң түбірі-«таң шапағын», ал қарақ түбірі-«көз, қарашық» дегенді білдіреді. Сонымен, көне

түркі тілдеріндегі шаң-қазіргі таң ату, таң қылаң берді тәрізді тіркестерде кездесетін таң сөзімен мағыналас түбір. Академик Қайдардың этимологиялық талдауымен тұжырымдасақ, шаңырақ сөзі түбірі «шаң» сөзі, сөзбе-сөз мағынасы «жарыққа қарау» деп білдіреді [112, 62 б]. Шаңырақ атауы бастапқыда заттық мәдениетті таңбаласа, оның мазмұнындағы адамдық сипат заттың мәдени баға деңгейіне көтерілуіне, мәдени семантикаға ие болуына жеткізген. Қазақ үшін шаңырақ-баға жетпес құндылық.

Сыр өңірі қазіргі заманауи қазақтары үшін үй жайы мен қоршалған аумағы ежелгі дүниетаныммен астасып, «игерілген мәдени кеңістік» болып табылады. Ол кеңістік шеңберде баспананың таңбалық қызметі де айқын бейнеленеді. Бұл кеңістіктің күрделілік дәрежесі бойынша мазмұндардың формаларынан айрықша құрылымы, жоғарғы семиотикалық толықтығы, терең мәндік мазмұны бар.

Ал бұл қоршалған кеңістіктегі үй жайын мызғымайтын тұрақтылықтың рәмізі, босағасын соған тынбай қызмет ететін киеліктің белгісі ретінде бейнелейді. Жалпы, есік пен шаңырақ үйге баспана ретінде мәртебе беретінін айта кеткен жөн. Сондықтан бұл кеңістік күзету, сақтау, қорғау қызметін де атқарады. Жалпы мифтік рәміздер уақыт ағысында киелі сипаттан арылып, бірақ та байырғы түп бейнелердің адам санасында басқа сипатта ұдайы жаңғырып, түлеп жататындығының бір белгісі осы болса керек.

Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі мәдениетінің ерекшелігі тек осы өңірге тән заттық мәдениеттердің жасалып, қолданыс табуы және олардың қоғамдық қатынастағы атқаратын ролінен байқалады.

Сыр қазақтарының тұрмысында сандық негізгі жиһаз болып саналған. Төрдегі сандықтар рәміздік тұрғыда молшылықтың, қазынаның белгісі. Сандықтардың киіз үйдің ішкі жабдықтары мен жиһаздары арасынан алатын орны ерекше. Сандық төрдің сәні, сандықтың саны мен оның үстіне жиналған тең үй иесінің байлығы мен әлеуметтік жағдайын білдіреді. Сандықтың абдыра, абажа, ағаш сандық, киіз сандық, темір сандық, сүйек сандық, қол сандық, кебеже деген түрлері бар. Көлемі жағынан үлкені «абажа», «әбдіре» деп аталып жүк сандық қызметін атқарған. Абжаның сиымдылығы мол болғандықтан, қазақтар көлемі үлкен дүниені «абажадай» деп теңеуі осыған байланысты. Абдыра сөзін түркі тілінде «абық», «абыт» бірдеңені «тығу», «жасыру» сөзінен шығуы мүмкін. [105, 91 б.].

Сыр бойында сандықтың кең тараған түрі, әрі осы күнге дейін кең қолданысқа ие болып отырғаны-беті оймышталған ағаш сандықтар мен бетін қаңылтырмен қақтаған ағаш сандықтар. Ағаш сандықта төрт бұрыштап кесілген, жонылған тақтайлардан қиюластырып, бетін оймыштап өрнек шабады, жосамен, лакпен, охрамен бояған. Жағлан үшін дайындалған сандықтың ағашын, қаптайтын былғары теріге арнайы қалыптармен ою-бедер түсірген, бетін құйма күміспен, қалпақты күміс шегемен әшекейлейді, оны жағдан деп те атайды. Темір сандықтың бет жағына әдетте жұқа мыс, қаңылтыр, жез таптаулармен, кереге көздеп қадау шекіген, темір шаршыларды күміс қалпақты шегелермен бекіткен. Бетін сүйектермен өрнектелгенін сүйек сандық деп атау қалыптасқан. Ол үшін қойдың қабырға сүйегін әбден майынан арылтып, қайнатып, ортасынан тіліп, кермегін тазалап, дайын болған сүйек

талдарын күміс шегелермен геометриялық пішінде қиюластырып орнатады. Киіз үй төріндегі сандықтарды көтеріп тұратын жұкаяқ арқылы сандық ішіне ауа кіреді, жерден ыза өтпейді, ал сандық үстіне жиналған жүк «тен» деп аталады [113].

Г.С.Загряжский: Сырдария қазақтарын тұрмыс қажетін қамтамасыз ететін заттарды өздері жасап отырды, қажетіне қарай шеберлерге тапсырыс бергендейді. Сандық-жапқыш кілемше тоқу Сыр өңіріне тән қолөнер.

Сандық ұзатылар қыздың жасауының міндетті бір бөлігі болған. Сыр өңірінде қыз жасауына, яғни жергілікті тілмен айтқанда қыз дүниесіне қолдан соғылған сандық апару ертеден қалыптасып, сақталған. Ұзатылар қызға жасауымен бірге апаруға әшекей, айна-тарақ сияқты жеке заттарын салуға арнап көлемі кіші сандық соқтырған, ол қолсандық деп аталған. Ондай көлемі кіші сандыққа кейде кептірілген тәттілер салынғандықтан шәй сандық, қапталған шикізатына қарай сүйек сандық деген атауы да кездеседі. Қолсандықтарды шеберлер майда құрал-саймандар сақтау үшін де қолданған. Қазіргі таңда жаңа туылған балаға бесікке салар жасағанда қыз шешесі кәде ретінде немересіне қолсандық соқтырып, ішіне бала киімін салып аарады. Сыр өңірі қазақтарының әрбір үйінде сандықты кездестіруге болады, сандық бүгінгі күнде де тұрмыстық бір бөлігіне айналып отырғаны Сыр өңірінің этнографиялық аймақ екендігін дәлелдейді [105, 93.].

Сыр өңірі қазақтары түсінде сандық көрсе сандық-үй, әйел және дүкенге қатысты деп ойлап, бос сандық көрсе-бос әурешілік, ұрыс-керіс болуы мүмкін, егер сандық заттарға, әшекейге толы болса-үйге кіріс кіреді деп жориды.

Қазақтың дәстүрлі киім мәдениетінің құндылық қасиетін тану, материалдық және рухани дүниесінің мәдени ақпаратты мүмкіндіктер ашатындығына көз жеткіземіз. Ұлттық киім-көне мұралардың құндылығын ұлттық сипатта дәріптейтін дәстүрлі қазақ мәдениетін бейнелеуші.

Сыр өңірі қазақтарының киім жүйесіндегі аймақтық ерекшеліктері, өңірдің табиғат жағдайымен тығыз байланысты. Қыстың аңызақ жел, боранды болуына байланысты бас киімнен ерлер қысты тымақ пен құлақшынды, әйелдер бөкебайды кең қолданған.

Сондай талдауды қажет ететін сөздің бірі-кимешек. «Кимешек-қазақ әйелдерінің дәстүрлі ұлттық бас киімі. Қазақтың ұлттық танымында кимешек ардақты ана, үлкен құрметті әжелердің рәмізі. Кимешек-қазақ әйелдерінің киелі бас киімі. Әдетте кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жауырынын жауып тұрады» [114]. Кимешек атауы «киім-кешек» деген түбірден шыққан және қысқартылып айтылған сөз.

Тымақ-қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Киімдердің ру белгісін танытатын ерекшелігі-олардың пішімінде. Адай тымақ-төбесі томпақ, екі құлағы мен артқы жағы тұтас тігілген, желкені жауып тұратын бас киім болса, әлім тымақ-қойдың терісінен тігілген екі иық пен екі жауырынды түгел жауып тұратын бас киім. Айырмашылық желке, иық пен жауырынды жауып тұратын бөлікте болды. Бұл адайды әлімнен, әлімді адайдан сырттай ажырататын таңбалық белгі. Сакральды үстемдіктерге қатысты бас киімнің семантикалық мәртебесін қарастыралық. Оны «үйдің құты» деп

атайды, мұнда бірқатар тыйымдар қатаң сақталады: басқа біреумен бас киімді ауыстыруға болмайды, бас киімді еденге тастауға, бас киімді аттап өтуге, басып өтуге болмайды.

Сыр өңірі дәстүрінде аяқ киімді бас киімнен жоғары қоюға болмайды және үйдің табалдырығына шешіп кетуі міндетті. Бұл анатомиялық төменді, жер бастауын білдіреді. Бұл тыйым аяқты жоғарыға көтеру тыйымына байланысты болса керек. Мұның өзі «көкті тебу» дегенді білдіреді. Сонымен қатар аяқ киімнің ұлтарағын халық медицинасында пайдаланғандығы туралы деректер бар: егер баланың нағашысының ұлтарағымен немесе көзі өткен адамнан ұрлап алынған затпен үш рет ұрса, көзі өткендік қайтады деген түсінік болған.

Киім-кешектегі таңбалық сипат, этномәдени белгі материалдық мәдениетпен қатар рухани мәдениеттен де мәлімет жеткізеді. Зере-сәукеле халық дүниетанымының айрықша көрінісі үйлену салты ритуалдарының қатарындағы аса маңызды белгісі, ұзатылар қыздың әлпештеген ата-ана үйінен оң жақтан, өзінің негізгі мекеніне аттану-босаға аттау ритуалымен ұштас ұғым [115, 253 б]. Дұрыс даму үшін және ғарыштық бастаулардың біртұтас гармонияға қосылуы актісінің сәтті аяқталу үшін әдет-ғұрып үйлену тойының әрбір сәтінің кіршіксіз орындалуын талап етеді. Қалыңдықтың киімінің өзі ғарыштық үш бірлігінің рәмізі: сәукеле, биік конус тәрізде бас киім-Әлемдік Таудың рәмізі, оның ұшындағы үкі қауырсыны-Әлемдік ағаш рәмізі. Сөздің екі түбірден құралатынын ескерейік. Сау-бүтін, тұтас деген сөз, келе-ұшы, мұнара, биіктік, қадыр қасиеттің белгісі болғандықтан, Ғалам-Ананы білдіреді. Қалыңдық-Күн қалыңдықтың бейнесі. Қалыңдықтың жүзігі-шырайлылықтың рәмізі. Қалыңдық сәукелесінің болмауы, оның төменгі әлемге жататындығын білдіреді [116].

Мәдени құндылықтар әлемі-бұл тұлғаның материалдық, әлеуметтік және рухани және мәдени өмірінің әлемі, адам алғаш рет дәл осы әлемге ересектер-оның отбасы мүшелері мен басқа да ұрпақтар сабақтастығына кіреді. Содан көру мен сезіну арқылы, мәдени құндылықтар мен мінез-құлық стандарттарының негізінде, құндылықтар әлемін қабылдап, оны игереді. Өнердің формаларының танымдық жағынан берері көп. Сондықтан музыкалық идеяларды мәнді белгілер қатарына қосамыз. Музыка саласындағы рухани тамырлану біздің санамызға осы арқылы әсер етеді. Сыр өңірінің жыраулық өнері де рәміздерді керемет бере біледі. Рәміздің әрқашанда әуезді болып кететіні осыдан. Сыр өңірінің жыраулық мақамдары мен термелері рухани ояну мен сана өткелінің рәміздік белгісі іспетті. Термелер рәміздіктің өрісін кеңейте түседі. Рәміздер арнасынан кеңістікті тіліп өткен әуезді музыка төгіледі. Бұл музыкадағы сөздерді рәміздік үндестікпен ұштастыра алмасақ, тыңдаған адам байыбына дұрыс бара алмайды. Терме сонысымен даналықтың рәміздік белгісі болып табылады.

Сондықтан жүргізілген жазбаша сауалнама негізінде қатысушылар бірауыздан рухани тұрғыдағы мәдени құндылықтарды рәміздік тұрғыда Сыр елі-жыр елі деген ұстанымда Қорқыт Ата қобызы мен домбыраны атап өтіп, қазіргі Сыр бойындағы Жиенбай, Нұртуған, Нартай мақамдарына негізделген жыраулық өнердің бірнеше мектептерін атап өткен. Жиенбай жырау мектебі

Қармақшы өңіріне тән болса, Нартай мектебі Шиелі жерінен, Нұртуған мектебі Арал, Қазалы өңірінде бастау алады.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс өте шартты ұғым, белгілі бір кезеңге қатысты туындайтын ішкі мәселенің белгі-көрінісі. Рухани тұтастық аумаққа емес, этникалық ерекшелікке орай туындаса керек. Сыр өңірінде қалыптасқан осы мәдени рең мен топырақ қуатына сүйенетін жазылмаған дала заңы жыраулар институты сияқты құбылысты туғызды.

Себебі Сыр өңірі-белгілі бір дәстүрдің ғана жеке дамыған жері емес, тоғыз жолдың торабы, сан түрлі тарихи оқиғалар мен көзқарастар бір мүддеге тоғысқан өлке. Осы себепті өңірде өмір сүрген жырау, жыршы, ақын, күйші, әнші шығармашылығы әлем әдебиетінде сирек кездесетін құбылыс ретінде өзіндік сипаты басым өнер түрі есебінде назар аударады. Сыр елінің аты үш жүзге мәлім болған ақын-жырауларымыз ұрпақ тәрбиесіне, инабаттылық пен ой-өрісінің дамуына, эстетикалық талғам биігінен көрінуін басты назарда ұстаған. Бұл жырлар ұлтымыздың болашағына үлгі-өнеге ретінде жол салған.

Сондықтан Сыр бойының рухани мәдени құндылықтарын зерттегенде жыраулық дәстүрге соқпай, оны айналып өтуі мүмкін емес. Қаймағы бұзылмай, біртұтас синкреттік қалыпта болған Сыр бойының музыкалық мұрасы таңды таңға асыра бірнеше күндер бойы жырлайтын жыраулардың бойында сақталған. Бірнеше мың өлең жолдарынан тұратын жыр-дастандарды былай қойғанда мақам-саздар, жыр күйлері мен күйлерді жадында ұмытпай сақтап оны қастерлеп ұрпақтарына аманат етіп тапсыру кез-келген өнерпаздың қолынан келе бермейтін үлкен іс.

Дәстүр шығармашылық қолтаңбаға ерекше әсер ететін айрықша фактор болғандықтан, оны айналып өтуге немесе мәселенің жігін біліп алмастан, қорытынды жасауға әсте болмайды. Мұны ерекше қарастырудағы тағы бір сындарлы себеп, Сыр өңіріндегі жад арқылы меңгерілетін құймақұлақтық қасиетке негізделетін әншілік, жыршылық, күйшілік құбылыстағы ұстаз бен шәкірт мәселесі, оның атадан балаға берілуін қамтамасыз ететін әулеттік дәстүр, домбырашылық өнердегі сабақтастық мәселесін тек осы дәстүр ұғымының аясында қарастыруға болады.

Қазақ халқының рухани мұраларының інжу-маржаны, бірегейі ол айтыс құбылысы. Сыр өңірінің қазақтарында қазақтың дәстүрлі айтыс өнері бұрыннан бар. Дәстүрлі поэтикалық мектебінің айтыс та бір саласы. Айтушы айтыскер ақынның поэзиялық түрде, домбырамен сүймелдеуінің өзі рухани құбылысты ерекшелендіреді. Ұлтымыздың осы ерекше көркем-эстетикалық, көркем-поэтикалық философиялық санасы заманға лайық жаңғыру үстінде.

Айтыс рухани болмыстың, рухани сергудің, рухани қауышудың өзегі болды. Адамдардың рухани қарым-қатынас жасауында айтыстың орны ерекше. Сыр өңірінің қазақтары да айтыс аламанына ықыласпен, құрметпен қарап мән береді. Айтыстың құбылыстық мән-жайын белгілі ғалым Қ. Нұрланова былай деп тұжырымдайды: «Айтыс деген рухани құбылыстың табиғаты, оның қыр-сыры, философиялық маңызы, этикалық мәні, эстетикалық әсемдігі, психологиялық тартымдылығы, педагогика жағынан әсерлілігі тыңдаушыға тіке байланысты, айтыс тыңдаушысымен қымбат, тыңдаушы көпшілігімен сырлы» [117].

Жалпы мәдениет жүйесінде түр-түс қоғамдық санада қалыптасқан тұрақты ассоциациялардың нәтижесінде нақты бір заттық мазмұнмен сәйкестендірілгенде рәміз бола алады. Түр-түс ұғымы субъектінің ментальды қасиеттерін, ұлттық сипатын саралауға, тұлғалық болмысын танытуға септігін тигізеді. Оны концептуалды талдап, жүйелеу әлемнің тілдік бейнесінің санадағы құрылған моделін тануға мүмкіндік береді.

Сыр өңірінде дәстүрінде қызыл орамал-тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі. Қызы бар үйді қызыл үй деп атау дағдысы да болған. Сонымен қатар жаңа түскен келіншекке де қызыл орамал мен қызыл түсті киім тіктіріп береді. Қызыл түс жаңа түскен келіннің рәмізін береді. Ал тұрмысқа шыққаннан кейін, ақ орамал таққан. «Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-ақ жаулық, үшінші байлық-он саулық»-дейді қазақ. Тіпті дәстүрімізде тұрмысқа жаңа шыққан қыз баланың ата-анасына орамал тігіп, жағдайын белгілік түспен жеткізіп отырған. «Егер орамал қызылмен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл кесте қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де. Қызыл түс сұлулықтың, жастық шақтың рәмізі. Қызылдың семантикалық филиациясы өмірмен байланысты.

«Қыздың көзі қызылда» мақалының мәні мен құрамындағы сөздері жалпы түсінікті десе болады. Бір қарағанда мұнда «қыздың көзі қызылда, яғни қыз баласы қызыл түске, қызыл киімге, қызыл бұйымға жақын болады» дейтін мән бар сияқты. Алайда қызыл сөзінде басқа бір мән жатқандай, зерделей келе мұның «алтын» мағынасындағы сөз екенін байқадық. Сөзімізге бірнеше дәлел келтіруге болады. Бірінші, тілдік деректер: «Алтын» мағынасындағы қызыл сөзі орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде көрінген. Мысалы, Хорезм дәуірі (XV ғғ.) ескерткіші Нехжүл Ферадис жазбасында «алтын» мағынасында қызыл-алтын қос сөзі қолданылған. Шағатай жазба ескерткіштерінен Шайбани хан сөздігінде қып-қызыл алтун тіркесі бар; Қорқыт ата кітабында қызыл сөзі «алтын» мәнінде жұмсалған.

Семантикалық дәлел алтынның өзі қызыл түсті болғаннан, түс негізінде зат атауы пайда болды, яғни қызыл сипаты «алтын» мәніне ие болды. Түстің зат атауына ие болу құбылысы тілде бар.

Құндылық мәдени феномен, осы арқылы адамдық болмыстың бір тірегіне айналды. Мәдени құндылықтар отбасының тікелей ықпалымен тұлғаның жетістігі, оның жүйе түзуші элементі болып табылады. Отбасында мәдениеттің коммуникациялық және символикалық мәні көрініс табады. Мәдениеттің екі жақты табиғаты отбасында іске асырылып, эмоциялық-адамгершілік маңызға және ерекше құндылық мәнге ие болады. Осыдан адам өмірінің мәні жоғары құндылық жүйесін түзеді: трансденталдық, әлеуметтік-мәдени, жеке бас құндылығы [118, 37 б]. Отбасы дәстүрді сақтаушы және мәдени құндылықтарды тасымалдаушы болып табылады, бірақ онда тек ұрпақтап сабақтастығының емес, сонымен қатар мәдени құндылықтардан бас тарту да үдерісіне де қатысады. Маңызды тарихи өзгерістер дәуірінде қоғамда отбасы негізгі әлеуметтік институт ретінде емес, дәл отбасының беделіне байланысты отбасылық өмірге енетін мәдени жаңашылдықтардың реттеушісі де болып табылады.

А.Л.Литвинованың пікірінше, отбасы-мәдени құндылық ретінде адамдар қатынасының негізін құрайды, қоғамдық қызметтерді орындау құралы ғана емес, олардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, ішкі әлемін, эмоциясын бейнелейді. Жарасымды отбасы сыртқы әлеммен де үйлесімді, сүйіспеншілік пен достыққа, сенімге, туыстық байланысқа негізделген, осы тұрғыдан, отбасы адамның тірегі, онда тұлғалық сапалар мен бағалау ұстанымын сипаттайтын өмір сүру стилі, іс-әрекеті, қажеттіліктері қалыптасады [119]. Отбасы қандай болмасын қоғамдық құрылыспен, ондағы өндірістік қатынаспен тығыз байланыста болады да, әлеуметтік өзгерістер отбасы сипатына әсер етіп, жаңарып отырады. Осыған байланысты, Сыр өңірінің отбасылық-туысқандық қарым-қатынас жүйесін, қазіргі қазақ отбасының құндылықтары мен салт-дәстүрлерін психологиялық ғылым тұрғысынан зерттеу мәселесін ғылыми тұрғыдан да, әлеуметтік жағынан да алға қоюдың маңыздылығы мен өзектілігінде күмән жоқ.

Осы себепті отбасы функциялары заңдылығын зерттей отырып, басқа әлеуметтік жүйелермен байланысын талдау, отбасы құрылымы мен туысқандық байланыстарға бұл жүйелердің әсерін анықтау, рәміздік тұрғыда отбасылық қатынаста дәстүрді түсіну үлкен ғылыми қызығушылық туғызады.

Герменевтикалық әдіс дәстүрлі мәдениеттегі тамақтану жүйесінің рәміздік функцияларын ашуға және ас қабылдау кезіндегі қонақтарды орналастыру тәртібін, жыныспен, жаспен, әлеуметтік мәртебесімен байланысты тұлға аралық қатынастардың күрделі суреттемесін ашатын, рәсімдік әрекеттердің белгілі бір кешені ретінде "оқып шығуға" мүмкіндік береді. Тамақтану жүйесінің рәсімдік, сакральдық, этно белгілеуші функциялары туралы айтуға болады [120, 132 б].

Халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан дәстүрінің бірі-қонақ күту. Қазақта қонақты қарсы алуға, тиісті орынға отырғызуға, дастархан басында қонақ күтуге, қонақты аттандыруға байланысты бейвербалды амалдардың түрі көп.

Сыр өңірінде де қонақ күтуде әрбір қазақ білуге тиіс дәстүрді ұстанады. Мәселен, үйге құтты қонақ келгенде үй иесі оны алдымен кіргізеді де, сосын барып есікті жабады. Сіз мүмкін осы пікірге де: «Бұл, әрине түсінікті жағдай ғой. Үйге бірінші қонақ кіргесін есікті үй иесі жабады емес пе?» – деп қайыра сауал тастауға қақылысыз. Мәселе мұндағы көшпенді жұрт танымынан қалған үйге келген қонақтың құт әкеледі деп есептелуінде еді. Осы себепті, жас бала болса да бірінші оны үйге оздырып, есікті қашанда үй иесі жабуға тырысады. Қазақтың қонақты құтты қонақ деп айрықша айтуында да осындай бір себеп бар.

Келген қонақ төрге шығуы керек. Халық салтында қақ төрге бас қонақ отырады. Төр-қазақ салтында аса құрметті проксемикалық лакуна. Бұл-ең сыйлы орын. Демек, «төрдің» әлеуметтік, ұлттық, саяси мәні бар. Қазақ дәстүрінде қонақты, сыйлы адамды төрге отырғызу салты атадан балаға мирас болып келе жатқан игі дәстүрлеріміздің бірі. Қазақ қоғамында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Көшпелінің өміріндегі ең сыйлы орын-төр, сондықтан да асқақтықтың, белгілі бір әлеуметтік мәртебенің ұшар биігі саналады. Қонақ үстіне қонақ келсе жасы

кіші қонақ жасы үлкеніне ығысып орын береді. Осы семантикалық кеңістікке карама-қарсы орналасқан қонақ кішіліктің белгісі.

Ал мейман шығардағы салттың жөні тағы бөлек. Бұл жолы есікті қонақтың өзі ашады. Егер есікті үй иесі ашар болса, бұл ұятқа баланады. Оның да өз себебі бар. Егер есікті үй иесі ашса, қонағын қуғанмен бірдей деген сөз. Бұлай болғанда қонақ іштей шын ниетімен күтпейті, бекер түскен екенмін деп аттанады.

Мұның барлығының ар жағында үлкен тәлім-тәрбие жатыр. Келіннің төрге шықпауы отбасы және қоғамның қарым-қатынасын реттейтін әдеп-салттарға жатады. Оның төрге шықпауында қоғамдық қатынастарды реттеуден тыс тәрбиелік мәні де бар. Жалпы дәстүрлі қоғамда әркім өз орнын білгендіктен келін төрге шықпайды. Бұл әркім өз орнын білуі керек дегенді білдіреді. Осы арқылы қоғамдық қатынастарды реттейтін елдік принциптің бір моделі жүзеге асады. Ол ғана емес, жас ер адамдар үлкеннің алдында малдас құрып отырмайды. Бұл да бір этнобелгі. Келін шаңырақтың иесі болғанда ғана төрге шығады. Бұл бір цикл сияқты. "Мұның барлығы әдепке, қарым-қатынасты реттеуге бағытталған этикет деңгейіндегі принцип болып есептеледі. Келін шаңырақтың иесі болғанда ғана төрге шығады. Одан бөлек, жаңа босанған әйел үйге кірген итке кет демейді, егер қуса, келіннің тісі түсіп қалады деген де ырым бар. Мұның себебі "Ит жеті қазынананың бірі, археологиялық қазбалардан адам қасынан табылған алғашқы жануар ит болған. Себебі ит ұрпақтың өсіп-өніп, көбеюінің символы".

Бұрын қазақта дастархан тек тамақ ішетін орын болмаған. Дастархан үлкен рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін орын, тәрбие мектебі болған. Дастархан басында жастарға үлгі-өнеге боларлық әңгімелер айтылатын, жастардың ұлттық құндылықтар әлемі қалыптасатын. Дастархан басында отыру тәртібін білу және сақтау-ол үйде тәртіп, яғни тәрбие бар деген сөз. Қазіргі таңда Сыр өңірінде қонақ бөлмелерді еуропаша биік столдармен, орындықтармен жасақтай бастаған. Дегенмен белгілі мәдени өзгерістер болғанымен дәстүрлі дастарханға отыру регламенті қатаң сақталады.

Дастархан сөзінің семантикасын талдасақ иерархиялық түрде ұйымдастырылған семантика түрінде мәртебесі мен ролін байқай аламыз. Архисема: тамақтану, белгі. Дифференциалды сема: бірнеше адам, ішінде нақты отбасы, қонақтар, құрмет. Әлеуетті сема: көп тағам, әртүрлі тағамдар, ұлттық дәстүрлерді сақтау, отбасының материалдық байлығы, отбасының басқа адамдарға қатынасы, байланыс. Жалпы дастархан экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарады. Қазақ дәстүрінде дастархан басында ерсі қимыл, анайы сөз, ғайбат айтылмаған, ұрыс болмаған. Мұндайда «дастархан үстінде отырмыз» деп басқаларға ескерту жасаған. Сыр өңірінде де дәм тұздың орны ерекшелігінің тағы бір белгісі-өзінің ақиқат айтып тұрғанын дәлелдеу үшін «міне дастархан үстінде отырмын ғой» деп нан ұстау рәсімдерін жиі қолданады.

Үй иесі әйел келген қонаққа сусынды немесе шайды қос қолдап немесе шыныны оң қолымен ұстап, келесі қолдың білегіне тигізіп, еңкейіп ұсынады. Бұл қонаққа деген ыстық ықыластың бір түрі. Қазақ халқында сусын мен шайға тойған кезде кесенің бетін алақанымен жабуы немесе кесені

төңкеріп қоюы да жиі ұшырасады. Осы бейвербалды амалдармен синонимдес кинеманың бірі – дастарханның шетін қайырып қою. Бұл кинема да шайың мен сусыныңа тойдым деген мағынаны бере отырып, жергілікті ерекшеліктерге байлынысты қолданылып отырған.

Архетип рәсімі туралы айтқан кезде, қымыз ішу рәсімі туралы айтпай кетуге болмайды. Жоғарыда айтқан әдет-ғұрыптардан ерекшелігі, ол уақыт пен кеңістіктегі белгілі бір нүктеге таңылмады. Барлық рәсімдік бірігіп тамақ ішу сияқты, қымыз ішу де ең бірінші кезекте әлеуметтік қатынастарды орнықтыруға бағытталған; аққа толы дөңгелек тостаған молшылықтың белгісі. Сүттің құнарлылық инстанциясы екені белгілі және осы мақсатта алғаш күн күркірегенде қазақтар онымен жерді бүркіген. Қымыз, қонақ, үй иесімен амандасып болғанша, әрбір жаңадан үйге кірген адам үшін кесе қайта сапырылып отырған; бұл сапырудағы саба мен піспек – баланы дүниеге келтіретін органдардың рәмізі және ғарыштық құнарлану, ұрықтану іс-әрекеті ретінде түсінілді. Сонымен, қымыз ішу рәсімі дәстүрлі үйлесімділікті орнатуға бағытталған.

Қазақтың дәстүрлі үйлену салты алдымен құдалық жоралғысынан, үйлену ғұрыптарынан, той және тойдан кейінгі жоралғылардан өтеді. Қазақтың көне құдаласу белгісі – «Құйрық-бауыр жегізу» ғұрпы. «Құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» деген тәмсілдің құдаласу кепілдігі дәстүрін меңзеп тұр. Құйрық-бауыр жеу деген екі жақтың кепілдігі, бауырластығы екенін байқатады. Дастархан басына жиналған қауымға құйрық-бауырды әйел адамдар әкеледі. Олар «бауырдай жақын, құйрықтар тәтті болыңдар» деп тілек білдіріп, барлық қонақтар мен құдаларға ауыз тигізеді. Ертеректе де құдалардың бірі серттен тайып, бір-біріне ренжісе, билер олардан «құйрық-бауыр жесісіп пе едіңдер?» деп сұрайтын болған. Сондықтан құйрық-бауыр асату салтының өзіндік мәні болған.

Ал, бауыр сөзі қазақ тілінде туыс, ағайын және іні деген ұғымдарды білдіреді. Бауырластық-туыстық, меймандостық ұғымдарына ұқсас түсініктер беретіні мәлім. Ет мүшелерінің ішінде бауырдың дәмділігі ерекше екені де белгілі. Сондықтан, бауырдай тату-тәтті болып, туыстасып, бауырласқанының белгісі ретінде бауыр тартылады. Ендеше, адамдардың жақындасқандығын білдіретін, «бір табақтан ас ішкен» делінетін ежелгі салт бойынша май мен бауыр жесу арқылы жақсылық пен жамандықта бірге болып, туысқандық жүгін бірге көтерісуге серт беріскен магиялық мәнді ғұрып атқарылады.

Дәстүрлі қоғамда әлеуметтік байланыс, ең алдымен, қандық-туысқандық, табиғи, өмірлік болып келді. Сыр өңірі халқының рудың құрылымда өзіндік санасы, "әулет үлкендері", "ағайын", "ырым" сияқты, сондай ұғымдармен құралып, түсінігі бойынша, әрбір адам өз руларының, өз байланыстарын, мәртебелі есімін ғана емес, бірақ сонымен бірге олардың тағдырына ықпалын тигізетін, қоғам арасындағы беделін беретін, тұтастықты негіздейді. Егер ол рулық әулеттік қоғамда абыройлы адам болса, оларды қиын сәттерде руластары қолдай отырып, отбасы қатынастарына әсер ететін болады. Егер адам, керісінше, ешкіммен араласпай дербес өмір сүрсе, онда ол рулас әулет мүшелерінің көмегін ала алмайды.

Мұны туысқандық тұрғыдағы қоғамдағы әлеуметтік жіктер мен топтардың қарым-қатынасын туысқандық қатынастарға негізделген құндылықтар ретінде сипаттауға болады. Бұл мәдениетті бойына сіңірген адамның психологиясы руханияттың материалдықтан басымдығы қағидасымен қалыптасады.

Бұдан біз Сыр өңірінің дәстүрлі қазақ қоғамында шектеусіз геронтоқратиялық билік үстемдік етеді деп айта алмаймыз. Сыр өңірі қоғамында ақсақалдардың рөлі ерекше, олардың билік жүргізіп рулық қоғамдастықты басқаруда әдептік-мәдени негіздерді басшылыққа алады. Ақсақал атану көп жағдайда жасқа қарамай, әлеуметтік мәртебемен әйгіленіп отырады. Сонымен қатар рулас әулеттерді бір-бірімен туыстастырып, туыстық қоғамдық құрылымның берік негізіне өз үлесін қосып, қоғамдық араластық үдерісінде олардың тигізер ықпалы зор. Бұл тұста практикалық тұрғыда ішінара бөліністерге бөлінгенінмен, сыртқа шыққанда қазақтығын тұтастығымен білдіруге тырысып, қадір қасиетке негізделген ұлттық мінезді береді.

Қонақжайлық барлық қазақ отбасыларына тән ерекше қасиет дегенімізбен қонақ күту дәстүрінен аймақтық ерекшелік байқалады. Сыр өңірінде дәстүр бойынша табақшы жастарды сайлап қояды. Табақ тартылғаннан кейін ағайындарының ең жасы турап, жілікті ең бірінші қонаққа ұсынады. Ең үлкен кісіге алдыруын өтініп, ол кісі бастап бергесін, басқалары дәм тата бастайды. Бұл да рәміздік тұрғыда үлкен кісіні құрметтеу белгісін білдіреді. Сыр өңірінде табақ тарту қағидасы қатаң сақталады. Бас табақ төрде отырған сыйлы немесе жасы үлкен кісіге тартылады. Қалғандары кіші табақ аталып, бас табақтан кіші табаққа сыбаға беріледі [105, 138 б.]. "Қарсы алғанның белгісін – қабағынан танымын, сыйлағанның белгісін – табағынан танымын" деген аталы сөз осыны дәлелдейді.

Кәделі мүшелерді үлестіруде үлкен үстеме мағына бар. Бас тарту, жалпы – асылған еттің мүшелері мен жіліктерін арнайы бір адамға ұсыну, қандай да бір ниет қылу, жастарға тәлім-тәрбие беру және бағыт-бағдар көрсету үшін жасалған.

Сыр өңірінде басты үйткеннен кейін шықшытына дейін тіліп, жағын айырып, бездерін тазалап, төрдегі ақсақалға тұмсығын қаратып тартады. Бұнысы «Құрметті қонақ, ақсақалсыз, сіз батаңызды беріп, ниет білдіріңіз» мағынасы, бас кесуші бастың оң езуінен бір кесіп табаққа тастап, екінші кескенін өзінен кейінгі құрметті адамға, үшінші кескенін өзі жеп, келесіні үй иесіне береді. Бұнысы «Алғашқысы асқа құрмет, екіншісі асқа бірлікте болайық, үшіншісі үй иесіне рақмет айту». Бастың бір шекесінен кәделеуді бастаған қария, екінші жағына пышақты тигізбейді. Ал бастың бір жақ бөлігін жемеу, оның ас иесіне толықтай жетіп, ол да бастан ауыз тисін деген ниетпен жасалады. Бастағы кәделі мүше құлақ, үйдің кішілеріне бұйырады. «Құлағың әрдайым түрік болсын, ата ұлағатын ұйып тыңда, ақылына құлақ ас», деген сөздермен балаға құлақ ұсынылады. Көз бастың ең кәделі мүшесі болғандықтан, оны өзімен қатарлас, құрдас, сыйлы адамға ұсынады. «Бірімізді біріміз алыстан көріп, аманымыз түзу болсын», деп жатады. Желкесін кесіп алып, жаста болса, бас болып жүрген табысты жас ер кісіге асатады. «Желкең күжірейіп, өссін!» дейді. Езуінен ұсақтап кесіп алып, жақын отырғандарға

«езулеріңнен күлкі, жүздеріңнен қуаныш кетпесін», деп ауыз тигізеді. Ары қарай дастарқан басында отырған сыйлы қонақтардың есімдері аталып, басты табағымен ұзатып жібереді.

Дастарқанда басты кескен адам, жамбасты кеспейді. Жамбасты екінші сыйлы адам кесуі керек. Себебі: оның да бұл табақта сыйлы адам екенін білдіру. Егер құрметті қонақ өз разылығымен басқаларға кестірсе бола береді. Жамбасты тақырлап кеспей, ас ұстаушы әйелге ұсынады. Бұнысы «Тамағына рақмет айту».

Сыр бойындағы қазақтар арасында тамақтан соң бата беру дәстүрі бар. Тойларда, қонақ шақырғанда дастархан басындағы жасы үлкен адамнан немесе қадірлі қонақтан бата сұрап, бата берілгенде үй иесі және отбасының басқа мүшелері батаны екі қолын жайып, есік алдында түрегеліп тұрып қабылдайды. Бата алуды есік алдында тұрып қабылдау тек осы Сыр өңіріне тән ерекшелік болып отыр, бұл бата берген кісіге деген рәміздік құрмет болып табылады. Қазақ өңірлерінің көбісінде бұлай бата бергенде отбасы мүшелерінің орнынан тұрып, есік алдында тізіліп тұру дәстүрі кездесе бермейді. Сыр қазақтары арасында жасы үлкен адам әрбір игі істерге бата беріп отырады. Арал өңірінде кей жағдайда үлкендерден бір ғана адам емес, бірнеше адам адам бата беріп шығуы кездесіп жатады. Себебі той батасы рәміздік тұрғыда бүкіл адамзат идеалы-молшылықты уағыздайды. Бата берушінің тілек білдіріп ақыл айтуы бұл отбасыны ақылдан кенде деген ұғымды білдірмейді, керісінше топ алдында айту отбасы мүшелерін жаңа бір міндеттерге, әлеумет, туысы, жұрты алдындағы міндеттерге жүктейді. Бата атауының өзі прагматикалық құбылыс. Өйткені бата қарым-қатынастың түрлі бағыттарын айқындайды.

Сонымен қатар Сыр өңіріндегі отбасы мүшелерінің түрегеліп тұрып бата алуды алғыс алумен теңестіруі, бұл қоғамда белгілі бір қалыптасқан дәстүріміздегі үлкенді сыйлау, кішіге құрмет жасау, қонаққа шақыру, бата алу сияқты рәміздік әдеп ережелері тұрғанын түсінеміз. Себебі мұнда сөйлеуші де, тыңдаушы да белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілдері. Жалпы адамның дағдылы рәміздік іс-әрекеті оның ішінде сөз әдебі, осы әлеуметтік қоғамға, ортаға лайық болады.

Бата адам санасына айрықша формасымен әсер етеді, әрі оның негізгі мағынасы ойлау нәтижесінде аңғарылады. Ол бата берушінің өз басынан өткен, өмірдегі оқиғалардан алынған, алайда дәлелдеуді қажет етпейтін шындықты рухани қорытып шығаруы нәтижесінде пайда болады. Бата ықшам және жинақы берілген ойды көрсетумен қатар қысқа сөзбен түйінделіп отыратын тиянақты, бейнелі ой, оның әр тармағы жеке нақыл ретінде қолданылады. Баталар ұлттық-танымдық құрылым негізінде қалыптасатындықтан, қазақ болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының рәмізін бейнелейді [121, 41 б].

Сыр өңірінің мәдени семантикасы дәстүрлі наным сенім атаулардың мазмұнында жиі ұшырасады. Жалпы барлық қазақтар сияқты тұрмыс барысында нанды аса қастерлі тағам деп ерекше қасиет тұтады. Дәм-тұздың атасы нан деп біледі. Сөздің лексикалық мағынасымен жарыса жүретін мәдени коннотациялық мағына әуелде дәм-тұзды киелі санайтын наным-сеніммен байланысты. Сыр өңірі қазақтары да нан ұрсын, дәм-тұзын аттамау, дәм-тұз

ұрсын, дәм тартты, дәм тартпады, дәмнен үлкен емес, нанды баспайды, таспен атқанды аспен ат деген сөздерді жиі қолдануы нан-тұзды киелі деп танумен байланысты. Сөйтіп, нан-тұз, тұз-дәм зұлымдыққа қарама-қарсы қойылады. Зұлымдық дәм-тұздан аса алмайды, зұлымдықтың бетін дәм-тұз қайтарады деп біледі.

Сыр өңірінде күнделікті амандасудың да өзіндік дәстүрге бағынған рәміздік рәсімі бар. Арал, Қазалы аудандарында ер бала да, қыз бала да өзінен үлкендерге дауыстап «сәлем бердік» деуі керек, ал үлкендер «көп жаса» деп жауап береді. Бұл үлкен кісілердің амандасқаны болып есептеледі. Сыр өңірінің барлық аудандарында қыз болсын, ұл болсын жасы кішілер үлкендерге қос қолын беріп амандасады. Сыр өңірінде барлығында келіндер басын иіп, екі қолын бір-бірінің үстіне айқастыра алдына, яғни тізесінің үстіне қарай немесе кеудесінің үстіне қойып, иіліп тұрып «сәлем бердік» деп амандасады. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескен күннің өзінде де осылай сәлем салып амандасады. Үлкендер сәлемін алып «Көп жаса», «Үбірлі-шүбірлі» бол деп жатады. Кей отбасыларда келіндер бірге тұрса ата-енесі, қайнаға, абысындарына күнделікті сәлем салып амандасуы жиі кездеседі [105, 142 б]. Бұл өңірдегі жастардың үлкендерге қос қолдап амандасуы немесе келіндердің иіліп сәлем салуы қарым-қатынастың әсерлі мінез-құлық белгілері, әрине, адамшылықтың өлшемі болып, Сыр өңірінің эстетикалық мәдениетінің көрсеткіштерінің бірі ретінде маңызды қызмет атқарады. Сонымен қатар күнделікті тіршілікте үлкенге ілтипатпен сәлем салу да тактикалық коммуникацияның бейнелік белгісі болып табылады. Жалпы сүлесок сәлемдеспей, кісінің көзіне тура қарап, ықыласпен қол қысыса амандасу керек. Қолың мен көзің сәлемдескен адамға деген сенің шын ниетіңнің белгісін білдіреді.

Дегенмен сәлемдесу үлгілері бір-біріне тілек тілеуден гөрі, бір-біріне жауапсыз сұрақ қойғандай әсерде қалдыратын ресми амандасу түрлері де бар. Мысалы, «сәлеметсіз бе?» жауабы «сәлеметсіз бе?» немесе «қалайсың?» жауабы «қалайсың?».

Арал, Қазалы өңірінде кейде қарсы кезіккен екі әйел бір-бірімен “Әй, қатын-ай, қалайсың, байың қайда?” деп амандасады да, әрі қарай шаруасын күйттей береді. Бұлардың мына құлаққа сәл-пәл түрпідей тиетін амандасу ерекшелігі “Не деген мәдениетсіз әйелдер еді?” деген біздің қалаға бейімделіп кеткен заманауи танымымыз ой беруі мүмкін. Бұл саулық-сауқат сұрасудың ерекше һәм қазақы түрі деп қарастырамыз.

Жалпы дәстүрлі амандасудың түрі болып саналғанмен, тілектің арғы тегі көне дүниетаныммен астасып жатқанымен ол бертін келе шаруа атқарылып жатқанда айтылатын арнайы сәлемнің түріне айналып, инабаттылықтың, ізеттіліктің белгісі санала бастаған. Мысалы, бидайды қызылдап жатқан диқанға «Қырманың қырдай, жүзің нұрдай болсын», мұрапқа «Құдығың сүтті болсын», жүн сабаушыларға «Сабау тасысын», соғым сойғандарға «Соғым шүйгін болсын», базаршыға «Саудаң күзет болсын» деген тілектер айтылуға тиіс.

Бата-тілек сөздері сөйлесу этикеті ретінде жүріп, белгілі бір жағдайға байланысты шартты мағынаға ие болады. Олардың мағыналық тараулары

сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс білдіру сияқты адамдардың әр түрлі жағдайларында кездеседі. Семантикасынан бағалауыштық мән байқалады. Мысалы: кездесу кезінде айтылатын тілектер: қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш, жолың болсын, кездескенше күн жақсы болсын т.б. Құттықтау тілектері: аспаның ашық болсын, денің сау болсын т.б. Ал тілек-баталарды қолдануда сөйлесімге қатысатын тек айтушы, ол берілген тілегі арқылы өз мақсатының жүзеге асуын көздейді. Тілектер болған оқиғаға байланысты, қарым-қатынас түріне қарай, жасына, жынысына қарамай үлкен де, кішіге де беріледі. Сондықтан эмоциялық пен бағалауыштық қызмет диалог арқылы емес, монолог арқылы жүзеге асады. Осы орайда тілек-батаның әсер туғызушы қызметі де бүтіндей мәтін ретінде прагматикалық аспектіні құрастырады.

Халық рухының өмірлік мәні оның тілінде сақталған. Сыр өңірі халқының өзіндік сөйлеудегі диалог бастау өнері қалыптасқан. Сыр өңірі қазақтарының ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады: Біріншіден, егер танысу кезінде ол сізден "Руың қандай?" деп сұрайтын болса, оның қызылордалық екеніне сенімді бола аласыз. Себебі Сыр өңірінің халқы қан тазалығын бірінші кезекке қояды, жеті атаға толмай қыз алыспау ата-бабамыздан бері келе жатқан қатаң құқықтық заң-ереже. Дүниеге келер ұрпақтың қанының тазалығы мен денінің саулығын сақтау мақсатында жеті атаға дейін қан араластырмау бағзы заманнан институт болып қалыптасты. Бұл физиологиялық және психологиялық ауытқуды және ауруды тудыратын генетикалық өзгерістердің алдын алу үшін жасалған сақтық шарасы.

Екіншіден ол қарсы тарапты сынау болып табылады. Әрине қанның тазалығы мен денсаулығы жеті атасын білумен ғана шектелмейтіні шын. Дегенмен оны рәміздік тұрғыда білу де ұлы істің айғағы деп санайды. Тегін білген тұлғаға оның тегіне, болашағына аса бір құрметпен қарайды. Өйткені, қазақтар үшін тектілік сезімнен де биік тұратын мәдени құндылық.

Үшіншіден бұл сөздің басы адамның бір рольден екінші рольге көшуге бейім болуы коммуниканттың әлеуметтік әдебі деп атауға болады. Ал сөз әдебі осы әлеуметтік әдептің бір құрамдас бөлігі болып табылады. Ол құрамдас бөлікке, әрине, бейвербалды амалдар да енеді. Адамның сөз әдебі де, бейвербалды құралдары да, әлеуметтік жіктеліске сай, адамның мәртебесіне лайықты болады. Мысалы әңгімелесуші тараппен диалог жүргізуді ру сұрасудан бастауы, оның міндетті рулас болып шығуы немесе құдасы, нағашысы, жиені болып шығуы, басқаша айтқанда, статусы өзгергенде оның ым-ишаратында, дене қалыбында да бірталай өзгерістер болады. Қуану, қомпаңдау, таңданыс, ризашылық, сүйсіну сезімдерін ым, ишарат, дене қалыбы арқылы ақпарат жеткізетін мәнді бейвербалды амалдарды сезімге, жан-дүниеге байланысты немесе рухани мәнді семантикалық топтардың ішіне де кіргізуге болады. Бұл қазақы коммуникацияның семантикалық мәніне үңіле түссек, қазақтың түпкі аталастығын айтпаған күннің өзінде, тамыр-таныс, көрші-қолаң, құда-жекжат, ағайын-туған, жолдас-жора, жамағайын жұрағат болып шығатыны белгілі. Бұл өз кезегінде іргесі сөгілмеген тектілігіміздің рәмізі екенін айғақтайды. Осылайша дәстүрлі таным-түсінікпен жүретін Сыр өңірінің қазақтары алысты жақын тұтып, жақынды бауыр тұтып, ең бастысы туыстық байланысты қадірлейді.

Ру-қазақ халқы үшін белгілі бір уақыт пен эволюция ағымынан тыс, өзіндік тарамдалау мен бірліктің және туысқандық генофонның тарихи-биологиялық жадысын білдіретін түсінік. Сыр өңірінің ру-тайпалық құрамы аса күрделі компонент болып табылады. Алтай өңірі түркілерінің батысқа қоныс аударуы Жетісу арқылы Сыр өңірінің үстінен өтуі Сыр өңірлік тайпалардың этникалық құрамын күрделендірді. Қазақ жерінде болған шапқыншылықтар әсерінен Сыр өңірінде бірнеше миграциялық ағымдар болып, нәтижесінде Орта жүз, Ұлы жүз руларының бірқатар ру тармақтары Сыр өңіріне шоғырланды.

Сыр өңірінде Ұлы жүзден жалайыр, ошақты, қаңлы, сіргелі, дулаттар тұрып, өздерін «бәріміз бір Бақтиярдың баласымыз» деген соң зерттеушілер еңбектерінде «Бақтияр» ру атауы ретінде берілген. Орта жүз руларынан тарақты, арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, саны жағынан аз керейлер, Байұлы тайпалық бірлестігінен адай, алтын, жаппас, алаша, есентемір, таз, шеркештер, ал Әлімұлы мен Жетірудан барлық рулар, жүзге кірмейтін рулардан төре, қожа, сунақтар тұрады [122, 218 б].

Сыр өңірінің кезіндегі көшпелілік үдерісінің сипатынан, қазіргі жаһандық мультикультуралды құбылыстың бейнесін байқағанымызбен, барлық аудандарда белгілі рулардың орналасу басымдығы бар. Бұл аудандардағы рулық орналасу басымдығы кезіндегі «қозғалмалықтың», «номадтық мобильділіктің» түпкі мүддесі-барынша үйлесімді тіршілік кешу үшін жайлы орналасу құрайды.

Тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Мәдениет-қоғамдық фактор, оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік фактордың ықпалы зор. Қоғам дамып өркендеген сайын тіл де өзгеріске түседі. Бұл-заңды құбылыс. Тілдің өзгеріске түсуіне әртүрлі факторлар әсер етеді. Соның ішінде жергілікті тұрғындардың өзара қарым-қатынас жасау барысында туындаған тіл ерекшеліктері сөздік қордың шеңберін кеңейтеді. Соның ішінде диалектілер арқылы қазақ халқының, жалпы осы тілде сөйлейтін халықтың этникалық болмысын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіндегі өзіндік ерекшелігін, көршілес халықтармен этникалық байланысын ашуға болады.

Қай халықтың болса да, оның сөйлеу тілінің өзіне тән интонациясы бар екені анық. Ол интонацияның өзінің ішкі сипаты мен ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер мынадай төмендегі компоненттерден тұрады: әуені, қарқыны, ұзақтылығы, паузасы, интенсивтілігі, тембрі. Сөйлеу тілінде интонацияның аталған компоненттері бірімен-бірі тығыз байланысты болатыны сөзсіз. Бізде Қызылорда облысы аумағының өзінде қарапайым тілдік қатынастың өзі Арал жақтары батысқа қарай сөйлегенде негізгі тон жиілігінің өсуі эмоциялық жағдайларда тональды диапазоны көтеріңкі қызуқанды сөйленістерге бейімделсе сөйлесе, Жаңақорған, Шиелі аудандары Шымкентке жақын сөздері тональды диапазоны бәсеңдеу сыпайы сөйленістерге бейім келеді. Ал ортасындағы Жалағаш, Сырдария аудандарының сөздері тональды диапазоны көтеріңкі-бәсең немесе бірқалыпты болуы мүмкін. Жалпы оңтүстіктен батысқа қарай бұйрықты сөйлем мен лепті сөйлемнің интонациясының интенсивтілігі деңгейінің көтеріңкі бола береді. Себебі коммуникация барысында дауыс қарқыны мен ырғағының, дауысқа түсірілген екпіннің де әсер етеді.

Интонацияның бір тәсілі болып есептелетін дауыс реңкі-адамның эмоциясын білдіреді. Сондықтан тембр адамның сезімімен тығыз байланысты туындайды.

Вербалды белгілер тіліне аударылған ым-ишара, кинемалар «дене тілі» субъектінің нақты бір ортаға байланысты нақты бір күй-қалпын немесе әрекетінің символдық белгісін білдіреді.

Бейвербалды коммуникациялар тілдік таңбалардың барлық қызметін орындай алады. Мәтінге өзгерістер енгізетін бейвербалды компоненттер мынадай жағдайда пайда болады. Біріншіден, сөз бен сөз тіркесін ұмытқанда және оны іздеу барысында; екіншіден, айтып жатқан сөзінің құнды, қажет екенін білдіру мақсатында; үшіншіден, бір вербалды компоненттің бейвербалды компонентпен ауыстырылуы қажет болған жағдайда [123, 91 б].

Адамдардың ым, қимыл-әрекет тілі, үнсіз түсінісу қабілеті белгілі бір кинетикалық амалдар арқылы орындалып, жалпыадамзаттық және жеке халықтық сипатқа ие болады. Адамдардың бір-бірімен өзара ұғынысу, хабар алмасу мүмкіндіктерін жүзеге асыратын мимикалардың танымдық әрекеттері бар. Бейвербалды коммуникация коммуникативтік актіні жалғастыра отырып, адамдардың өзара түсінісуін және қарым-қатынас процесін жеңілдету қызметін атқарады.

Сыр өңірінде атап айтсақ күнделікті өмірде бір-біріне алғыс білдірудегі қимыл-басын ию қимылы, сонымен қатар алғыс білдіруде алақанын кеудесіне қою қимылы да бас ию ишарасы, кешігіп келсе қолын төсіне қойып, сәл еңкейіңкіреуі бұл кешірім сұрауы ишарасы, құрметті қонақтар келгенде алдынан қос қолын көтеріп алдынан шығуы, оған орындыққа қарай қол созып ілтипат көрсету, алдынан шығып қарсы алу барысында қолын төрге шығуы үшін бағыттау, қос қолдап сәлем беру, қол көтеру яғни сөзім бар, айтарым бар, «тоқта, тоқтат, жетер» т.б жатады. Бейресми ишаралар эмотивтік тыңдаушының назарын аудару үшін қызмет атқарады. Олар негізінен туыстық, жолдастық, достық, қарым-қатынасқа түсушілер арасындағы маңдайдан, қолдан, беттен сүйіп амандасу, арқадан қағу т.б сияқты бейвербалды амалдар арқылы орындалады.

Сонымен қатар адресаттың ойын нақтылай, айқындай түсетін қимылдың бір түрі-нұсқау мағынасындағы қимылдар. Нұсқау мағынасындағы қимыл – қолмен, иекпен, қас-қабакпен нұсқау арқылы жүзеге асады. Сыр өңірі қазақтары бала тәрбиесінде қас-қабакпен, иекпен, қолмен нұсқау қызметін жиі пайдаланады. Ал сұқ саусақпен адамды белгілеу дәрекі қимылға жатады. Жалпы иекпен нұсқау, көрсету бейвербалды қарым-қатынаста сұқ саусақпен көрсетуге қарағанда онша да дәрекі қимыл емес. Егер иекпен нұсқау қимылы ешқандай да бір агрессивті қимылсыз берілсе, онда бұл кинема өңірде жақсы қабылданады деуге болады.

Бейвербал қатысым құралы ретінде алынған бас изеу, қол сермеу, иығын қозғау және өзге де дене қимылдарының семиотикалық мән-мазмұны астарлы болуы тіпті белгілі бір ақпарат коды болуы ықтимал. Егер оларды семиотикалық белгі қатарында қарастырсақ, онда қарапайым бейвербал тәсіл дегеннен гөрі, әлеуметтік мәні басым таңба деп таныған жөн болмақ. Бейвербал қатысым құралы прагматикалық уәжіне қарай: а) мінез-құлықты айқындау; ә)

ой әсерлілігі мен эмотивті реңкті таныту; б) нысанды дәл, анық сипаттау; в) бағалауыштық сипат беру сияқты мақсат еленеді деп жіктейміз.

Сыр өңірі халқының бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени сипатына, мағыналық топтары мен семантикасы туралы айта отырып, сөзбе-сөз аудару тәсілінің қолайлылығына тоқтала кетсек, барлық адамдар өмірде, күнделікті тіршілікте тек сөйлесу арқылы ғана емес, олар кейде шартты белгілермен де бір-бірімен оңай түсініседі. Шартты белгілерді пайдалану адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың бір амалы, түрі. Шартты белгілердің көбі семиотикалық белгілерге жатады. Семиотикалық таңбалардан басқа адамдардың ыммен түсінісуі, көз, қабақ, ауыз қимылымен, дене қозғалысымен ұғынысуы бар.

Бейвербалды амалдар арқылы алуан түрлі ақпарат алуға болады. Ым мен ишараттар, адамның бет-жүзіндегі өзгерістер оның көңіл-күйін білдіреді, адамның мінезін байқатады, тілдесуші адамға деген көзқарасын, белгілі бір іс-әрекетке деген, өмірдің басқа түрлі құбылыстарына байланысты көзқарас-бағасын жеткізеді. Ғалымдар бейвербалды амалдар жеткізетін ақпараттардың шынайылығы басым екенін дәлелдеп жүр. Сондықтан тілдегі амалдарды қолдану барысында алынатын мәліметтерді бірнеше топқа бөлуге болады: 1. индивидтің жеке белгілері; 2. әлеуметтік-топтық сипаттамасы; 3. сөйлеушінің ұлттық немесе территориялық атрибуттары [124, 56].

Егер адамзат тарихы мен түрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы мәлімет мол болса, бейвербалды амалдарға қарап адамның қай ұлттың өкілі екенін анықтауға болады. «Өйткені, бейвербалды компоненттер-тілдік амал-тәсілдер секілді ұлттық феномен. Олар этностың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының негізгі элементтерін бойына сіңіреді» [125, 1436].

Танымал этнограф С.Кенжеахметұлы ұлттық сипаттағы ым-ишараттардың «сезімді, көңіл-күйді, іс-қимыл, әрекетті сөз тауыспай-ақ ыммен, ишарамен еппен сездіретінін, оны дәл бейнелейтін ойлы, қызықты әрі сесті ұғымдар болады. Мұны әдет-ғұрып ишарасы дейді. Дегенмен тұрмыс пен салттың, өмір мен тіршіліктің, қоғам мен дәуірдің өзгеруіне байланысты мұндай әдет пен дағдының кейбіреулері ұмыт қалғанын»-айтады [126, 256].

Мәдениетаралық вервалды емес коммуникацияда иіс үлкен рөл атқаратындығы белгілі: бұл тұрғыда қатынас барысында кедергі де, пайдалы фактор бола алады. Егер адам өзін бөтен мәдени ортаға тап болса немесе «әртүрлі» мәдениеттің өкілдерімен қарым-қатынас жасаса, ол басқа мәдениетке сіндірілген «бөтен» иістердің бар екендігіне назар аударып қана қоймайды, сонымен қатар оларды туыстарымен және әдеттегі адамдармен салыстыра бағалайды және түсінеді.

Иістердің маңыздылығын мәдени тұрғыдан түсіндіру мәселесінің үнемі өзектілігіне қарамастан, отандық ғылымда иістердің әсерін басқарудағы иістердің рөлі жеткілікті зерттелмеген, адамға иістердің интерпретациялау әсер ету мәселесін қарастырмайды. Алайда, иіс тек биологиялық және психологиялық құбылыс емес. Иіс-бұл мәдени құбылыс. Иістерге мәдени мағына беріледі және қоғамдық өмірге қатысады, әлемді анықтауға және онымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Уақыт өте келе адамның өмір салты ғана емес, сонымен қатар осы өмірмен бірге жүретін иістердің

жиынтығы өзгеріп, қабылдау стандарттары өзгереді. Иісті бағалау тек түбегейлі әр түрлі мәдениеттерде ғана өзгермейді: бір мәдениеттің ішінде де иісті әртүрлі жолмен бағалауға болады. Иістің «жағымды» және «жағымсыз» бағасы оның объективтік қасиеттерімен ешқандай байланысты емес. Бұл сөз сияқты, иіс-бұл белгі, жай ғана идеалды форма. Мәдениет қай иістердің маңызды болатынын және қайсысы тез басымдығын анықтайды.

Мұрынның шырышты қабығында осындай жасушалар бар, олар нейроспиральды рецептер түрінде көрінеді, олар иісті жасушалар, олар әртүрлі иісті заттарға ғана жауап береді. Олар мұрын қуысында, иіс саңылауларының аймағында жеткілікті терең орналасқан. Жақсы иіс сезіну үшін адам біршама күшті тыныс алуы керек, сондықтан бұл затпен ауаның турбуленттілігі пайда болады, біз оны жұту деп атаймыз. Осы жасушалардан сигнал нейрондар арқылы миға түседі, ал адам осы немесе басқа иісті затты таниды.

Көптеген адамдар иісті эмоциялармен, көбінесе балалық шақтарымен байланысты деп айтады. Әрине гуманитарлық ғылымдар иістердің молекулалық және физиологиялық деңгейін сипаттамайды, биологтар мен физиологтар иістерді өздері зерттейді. Бірақ мәдениеттанушылардың не істейтінін түсіндіруге тұрарлық шығар. Менің көзқарасым бойынша, мәдениеттанушылар иістердің тарихи мағынасын немесе оны басқаша тұжырымдау мүмкін болса, сигнализация механизмдерін, сенсорлық әсерлерді, иіс белгілерін анықтау тетіктерін зерттейді. Яғни, иісті зерттейтін гуманитарлық пәндер көп. Осы тұрғыдан алғанда, соның ішінде иістерді зерттеуді семиотикалық тұрғыдан қарастырсақ. Иіс-бұл мәдениеттің мүлдем идеалды моделі, өйткені оның формасы мен мазмұны арасында еркін байланыс бар. Яғни, біз осы немесе басқа иісті сезгенде немесе біздің Сыр өңірінің мәдениеті мен тарихымен байланысты болғанда, бұл біздің мәдени қондырғылардың, өркениеттің өнімі, біз қалай тәрбиеленгеніміз туралы ақпарат беретін белгі болып табылады. Міне, иістерге гуманитарлық көзқарастың алғашқы қағидасын тұжырымдасақ, мәдени салыстырмалылық қағидасы бойынша белгілі бір мәдени мағынаға ие иістер жоқ. Бұл біздің жеке қабылдауымызға және контекстке байланысты. Міне, мәдениеттанушы семиотикалық тұрғыда иістерді қабылдау мәдениеттің әртүрлі салаларының қиылысу нүктесінде қалай пайда болатындығын өте қызықты түрде бақылай алады. Осы мәдени өзгерістердің бәрі бір-бірімен байланысты. Мәдениеттанушы үшін бұл өзгерістердің барлығы неге бір уақытта пайда болады деген сұраққа жауап беру қызықты. Яғни, бір сәт бар, мен бұны ерекше атап өткім келеді, сондықтан мәдени салыстырмалы, эмоционалды және семантикалық аураның иісі әрдайым тарихи болып келеді.

Иістер бөтен мәдениеттің семиотикалық өрісінің бөлігі ретінде әрекет етеді. Кез-келген мәдениетте қоршаған ортаны қабылдау нәтижелерінің таңбалануы және символизациясы бар, ол туралы ақпарат адамға үш арнадан келеді: көру, есту және кинестетикалық (сезіну, иіс сезу және басқа да сезімдер арқылы). Адам бұл арналарды айналасындағы әлеммен кері байланыс үшін пайдаланады. С.Леви-Стростың пікірінше, «иістер табиғи және әлеуметтік әлемдерге де бірдей тиесілі», сондықтан иістермен байланысты белгілер әлем бейнесін құруда белгілі бір мәнге ие [127].

Әр мәдениеттің өзіндік иістері бар, олар осы мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде үстемдік етеді және оның танымдық белгілері ретінде әрекет етеді. Бұл мәдениеттің болуы мен географиялық және табиғи жағдайлары ерекшеліктеріне, сондай-ақ әртүрлі халықтардың салт-дәстүріне, салт-дәстүріне байланысты. Әр мәдениеттің әлемінде табиғаттың иісі (өсімдіктер, жануарлар, теңіз, таулар, дала және т.б.), адамның табиғи және қолдан енгізілген иістері (парфюмерлік хош иістер, салттық қоспалар және т.б.), сонымен қатар дәстүрлі тағамдардың иістері бар. Дәстүрлі тағамға келсек Сыр өңірі қазақтарына ең бастысы ет тағамы болып табылады. Сыйлы қонаққа берілетін және отбасылық дәстүрлі ет тағамының иісі сізге үйге кірген кезден бастап білінеді. Қазанға салынған ет отбасына жылы леп әкеледі. Дастарқанның берекесін келтіретін еттің қадірін қазақ баяғыдан білген. Ол үшін Сыр өңірінің халқы пайдаланатын етті таңдаудан бастайды.

Бұл тұрғыда иіс-өнімнің сапасын анықтайтын тағы бір сенімді кеңесші. Біз табиғатымыздан жыртқышпыз және жас еттің білінер-білінбес иісі бізге ұнамды болып табылады. Мысалы, еттің иісі сізді дереу ет жеуге итермелейтіндей болуы керек. Анық жағымсыз иіс, еттің тұрып қалғандығын және сапасыздығын білдіреді, сондықтан оны алмайды. Жағымды иіс балғындығының басты белгісі сапасын білдіреді.

Ольфакция (иіс сезіну) семантикасы да күнделікті коммуникацияда маңызды рөл атқарады. «Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді» деп данышпан Абай иіс сезу мүшесінің адам өміріндегі маңыздылығын көрсеткен. Таңғажайып иіс бір мезетте адамзатты өткен өмірінің шуақты әрі шұрайлы сәттеріне ойша оралта алатын қабілетке ие. Шығыс елдерінде иіс мәдениетіне байланысты бағыт кең дамыған, бұл мәдениетте иістің адамға ететін әсеріне көп мән берілген. Бұл мәдениет түрі қазақта да кең дамыған. Қазақ иістің адамға етер әсерін білгендігі соншалық, осы арқылы адамға рухани күш-қуат дарыта білген. Ананың құрсағындағы нәрестеге мынадай салт-салтанат рәсімі жасалады. Жусан тұнбасы құйылған сумен ананың аузын шайғызады. Анасы арқылы, жусанды ауа арқылы, су арқылы нәрестеге «информация» «жеткізіп», туған жермен, оның аңқыған иісімен осылайша тағы «таныстырып», «кездестіреді» екен. Әрине, «таныстыру» иіс арқылы болғандықтан, бұл қалыптастырып отырған қарым-қатынас сезім арқылы дамиды, қан арқылы дариды. Иіске, әсіресе жусан иісіне байланысты аңыз көп. Соның бірі Артық хан есімімен, Артық ханның елге оралуымен байланысты. Артық хан Кавказ жерлерінде жылдар бойы тұрғындап жүріп қалады. Сан рет соңынан іздеп барғандардың елге қайт деген сөзін құлағына ілмейді. Соңынан тағы бірде іздеп барған туысқаны қойнынан кепкен бір уыс жусанды суырып алады. Содан жусанның аңқыған иісі Артық ханды орнынан атып тұрғызып, арғымағына бір-ақ қондырады [128, 74 б].

Жусан иісін сіңіру рәсімі мәдени құндылық ретінде атқаратын қызметі өте жоғары болып табылады. Бұл ежелгі қазақтың ұлттық стратегиясы болып табылады. Себебі қазақ туған жерінен айрылса, барлық құндылықтарынан айрылатынын білді. Жусан иісінен жатырда жатып нәр алған нәресте өсе келе жауға қарсы тұра білді, ұлан ғайыр территориялық аймақты қалдырды. Себебі

жаңа туған сәбилер 100% иіс сезу қабілетіне ие. Алайда бір жасқа толғанға дейін иіс сезу қабілетінің 50% жоғалтады. Жаһандану кезеңінде бұл дәстүр ескіліктің немесе артта қалушылықтың белгісі болып саналғандықтан қазақтар балаларын жусан иісімен емес, Джонсонс беби шампундарымен нәрлендіруде. Себебі ұлт болмысына сіңген бодандыққа негізделген сана оған мүмкіндік бермейтіндей халық жадысында өшірілген. Егер бұл дәстүрді қолға алып насихаттау арқылы түсіндіретін болсақ ұтатын тұсымыз көп және оны ұдайы насихаттау төл міндетіміз болуы тиіс.

Түрлі этностарда өзіндік иіс бар. «Иісі қазақтың» деген сөз тіркесі – атам заманнан ауыздан-ауызға тараған байырғы түсінікті сөз. «Атам қазақтың», «қазақ атаулының», «қазақ қазақ болғалы» деген секілді сөздерге балама ретінде де қолданылады. Бұл да тек қазаққа ғана тән, оны түсіну үшін тек қазақ болып туу керек. Оны тек қазақ қана айта алады. Мұндай сөздер – ұлттың ерекшелігі. «Иісі қазақ» – «қазақпын» дегеннің баламасы.

Қазақылық иіс шығып тұру үшін міндетті әр отбасында қазақылықтан ақпарат беретін белгі болу керек. Ол белгілерге біз домбыра мен қамшыны ұсынар едім.

Жердің жұпар иісін жеті күн ғарышта болған Тоқтар Әубәкіров жетік біледі. Ол жер басып жүрген баршаның дала иісіне емірене білмейтініне күйінеді. "Ғарышта ғана түсіндім мына жердің қадірін. Жерге келгенде, жерді сүйдім, жаттым. Жер иісі ерекше болады екен. Мен ондай иісті одан кейін қалай жатам, қалай иіскеймін, қайтадан келмейді екен",-дейді ол. Қазақ даласының иісін көпшілік аңқыған жусанмен байланыстырады.

Енді ғалымдар көк шалғынның жұпар иісін құтыда сақтауды көздеп отыр. Қазақ даласының иісі осылайша насихатталады. Жусан, жалбыз, арша, секілді дала шөптерінен осы жерде эфир майларын алады. Бұл еңбектерін олар "Қазақ даласының хош иістері" деген брендпен бекітіп те қойыпты. Алыс жолға шыққанда, туған жер топырағын алып жүруді әдетке айналдырған қазақ баласы енді қазақ даласының иісін де өзімен бірге алып жүруіне болады.

Иісті мәдени құбылыс ретінде зерттеу барысында біз оның негізгі функцияларын анықтадық: 1. Коммуникативті. Вервальды емес қарым-қатынаста иіс үлкен рөл атқарады. Олфакцияны вервальды емес семиотиканың бөлімдерінің бірі деп атады-иістер, иістер арқылы берілетін сезімдер және қарым-қатынаста иістердің рөлі туралы ғылым. Вербалды емес қарым-қатынас кейде байланыс процесіне әсер ететін өте маңызды ақпаратты тартады. Жағымды иіс адамдар арасындағы кеңістікті және басқа кедергілерді жоя алатындығы дәлелденді. Егер жағымсыз иіс болмаса, адамдар бір-біріне қысқа қашықтыққа жақындап, бір бөлмеде ұзақ тұра алады [129]. Табиғи және жасанды иістер вервалды емес мінез-құлық құрылымында маңызды рөл атқарады. Иістер жүйесі, адамның сөзсіз вервалды емес көрсеткіші бола отырып, ол туралы бейнені сипаттағанда қосымша сипаттамасы бола алады. Ерте заманнан бері «иістер мәдениеті» әлеуметтік стратификацияның белгілі бір құралы ретінде, тұлғааралық байланыстардың қайнар көзі ретінде, жеке тұлғалардың функционалды-рөлдік қатынастарының сипаттамасы ретінде, сәйкестендіру, жеке басын белгілеу, бір топқа жататын әдіс ретінде белгілі болды. Олфакторлық жүйе өзінің дифференциалды күшін тек ерекше

жағдайларда, айталық, әлеуметтік, сенсорлық оқшаулану жағдайында, белгілі бір өзара әрекеттесу аясында болады. Қоғам иістердің қарқындылығын реттейді, ал вербалды емес мінез-құлықтың құрылымы адам мәдениетінің жалпы деңгейінің көрсеткіші болып табылады [130].

2. Рәміздік. Бұл функция «Пруста феномені» деп аталады-иістер арқылы естеліктерді алу үдерісі. Иістің символдық компоненті оны бағалап, қабылдауымен анықталады. Белгілі бір иісті бағалау көптеген факторларға байланысты: тәрбиеге, дәстүрге, белгілі кезеңге, контекстке, аспаздық талғамға, гигиеналық көзқарасқа, иіс сезімдеріне және т.б. байланысты, сондықтан иісті «объективті» бағалау мүмкін емес және бола да алмайды [131, 32 б].

3. Репрезентация. Адамзат тарихы жасанды иістер адамның әсерін және әлеуметтік-гендерлік ұқсастығын басқарудың ең тиімді құралының бірі екендігі туралы куәландырады. Жасанды иістер, атап айтқанда, парфюмерия, дененің табиғи иісін күшейткіш, «декоратор» болып табылады, оның сыртында жасанды хош иісті береді. Оны тұтынарда өзінің даралығына, жеке басына, мінезіне, жетістіктеріне мән береді. Сонымен қатар, парфюмерия сатып алу арқылы әр адам хош иісімен қатар, осы хош иіспен байланысты оқиғаны, яғни белгілі бір бағдарларды орындайтын осы хош иістің «мәдени өрісі» туралы біледі. Жеке адам белгілі бір иісті таңдаған кезде өзі үшін осы параметрлерді қабылдайды, яғни олардың көмегімен өзін-өзі тану қоғамда орын алады, демек, хош иіс-бұл адам қабылдаған құндылықтарды береді [131, 32 б.].

Әр мәдениеттің өз иісі, өз образы болады. Жалпы адамға көбінесе өз мәдениетінің "иісі" өзіне сезілмейді. Ал егер басқа мемлекетке барсаңыз, салыстыра келе сезіне бастайсыз, себебі бұл сіздің иіс емес, оның дүниетанымыңызға үйлеспей тұрғанын байқаймыз. Демек адамның ішкі дүниесі жұрт көретін образдан өзгеше, адам өзін таппағандай сезініп кетеді.

4. Эстетикалық. Бұл функция эстетизация процесі қазіргі қоғамда иістен гөрі кең таралған. Біріншіден, парфюмерлер жаңа хош иістерді жасайды. Екіншіден, бүгінде әрбір жаңа хош иістің айналасында бүкіл тарих қалыптасуда: оған хош иістің негізгі сипаттамалары кіреді, олар күткендей, оның тасымалдаушысына тән болады. Бұл сипаттамалар хош иіс ұғымына сәйкес келеді, соның негізінде жарнама жасалады. Иістерді қабылдауда гедонистикалық компонент маңызды, ол хош иістерді эстетизациялау процесімен тығыз байланысты. Бұл үшін түсініктеме бар. З.Фрейд арнайы зерттеулердің материалдарына сүйене отырып, ләззат алу принципі адамның ақыл-ой процестері мен ақыл-ой әрекетінің негізгі табиғи реттегіші деген қорытындыға келді [132]. Сонымен, Фрейдтің пікірінше, мәдениеттің даму процесі-бұл мәдени ләззат алуға деген табиғи ықыласты біртіндеп алмастыру процесі, яғни мәдениет заңдылықтарына байланысты. Бұл принцип хош иістерді мәдениетте қолдануға негізделеді.

5. Емдік. Бұл функция бүкіл адамзат тарихында иістермен орындалады. Хош иісті қолдану әрдайым медицинамен тығыз байланысты болды. Хош иісті жақпа Шумер патшалығында, Ежелгі Египетте, Үндістанда, Қытайда, Грецияда, Римде қолданылды. Иіс бұл табиғи әлемге жатады, өйткені иіс біздің иіс жүйемізде әрекет ететін заттардың жиынтығы, яғни иістерді қабылдау механизмін физиологиямыз анықтайды, бұл табиғат. Адам үшін иіс белгілі бір бірлестіктер, тәжірибелер, сезімдер, мағыналар, яғни бұл мәдениет. Адамзаттың

дамуымен тек тарих қана емес, сонымен бірге адамның өмір салты да өзгерді, демек оның өмірімен бірге жүретін иістердің жиынтығы өзгерді. Иістердің семантикалық мазмұны өзгерді. Иіс мәдени құбылыс ретінде идеалды форма болып табылады, оны толтыру адамның мәдениеттілігіне, оның жеке тәжірибесіне, дәл қазіргі уақытта, жағдайға байланысты, яғни белгілі бір иісті бағалау оның объективті қасиеттерімен байланысты емес-керісінше, ол толығымен мәдениетке тәуелді.

Бұл тұрғыда барлық оңтүстікке тән үрдіспен Сыр өңірінде қазақ жанұяларында үйде адыраспанмен иіс шығарып, «үйді аластау» деген бар. Бұл үшін үйді энергетикалық тазарту үшін де адыраспанның бір бұтағын тұтатып, пайдаланған. Сонымен қатар үйлерінің қабырғасына жиі іліп қояды.

Бұдан біз адыраспан ғылыми тұрғыда медициналық пайдасы дәленденген өте құнды өсімдік екенін білеміз және семиотикалық тұрғыда бұл отбасының бұл рәсімді кәдімгі әдет-ғұрып ретінде санасына сіңіргенінен ақпарат береді. Егер сіз барған үйден адыраспанның иісі шығып тұрғанын байқасаңыз, бұл отбасының киелі өсімдіктің иісі жаман энергетикадан аластайтын қасиеті бар деген сенімі мықты екенін, дәстүрлі құндылықтарды берік ұстанатынын білесіз.

Ұлттық мәдени ерекшелігін танытатын бейвербал амалдар қатарына адамның киім-кешегі, киім киісі де жатады, яғни адамның киіну мәдениетіне қарап, әлеуметтік жағдайын, этникалық ортасын, жас мөлшерін анықтауға болады. Оның әлеуметтік мәні жайлы бейвербал таңбалар белгілейтін мән-мағына лингвистикалық сипат иеленгеніне көз жеткіземіз. Бұл семиотикалық таңбалар осы кездегі мәдени құндылықтарға байланысты «елдің тұрмыстық бейнесін» пайдаланған әдіс-тәсілдердің «атауы» немесе қоғамдық сананың бір көрінісі, яғни тілдік бейнесін білдіретін сөздер. Сонымен қатар, аймақтағы әлеуметтік мәртебеге қол жеткізудегі іс-әрекетінің бейнесін көрсеткен мәдени код болып табылады. Мысалы Сыр өңірі азаматтары климаттық жағдайға байланысты жазда аптап ыстық болғандықтан, киімдері мен көлік түстері ақшыл түсті болғанын қалайды.

Қазіргі таңдағы әйелдердің киім кию үлгісінен оларға тән әлеуметтік, жасына байланысты ерекшеліктерді байқаймыз. Әйтсе де, Сыр өңірінде, көбінесе ауылдық жерлердегі жиын-тойларда тұрмысқа шықпаған әйел затының орамалсыз, жалаңбас жүруі, ал келіндердің орамал тартуы қалыпты жағдай болып есептеледі. Осыған байланысты ұлттық-мәдени стереотиптерді де кездестіруге болады. Қазақ дүниетанымында әйел өзінің орамалымен көрікті. Ендеше, Сыр өңірінде дәстүрлі құндылықтар ұстанымында әйел заты бөгделердің алдында ашық-шашық жүруі құптарлық емес болып саналады.

Мұнда құндылықтар формасының үстемдігі рәсімдерге негізделеді және рәсімді киелі саналатын функциялар атқарып, белгілер, таңбалар басқарады. Дәстүрлік ұстанымдар олармен қабаттаса жүреді. Бұл рәсімдерді бұзу өңір мәдениеті үшін зиянды үдерістерге жол ашады. Қоғамда салт-дәстүрлер мен рәсімдер «биліктік» функцияларды атқарады, әлеуметтік ұйымдасу мен тәртіп билікке емес, нақ осы дәстүрлерге негізделеді, отбасылық дәстүрлі басқару болғандықтан ғана бағынбайды, оның дәстүрге сәйкес басқаруына орай бағынады. Нақ осы рәсімдер мен әдет-ғұрыптар Сыр өңірі халқының өмірі мен

тұрмысын қоғамдыққа, тәртіпке ұйымдастырады. Әлеуметтік тәртіптерді ұйымдастырып, белгілеп отыратын қабылданған әдет-ғұрыптардың шығу тегін киелендіріп ғасырлар қойнауынан бастауын алады.

Сыр өңірі қазақтарының құндылықтар сферасы құрылымының факторларына: 1. Үйлесімділік пен қоғамдық негізделген рулық қауымдастық пен ауқаттылық сезімі; 2. Қоғамда өз тағдырын белгілеу мен ынталандыруға негізделген кемелділік; 3. Синкретті діншілдік арқылы көрінетін трансценденттілік; 4. Қазақы сеніммен тығыз байланыста болатын тәуекел мен өзгерістерден, жаңалықтан мағына табу. 5. Руханилықтан мағына табу сияқты құндылықтарға бағдарлануларға бейім.

Дегенмен екі топқа бөлеміз ауылдағы қазақтар олар өз өмірлеріндегі өзгерістер, белгілі бір тәуекел мүмкіндігіне баруды жоғары бағалайды. Өзіне және өзгелерге байсалдылықпен қараудан мағына табудан байқалатын ұжымдық, рулық, туыстық құндылықтарды білдіретін қоғамдастық пен ауқаттылық сезімін жоғары бағалайды. Қалалық қазақтар ең алдымен индивидуалды құндылықтарға бағдарланулармен сипатталып, олар негізінен өзін жүзеге асыру мен қоғамда өзін белгілеуге, әсіресе, әлеуметтік табысқа қол жетуге бағдарланады. Оларға маңызды құндылық бағдар отбасы және материалдық ауқаттылық, ал ұжымдық және әлеуметтік құндылықтардың мағынасы кемірек болып табылады.

Жалпы барлық отбасының ұстанатын өзіндік қағидалары, дәстүрлері бар және ол дәстүрлер белгілі бір құндылықтар жүйесіне сүйенеді. Дәл осы құндылықтар арқылы отбасының қандай үлгіде екенін анықтауға болады. Сонымен қатар Сыр өңірінде отбасы институтындағы дәстүрлі мәдени құндылықтарға негізделген қарым-қатынастар қазіргі қоғам аясындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен үйлесе отырып, дұрыс бағытта дамып келе жатыр. Өңірдің полимәдени жағдайында дәстүрлі мәдени құндылықтардың сабақтастығы байқалады: үлкенге деген құрметтілік, кішіге деген ізеттілік. Құндылықтар жүйесі де айтарлықтай өзгеруіне қатысты Сыр өңіріндегі өзге ұлт өкілдері мен түрлі әлеуметтік топтар да отбасының басшысы еркек деп санайды, дегенмен отбасының дәстүрлі үлгісі эгалитарлы үлгіге ұласуда, бұл тұста дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы байқалады.

Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын сақтаудың мен өркендеуінің бейнесін былайша тиянақтап көрсетуімізге болады.

1. Сыр өңірінің көне түркі дәуірінен бері сабақтасқан мәдени құндылықтарының тарихи тамырлары тереңде жатыр. Ол арғытүптік, ділдік, генетикалық болмыспен бекітілген құбылыс. Сондықтан да, ол жалпы саяси тұрғыдан ықпал ететін әр түрлі біздің даму бағдарымызға қайшы келетін идеологиялардан сақтана алады. Оны 300 жылға жуық Ресейлік және Кеңестік отаршылдық кезеңде де өзінің бірегейлігін сақтаған, ұмытпаған дәуірден байқауымызға болады.

2. Сыр өңірінде дәстүрлі мәдени құндылықтар біздің мәдениетімізге сәйкес ауызша тараған. Жазба мәдениет қашанда үлгі, бірақ, оны түбегейлі жойып жіберу оңай. Ал ауызша тараған рухани мәдениеттің нақты материалдық нұсқалары да жоқ болғандықтан, ол халықтың ділі мен психологиясында, жадысында сақталған, сондықтан тарихи жады ұмытпайды.

3. Сыр өңірінің халқының жадысы психологиялық тұрғыдан мығым деп айтуымызға болады. Мәселен, дәстүрлі жыраулар институты халқымыздың жадысының беріктігін дәйектей алады. Олай болса, рухани құндылықтарымыз өңірдің мәдени сабақтастық жадысында бекітілген.

4. Сыр өңірінің халқы өзіндік бірегейлікке интенсивті түрде ұмтылуды қалап отыр. Бұл интенсивтілік бірегейлікпен жүруді қалайды. Қазіргі ұлттық құндылықтарымызға қайта оралу мен мультикультурализмді өркендетудің қатар жүріп отыруы бірін-бірі байытатын және толықтыратын үдерістер болып құрылуы тиіс. Өйткені, мәдениеттердің дамуы бір қалыпқа сыйғыздырылған шектеулі емес.

5. Сыр өңірінің мәдени құндылықтары қазіргі таңда жаңашылдық пен дәстүршілдіктің бірлігі аясында өркендеп келеді. Кейбір дәстүрлер мен салттар жаңашалған кейіпте бірегейленіп отыр. Бұл жай ғана мәдениеттердің өзара үйлесімділігі сияқты болғанмен, ол да көп қырлы құбылыс.

2.3 Бұқаралық мәдени құндылықтардың рәміздік негіздемесі

Әлемді баурап алған жаһандану дәуіріндегі мәдениетаралық өзара әрекеттесу аясындағы түркілік әлемнің рухани өзіндік біртұтастығын анықтап алу да, оның ықпалдасуының болашағын көрсету де өмір қажеттілігі болып отыр. Әсіресе, әлеуметтік психологияда кеңінен пайдаланылатын бірегейлену термині тұлғаның, сондай-ақ этникалық, діни, әлеуметтік, жыныстық, жас шамалық және кәсіби қауымдастықтардың ішкі тоқтамы мен өзіндік санасын белгілеу үшін қолданылады. Қазіргі кезде осы ұғым ұлттық деңгейдегі мәдени феномендер аясына кеңінен еніп отыр. Адам туылғаннан бастап белгілі бір құндылықтар жүйесін, әдетте, осы күйінде қабылдайды. Мысалы, отбасылық, топтық, ұлттық, мемлекеттік, өркениеттілік. Еркін таңдау қабілеті тек шығармашылық типтегі адамдарға тән. Нәсілдік, этникалық, діни және т. б. дискриминация жеке адамның эволюциялық қажеттілігі барысында оны топтық бірегейлік формасына енуге мәжбүрлейді. Мұндай топтар көп жағдайда өз ынтымағының арқасында өмір сүруге бейімді келеді [133, 44 б].

Дәстүр әлеуметтік өмірдің бойында көрініс табады, бірақ мәнісі әртүрлі болуы мүмкін. Бір салада оның принципіалды сипаттамасы болса, екінші салада минималды болуы мүмкін. Осылайша, дәстүр қоғам мен мәдениеттің «ұжымдық жадысы» болып табылады. Олар адамзат дамуының сабақтастығын қамтамасыз етеді. Кей жағдайда әлеуметтену мен инкультурация үрдісі де дәстүрге сүйенеді. Индивид дәл осы дәстүр арқылы ұжымдық жадыға қосылып, өткенді игере отырып, нақты кезеңге бейімделе бастайды. Бірақ әр ұрпақ дәстүрді өздігінше игереді, адамзат әр даму сатысында оған өзіндік бір сипаттама беріп, мәнісімен толықтырады. Мәдени мұраның кейбір элементтері қабылданып, кейбірі жоққа шығарылады, осы орайда олар жағымды да жағымсыз болуы мүмкін. Жағымды тұсы ол мұралар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі, игеріледі, ал артық немесе мүлдем жойылу керек дегендердің бәрі жағымсыз дәстүрдің қатарына еніп кете береді. Кей жағдайда дәстүр тек үлгі болудың орнына мәжбүрлік механизміне ауып кетіп отырады, бұл жағдайдың үлкен кикілжің туындауы мүмкін [134, 44 б].

Дәстүрге қарама-қарсы түсінік жаңашылдық болса, әлеуметтік-мәдени өзгерістердің алғышартын туындататын түрлі деңгейдегі жаңа мәдени үлгіні қалыптастыру механизмі болып табылады. Мәдениеттің басты қасиеті де осы, яғни, дамуға, жаңаруға деген қабілеті. Біз көз алдымызға инновациясыз қоғамды елестете аламыз, тіпті ондай қоғамдар бар да, оларды тұрақты мәдениет деп атап жатамыз, ал дәстүрсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Егер дәстүр негізгі қаңқа болса, инновация осы қаңқаның шатыры болады. Дәстүр қоғамның өмір сүруі үшін қажет болса, инновация осы қоғамның дамуы үшін қажет. Сондықтан тек дәстүрге сүйену қоғамды артта қалдырып, ілгері жылжуға жол бермейді [134, 145б.].

Қарама-қайшылықтарына қарамастан, дәстүр де жаңашылдық та өзара бір-бірімен байланысты, тіпті оларды саралау да қиынға соғады: бірде-бір инновация үнемі жаңашылдық болып қалмайды, осы сияқты дәстүр бастан-ақ дәстүр болып емес, ол да инновация сияқты туындаған болатын. Кез-келген жаңашылдық уақыт өте келе дәстүрге айналатыны айдан анық. Жаңашылдықты қабылдап, оны игере алу дәстүрдің өміршеңдігін білдіреді. Жаңашылдықтың этностың дәстүріне айналғандығын, этностың жадысынан инновацияны қабылдаған кезенді мүлдем ысырып, қабылданғандардың бәрі тарихтың бір бөлігіне айналған кезде ғана айта аламыз.

Ресей философы С.А. Арутюнов та жаңашылдықты қоғамды дамытуға жетелейтін үдеріс ретінде қарастырып, тіпті «күдіретті» саналатын жаңашылдықтар, дәстүрге айналғаннан кейін, қоғам дамуы барысында маңызды рөлге ие болады» дейді [135]. Осылайша, мәдениеттің ілгері жылжуы үшін дәстүр мен жаңашылдық бірдей деңгейде қажет. Екеуінің біреуіне ғана басымдық беру, кері әсерге әкеледі. Мәдени эволюция мен қоғамның мәдени жаңаруы, аталған екеуінің қаншалықты үйлескеніне байланысты. Дәстүр мен жаңашылдық бір-біріне бинарлық оппозиция болып табылады ма немесе бір-бірін толықтырады ма, бұл жаңарудың теориясы мен тәжірбиесі саласындағы негізгі мәселелердің бірі.

Жоғарыда көрсетілгендей, «дәстүр» ғылыми емес контекстте ешқашан өзгертілмейтін мәдени бекітілген қағида ретінде түсіндірілсе, жаңашылдық осы қағидалардың өзгеруі, «дәстүрдің» семантикалық антонимі ретінде түсіндіріледі. Осы кезге дейін «дәстүр» мен «модернизация» түсініктері де бір-біріне кереғар болса, «инновация» мен «модернизация» синоним түсініктер ретінде болды. Мәдени құндылықтың элементтері мен өткен шаққа жүгіну ескіден жаңаға өту үрдісінде жағымды рөл ойнауы мүмкін. Бұл жағдайда қоғамның жаңа қалпы мен даму мүдделеріне жауап беретін және ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді жаңадан түсіндіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік-саяси және мәдени-идеологиялық бағдарлар жүйесінің қалыптасуы міндетті шарт болып табылады. Адамдардың қарым-қатынасын тиімді реттейтін ортақ жүйеге дәстүрлер мен жаңашылдықтарды біріктіру-күрделі міндет. Бірақ, дәстүрдің жаңашылдықсыз болашағы жоқ екені, сонымен қатар жаңашылдықтың дәстүрсіз нәтижелі болмайтыны анық.

«Мәдени индустрия» ұғымын алғаш рет қолданысқа енгізген Франкфурт мектебінің өкілдері Макс Хоркхаймер мен Т. Адорно. Олардың пікірі бойынша, мәдениет индустриясы-өнер, кескіндеме, кино және т.б. салаларда біркелкі,

стандартталған жаңашылық жасау туралы өндірістік аппарат. Мәдениет индустриясы өндіріс пен тұтынушысы бар тауардың әртүрлілігі ретінде түсіндіріледі. Тұтынушы-ол көпшілік, олар капиталистік қоғамдағы стандартталған өнер арқылы әрекет жасау объектісі.

М. Хоркхаймер мен Т. Адорно мәдени индустрияны бір жағынан, мәдениетті экономика саласын жетілдірудің жаңа тәсілі ретінде қарастырса, екінші жағынан, мәдени индустрия адамның индивидуалдылығын жоғалтатын, бұқаралық мәдениетке тән құбылыс деп сын айтады. Соған қарамастан, авторлардың пікірі бойынша, мәдениет индустриясы капитализмнің тіршілік етуін қамтамасыз етеді, еркіндік иллюзиясын тудырады, индивидтің санасын бақылауға мүмкіндік береді. Мәдениет индустриясының мақсаты тұтынушының фантазиялық қабілетін тежеу арқылы пайда табу [136, 162 б]. Бүгінгі күні мәдени индустрия мәселесі әлі өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Батыс елдері мәдени индустрияны қайтадан экономиканың даму көзі ретінде қарастырады. Бір ерекшелігі егер М. Хоркхаймер мен Т. Адорно бұқаралық мәдениетке ғана тән мәдениет деп түсінсе, қазіргі кездегі маркетингтер мен арт-менеджерлер мәдени индустрияны адамның шығармашылық индивидуалдылығының жемісі және жақсы табыс көзі деп санайды. Бүгінгі таңдағы мәдени индустрия саласындағы іс-шаралар тұтынушыларға мәдениетті бренд ретінде ұсынады. Авторлардың пікірі бойынша мәдени индустрияның дамуында бұқаралық коммуникация құралдары маңызды рөл атқарады.

Мәдениет индустриясы мен бұқаралық коммуникациясын зерттеу барысында екі тарихи кезеңді бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең-іргелі. Ол адамдар алғаш рет әртүрлі коммуникативтік таңбалар мен нышандарды зерттеуден бастаған алғашқы қауымдық қоғамда басталды. Әлемде жаңа және жетілдірілген бұқаралық коммуникация құралдары пайда болған сайын мәдениет индустриясында да даму болады, өйткені ол қоғамдық көпшілікке бағытталған. Себебі, бұқаралық сана әлеуметтік өзара әрекеттесу мен ақпарат алмасу тәсілі болып саналады.

Қазіргі жаһандық үрдістер әлемді үлкен бір супермаркетке айналдырғандай тәрізді көрінеді. Адам, өнер, мемлекет, ұлт, ұлттық құндылықтар, мәдениет және т.б сөрелерде тұрған тауар тәрізді өзіне сатып алушылардың назарын аударуға ұмтылады. Бұл заманауи шынайылық. Бірақ ешқандай экономист, саясаткер, өндіруші, әсіресе мемлекет өзін супермаркетте өмір сүретін тауар ретінде көргісі келмейді. Осы себепті, мемлекет бәсекелестіктің артықшылығын көрсету үшін мәдениетке жүгінуі тиіс. Бұл мәселенің тағы бір жағы бар, ол ұлттардың, елдің өз елінің дамуымен қатар әлемдік мәдениеттің дамуына өзінің үлесін қосу. Біздің ойымыз бойынша, мұның шешімі-өз мәдениетімізді әлемдік деңгейге жеткізу арқылы әлемдік мәдениеттің дамуына үлесімізді қосу.

Сыр өңірінде де мәдени қатынастар жаңа құндылықтық жүйелердің орнығуына байланысты күрделене түсуде. Сондай мағынадағы күрделі және өзекті мәселелердің қатарына мәдени үдерістер құбылысының өзіндік көрінісін жатқызуға болады және ол практикалық тұрғыда ғылыми пайымдауды қажет ететін ерекше мәдени құбылыс. Жалпы бұл мәселеге тек теориялық мағынада

ғана емес, сонымен қатар соңғы уақытта мәселенің әлеуметтік-мәдени, рухани-практикалық қырларына да үлкен мән берілуде.

Жалпы кез келген өңірдің өзінің тарихында толыққанды тарихи субъект ретінде әлеуметтік-мәдени мағынадағы іштей ықпалдасу және ынтымақтасу мәселелерін зерделеуі этникалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейту тұрғысынан алғанда маңызды қадам болып табылады. Бұл мәселе қазіргі кезеңде тек теориялық жағынан ғана емес, сонымен қатар практикалық тұрғыда Сыр өңірі қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы жағынан өзіндік мәдени құндылықтарының сапасын төмендетпеуге тырысуы, мәдени біртұтастығын сақтауға талаптануының маңыздылығы артуда.

Қазіргі кезеңде Сыр өңірінде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келеді. Сыр өңірі қазақтарының құндылықтық әлемін семиотикалық талдаудың теориялық-әдіснамалық негіздері күрделі мәселелерді шешуде Сыр өңірі қазақтарының өмір салтына және құндылықтар дүниесіне ықпал ететіндігін байқаймыз. Осы тұрғыда Сыр өңірінде қазақтарының санасындағы құндылықтық-идеялық ұстындардың қалыптасуы және жаһандану жағдайындағы құндылықтық әлемінің жаңаруының салт-санамен ортақ тұстарына баса назар аударуға болады.

Бүгінгі виртуалды жазу мәдениеті негізгі қарым-қатынас құралы болып тұрған заманда мұның бөлініп, бір-бірінен рухани жаттануына, мәдени-әлеуметтік оқшаулануына, лингвистикалық және этнопсихологиялық ерекшеленуінің бел алуына себеп болып отыр [137, 20 б].

Сыр өңірінің қазақтарының ойлау машығының, мінез-құлқының, ардақ тұтатын құндылықтарының, ұстанатын әдет-ғұрпының және т. б. бірегейлігі көптеген әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты қалыптасқан құбылыс. Олардың ішінде қоныстанған өлкесінің табиғаты, шаруашылық жүргізу тәсілдері сияқты қосымша факторлар болғанымен, ең басты біріктіруші фактор тарихи санасының, тарихтағы оқиғаларға көзқарасының, тарихи жадының ортақтығы болып табылады.

Себебі, Сыр өңірінің қазақтарының рухани кеңістігінде ұлттық мәдениетіміздің төлтумалық мәйегі, дәстүрлі жәдігерлері барынша бірегейлікпен сақталған. Мәселен, осы тұрғыдан алғанда эстетикалық құндылықтарға негізделген ұлттық болмысымыздың басымдылық танытатын мәдениетке толықтай жұтылып кетпей әрі қарай өрбуі ұлттық келбеттің болашағы үшін маңызды. Ал, осы мағынадағы әлеуметтік қауіптер мен келешекке деген күмәнданулардың бар екені анық, әрине жаһанданудың сын-қатерлері кез келген әлеуметті өзіндік қыспаққа алады, оның ішкі әлеуетін өзіндік сынақтардан өткізеді.

Қазіргі Сыр өңірінің қазақтарының мәдениетінің тарихи бастауларын анықтау арқылы біз оның мәдени құндылықтар жүйесінің толық мәдени рәміздік картинасын жасай аламыз. Жалпы өзара мәдени қатынастардың жаңа қырларының анықталуы және ол негізінен құндылықтық бағдарларымызды қайта қарау мәселесімен байланысып жатады. Мәселен, кейбір жастардың өздерінің этникалық өзіндік санасына, тіліне, діліне салқынқандылықпен қарай бастағаны алаңдатады. Сыр өңірінің қазақтарының қазіргі замандағы әлемді

эстетикалық тұрғыда рухани игеруінің ерекше рәміздік белгілерін ашып көрсету үшін оның өзіне тән ерекшеліктерін ғылыми байыптау қажет және сонда ғана эстетикалық құндылықтардың мағынасы баршаға нақтылана түседі.

Эстетикалық түсініктер әлемдегі адами қатынастардағы, адамның табиғатпен қатынастарындағы ырғақты және көркем үйлесімділіктерді анықтаумен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда әсемдік әлеміне саяхат жалпы адамның дүниетанымдық кемелденуімен, біртұтастануымен тікелей байланысты. Өзінің ішкі әлемінің үйлесімділігін адам да, қауымдастық та құндылықтар жүйесін қалыптастыру барысында барынша қиындықтарға тап болады. Сондықтан құндылықтарды реттеудің қайнар көзі субъектінің әлемге деген қатынасын ретке келтірумен астасады [138, 29 б]. Сыр өңірінің қазақтарына дамыған ұлттық өзіндік бірегейлестік тән болып келеді. Рулар мен жүздерге бөліну дәстүрлі күшін сақтап қалуы, ең бастысы, ұлттық сананың, ұлттық түп-тамырлар мен ұлттық бірегейліктің сақталуы болып қала береді. Рухани және ұлттық мәдени болмыс, осы сияқты отбасылық және діни қатынастар аясында дәстүрлі өзіндік ерекшелік сақталған. Сыр өңірінің қазақтары отбасы-неке қатынастарында өзге ұлт өкілдерімен араласа бермейді. Адамның өзін қоршаған шындық феномендерімен байланысы арқылы қалыптасқан әлемге деген құндылықтық қатынасы, оның рухани іс-тәжірибелік белсенділігімен барабар, соншалықты әмбебап болып келеді.

Сыр өңірінің қазақтарының құндылықтар дүниесін талдау мейлінше нақтылықты қажет етеді. Сыр өңірінің қазақтары нені барынша құнды деп бағалайды? Әрине, материалдық құндылықтар, қоғамдық құндылықтар, ұлттық құндылықтар, рухани құндылықтар жөнінде айта беруге болады. Бұл аталған құндылықтар формаларының өзара кірігіп, бірін-бірі толықтырып отыратындығы немесе бір-біріне қарама-қайшы келетіндігі сөзсіз, яғни олар өзара шиеленісіп кеткен. Жалпы Сыр өңірінің қазақтарының қазақтарының басты рухани құндылығы, біздің ойымызша, ана тіліне деген сүйіспеншілік болып табылады. Әрине аймақтағы 96 пайызы ғана қазақтар болғандықтан, қазақ тілінде 99 пайызы сөйлейді және өздерінің таза қазақ тілінде сөйлеп жүргеніне күмән келтірмейді. Тіл-адам жанының сырларына бойлауға, ұлт болмысының, оның тарихы мен мәдениетінің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігін түсініп, пайымдауға мүмкіндік беретін бірден-бір құрал екендігінде күмән жоқ.

Мәдениеттің икемділігі, оның қоршаған ортаға бейімделу және өзгеру қабілеті көбінесе мәдени үлгілердің негізін құратын жаңа идеялардың айналу жылдамдығына байланысты. Тіл-адам тәжірибесін шоғырландырудың, сақтаудың, жеткізудің объективті нысаны. Тіл нақтылы мәндермен үйлестірілетін белгілер мен нышандардың жүйесі болып табылады. Белгілер мен нышандар әрқашан нақтылы мәнге ие болады. Адамдар белгілер мен нышандардың мәнін түсінуді білім беру процесінде игереді. Дәл осылар оларға айтылған мен жазылғанның мәнін түсінуге мүмкіндік береді [138, 46 б]. Дегенмен Сыр өңірі қазақтарына да нарықтық экономиканың заңдылықтары онда тұратын қазақтардың діліне, өмір-салтына, психологиясына әсер етіп, аздап дәстүрлі мәдениеті мен құндылықтарын тұтынушылық көзқарас біртіндеп ығыстырып барады. Бұл құбылыстарды жіктеп сараптасақ базар

экономикасының толқынына түсіп, тұрмыстық күй-жайы жақсарып, байи бастаған қазақтар, ұлттық салт-сана, мәдени дәстүр, адамдық этиканы ескеруден гөрі экономикалық мүддеге бой ұрып, атақ шығаруға әуестеніп кеткендер де пайда болған. Бұл топтағылардың дүниетанымдық түсінігі мен көзқарастары, адамгершілік қасиеттері материалдық жағдайлармен өлшенуге айналғанын аңғартады. Адамның рухани жетілуінің тетіктерін іске қосу қажеттілігі туындап отыр. Адам болмысының мәні тойып ішіп-жеумен, қызылды-жасылды киінумен, әдемі машина мініп саяхаттаумен анықталмайтыны белгілі. Алайда қазіргі экономикалық прагматизм шексіз байлыққа ұмтылысты арттырғаны қазақтардың пиғыл-пейілдеріне де әсерін тигізбей қалмады. Қазіргі таңда Сыр өңірі азаматтарының арасында өздері жайлы мәлімет беру үшін рәміздік тұрғыда сатып алынған материалдық мүліктерімен, қымбат киімдерімен, қымбат көліктерімен өзін-өзі таныстыру мүмкіндігін репрезентациялауға бейім, бұл белгілер арқылы басқалармен қарым-қатынас жасауда назарда болу мүмкіндігі деп қарастыратын топтар да бар.

Сыр өңірінде мәдениет үлгісінің таралуы үлкен топтар мен қоғамдар шегінде бұқаралық ақпараттар құралдары және әлеуметтік желілер көмегімен үлкен аудиторияға жеткізілуде. Бұқаралық ақпарат құралдары құндылықтарды қалың қауымға немесе макроортаға дейін жеткізеді. Алайда бұқаралық ақпараттар және әлеуметтік желілер көмегімен таралған идеяларды бұқаралық мәдениеттің бір бөлігі деуге болмайды. Біз күнде үлкен аумақта ақпараттар аламыз, бірақ одан игеру үшін аз ғана бөлігін аламыз. Егер де жаңа мәдени норма немесе құндылық кең аудиториямен, микроортамен мәдениеттің пайдалы, қажетті бөлігі ретінде қабылданатын болса, егер де ол қазіргі қоғамның басқа мәдениет үлгілерімен таласта төтеп бере алса, онда ол осының бөлігі болып қалыптасады. Әрі қарай қолдану барысында мәдени үлгі адамдармен игеріледі, тұлғаның жеке-дара мәдениетіне бөлінбес бөлік ретінде енеді, процесс қайталана береді.

Сыр өңірінде дәстүрлі қоғам мәдени талаптардың бұзылу жағдайын түзету, өңдеу, нақты ұлттық мәдени жүріс-тұрыс нормаларының шектен шығып кетпеуін қадағалап отырады. Осыған сәйкес инвектива күші белгілі бір нормаларды бұзуға салынатын мәдени тыйым күшіне тікелей қарама-қарсы тұрғанымен әлі келмейді. Бұл жағдай семантикалық тұрғыда сіңіп, әртүрлі нормативтік талаптар мен тыйымдары бар нақты мәдениеттердегі аксиологиялық толықтыруларға тәуелді кең спектрді қамтиды. Мысалы, дәстүрлі құндылықты дәріптейтін ролдік қалыптылық тыйым салынған тамақты, жеуге жарамайтын заттарды жеу, жағажайда қыздардың суға түсуі, шошқа етін жемеуі немесе осы аймақтағы қалыптан тыс жыныстық жүріс-тұрысты үлгілерін қатаң қадағалап отырады.

Сырдың табиғаты сырға толы екені белгілі. Қазір жаймашуақ болып тұрып, қазір аласапыран болып кетеді. Ал адам баласы тұрған жерінің табиғатына тартпай тұрмайды. Сыр өңірінде жүргізуші уақытында жүрмей қалса немесе жасыл түске түрлі себептермен жүрмей қалса барлық көліктер сигнал бере бастайды. Фрустрация-агрессия теориясы бойынша, басқа жүргізушілердің ашулануы ызаға, ыза қастандық әрекетке әкеледі. Бұл

жағдайда тоқтап қалған көлікке берілген белгі сигнал емес, ұзақ берілген қатты дыбыстар беріледі. Сондай ақ Сыр өңіріндегі қоғамдық көліктері де ашу, ызаны көрсететін орындарға айналуы да ондағы сапасыз қызметтің белгілері де наразылықтың қайнар көздері болып табылады. Бюрократиялық кедергілер, ұзақ күту немесе кез-келген жағдайлар агрессиялы реакция білдіруді жеделдете түседі. Бұдан туындайтын негізгі мәселе аверсивті стимулдың теріс ықпал жағдайын туындататыны. Бұл жағдайларда азаматтар өңірде болып жатқан оқиғалар жайлы әділ баға беріп, сарапқа салудың орнына ойлау қабілеттері тұйықтала береді, сөйтіп басқа жағдайларда өздерін бейтарап деп санап, қоғамдық дамуға негізделген стимулдарды теріс түсінуге бейімірек болып кетеді.

Сандық революция дәстүрлі концепцияны түрлендіріп, уақыт пен кеңістікті мекен етушілерге технологиялық революциядан да зор ықпал етіп жатыр. Атап айтқанда, Web 1.0-ден Web 2.0-ге дейінгі кезең тұтынушы мәдениетінен өз контентін жасауға мүмкіндік беретін мәдениетке қол жеткізді. 2016 жылдан бастап әлем Web 3.0 даму сатысына көшті. Web 3.0 интернет желісінің интеллекті толысты, жасанды интеллект зиятты тұтынушының қажетін өтеп, интернет пайдаланушыларының санын арттырды [139,6 б].

Медиа құралдары күнделікті өміріміздегі қоғамдық тіршілікті елестету мүмкін емес. Жасанды құбылыс табиғи сипат алды. Жылдан жылға БАҚ-тың адам өміріне араласу пайызы артып келеді. Радио, телевизия, мерзімді басылымдар және интернет адамның ойлау жүйесі мен пікір қалыптастыруына тікелей ықпал етуде. БАҚ-пен бірізді эволюциялық заңдылыққа бағынушы аудитория да түрлі өзгерістерге ұшырауда. Сонымен қатар өзгеріске тап болған көптеген жаңа медиаформаттар пайда болды. Олар:

- интернет порталдар;
- интернет БАҚ;
- интернет-ТВ (вебкаст);
- интернет-радио (подкаст);
- мерзімді баспасөздің онлайн нұсқасы;
- ұтқыр (мобильді) ТВ;
- кабельді ТВ;
- блогплатформа;
- әлеуметтік желі.

Ақпараттық технология өрістің ең динамикалық компонентіне айналғалы бері, әлеумет, саясат және қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде түбегейлі өзгерістердің орын алуына себеп болды. Рухани салада да үлкен төңкеріс байқалуда, ақпарат алу, тарату адам айтқысыз жылдамдыққа жетті. Демек, заманалы ақпараттық технология ойлаудың типтерінен бастап, білім алу формасы, қоғамдық пікір қалыптастыру дағдысы, рухани процестің бағытын түрлендіре алатын деңгейге жетті [140,17 б].

Сыр өңіріндегі қазіргі әлеуметтік мәдени ахуалын ғылым мен техника жетістіктерінің өндіріс пен тұрмыс салаларына кеңінен енуі мәдениеттің қызмет ету формасын күрделі өзгерістерге ұшыратты. Компьютерлік технологиялардың дамуы мен ғаламтордың кеңінен таралуы экрандық мәдениетті жаңа деңгейге көтеріп, «Кассеталық мәдениетті» видеокассета,

бейнемагнитофонды, радионы ығыстырып, рухани құндылықтарды өндіру, тарату мен тұтытуда өзіндік ерекшеліктер алып келді. Ол өмірдің әртүрлі жұмыс, білім алу, дем алу, шығармашылықпен айналысу және т.б. жақтарына деген қатынасты өзгертті. Таңдау, көбейту немесе тұтыну адамның өз еркі арқылы жүзеге асырылып, «үй мәдениетінің» ерекше типі қалыптасты, оның құрамдас элементтері қатарына кітаптан өзге CD дисктер, ғаламторға жалғанған телефон, радио, телевизор, видео және фотоқұралдар жеке компьютерлер құрады. Бұл арсенал «пәтердің жадында» жинақталған «әлемдік мәдениеттің банкісі» рәмізін береді. Жалпы әлеуметтендіру жүйесі түбірлі өзгеріп, адамның белсенді субъект ретіндегі рөлін өзгеріп, қатынастар саласының аумағын гаджеттер тарылта түсті.

Сонымен қатар әлемді билеп-төстеп, шартарапты шарлаған гаджет мәдениеті де Сыр өңірінде адамзатпен бірге жаңа дәуірге бет алды. Қаншалықты жоғары технологиялар рөлі, маңызы, күші, жылдамдығы тегеурінді қарқынмен артып, дамып келе жатса да, осы өндірістің қосалқы және қосымша өнімі, адамның қолындағы гаджеттер серігіне айналды.

Барлық тұста тұтынушы қоғам ретінде смартфондағы өзі қалаған бағыттағы ақпаратты қылғытып жұта беретін, талғамы мен эстетикалық көзқарасы ұялы телефонмен айқындалатын, гаджетпен өмір сүретін тұтас ұрпақ қалыптасты. Қазіргі әлеуметтік желі дегеніміз не? Бұл сүзгіден өтпеген ақпаратты қалғандары іліп алып кетеді. Кейбірі оны шынайы қабылдап жатады. Осылайша, тар шеңберді айналып жүр. Қоғам нені оқығысы, не тыңдағысы келеді, қайсысына қызығады, соған жүгіреді. Бұл да сауық мәдениетінің жалпы көрінісі, салтын, әдет-ғұрпын, дағдысын ұмытқан елдің хал-ахуалы. Сауық мәдениеті ұлттық мемлекет, дәстүрлі қоғамның айырма белгісін жойып, халықтардың қол созған құндылықтарын арзан ұғым-түсінік төңірегінде жинап, бәрін таяз, жадағай мазмұнға келтіреді, сөйтіп, теңестірілген бар мағына бір ғана мәнді білдіреді, ол – қызықтыру, жұрттың елтуі. Әлбетте, интернет басылымдар мен журналдар, сайттардың әлеуметтік норма мен құндылықтар трансформациясындағы ролі зор. Мәселен, қазіргі таңда «жылтыр мәдениет» интернет кеңістікте кеңінен насихатталуда.

«Жылтыр мәдениетке» қарсы тұратын сапалы контент қазақстандық сегмент, танымдық контент өте аз. Байыпты, әлеуметке пайдалы контент әзірлеуде шығармашылық бәсекелестік мүлдем байқалмайды. Интернет дүниесінің қарымы шетсіз-шексіз, бірақ адамзаттың туындыгерлік мүмкіндігі шектеулі. Атап айтар болсақ, контенттің басым бөлігі сырттан енеді. Әлемдік жаңалықтарды сараптау барысында объективтілік аз. Оның басты себебі дайын ақпаратты аударып беруімізде. Ақпараттың дұрыс-бұрыстығы, мүдделер қақтығысы ескерілмейді.

Мультимедиалық платформалардың форматы әлде де өзгеріске ұшырап, тәжірибе ретінде түрлі функциялар қосылуда, жаңаруда. Тұтынушының сұранысына орай өзгеріп немесе түрленіп келеді. Сыр өңірі жастары вайнер, блогер болып тұтынушы журналист немесе редакторға айналып, сайтқа тікелей хабар жолдауды бастаған. Осылайша, жаңа тұрпаттағы ақпарат жасалады; тұтынушы тұтынушылар үшін тізбегі пайда болады.

Дәстүр мен жаңашылдықтың дихотомиясы-заманалы әлеуметтік өзгерістердің теориялық аксиомасы. Бұл аксиомаға орай модернизация дегеніңіз-дәстүрдің құлдырауын, толыққанды жұтылуын білдіреді. Дихотомия жаңашылдықты, дәстүрді және әдет-ғұрыпты концептуалдау мен талқылаудағы когнитивті модель болып табылады.

Сыр өңірінен де қазіргі заманғы еңбек нарығы ХХІ ғасырдың Мерчендайзер, Логистик, Девелопер, Копирайтер, Джоббер, Коучер сынды жаңа мамандықтарын әкелді. Осы аталған және басқа да жаңа мамандықтар қазіргі заманғы еңбек нарығында өте үлкен сұранысқа ие және бұл мамандықтар енді мамандық таңдауға бет бұрған жастар үшін аса тиімді [141].

Дегенмен Сыр өңіріндегі ақпараттық технологиялардың жағымды салдарын қарастырсақ мәдени танымдық ролі күнен-күнге артып келеді. Интернет желісі білім алуға, пайым-парасатты, жалпы ой-өрісті кеңейтуге мол мүмкіндік беруде. Әлемнің беделді кітапханаларының электронды нұсқадағы кітаптарын қалың бұқара үйден шықпай оқи алады. Әсіресе ауыл-аймақта тұратын, сырт жұртқа шығып, саяхаттауға мүмкіндігі жоқ, бірақ мәдениет пен руханият жаңалықтарынан, әлемдегі ғылыми жетістіктерден хабардар болғысы келетіндер үшін интернет таптырмас рухани кеңістікті қалыптастырып отыр. Дегенмен интернеттен ақпарат алу мәдениеті ауыл-аймақта толық қалыптасып үлгерді деп айта алмаймыз.

Көпшілік мұраты қызық кешу философиясына құрылғандығын, бұқаралық сипаты ессіз көптің қасиетіне айналған бұқаралық мәдениет құбылысы Сыр өңірінде де бар ішкі мәнімен көрінбей, тысымен жұрт көзіне түсті. Бұл сипатты жіктей, зерделей келе үлкен мәселе бар екенін аңғарамыз. Алайда басты мәселе толассыз ақпараттар тасқыны мен идеологиялық ұстанымның «жылтыр мәдениеттің» жетегінде екендігінен қауіптенеміз. Ал, ежелгі рухани құндылықтардың тынысын тарылту жаппай жұтандық тудыратыны белгілі. Медиа кеңістік ұсынып отырған мәдени құндылықты қоғам еріксіз қабылдайды. Яғни медиа арқылы адамның мәдениеті, мәдени-идеологиялық талғамы тиянақталады. Одан кейін ғаламдық деңгейде осының барлығын қамтитын үлкен бір аксиологиялық карта қалыптасады.

Сыр өңірінде адамдар көбінесе материалдық сипаттағы мәселелерге алаңдаулы, себебі жастар, аз оқып, театрларға және көрмелерге азырақ бара бастады. Сондықтан оларға қызығушылық танытатын адамдар аз болса, әдемі нәрселерді жасағанның мәні қандай? Бұл енді материалдық мәселелерге алаңдаушылық және рухани мүдделердің жоқтығы-ұқсас дәрежедегі заттар. Шынын айтсақ, әрбір әлеуметтік қабаттың да осы материалдық алаңдаушылығының себептері өзіне тән: біреулер тапқан табысын керекті нәрселерге зорға жеткізеді, ал кейбіреулер қазіргі заманғы тұтынушылықтың құрбанына айналды: яғни неғұрлым көбірек болғанын қалайды.

Өзіміздің жеке даму векторымыздың болмауы идеология мен рухани саласындағы бос қуыстарға әкеліп соқты, ол бүгінде Батыстың бұқаралық мәдениетімен толтырылып жатыр. Мысалы, біздің қоғамымызға масскульттің ешбір шектеусіз экспансиясының тікелей нәтижесі-халықтың үлкен бөлігінің мүдделері эстрадалық жанрдан әрі, атап айтқанда, қазіргі заманғы қазақ попсасынан әрі қарай созылмайды. Мәдени бос уақыт осы попсаны тыңдаумен

және соның ырғағына билеумен шектелетін қазақстандықтардың үшінші буыны өсіп келе жатыр. Бізде тіпті мектептер мен балабақшаларда осындай музыка, балалар үлкендерге еліктеп, балалардың іс-шараларында қазіргі заманғы қазақ эстрадасының «опустарын» орындайды.

Қазақ дәстүрінде бұрын өнерпаздар көбіне өз өнерлерін, сауын айтып шақырылған ірі жиындарда, той-мерекелерде немесе арнайы шақыртумен келіп қыстап қалатын, арнайы қонақ болып түсіп айлап жатып паш етеді. Олардың ешқайсысы да төменде отырып төрдегілерге өнер көрсеткен емес. Олардың орны төрде еді. Ол аз десеңіз тақымдарының астына қос-қос құс жастық салынатын, сал-серілерге оң жақта отырған үкілі қыз, топтан таңдап сұлу келіншектерге шәй құйғызатын. Ал, ұзақ сала жыр айтатын жыршылардың шайын естияр кісіге құйғызып, көп ішінен көтермеші сайлайтын.

Қазіргі нарықтық кезең құндылықтар трансформациясында жоғары лауазымды басшыларды күткенде, елге келген "құрметті қонаққа" қонақасы бергенде, тіпті құда күткенде де өнерпаздар оларды күтіп алдында тұрады. Бүгінгі қазақтар үшін бұл жазылмаған заңға айналып кеткен. Қазіргі өнер иесі-өнерпазды ақысы төленген «қызметші» немесе «осылай болуға тиіс» деп түсінік қалыптасқан.

Түсінбейтін нәрсені қалай жақсы көруге болады? Яғни, бірінші кезекте бұл өнерді қабылдау-түсінудің қажеті жоқ төмен сапалы өнерді емес, жоғары сапалы өнерді қабылдау мәселесі. Әрине, бізде отандық және әлемдік мәдениеттің шедеврлерін бағалайтын білімді адамдар бар. Мәдени адамды тәрбиелеу мемлекеттің басымдықтарына кірмейтін болғандықтан-бұл әр азаматтың жеке ісі. Сондықтан да жоғары өнер сұранысқа ие емес: ол тек қоғамның білімді бөлігіне ғана тән, бірақ ешбір жағдайда көпшілікке лайықты нәрсе емес.

Ал көпшілік үшін бізде «мәдени іс-шаралар» кейде ауқымды және шағын акциялар бар. Бұл «мәдени іс-шараларға» белсене қатысатын шоу-бизнесі емес, халықтың жақсы талғамын қалыптастыратын, бұқаралық жоғары мәдениетті көтеретін маңызды жанрларды қолдап отыруы керек. Былай қарағанда бәрі түсінікті сияқты. Біздің өмір шындығымызға қарайтын болсақ, алдымен көрермендерді концерт залдарына, театрларға және галереяларға қайтару үшін біраз жұмыс істеу керек. Әзірше, түсінікті мемлекеттік мәдени саясаттың болмауы жағдайында және бірінші кезекке тұтыну сұранысы шыққан жағдайда, тіпті шынайы шығармашылық қабілеті бар адамдарға да жаппай мәдениет деңгейіне төмендей түсуге тура келеді, өйткені «ақшаны кім төлесе, музыкаға тапсырысты береді». Бұл жағдайда руханилықтың өзі, шын мәнінде, элитарийлердің қажеттіліне айналады, бұл әрине мәдени ассимиляциямен қауіпті.

Бұқаралық мәдениет қоғамды иммунитеті әлсіз күйдегі мәдениетке бейімдеп, мәдениетімізді үстіртін, тек материалдық жетістіктерге жетудегі әдістер мен тәсілдерді көздейді. Біздің бұрынғы өткеннен мұра болып келе жатқан мәдени құндылықтарымыздың толығымен терістелу шеңберінде жүзеге асыруға бейім қасиеттер орын алуда. Нарықтық қатынастарға бейімделген қоғамдағы басты мәселе өндіріс емес, тұтыну болып табылғандықтан, адамдардың мүдделері тек тұтынуды ғана көздейді. Шындығында да мұндай

жағдайда өмір сүрген адамдардың өз энергияларын қайда жұмсарын, қайда бағыттарын білмейді. Оған бұқаралық мәдениеттегі тобырдың басты тұлғалары мен идеялары белгілі бір саясаткерлер де, ғалымдар емес, актерлер, әншілер мен музыканттар, блогерлер, вайнерлер бола бастады. Бұқаралық мәдениет ең алдымен адамның санасыздығына, оның инстинктеріне бағытталған, яғни бұл қиял, өнер, кино, радио, теледидар, иллюзия таратып, елес сияқты мәдениетті тудырады. Бұқара мәдениеті адамдардың ойлау процестерін жеңілдеткені соншалықты, ақыр аяғында оның санасын да сөндіреді.

Осыдан адамдар жүзсіз, түрсіз, өз өмірінің мәнін де сезінбейді де. Яғни адамдар тек өздерінің тәндік мұқтаждықтарын қанағаттандырғандығына мәз болып, өз өмірінің мәнін осылардан тапқандай болады. Сонымен бірге бұл адам мойнына міндетті жүктемей, өзінен ешнәрсені талап етпей, өмірдің ағымымен жылжып жүреді, яғни өмірлік бағдарламасыз күн кешіп жатады, қайда бара жатқанын да білмейді.

Жалпы алғанда, «кроссмәдени» және «дәстүр» ұғымдары синонимдес болып келеді. Ал ұлт дәстүрді жүзеге асырушы да, дәстүр-бір-біріне қайнаса-бітіскен, тұрақты тұтастықтағы мәдени парадигмалардың кешені ретінде қабылдануы тиіс. Кроссмәдениет адамның барша іс әрекеті мен процестерінің айырылмас бөлшегі болған жағдайда ғана өміршең болады. Мысалы, өзін-өзі ұстай білуі, киім кию мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті және т.б. Дәстүр-тарихи қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін білімдер мен мінез-құлық формалары [142, 32б].

Кроссмәдени заңдылықтарды меңгеру арқылы тұлға белгілі-бір ортаның мәдени құндылықтық бағдарларын игереді. Осы себептен, тұлғаның өз мәдени құндылықтарын қабылдау дәрежесі оның өз ұлтына тиістілігін қаншалықты толық сезінуінен, оның мәдени сәйкестілігінің қалыптасуынан көрінеді. Қазіргі таңда кроссмәдени сәйкестілік толыққанды қалыптастырылмай, өз ұлтының ерекшеліктеріне немқұрайдылық сезімі жоғары болған жағдайда, сонымен қатар, өңірлік менталитет және өңірлік стереотиптер жиынтықтарының тұлғаның бойында сіңбеуінен маргиналдар қалыптасуда.

Кросс-мәдени ерекше мәселелердің жиналуымен, талаптар мен зерттеу бағыттарымен анықталады. Д. Мацумото зерттеу бағыттарының 2 түрін анықтайды.

Бірінші бағыт – ұзақ уақыттар бойы бір мәдениеттің тереңірек танып білуін қажет ететін этнографиялық зерттеу. Этнографиялық зерттеуді негізі басқа мәдениет өкілдерінің арасында өмір сүретін антропологтар жүргізеді. Бұл зерттеулер басқа мәдениет өкілдерінің салтын, дәстүрін, дінін және өмір сүру әдісін, тұрмысын зерттейді. Басқа мәдениеттермен салыстыру өзінің білімі мен зерттеушілер жинаған тәжірибесі негізінде жасалады. Бірақ анализ бірлігі ретінде мәдениет алынады.

Екінші бағыт – талдау бен тәртіпті жалғастыратын және екі немесе одан да көп мәдени топтардан индивидтерді психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдайтын кросс-мәдени салыстыру. Мацумотоның пікірінше, кросс-мәдени зерттеу үш түрлі болады. Біріншіден, бұл зерттеулер ғалымды қызықтырған мәдени детерминация жайлы болжамды тексеру мақсатында жүргізіледі.

Біз осы үлгі негізінде тәжірибе үшін екі таңдау тобы алынды. Кросс-мәдени зерттеу болғандықтан таңдау тобы ретінде Сыр өңірінде тұратын қазақ және кәріс ұлтының тұрғындары алынды. Әр топ 15 адамнан, яғни эксперимент толық 30 адамға жүргізілді. Этносаралық қарым-қатынастың кросс-мәдени ерекшеліктерін диагностикалық зерттеу жүргізу үшін мынадай әдістемелер алынды, олар: Л.Г. Почебуттің Флоренс Клохан және Фред Стродберг теориясына негізделген «Мәдени-құндылық бағдарлану тесті және экспресс сауалнама «Толеранттылық индексі» болып табылады. Л.Г. Почебуттің Флоренс Клохан және Фред Стродберг теориясына негізделген «Мәдени-құндылық бағдарлану тесті мәдени құндылықты бағдарлау тесті мәдениеттің қалыптасуының басты үрдісін анықтауға арнылған. Әдістеме 5 пайымдаудан тұрады. Әр пайымдау 3 нұсқадан тұрады. Клохан және Стродбек тұлғаны құндылық бағдарлау жиынтығы ретінде қарастырды. Бұл құндылықтар тұлғаның қандайда бір мәдени ортада әлеуметтену кезеңінде қалыптасады. Мәдениеттің құндылық детерминанттары және тұлғаның құндылық детерминанттары олардың зерттеулері бойынша бірдей қарастырылды [143]. Арнайы берілген кілт бойынша әдістеме респонденттердің берген жауаптарын проценттік арақатынас арқылы саналады. Бұл тест бойынша Л.Г. Почебут мәдениеттің 3 типін қарастырады.

1. Дәстүрлі мәдениет (ДМ) – адамдардың өткенге деген бағдарлауымен, дәстүр ұстанымымен, өз ұлтының тарихына деген қызығушылықтарымен ерекшеленеді. Бұл мәдениеттің адамдары табиғатты мәңгілік құпия болмыс ретінде қарастырады. Адам әлеуметтік ортадан тәуелді. Туыстық байланысқа, отбасы ішіндегі мәдениетке, діни мәселелерге көп көңіл бөлінеді. Ондай мәдениетте адамның ішкі бостандығына жол берілмейді. Ол іс-әрекеті, сондай ақ ойлары қоршаған қоғамның қадағалауында болады. Шешім қабылдау көбінесе ұжымдық түрде болады, ал шешімнің толық, соңғы шешім шығару жасы үлкен адамдарға беріледі.

2. Қазіргі заман мәдениеті (ҚЗМ) – адамдардың қазіргі ортаға, қазіргі заман мәдениетіне бағдарлануымен ерекшелінеді. Олар табиғатпен гармонияда тұрып, оны бағалауға және табиғи мәселелермен қызығуға тырысады. Адами болмыс қарама-қайшы құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл мәдениеттің құндылықтары адамға шоғырланған, яғни оның құқығына, оның мүмкіншіліктерінің дамуына, өзіндік дамуына. Адамдар арасындағы қарым-қатынас формалды түрде, әрқайсысының мәртебесі мен ортадағы рөлі тағайындалған. Өзінің жасаған іс-әрекетінің нәтижесі үшін материалдық емес, моральдық сыйақы алуға ұмтылады.

3. Динамикалық дамудығы мәдениет (ДДМ) – адамдардың келешекке деген, елеулі нәтижелерге тез арада жетуге ұмтылысымен ерекшеленеді. Олар өз алдына қысқа мерзімді жоспар жасай отыра, оны тез және айтарлықтай жігермен орындағысы келеді. Бұл мәдениеттің адамдары үшін «уақыт бұл – ақша». Табиғат еш құпия болып саналмайды. Өмір тез арада шешімін талап ететін мәселе болғандықтан, табиғат адамға бағынышты болу керек. Адамның басты болмысы табиғатты басқару болып табылады. Индивидуалды қызығушылыққа және құндылыққа көп көңіл бөлінеді.

Кросс-мәдени зерттеудегі салыстыру екі ұлттың «мәдени құндылықты бағдарлау» тесті бойынша шыққан нәтижесі бойынша қазақ ұлтының 74 пайызы дәстүрлі мәдениетке берілді. Яғни дәстүрлі мәдениет типі-адамдардың өткенге деген бағдарлануымен, дәстүр ұстанымымен, өз ұлтының тарихына деген қызығушылықтарымен ерекшеленеді. Бұл мәдениеттің адамдары табиғатты мәңгілік құпия болмыс ретінде қарастырады. Адам әлеуметтік ортадан тәуелді. Туыстық байланысқа, отбасы ішіндегі мәдениетке, діни мәселелерге көп көңіл бөлінеді. Ондай мәдениетте адамның ішкі бостандығына жол берілмейді. Ол іс-әрекеті, сондай ақ, ойлары қоршаған қоғамның қадағалауында болады. Шешім қабылдау көбінесе ұжымдық түрде болады, ал шешімнің толық, соңғы шешім шығару жасы үлкен адамдардың арқасында. Яғни, қазақ халқының әлі күнге дейін өз мәдениетін, салт-дәстүрін ұстанып, құрметтеуін байқауға болады. Нәтижелер бойынша, 19 көрсеткіші, қазіргі заманғы мәдениетке жататынын, ал қалған 7 пайызы динамикалық дамудағы мәдениет типіне жататынын көруге болады.

Әдістеме бойынша кәріс ұлтының көрсеткіштері зерттеудің нәтижесінен байқағанымыздай ең үлкен көрсеткіш 53 пайыз, яғни бұл екінші типтің көрсеткіші қазіргі заманғы мәдениет типі. Әдістеменің нәтижесі бойынша кәріс халқына тән мәдени тип ол қазіргі заманғы мәдениет типі. Қазіргі заман мәдениеті (ҚЗМ)-адамдардың қазіргі ортаға, қазіргі заман мәдениетіне бағдарлануымен ерекшелінеді. Олар табиғатпен гармонияда тұрып, оны бағалауға және табиғи мәселелермен қызығуға тырысады. Өзінің жасаған іс-әрекетінің нәтижесі үшін материалдық емес, моральдық сыйақы алуға ұмтылады. Қалған 30 пайызы дәстүрлі мәдениет тобына жатса, қалған 17 динамикалық дамудағы мәдениет тобына жатады. Яғни екі топтан да алынған нәтиже бойынша өзгешеліктер көруге болады. Шыққан нәтижелерге сүйенсек, қазақ халқының дәстүрлі мәдениет типіне, ал кәріс ұлтын қазіргі заманғы мәдениет типіне жатқыза аламыз.

Жұмыстың болжамы бойынша егер әрбір ұлттың этностық қарым-қатынасты психологиялық маңыздылығы әдіснамалық тұрғыда негізделініп, кросс-мәдени ерекшеліктерін толық анықтауға тырыстық. Эксперимент барысында толеранттылық пен интолеранттылықты, ұжымдылық пен индивидуалдылықты, коммуникативтілікті, мәдениет типтерін анықтайтын тесттер мен әдістемелер барысындағы нәтижелер бойынша, қазақ ұлтында ұжымдылық көрсеткіші басым болса, кәріс ұлтының индивидуалдылық қасиеті басым екені, қазақ ұлтының «дәстүрлі мәдениет» типіне, ал кәріс ұлтының «қазіргі заман мәдениет» типіне жататындығы анықталды.

Кәрістердің күнделікті дәстүрлі әдет-ғұрыптары, киім, тамақ, тұрғын үй, салт-дәстүрлер жергілікті мәдениетке сәйкес келеді және салт-дәстүрлерге негізделген өмір салтының маңызды бөлігі жойылды. Азық-түлікке келетін болсақ, көптеген жағдайларда ингредиенттер мен дәмдеуіштердегі айырмашылықпен трансформацияланғанын байқауға болады. Сондай-ақ, корейлердің тамақтану мәдениеті жергілікті мәдениетке әсер етті. Дегенмен, негізгі ұлттық кәріс тағамдарының кимчи, канжан, кочужан, твенжан-гук, көксу, туба, диаграм, чунпион, кадури және т.б. дәстүрлі құндылығы сақталды және жалғасуда. Сыр өңіріндегі кәрістер жергілікті мәдениеттің әсерінен

ассимиляцияға ұшырағанымен және ұлттық рухани және мәдени құндылықтарын сақтауға тырысқанымен, Сыр өңірі кәрістерінің рухани және мәдени құндылықтарының «жаңа» түрі қалыптасты. Кәріс диаспорасының рухани және мәдени құндылықтары Қазақстанның көпұлтты мемлекетінің мемлекеттік ресурсы және меншігі деп атауға болады.

Жалпы Сыр өңірінде этностардың ортақ дәстүрлі мәдени ортада болуына байланысты да осы мәдениетке бейімделіп қалыптасып, мәдени типтеріне сай белгілі бір мінез-құлыққа қатысты мәдени мағыналарының мазмұны да өзгерген. Сондықтан да Сыр өңірі этностарының тұлғаларының болмысында этникалық, лингвомәдени қауымдастықтарға және ортаға сай ортақ мінез-құлық қалыптастырған. Этностың тілдік санасы ұлттық мәдениеттің тұрақты құрылымының көрсеткіші болып табылғанымен, бұл өңірдегі өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтары, тілдік сана, әлемді тану, этноқұндылық, белгілік құралдар, тіл және әлем бейнесінде қазақы дүниетаныммен үйлесіп жатады. Ал әлем бейнесі мәдени қарым-қатынас ретіне материалдық көріністерін тілдік құрылымдарда табады. Сыр өңірі тарихи эволюциясында этностық табиғаты бойынша да аздаған мультикультурал болмыс бар. Әсіресе, осы кәріс ұлты өкілдерімен құдандалы болу т.б. олармен мәдени сұхбаттастық бар.

Дәстүрден жаңашылдыққа өту процесін біз технологияның дамуымен тығыз байланыстырамыз. Кезінде суретті негативтен басып шығару дәстүрлі, үйреншікті әрекет болса, суретті компьютерге сандық форматта жеткізу жаңашылдықты білдіреді. Яғни негативтен сурет шығару басында жаңашылдыққа баланғанымен, қазір ол ескірген «дәстүрлі» ұғымға айналып үлгерді. Демек, жаңашылдықты да тудыратын дәстүр болып тұр.

Ұлттық мәдениет пен мультимәдениет бетпе-бет келген ХХІ-ғасырда екіншісінің басымдығы байқалады. Яндекс жүйесінде «wordstat.yandex.ru» сервисі арқылы мониторинг жүргіздік. Түйін сөздерді өзіміз белгіледік. Кесте 1. 14 қараша-14 желтоқсан аралығында 2019 жылы Қызылордалықтардың іздеген-сөздерінің көрсеткіші.

Сөз	Кездесу саны
Қазақ	7249
Қызылорда	8484
Дәстүр	162
Рухани жаңғыру	459
Мәдениет	628
Құндылық	117
Мәдени ескерткіштер	22
Рәміздер	290
Мәдени мұра	87
Таңба	26
Сыр өңірі	19

Сыр өңірінде бұқаралық мәдениеттің қалыптасуын урбанизация үрдістерімен байланыстырғанымызбен, ауылдықтықтардың қалаға көптеп көшуі қоныстануы себебінен дәстүрлі әлеуметтік қатынастарды әлсірете алмады. Егер ауылдық жерде адам өмірі басқалардың көз алдында өтіп, ол бүкіл қауым өз тағдыры мен ауылдағы барлық мәдени құндылықтар үдерісіне қатыстылығын сезініп отырса, қалалық өмір оны тек аздаған өзінің болмысымен шектейді. Себебі Қызылорда қаласы таза қазақы дәстүрлі танымдармен жүретін ауылдықтардың көптеп келуіне байланысты нақты өзінің қалалық мәдениетін қалыптастырмаған. Сондықтан қалада тұратын ауылдықтар қалаға келісімен рулық-туысқандық коммуникациялық шеңбер жасап алады, ауыл мен қаланың ортасында дәстүрлі мәдени құндылықтарды тасымалдай бастайды. Ал қалған болмысының шектілігін ақпараттық-технологиялық саланың басымдылығымен, өзінің құндылықты ұстанымдары мен дүниетанымдық принциптерін таңуға талпынып, ендігі жерде БАҚ пен ғаламтор толтырады. Телеэкранды жаулап алған сериалдар мен ток-шоулар оның болмысына етене еніп, құрамдас бөлігіне айналып, экрандық мәдениеттің басымдылығы айқын білінеді. Дүниежүзін толығымен қамтыған ғаламторды жаһандық деңгейдегі ақпараттық-коммуникативтік экран деуге болады. Алғаш пайда болған кезінен бастап ғаламтор көптеген адамдар үшін негізгі коммуникативтік ортаға айналды. Оның басты себебі оның ашықтығы мен жариялығында, жүйедегі еркіндік пен теңдіктің шексіз мүмкіндігінде. Виртуальды кейіпкерлердің тағдыры оны туысқандарынан көп толғандырады. Я. Иоскевич айтқандай: «Желіде интербелсенді қатысушы болу бізге, ең аз дегенде, өзімізді әлемнің азаматы ретінде сезінуімізге мүмкіндік береді. Онда ғаламшар күнделікті референциялар кеңістігіне айналған. Мәдениет және бізді қоршаған қиялдағы дүние шынайы болмыс секілді өзге ырғаққа ие болады» [144, 96].

Дегенмен бүгінгі барша қазақ қоғамын толғандырып отырған руханилықтың тоқырауы, жастар мен жас жеткіншіктер арасындағы субмәдениет элементтерінің кең таралуы телеэкрандар мен кинотеатрларды, интернеттегі жаулап алған құнсыз ақпараттардың нәтижесі. Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы елі мен жерін қорғаған батырлардың орнын шоу бизнес өкілдері басты. Телеэкран мен әлеуметтік желідегі олардың бейнесі мен сән-салтанат пен рахатқа толы молшылықтағы өмірі қалыпты өмір мен тұрмысқа қажетті қарапайым тұтыну тауарлары мен басқа да игіліктерден айырылған жастар үшін мұратқа айналды. Осылайша жастар санасында «төңкерілген», «өңі айналған» құндылықтар басымдылыққа ие бола бастады. Осындай өтпелі кезеңде қоғамда нақты әлеуметтік мұрат қалыптаспаса, адамның өз мүмкіндіктері мен қабілетін дұрыс бағаламауы оны енжарлыққа душар етіп, оның бойында девианттылық жүріс-тұрыс пен мінез-құлықтың қалыптасуы мүмкін. Мұндай тұлға саналы немесе бейсаналы түрде өзін қоғамға қарсы қояды және өзі сияқтылармен топтасуға бейімділік байқатады.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамаланып отырған өркениеттік игіліктер мен оларды иемдену арасындағы сәйкессіздік, яғни басқаша айтқанда, қажеттіліктердің шексіз көбеюімен, оларды

қанағаттандырудың шектілігі арасындағы қайшылық әлеуметтік аномияға немесе тұлғаның транслиминалдык күйге түсуіне алып келуі мүмкін.

Бұл нарықтық тауарларды, ойын-сауықты тұтыну адамдардың өздерін зат арқылы тануын білдіріп, тұтыну немесе заттар фетишизациясы тек қана тұтынудың талғамдық және эстетикалық сұраныстарын анықтамайды, сонымен қатар қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік иерархия мен қатынастарды орнатады. Сыр өңірінде де ұлттық мәдениет туындылары мен құндылықтарын біз тек тұтыну факторы арқылы байқаймыз. Мысалы, Наурыз тойын өткізу барысындағы ұлттық нақыштағы киімдер киіп шығуы кезекті қойылым, ұлттық нақышта жасалған заттарды біз тек интерьер үшін қажетті сувенир, тіпті бұқаралық тұтынуға арналған кезекті таралым ретінде таниды. Бұл заттардың өзіндік шынайы мақсаттылығы мен мәнділігін жоғалтып, симулякрлармен ауыстырылып жатқандығын білдіреді. Мұның салдары заттар өз қызметтілігін жоғалтып, белгі қасиетіне ие болады, я болмаса тұтыну контекстіне еніп, аурасын жоғалтады, не болмаса өзін шынайылыққа емес, керісінше абстрактілі саналатын белгілер қатынасына негізделген жүйе шеңберінде тұтынушылық басты фактор ретінде орнығады.

Э. Фромм қазіргі адамның еркіндіктен бас тартуымен қатар, басқалардан да жаттанып бара жатқандығын алға тартады. Өзінің «Иелену немесе болу» атты еңбегінде ол қазіргі өркениеттің игіліктерін иеленуге талпынған адамның өз мәнінен алыстап бара жатқандығына алаңдайды. Қазіргі өркениетте, шындығында адамға қызмет етуге тиісті заттар мен игіліктер, түптеп келгенде, адамды өздеріне бағындырады. Сөйтіп, заттар мен игіліктер адамға емес, керісінше адам сол игіліктер мен заттарға қызмет етеді. Мақсат пен құрал арасындағы сәйкессіздік қазіргі адамды рухани күйзеліске ұшыратады, шынайы мақсат адамның кемелденуі мен өз қасиеттерін жетілдіруі, бірақ адам өзінің өмірін зат иеленуге бағыттайды. Г. Маркузе қазіргі техникалық өркениеттің тоқырауын оның адамды таңдау жасау мүмкіндігінен айырғандығымен байланыстырады, өйткені ол адамды өркениет игіліктерінен бас тартуға қабілетсіз етеді. Себебі, өркениет игіліктерінен, жалған қажеттіліктерді қанағаттандырудан бас тартудың өзі қазіргі адам үшін өмір сүруден бас тартумен бірдей. Сайып келгенде, қазіргі заманғы телекоммуникациялық құралдар әлемді үлкен тұтыну алаңына айналдырып жіберді. Қазіргі өркениеттің суық сипаты «тұтынылмайтынның құндылығы жоқ, мүдде бар жерде кісілік қасиеттерге орын жоқ» деген принциппен айқындалады.

З.Н. Исмағамбетова атап көрсеткендей: «виртуалды-кинематографиялық шындық экраннан нақты гиперреалды әлемге өтеді, ондағы индивид күш-қуатынан айырылған қуыршақ сияқты және болып жатқан оқиғаны сырттан бақылап тұрғандай күй кешеді. Жаттанудың иррационалдық формалары үстемдікке ие болған жағдайда деструктивті күштердің қалыптасуы орын алады, олар барған сайын «адамдағы» «адамилықты» жойып, үстемдік пен биліктің күшеюіне алып келеді» [145, 210].

Жаңа технологиялар әлемді жаңа эволюциялық белеске шығарып отыр. Бұл белесте ақпараттық қоғам бүгін «smart» терминімен белгіленіп отырған қоғамға айналады: smart-көлік, smart-энергетика, smart-тамақтану. «Ақылды» инфрақұрылымды қалыптастыру және «ақылды» технологияларды енгізу –

әлемдегі ірі мегаполистердің қазіргі дамуының негізі [146, 89]. Смарт-білім беру, смарт-кітапхана, смарт-кампусер және тағы басқаларды дамыту бойынша жеке бағдарламаларды ендіруге кіріскен университеттер санының өсуі смарт-технологиялардың қоғам өміріндегі шешуші маңыздылығының дәлелі. Бірақ, көбіне техниканы қолданумен байланысты смарт-тенденциялардың айқын басымдылығымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен рухани-адамгершілік саланың даму деңгейлерінің арасында алшақтық байқалады [146,90 б.]. Бұл ештеңе емес жаһанданудың келесі қадамы мультитілді браузердің ойлап шығарылуы. Бұған нақты жұмыстар істелуде. Бұл дегеніңіз бір тілден екінші тілге ешқандай пернені баспай аударып беріп отыратын браузер. Кез келген мемлекеттің сайтына кіріп оқи аласыз. Жалпы ұлттық мәдениеттің ең соңғы қорғаны бұл тіл десек әзірше Сыр өңірінде ағылшын тілі ғана емес, ресми тіл орыс тілінде сөйлемейтін аймаққа бұл жаңалықтың келуі де өз әсерін тигізбей қоймайды. Тіл ұлттың біртектілігін сақтаудың жолы еді. Енді мультитілділік браузерді қолданып бастаса, әлгі тілдік аквариум қирап қалады. Google компаниясы Pixel Buds сымсыз құлаққаптарын ұсынды. Олар әңгімелесуші келесі адамның сөздерін ағымдағы уақытта аударып береді. Pixel Buds смартфонға Bluetooth-интерфейс арқылы қосылады және қолайлы болу үшін өзара арнайы баумен біріктірілген. Өндірушінің айтуынша, бұл аксессуар қуат көзісіз 24 сағат бойы жұмыс істеуге қауқарлы. Жаңа құрылғының тиімді функциясы – синхронды аударма жасау мүмкіндігі. Бүгінде Pixel Buds әлемнің 39 дан астам тілінде сөйлейді. Бұл мәдениеттік шытынау басталып кетті дегенді білдіреді. Енді кез-келген шетелдік мәдениеттің шамасы бірден оған қорғанысы мүлдем жоқ объектіге айналады, ең қорқыныштысы оның мәдениетін, оның өмір салтын бағалауда ешқандай делдал жоқ.

Алайда, жаһандану дәуіріндегі нарық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беруде адамдық қасиеттерден гөрі маман ретіндегі бағалану алдыңғы қатарға қойылатыны жасырын емес. Бұл білім беру өзінің кең мағынасындағы маңызын жоғалтып, «шектелген» немесе Г. Маркузе тілімін айтқанда, «бірөлшемді» адамдарды өндіру коорпорациясына айналып кетпей ме деген сұрақты алдыға қояды. Осы тұрғыда академик Ә.Н. Нысанбаевтың ортаға салған мына бір пікірі өте орынды деп ойлаймыз: «мәдениет пен ғылым саласында либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының ықпалы артып отыр. Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен өзіндік мәдени мұраттары қатты қысымға ұшырауда, сондықтан олар өздерінің рухани мұраларын сақтап қалуға талпынуы керек. Бірақ сонымен қатар, олар батыс мәдениетінің нормаларымен де өзара әрекеттесіп, өзара толығуы қажет. Мәселе батыс мәдениетімен бәсекеге қабілетті болу үшін құндылықтарды қайта қарап, қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып дамыту туралы болып отыр. Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет» [147, 92 б.]. Т.Х. Ғабитов: «бүгінгі күрделенген дүниенің жаһандану

үдерісі кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу ең негізгі мәселенің бірі екенін атап көрсетеді. Бүгінгі күнгі ашық қоғам мен экономика, мәдениеттер интеграциясы және т.б. идеялар негізгі мәселелер болып отыр. Бұл жағдайда ұлттық бірегейлікті сақтап қалуды халықтың ішкі өмір сүру компоненттерін қорғаудан басталады: мәдениет, тіл, дін және т.б. Жаһандану мәселе етіліп көтерілген сайын, ұлттық өнерге, мәдениетке, тілге, дінге аса ден қою күшейіп келеді. Мәдениеттің тамырын ұлттық құндылықтармен байланыстырып, олардың шығу тегін зерттеуге деген қызығушылық өсуде. Олай болса, ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың ең ұтымды жолы-жас ұрпақтың бойында ұлттық руханилықты дамыту бағытында тәрбие мен білім беру»-деп, мәдениеттің ұлттық болмысының өзгешелігі оларды ерекшелендіріп тұратындығын келтірген [148].

Философ Қ.Затовтың пікірінше: қазіргі Қазақстан қоғамы алдында жаһандану талабына абыроймен жауап бере отырып, өзінің тек өзіне тән кемелдену жолын таңдау мәселесі туындап отыр. Біздің пікірімізше, Қазақстанда бұл үшін барлық алғышарттар қалыптасқан және ХХІ ғасырда Қазақстан әлемдік мәдени кеңістікке көп мәдениеттерді тоғыстыра отырып, өзіндік келбетін айқындаған өркениет ретінде енетіні күмән туғызбайды.

Бұл үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет:

а) отбасылық құндылықтарды сақтау және кеңінен насихаттау. Қазақстан халықтарының отбасы мен неке институттарының дәстүрлі формаларын дамыту. М. Әуезовтың «Ел болам десең бесігінді түзе» деген ұлағатты сөзі қазақ халқының өмірлік принциптерінің біріне айналуы қажет; б) қалалық және ауылдық аймақтардағы мәдени және бұқаралық спорт кешендерін қайта қалпына келтіру. Ауылдардағы ұлттық мәдениеттерді қолдау және дамыту; в) мәдениетті қолдаудың халық қорларын ашу және меценаттықты қолдау; г) мәдени үрдістердің ақпараттық қамтамасыз ету. Телеарналарда «Қазақстан халықтары мәдениеті» атты апталық шолу хабарларын ұйымдастыру. Арнайы мәдениет мәселелерін көтеретін мерзімді басылымдарды жарыққа шығару; д) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған әдебиет пен өнерге қоғамдық және мемлекеттік қолдау білдіру [149, 223 б].

Технологиялық интеграция жағдайында мәдениеттер өзара ықпалдасу мүмкіндігіне ие болды. Ал мұндай интеграциялық үдерісте мәдениеттің ақпараттық және коммуникативті қызметтері ұлттық мәдениеттің дамуына жағымсыз әсер етуі де ықтимал. Рухани мәдениет үлгілерін сақтау және насихаттау кез келген ұлт пен ұлыстың даму жолында, әсіресе транзитті қоғамда оңайға соқпайды. Сондықтан жалпы глобалистика ұстанымында руханияттың келешегіне қатысты үнемі екіұшты пікірдің болуы заңды деп білеміз. Біздіңше, келесі бір он жылдықта «смарт» руханият үлгілері қалыптасып, дәстүрлі форматты рационалды формат алмастырады, руханият үлгілерін «роботтандыру» процесі басталды. Келімді-қайтымды толқындар теориясына қайта оралсақ, интернет күллі жер жүзіндегі ұлттар мен ұлыстарды, олардың мәдениетін бір кеңістікке біріктіргенімен, қазіргі таңда әр халық өз ұлттық контентін құрып, оқшаулануға бет бұра бастады [150, 223 б].

Сыр өңірінің мәдени құндылықтары батыстық емес құндылықтарға: тұлғааралық қатынастардың түп негізділігіне, әрекеттенуші құндылықтардың

тұрақтылығына, рухани реттеудің салмақтылығына негізделген. Мәдени үрдістердің нақты бағыттары өзінің табиғи болмысынан ауытқымағандықтан, мимесистік сипаттағы батыс мәдениетінің таратылуына мүмкіндік бермейді.

Екінші тарау қорытындысы

1. Қорқыт Ата кешені мәдени ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның ішкі дүниесіндегі толғаныстарына өзіндік рәміздік белгілері арқылы мәнін нәзік жеткізіп, терең экзистенциалды мазмұнымен адам жадында мәңгі сақталады. Сондықтан, кешен дамудың ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да мәдени игілігіне айналып отыр.
2. Қорқыт Ата адам мен әлемді тануындағы және шындықты рухани-практикалық игеруінің негізгі рәмізі болып табылады. Ал Қорқыт Ата кешеніндегі рәміздер қоғамның тарихи-танымдық, рухани-ақпараттық кеңістігінде мәдени құндылықтардың шоғырын қалыптастырады.
3. Қорқыт Ата кешені мәдени ақпаратты тасымалдаудың және мәдени сабақтастықты қамтамасыз етудің коды ретінде байырғы түркі мұрасын сақтап қалудың заманауи үлгісі. Кешеннің құбылысы негізінен адам мен сайын даланың арасындағы үйлесімділікті іздейді.
4. Қорқыт Ата кешені дүниетаным мен мәдениетінің іргелі негіздерін зерттеу міндеттеріне адамның түркі әлемін бейнелеуінің әмбебапты формаларын білдіретін архетиптер мен рәміздерді семиотикалық талдауда тек рационалды ғана емес, сонымен қатар, сакралды әлемді игерудің қажеттілігі туындайды.
5. Сыр өңіріндегі дәстүрлі мәдениетіндегі негізгі архетип көшпенді шаруашылық мәдени типі бүгінгі күні тарихтың мұрағатында қалғанымен, оның мәдени жетістіктері әлемдік өркениеттегі өзінің маңызын жоғалтпайды. Қандай трансформациялық үдерістер өтсе де, ол қазіргі Сыр өңірі мәдениетінің құндылықтар әлемінің өзегін құрайтыны сөзсіз.
6. Сыр өңірінің дәстүрлі қоғамдағы мәдени мұрасын оқшауланған, тұйық күйінде емес, бүкіл түркі өркениеті кешенінде, үздіксіз әлеуметтік мәдени үдерісінде аясында зерттелгені дұрыс, сонда ғана өңірдің өзіндік ерекше сипаттамалық рәміздік белгілері ғылыми мағынада ашылады. Осының нәтижесінде мәдени құндылықтарға негізделген ділдік сараптау басталады.
7. Сыр өңірі қазақтарының құндылықтарға бағдарлану жүйелеріне ерекше әсер ететін этнопсихологиялық жағдайларға: этнос, отбасы, тегі, дәстүршілдіктегі өткен және қазіргі жаңа құндылықтарды сүзбелейтін этнофоралардың құндылықтарға бағдарланудың даму сипаты мен бағыттылығын анықтайтын дәстүрлі әлеуметтік институттар жатады.
8. Сыр өңірі дәстүрлі мәдениеті түркілік мәдениеттен бастау алатындықтан, өңірдегі сабақтастық арқылы беріліп келе жатқан рухани-этникалық құндылықтарды зерттеу, оның сырын ашу осы өңірдің ғана емес, сонымен қатар жалпы елдің мәдени байлығына қосқан үлесі болып табылады.
9. Сыр өңірінің ділін семиотикалық тұрғыдан талдау тек танымдық зияткерлік әдістің ерекшелігінен ғана емес, сонымен бірге ол өңір халқының ішкі даму ерекшеліктерінен туындайтын құбылыс. Ұлттық дүниетанымды семиотикалық талдау ұлт болмысын отбасы тәлімі контекстінде қарастыра отырып, оның рухани дүниесі мен өмір сүру астарына үңілуге мүмкіндік береді.
10. Мәдениеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы, ең бірінші кезекте белгілі бір әлеуметтің тіршілік қызметінің негізі ретінде уақытты түсінумен байланысты болады. Дәстүрлі мәдениет уақытты өлшеудің сызықтық желілік

емес, циклдік өлшемін жасайды және оның негізінде жаратылыстық-табиғи ырғақтар жатады.

11. Сыр өңірі халқының мәдениетінің рәміз-рәсімдік түсініктері арқылы мәдени кеңістігі ерекшеліктерімен танысуға болады. Себебі мәдени кеңістіктік ұйымдасуы өмір салтының детерминизмі ықпалынан туындаған. Олардың терең мағынасы мәдени кеңістік қатынас ерекшелігіне байланысты қалыптасқан халықтың тұрақты дүниетанымдық түсініктерін білдіреді.

12. Өзіндік мәдени стереотиптердің модификациясы немесе оларды саналы түрде қайта қарастыру айналамызда бой көрсетіп жатқан жаңа мүмкіндіктермен тығыз астасып жатыр. Кеңістіктегі интенсивті әрі ілеспе коммуникациялар дәстүрлі құндылықтарды қабылдауға зор кедергі жасайды.

13. Сыр өңірі халқының мәдениеті аса күрделі трансформацияларға дәстүрлі көшпелілік қарым-қатынастарға сырттан танылған тоталитарлық коммуникациялар және олардан қазіргі өркениеттің ақпараттық толқынына негізделген заманауи коммуникацияларға негізделген.

14. Кросс-мәдени зерттеудегі салыстыруда өңірдегі этностардың құндылықтарға бағдарлануға әсер ететін әлеуметтік тәжірибенің рөлі анықталды. Өңірде тұратын өзге ұлт өкілдері құндылық сферасындағы күзіреттілік пен табыстылық жергілікті этностың салт-дәстүрлерді сақтауымен салыстырғанда маңызды рөл атқарады.

15. Сыр өңірі халқының жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желіге қатысуы-бұл басқа адамдармен және мәдениеттермен байланыс орнатудың мүмкіндігі ғана емес, сонымен бірге өсіп келе жатқан әдеттер желісі және жаңа құндылықтардың тасымалдануы.

3 ҚАЗІРГІ СЫР ӨНІРІНДЕГІ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҮДЕРІСТЕРІН МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар үдерістерін мәдени-әлеуметтік зерттеу тәжірибесі

Зерттеу барысында Сыр өңірі азаматтарының мәдени құндылықтар құбылысының өзекті мәселелерін, құндылықтарға деген көзқарастарын әлеуметтік сауалнама алу арқылы талдап, ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылды. Сыр өңіріндегі қазіргі таңдағы жүріп жатқан мәдени құндылықтар үдерісі ерекше назар аудартады және оларды мәдени антропологиялық талдау өтпелі кезең жағдайындағы өзіндік сананың дамуының әлеуметтік-мәдени заңдылықтарының жетекші үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың қалыптасуы негіздері мен себептерін, қозғаушы күштері мен құрылымын анықтау, өтпелі кезеңдегі оның әр түрлі көріністерін айшықтау өзектілігі зор мәселе болып отыр. Қазіргі таңдағы Сыр өңірінің халқы қандай құндылықтарда басымдылық танытады? Қоғамдағы мәдени құндылықтардың даму үдерісіндегі көптеген қайшылықтардың қайнар көздерін олар немен, қандай үрдістермен байланыстырады? Міне, осындай көптеген сұрақтарға бұл бөлімде жауап табуға талпыныстар жасалынған.

Зерттеу міндетіне Сыр өңірі азаматтарының мәдени құндылықтарды бағалауы, қанағаттану дәрежесін айқындау, топтардың мәдени құндылықтарға деген іс-әрекетін ұйымдастырудың белгілі бір жүйелерге бейімділігі сипатының өзгерістерін зерттеу, мәдени құндылықтарға қатысты туындайтын қоғамдық өмір мәселелері мен әлеуметтік шиеленісу факторларын анықтау, мәдени құндылықтарға деген тұрақты түсініктері мен олардың сақталу деңгейін, сонымен қатар, бұл түсініктердің әлеуметтену дәрежесін зерттеу, мәдени құндылықтарға деген көзқарастары мен ұстанымдардың сәйкес келмеген жағдайда шиеленіс деңгейінің артуы дәрежесін анықтау болып табылады.

Қазақстан жастарының рухани құндылықтарын қарастыру барысында жалпы рухани құндылықтарға талдау жасаған философ С.Е. Нұрмұратов: «Құндылықтар адам өмірінің мәнділігін, бағыт бағдарын анықтаушы рухани күш ретінде қала бермек»-дей келе былай деп тұжырым жасайды: «руханилық орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыттылыққа жеткізеді» [151, 178].

Сыр өңірінде де мәдени құндылықтардың құрамында жаңа құндылықтар орнығуына байланысты күрделене түсуде. Сондай жағдайда күрделі және өзекті мәселелердің қатарына жаңа мәдени құндылықтар құбылысының өзіндік көрінісін жатқызуға болады және ол прагматикалық тұрғыда ғылыми пайымдауды қажет ететін ерекше мәдени құбылыс болып табылады. Жалпы біз өзіміздің мәдени құндылықтарымызға тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени, рухани-тәжірибелік қырларына, қоғамдағы жүріп жатқан мәдени үдерістерге үлкен мән беруіміз керек [152, 5 б].

Жалпы әлемдегі күрделі-қайшылықты саяси-экономикалық өзгерістер түптеп келгенде, жалпы мәдени-әлеуметтік және рухани-құндылықтық бағдарлардан туындайды немесе оған айтарлықтай өзгерістер енгізеді. Бұл жаһандану заманындағы мемлекетаралық кеңістіктің ашықтығына байланысты елімізге өзіндік жағымды-жағымсыз ықпалын тигізетіндіктен, әсіресе, оның теріс әсерлерінің ұлттық руханияттық аймаққа бойлай енуі, келесі кезекте біз қарастырып отырған мәселенің мәдени құндылықтар тұрғысындағы өзектілігін білдіре алады. Бұл да өз кезегінде Сыр өңірі азаматтарына да ықпалын тигізеді, мұндағы қалыптасып келе жатқан жаңа буынның мәдени құндылықтары мен рухани танымының қалыптасуына оңды өзгерістер мен қатар жағымсыз әдеттерді де қалыптастыруға қарай бет түзейді. Бұл жастардың мәдени танымдық қатысуына, мінез-құлқына тікелей әсер ететін құбылыс. Сондықтан бұл құбылысты мәдени антропология ғылымы тұрғысынан жан-жақты зерттеудің өзектілігі теориялық жағынан ғана емес, тәжірибелік жағынан маңыздылығы бар.

Біз осы диссертация негізінде «Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау» атты зерттеу жобасы аясында әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Сауалнама Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттері арасында жүргізілді. Сауалнама жүргізуге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің таңдалып алынуы өңіріміздегі ең басты жоғары оқу орыны және сонымен қатар облыстың барлық ауданынан студенттер келіп білім алуына байланысты біз сауалнама жүргізгенде бүкіл өңірді қамтыдық деуге негіз бар. Зерттеу жұмысы таңдамалы топ негізінде жүргізілді, бұл анық әрі нақты мәліметтер алуға мүмкіндік тудырды. Сауалнама жұмыстарына 18-25 жас аралығындағы 500 студент қатысты.

Себебі жастар социумның жай ғана бөлігі ғана емес, ертеңгі күні қоғамның барлық саласындағы бүгінгі ересектерді алмастыратын дайын ресурс болғандықтан, келешектегі заманның келбетін жасап береді. Ендеше, «олардың пайымдаулары мен дүниетанымы, өмірге және өз міндеттеріне деген көзқарасы, мәдени құндылықтар мен игіліктерді түйсіну деңгейі қандай» деген сұрақтарға бейтарап қарауға болмайды. Нақтырақ айтқанда, ұлттық мемлекетіміздің болашағы оларға тікелей байланысты. Сондықтан да сауалнама жүргізудің мақсаты-қазіргі жастардың дұрыс деп табылған дүниетанымын, игілікті рухани құндылықтарын қалыптастыру үдерістерінің зерттеу мәселесінің шегін анықтау [152, 56.].

Әдетте, ғылыми теорияға ұласқан әдістеменің нәтижесі іс-тәжірибе жүзінде тексеріліп отырылады. Яғни, әдіс пен теорияның арақатынасы іс-тәжірибе арқылы сараланады. Сондықтан да, әдіс атаулы ілгерідегі зерттеудің теориялық нәтижесі ретінде қабылданса, әдістеме алдағы зерттеулердің бастауы болып отырады [153, 12].

Сонымен қатар олардың құндылықтары қандай, қазіргі кездегі қалыптасуының, қызмет етуінің және өзгеруінің шарттары мен үрдістері қайда беттеп бара жатыр, сондай-ақ осы бағытта қандай оңды және тиімсіз өзгерістер арнасы қалыптасып келеді деген сауалдарды мәселе ретінде ұсына отырып, оларды ғылыми тұрғыда зерделеумен шешімін табады. Бұл тек

мәдениеттанулық ілім бойынша ғана емес, психологиялық, әлеуметтанулық, әлеуметтік философия әдістері арқылы да арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Сіздің ойыңызша, «мәдени құндылық» дегеніміз?



«Мәдени құндылық» дегеніміз не деген сауалымыздың барлық жауаптары мәдени құндылықтарды білдіргенмен респонденттердің жауапты таңдауы арқылы теориялық ықпалын білгіміз келді. Сонымен сауал барысында қоғамның, шығармашылық күштер мен адам қабілетінің, адам өмірінің өзара қатынастары мен өмірді ұйымдастыру түрлері 9,20%, материалдық және рухани құндылықтар дамуының тарихи белгілі бір деңгейі.3,60%, материалдық және рухани қажеттіктердің өтелуі 15,20%, салт-дәстүр, түсініктер мен пайымдардың нысандары, білім мен дағдылар, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар өзге де құндылықтар 71,60% респонденттер жауап берген.

Сіз өңіріміздегі мәдени құндылықтарға қатысты жүргізіліп жатқан іс шараларға қызығушылық танытасыз ба?




Өңіріміздегі мәдени құндылықтарға қатысты жүргізіліп жатқан іс шараларға қызығушылық танытып, қадағалап отыруы 78% болу себебі Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарды танып-білу және оны дәріптеу деңгейінің жеткіліктігі, мәдени құндылықтарды насихаттау және көпшілікке тарату бойынша ақпараттық жұмыс қазіргі заманның саяси және идеологиялық

жұмысының критерийлеріне сәйкес келіп тұрғанын, ұлттық мәдени іс-шаралармен халықты қамту деңгейінің жеткіліктігін байқатады.

Дегенмен мәдени іс-шараларға қызығушылық танытпайтын 17% және жауап беруге қиналатын 5% респонденттер бар екендігін ескерсек бұл Сыр өңірінің бай мәдени дүниетанымдық інжу-маржандары мен мұрасының жүйеленуін, мәдени құндылықтарды сақтап, одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шаралар бойынша ауқымды жұмыстардың кең таралуын және насихатталуын қажет етеді. Ол өз кезегінде жаһандану дәуіріндегі Сыр өңірінің рухани қауіпсіздігін, мәдени өзіндік төл-тумалылығын, ұлттық және мәдени бірегейлігін және жаңа қоғамдық сананы қалыптастыруға өзінің үлкен әсерін тигізеді [152, 66.].


Сіз қоғамдық ортада мәдени құндылықтар мен мәдени тәртіп нормаларын сақтайсыз ба?



Жалпы барлық кәсіби мәдениет нормативті, өйткені ол адамдарға ең жоғарғы үлгідегі-«дүниежүзілік стандарт» деп аталатынға сәйкес талаптар қойғанымен, мәдениет нормаларын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-жоралар, тыйым салу нақтылай түседі. Бұл әлеуметтік институттардың өздері де қайсыбір нақты жағдайда қажетті тәртіп үлгісін орнықтыратын нормалар болып саналады. Құндылықтар мен мәдениет нормалары тығыз байланысқан, яғни нормалардың өзі мәдени құндылықтар болып табылады. Мәдени құндылықтар мен нормалардың бірлігі мәдениет субстанциясын, оның «денесін» құрайды.

Яғни қоғамдық ортада мәдени құндылықтар мен мәдени тәртіп нормаларын сақтайсыз ба деген сауалға сақтаймын деп 73% жіі сақтауға тырысамын деп 20% респонденттер өңірде мәдени құндылықтық нормалар жүйесін сақтау арқылы әлеуметтік ықпалды күш болып табылумен қатар, күнделікті тәртіп нормалары-қарапайым әдептен бастап құқық және мораль нормаларымен аяқталатын қоғамның әрбір адамға қоятын талаптарын орындайтындығын, сонымен қатар когнитивтік, жүріс-тұрыс, пракссологиялық буындардың бәрі бір-бірімен өзара тығыз байланысқан, өзара әрекеттес екенін байқатады.

Сіздің ойыңызша қазіргі таңдағы жастардың мәдениеті келешектегі қоғамдық даму үдерісінің негізі бола ала ма?



Қазіргі таңдағы жастардың дүниетанымындағы өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, зерделеу теориялық міндеттер тұрғысынан қалай қажет болса, өмірлік мақсат-мүдделі тұрғыдан да солай маңызды. Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі, яғни еліміздің егемендік алуы қаншама құндылықтарға жол ашты. Қоғамның бағыт-бағдары, қажеттіліктері мен себеп-салдарлары түбегейлі өзгерді, мұның өзінің жастардың ой-санасына, өмірлік ұстанымдарына әсер-ықпалы болмай қалған жоқ.

Қазіргі таңдағы жастардың мәдениеті келешектегі қоғамдық даму үдерісінің негізі бола алады, ұрпақ алмасуына орай қоғамдық санадағы өзгеріс үлкендерді мазаламай тұрмайды. Сауалнама нәтижесінде қазіргі таңдағы жастардың мәдениеті келешектегі қоғамдық даму үдерісінің негізі болады деп 92% респонденттердің жауап беруі, бұл жастардың қоғамдық өмірде батыл да ашық екенін байқатады.

М. Мид ұрпақтардың мәдени сабақтастығы мәселесін зерделей отырып, мынаған назар аудартады: мәдениеттің белгі үш түрі ішінен, атап айтқанда, бейнелі мәдениет, ең бастысы, болашаққа бағдар береді. Дәл осы мәдениетте үлкендер өз балаларынан үйренеді. Жас адамдар қазір өз аталары мен әжелері, әкелері мен шешелері білмейтінді біледі. Жастар үлкендердің айтқан ақылдарынан ғибрат алып қана қоймайды, өздері де өмірдегі бар проблемаларға жауап іздеуге тырысады. Сондықтан өмірлік, мәдени және білім деңгейі, саяси мәдениеті, әлеуметтік шындықты түсініп, зерделеуде жаңа ұрпақты, оның кемшіліктеріне қарамастан, әрине, аға буындардың жас кезіндегі деңгейімен салыстыруға болмайды.


Бұдан біз Сыр өңіріндегі трансформациялық үдерістің ерекшеліктерінің бірі ұрпақтардың құндылық қақтығыстары жоқ екенін байқаймыз. Бұл аға ұрпақтың мәдени құндылықтар мұрасын тасымалдауда іс жүзінде жүзеге асырылып отырғандығын сипаттайды. Дегенмен жаңа ұрпақтың әлеуметтенуі құндылық бағдарлары мен құндылық иерархиясының радикалды өзгерістері көлеңкесінде өтіп жатыр. Сонымен қатар, мәдени құндылықтардың да типтерінің де өзгерістерге ұшырап жатқандығын атап өтуге болады.

Дегенмен мәдени құндылықтардың тасымалдау процестері әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қанағаттанарлық ақиқаттардың өзгерістеріне жауап беретін нормалардың регулятивті қызметінде, тәртіп стереотиптерінің,

иерархия мен дәстүрлердің, салттардың, білімдер мен нышандардың әлеуметтік танылған ұрпақтан ұрпаққа берілетін жеке тұлғаның интернализациялануына немесе әлеуметтенуіне байланысты болады.

Сонымен мәдени әмбебап идеялар қатарына жататын мәдени құндылықтар әрбір ұлттық мәдениетте өзінше ерекше формада көрініс береді. Ал, оларды тасымалдаушы, паш етуші рөлді атқарушылар біздің қатысушы респонденттер болуы мүмкін, бірақ оның ұғымдық сипат алатын кездері де болады [152, 76.].


Сіздің ойыңызша жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік мәртебесі оның мәдени құндылықтарды бағалауына әсерін тигізе ме?



Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады, ол үшін соған сәйкес оның құқықтары мен міндеттері, яғни белгілі бір әлеуметтік мәртебесі болады. Қазіргі пікірлерге сәйкес әлеуметтік мәртебе-бұл кәсібіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, саяси мүмкіндіктеріне, жынысына, шығу тегіне, отбасы жағдайына сәйкес, қоғамдағы, қоғамдық-саяси өмірдегі топтың немесе тұлғаның арақатынас жағдайы.

Осы арақатынас жағдайында жеке тұлға қоғамдағы мәдени құндылықтарды жете ұғынып, саналы түрде меңгеріп алады немесе мәдени құндылықтарды қоғамдағы білім мен тәрбие алу процестерінде пайда болған адамның сапалы ақыл-ойы, мінезі, оның ойлау қабілеті, сезімі ретінде қарайды. Жеке тұлғаның мәдени мұралар мен мұраттарды, яғни алуан түрлі құндылықтарды, ережелерді, нұсқауларды, жоғары адамгершілік қасиеттерді, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, бүкіл адамзаттың озық тәжірибесін жан-жақты меңгеріп, бойына сіңіруі, оның мәдени құндылықтарды бағалауына әсерін тигізеді. Сауалға 81% респонденттердің әлеуметтік мәртебенің мәдени құндылықтарды бағалауына әсерін тигізеді деп санауы бұл өңір азаматтарының мәдени құндылықтарға деген жауапты қатынасын байқатады. Себебі жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесі тәжірибе барысында бойындағы қасиеттердің дамуы және қоғамдағы мәдени құндылықтармен ұштастырылып, әлеуметтік процестермен біте қайнасуына әкеледі. Жеке тұлға әлеуметтік мәртебесі арқылы қоғамдық қатынастарға араласып қана қоймайды, оған қажетті материалдық және рухани құндылықтарды жасап шығарады, соның арқасында қоғамның дамуын алға жетелеуші факторға айналады. 17% респонденттер тұлғаның әлеуметтік мәртебесіз де мәдени құндылықтарды бағалап және

мәдениетті болуға болады деп қарастырады. Мұнда тұлға әлеуметтеніп өмір тәжірибелерін бойына сіңіріп өз бетімен еркін адамзаттық алдыңғы қатарлы тәжірибелеріне және мәдени бағалы құндылықтарына тағы басқа белсенді араласып, оларды терең игеруге болады деген көзқарасты байқаймыз. Яғни өмірге деген өзіндік көзқарастары болады. Жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін және кеңістік пен әлеуметтік уақыттағы орнын анықтау үшін оның осы кезеңнің құндылықтарын мойындауымен ғана бағалауды шектеуге болмайды. Кез келген жетілу, рухани даму жолына түскен жеке тұлға тарихта қордаланған және болашақта болуға тиіс құндылықтарды олардың белгілеріне қарап игеруге ұмтылады. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеті арқылы әмбебап-адамдық қызметтерді атқару жолында болады, яғни тарихи процесті біріктіре, тұтастандыра түседі.



Сіздің мәдени құндылықтарға деген көзқарастарыңыз бен ұстанымдарыңыз ата-анаңызбен сәйкес келеді ме деген сауалымызға толығымен сәйкес келеді деген 91% респонденттердің жауабы қуантады. Мұны талдасақ жастардың аймақта үлкенді сыйлау әдептілігі бар екендігін байқаймыз. Себебі ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі құндылық болып табылады. Құндылық іс-әрекеттің әдісі мен құралдарын анықтайтын идеяның, көзқарастың және оларға сәйкес әлеуметтік психологиялық құрылымдардың жиынтығы. Тұлғалық құндылықтар қажеттілікпен өзара әрекет жасай отырып, социогенез үрдісінде қалыптасады. Адам әлеуметтік тәжірибесін өзіндік құндылыққа айналдырады. Отбасы-ертеден келе жатқан әлеуметтік институт. Оның қоғамдық құндылығының шарты мәдени тұрғыда мәдени құндылыққа негізделген өзіндік сананы қалыптастыру болып табылады [154, 237 б]. Әрбір отбасының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар: олардың ішінде жас ерекшелігі және туысқандық қатынастар бойынша құрамының әртүрлі болуы, отбасы өмірінің стилі, материалдық пен рухани құндылықтарды пайдалану мүмкіндігі, отбасының ересек мүшелерінің әлеуметтік кемелдігі т.б. Бұның барлығы тұлғаның күнделікті өмірін ұйымдастыру және оған тәрбиелік ықпал жолдарын анықтайды. Жеке тұлғаның қалыптасуы отбасы өмірінің тұрмыс тіршілігін ұйымдастыру көңіл-күй адамгершілік тынысы қалыптасқан отбасылық дәстүрлері сияқты барлық саламен тығыз байланысты. Міне, сондықтан да

баланы тәрбиелеу, оның өмірін ұйымдастыру, ата-ананың өзін-өзі тәрбиелеу, отбасы өмірін дұрыс ұйымдастыра білу, жылы да бейбіт микроклиматты қамтамасыз ететін ізгілікке құрылған үй ішілік қарым-қатынасты орнықтырудан басталады. Ал отбасылық микроклиматтың дұрыс болуы көбінесе жеке тұлғаның ата-анасымен мәдени құндылықтарға деген көзқарастары мен ұстанымдарының бір бағытта болуына ықпалын тигізеді. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнап, әдетке айналып әдептілік ережелерін қалыптастырады. Жалпы біз бұл сауал негізінде Сыр өңірінде отбасы институтындағы дәстүрлі қарым-қатынастар қазіргі қоғам аясындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық үдерістермен үйлесе отырып, дұрыс бағытта дамуын байқадық [152, 7 б.].




Жалпы жастарды қоғамның саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық салаларының толыққанды қалыптасуына тікелей әсер ететін әлеуметтік демографиялық топ десек, жастар саясаты ерекше қадағалауды қажет ететін өте нәзік мәселе. Жоғарыдағы сауалнамалар негізінде татулық бағаларының жоғары болуына қарамастан, респонденттер арасында компромиске келуге тырысып, толеранттылық танытатындармен және өз мүддесін қатал түрде қорғайтын тұлғалардың пайыздық қатынастары шамалас болып тұр [152, 86.].

Себебі қатал түрде өз мүддемді қорғаймын 33,2%, компромиске келуге тырысатын 34%, пікірталастан тыс қалуға тырысатын 20%, жауап беруге қиналатын 12,8% респонденттердің арасында бұқаралық мәдениеттегі түрлі танымдық деңгейде шиеленіс пайда болуы мүмкін. Оны реттеуге мүдделі жастарды көтеруді мақсат тұтқан мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі мемлекеттік тапсырыс негізінде белгілі бір қызмет түрін орындаудан әрі аспай келеді.

Бұл сауалдың негізінде байқағанымыз респонденттердің мінез-құлықтарында жекешілдік, дарашылдық бар. Өз басынан қоғамдық мүддені жоғары қоятын әдеттегі идеологияның орнына либерализм принципі басым. Жастардың санасында әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен сабақтасқан прагматизм мен практицизмнің өсу үрдісі орнығып келеді. Жалпы азаматтардың мәдени құндылықтарға деген көзқарастары мен ұстанымдары өз

замандастарымен сәйкес келген жағдайда өзара түсіністік, келісімде өмір сүріп қызмет ету тұтас алғанда қоғамның да тұрақтылығына, тұтастығына ықпал етеді.

Сіздің көзқарасыңызша аймақтағы шығармашылық тұрғыдағы қолөнер, сурет бағытындағы мәдени құндылықтардың дамуында қандай негізгі мәселелер бар?



Сіздің көзқарасыңызша аймақтағы шығармашылық тұрғыдағы қолөнер, сурет бағытындағы мәдени құндылықтардың дамуында қандай негізгі мәселелер бар дегенге 12% респонденттер сырт қаламын, себебі кәсіби ортаға жеткілікті жағдай жасалмаған деген тоқтамға келіпті, 14% респонденттер шығармашылық тұрғыдағы мәдени құндылықтарға авторлық құқық мәселелері жетілдірілмеген деп, қазіргі таңдағы плагиат мәселелерін қарастырса, 22% респонденттер мықты бәсекелестік жоқ, бәрі тек коммерциялық тұрғыда, егер мықты бәсекелестік болса нарықта қолөнер, сурет саласындағы мәдени құндылықтарға сұраныс артады.

Ал 52% респонденттердің ешқандай мәселе жоқ, тек шығармашылықтың дамуына әлеуметтік-экономикалық мәселелер өз әсерін тигізуі мүмкін дегенде негіз бар. Себебі Қазақстанның нарықтық қатынастарға өтуі рухани мәдениет үшін аса ауыр салдарларға әкелді. Жаңа жағдайларға бейімделе алмаған шығармашылық мәдениетінің өкілдері қиыншылықтарға тап келді. Шығармашылықты бағаламаудың және қызығушылықтың барынша төмендеуі нәтижесінде әсіресе, отандық мәдениет жүйесінде жетекші орынды иеленіп келген қолөнер, сурет бағыты аса қиын жағдайда қалды. Оның үстіне қоғамдық өзгерістердің жылдамдығы, ешнәрсені де пайымдауға үлгертпеді. Егер мәдениет туындысын шығаруға бизнес түрінде, пайда әкелетін тауар ретінде қарайтын болса, онда жоғарғы рухани идеалдар мен жасампаздыққа ұмтылудан гөрі, аз шығын жұмсап көп пайда табу мүддесі басты мақсатқа айналады. Мәдениеттің коммерциялануы рухани адамға емес, жануарлық төменгі деңгейге тән құмарлықтар мен талғамдардағы экономикалық адамға бағытталады [152, 9б.].



Сыр өңірінің мәдени тарихын білу, мәдени құбылыстардың дәстүрлі, діни және жаңа бағыттағы мерекелердің ара салмағын анықтау біз үшін маңызды болып отыр. Соның ішінде біздің талдауға алып отырғанымыз-мерекедегі мәдени құндылықтар. Мерекелер заман ықпалымен дамып тұратын жүйе. Мерекелер даму тарихында олардың ескі формалары қоғам талғамына сай өзгеріп немесе жойылып, болмаса көнелері жаңа сипат алады.

Келтірілген мәліметтен ұғарымыз 22-ші Наурыз мерекесіне 60% респонденттер үшін Наурыз мерекесінің мәдени құндылықтарының маңызы жоғары екенін байқадық. Неге? Себебі, Наурыз-кеңестік кезеңде тыйым салынған, қудаланған барлық қазақы мәдени құндылықтардың рәмізі іспетті. Респонденттерге Наурыз мерекесіндегі мәдени құндылықтар ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, құлақтан кете бастаған көне музыка, ұлттық ән мен күй және біздің қазақтығымызды айшықтайтын ұлттық киім, ұлттық аспаздық өнер, қазақтың болмысы, салт-санасы, тарихы рәміздік тұрғыда белгілі болып тұр.

Дегенмен елімізде 22-Наурыз мерекесінің тойлануы да бір сарында өткізіліп, жүйелі реттелмей, бірізді тойлаудың жүйесі әлі де қалыптаспай келеді. Қысқасы, Наурыз мерекесіне өз мағынасын жүктеп, оны Жаңа жыл деңгейіне көтеру әрекетін қолға алу қажет. Ендеше алдағы басым міндеті Наурыз мейрамының Жаңа Жыл ретіндегі ұлттық мәнін көтеру, мемлекеттік маңызын тереңдету, мерекелік мәдениетімізде институционалды ету болғаны дұрыс. Себебі халқының төл мәдениетін, оның өткені мен бүгінін білмеу ұрпақтар сабақтастығының, замана жалғастығының үзілуіне әкеліп соғатындығы, ал мұның тұтастай алғанда адам мен халық дамуына айтарлықтай нұқсан тигізетіні тарихтан белгілі.

Жаңа жыл мерекесі 14% респонденттердің мәдени құндылықтарды төмен деп санауы қазақы аймаққа тән танымдар негізінде қарастырсақ болады. Жалпы Жаңа жыл мерекесінің Тәуелсіздік мерекесінен бұрын құрылатын Жаңа жылдық безендірулер мен шыршаларға қатысты көріністер қоғам қарсылығына тап болуда. Сонымен қатар, азаматтарымыздың діни танымының қалыптасуы сатысында дін және салт-дәстүрді таразының екі басына қойып сараптайтындар да табылып жүр. Осыған байланысты діни тұрғыдағы мәтіндер мен қағидалар шеңберінде ғана көзқарас қалыптастырып басқа пікірлерді аластауға талпыныс танытушылар да жоқ емес. Осындай күрделі қалыптасу кезеңінде дәстүрдің орнын айқындау, оның ұстанатын сенімімізбен сабақтастығын қалыптастыру өте маңызды мәселе.

Жоғарыда айтқанымыздай діни Құрбан және Ораза айт мерекелеріне 26% дауыс беруі діни мерекелердің әсері күшейіп, тұрақты мәдени үдеріске өзінің әсерін тигізетінін байқадық. Дегенмен біз діннің қоғамдағы ролін, міндеті мен қызметін бір сауал негізінде анықтай алмаймыз. Тек діннің қоғамдық ролі мен маңызын мойындауға, оны адамдардың рухани кемелдігіне, ізгілік пен жоғары адамгершілікке тәрбиелеуге қызмет етуге мүмкіндік беруіміз керек.

Сауал барысында мерекелердің мәніне емес мәдени құндылығына басымдылық берілді. Себебі мерекенің міндеті қарым-қатынас жасау, мәдени ақпаратты жинақтау, сақтау және жалғастыру, сигникативтік, тынығу немесе психологиялық, рухани жүдеп-жұтаудың орнын толтыру, қоғамдық пікір мен қоғамдық көңіл күй қалыптастырумен бірге күнделікті өмірді байыту және толықтыру қажет.

Алайда қуантарлығы аймағымыздағы аталып өтілетін бұл мерекелердің ұлттық бояуы басым. Осы себептен халықтың жаппай қабылдап, жақсы көңіл-күймен қарсы алатын мерекелердің мәдени құндылықтарын жаңартуға талпынысы астарының терең мән-мағынасын зерттеп, әлі де құндылығын бағалау қажеттілігі бар [152, 10 б.].

Сіздің ойыңызша мәдени құндылықтарды сақтап қалуды қалай жүргізуге болады?




Қоғамдағы өзгерістер мәдени құндылықтарды қайта қарастыруды қажет етуімен ерекшеленеді. Бүгінгі күні ашық қоғам мен экономика, мәдениеттер интеграциясында мәдени құндылықтарды сақтап қалу негізгі мәселе болып отыр. Осы тұста, мәдени құндылықтарды сақтап қалуды қалай жүргізуге болады сауал туындайды. Сауал барысында байқағанымыз, жаһандану үдерісі мәдениетімізге неғұрлым енген сайын, ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға деген белсенділік соғұрлым арта түсуде. Респонденттердің ұлттық бірегейлікті сақтау тәсілдерін жетілдіру арқылы мәдени құндылықтарды сақтауға болады деп 48,8% құрауы осыны байқатады. Сонымен қатар облыстың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету 15,6%, тиімді кешенді жобалар жасау 31,6% экономикалық ресурстарды жұмылдыру 4% респонденттер дауыс берді.

Біздің ойымызша, оның мәдени құндылықтарды сақтап қалудың ең тиімді үлгісі-халықтың ішкі өмір сүру компоненттерін қорғау, ұлттық бірегейлік, ұлттық тәрбиеге арқа сүйеп, адамдарды ойлануға үйрету. Әрбір жеке тұлға ең алдымен өзінің ұлттық мәдени құндылықтарын біліп, іштей терең сезініп,

санада сілкініс жасаса ғана, жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілей алады. Бұл тұрғыда біздің төлтума, қайталанбас мәдени құндылықтарымызды сақтап қалу бәрінен маңызды. Осы тұрғыда облыстың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етілсе, қаржы көбейіп, тиімді кешенді жобалар жасалып, ұлттық бірегейлікті сақтау тәсілдерін жетілдіріп, белсенді жұмыстар жүргізуі қажет. Бұл аймақтың мәдени саласына көптеген өзгерістер енгізіп, мәдени мұралар жайлы статистиканы жаңартуға септігін тигізеді.


Белгілі бір тарихи ескерткіштер мен архитектуралық кешендер аймағымыздың символына айнала алады ма?



Мәдени-тарихи ескерткіштер кез-келген мемлекеттің идеологиясының, имиджінің құрамдас бөлігі болып табылатыны дау тудырмайды. Белгілі бір тарихи ескерткіштер мен архитектуралық кешендердің бүгін бір ұлттар немесе елдердің әлем таныған символына айналып жатқанының көптеген мысалдары бар. Осының арқасында аталмыш ұлттар өздерін кеңінен насихаттап, елдеріне миллиондаған туристерді тартып жатады. Мысалы, Қытай десек Ұлы Қытай қорғаны, Франция десек Эйфель мұнарасы, Египет десек перғауындардың пирамидалары еске бірден түседі.

Белгілі бір тарихи ескерткіштер мен архитектуралық кешендер аймағымыздың символына айнала алады ма деген сауалымызға, егер құндылығы мен насихатталуы аса жоғары деңгейде болса 90% респонденттер сенім білдіргені, бұл олардың Сыр өңіріндегі ескерткіштер мен архитектуралық кешендер туралы ақпараттармен таныс екендігін байқауымызға болады. Бұл өз кезегінде кешендер символдық таным тұрғысында мәдени ақпаратты тасымалдаудың және мәдени сабақтастықты қамтамасыз етудің коды ретінде байырғы түркі мұрасы сақтап қалудың заманауи үлгідегі баға жетпес рухани жүйесінің негізін құрайды. Әрине бұл үдерісте рәміздік танымның орны ерекше. Яғни, мәдени жәдігерлердің заманауи көрінісі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның дамуына оң ықпал ететін мәдени туризм деңгейін көтеретін, туристік картаға енгізуге мүмкіндігіміз бар.

Келешек ұрпаққа мирас болып табылатын мәдени құндылықтарды сақтау үшін сандық жүйеге көшіргеніміз дұрыс деп ойлайсыз ба?



Келешек ұрпаққа мирас етерлік рухани қазынамыз болып табылатын мәдени құндылықтарды жаңа әдіспен сақтау жүйесіне көшуді 48,4% қолдаса, одан да тұрғындардың қоғамдық-маңызды сапалы ақпарат алу мүмкіндіктерін арттырған дұрыс деп санайтын 37,2% респонденттердің жалпы жауаптарының негізі бір деп қарастыруға болады. Заман талабына сай цифрлық ақпараттандыру басым көпшілік қолдап тұрған себебі Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы берген мәліметтерге сүйенсек, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында «Электронды архив», «Электронды кітапхана», «Виртуалды музей» ақпараттық жүйелерін қалыптастыру, жетілдіру, азаматтардың тиісті ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатында арнайы іс-шаралар әзірленіп, жұмыстар атқарылуда.

Оның ішінде кітаптарды электронды нұсқада оқу, аса құнды сирек кітаптар мен өлкетану құжаттарын сақтау үшін электрондық көшірмесін жасау және оған қашықтан енуді қамтамасыз ету мақсатында да жұмыстар жүргізілуде. Аймақта жергілікті баспалардан шығатын басылымдарды цифрлы форматқа көшіру, виртуалды анықтама, қашықтықтан пайдаланушыларға электронды құжаттарды жеткізу қызметтері жасалынуы респонденттердің сандық жүйеге көшіргеніміз дұрыс деп қарастыруына өз әсерін тигізуде деп қарастыруға болады.

Сыр өніріндегі мәдени құндылықтардың насихатталуы қазіргі ғаламтордағы ақпараттар тасуы мен әлеуметтік желілердің қалыпты таралуында өз бағасын жоғалтып алмай ма?



Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың насихатталуы қазіргі ғаламтордағы ақпараттар тасуы мен әлеуметтік желілердің қалыпты таралуында өз бағасын жоғалтып алуы мүмкін бе деген сауалға: көне дәстүрлі мәдениет арнайы құралдардың жоқтығына қарамастан қоғамдағы ақпараттардың қалыпты таралуын қамтамасыз етіп отырған деп 34,8% респонденттер сенімділік танытса, ғаламторда заттар мен белгілер әлеміне бөлу сияқты арнайы белгі жүйелері сипатталмағандықтан мәдени құндылықтар жоғалуы мүмкін 20,8% респонденттердің қорқынышы да жоқ емес, қазіргі қоғамда емес көне дәстүрлі мәдениетте заттардың құны мен маңызы жоғары болған деген 7,2% респонденттердің де мәдени құндылықтың құны мен маңызы түсіп кетті деп бағалауы ойлантарлық жағдай. Салт-дәстүр, білім мен дағдылар, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар өзге де құндылықтарды ғаламтор арқылы насихаттау мүмкіндігі жоғары деген 37,2% респонденттер қоғам игілігіне ғаламторды тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері зор екендігіне сенеді.

Дегенмен жаһандану үдерісі ешкім де тоқтата алмайтын өсімтал әрі жанды құбылыс. Дүниені жайлаған біртұтас ақпарат толқыны, ғаламтор мен әлеуметтік желі түрлері, осы үдерістің жағымсыз әсерін жеделдете түседі. Оның нәтижелері әлемдік экономиканы ғана емес, әр ұлттың сәулет өнері мен этнографиясын, әдебиеті мен мәдениетін, тілі мен тұрмыстық салт-дәстүрлеріне ықпал етпей қоймайтыны анық. Бұған қарсы тұратын жалғыз күш-ұлттық иммунитет қана. Ұлттық менталитетін берік сақтаған, ұлттық иммунитеті күшті ел ғана жаһанданудың жойқын шабуылына тосқауыл қоя алады деп ойлаймыз. Сонда ғана дамыған елдердің дабырына еліккен тобырлық мәдениетті емес, заманауи экономика сандық технологияға көшкен күрделі ақпараттық қоғамда ғаламтор мен әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланып мәдени құндылықтарымызды сақтап және тасымалдай аламыз.

Сіздің ойыңызша, Сыр өңірінде тәуелсіздік алғаннан кезеңдерден бері мәдени құндылықтар үдерісінің қалыптасуы қалай жүруде?




Сыр өңірінде тәуелсіздік алғаннан кезеңдерден бері мәдени құндылықтар үдерісінің қалыптасуы қалай жүруде деген сауалға мәдени құндылықтың іргетасы берік қаланған, ұлттың болашағы бар деп 62% респонденттер сенімділік танытса, мәдени құндылықтар сақталынған, бірақ оның

насихатталуы нашар деп 28% респонденттер, мәдени құндылықтар окшауланған, дербес, жеке қалыптасуда деген 6,8% респонденттер өзіндік сенімсіздіктерін білдіріп, тек нарықтық заманға бейімделген құндылықтар қалыптасуда деген 3,2% респонденттер нарықтық қоғамға бейімделген құндылықтардың белең алғандығын білдірді.

Арине, Сыр өңіріндегі заманауи мәдени үдерістер көпқырлы және әр алуан. Оны қазіргі таңда дамып келе жатқан өнердің барлық түрлері мен жанрларын қоса, мәдениеттің, ғылымның, білім берудің әр түрлі салаларын қамтитын түбегейлі өзгерістерді, инновациялар мен өзгертулердің кең шеңбері ретінде түсінуге болады. Білім беру, мәдениет және ғылым идеологиялық догмалар мен стереотиптерден босап, өзін-өзі дамытуға кең кеңістікке ие болды. Мазмұнның жаңа тәсілдері рухани өмірдегі бір ізділік пен үлгіге салушылықты жоюға мүмкіндік береді. Тарихи жағдайлар кешеніне байланысты Қазақстан көп этносты қоғам болып табылады. Осы себепті мұндай мәдени үдеріс ұлттық мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалымен байланысты құбылыстарды таңдайды. Бұл жағдайда, Сыр өңірі мәдени дамудың басқа ешқандай саласында көрініс таппаған ұлттық мәдениет ретінде дербес, «таза түрде» деуге боларлық түрде, басқа ұлттардың ең жақсысын сіңіре отырып көрінеді. Сонымен бір мезгілде Сыр бойындағы қоғамдық мәдени үдерістер елдің облыстық масштабының ұлттық мәдениетімен шектелмейді. Себебі, қазіргі таңдағы Сыр өңіріндегі орын алып отырған алуан түрлі саяси, тарихи, қоғамдық-экономикалық үрдістер мен өзгерістердің арқасында, адамзаттың рухани мұрасының ең таңдаулысын бойға сіңіруге мүмкіндік беретін қолайлы жағдай қалыптасты деп санауымызға болады [152, 12 б.]

Сіз мәдени құндылықтар туралы ақпарат үшін қандай дереккөзге жиі жүгінесіз?



Мәдени құндылықтар туралы ақпарат алу үшін қандай дереккөзге жиі жүгінесіз деген сауалға электронды кітаптар 38% респонденттер, дәстүрлі дереккөздер, журналдар, газеттер деп 12,4% респонденттер, интернет, электронды ресурстар деп 44% респонденттер, білмеймін, жауап беруге қиналамын деп 5,6% респонденттер жауап берді [152, 12б.].

Бұл сауалдың қойылуы рухани дамудың басты нысаны ретінде дереккөздерді пайдалану мөлшерін білу кезекті қисынды құбылыстың бірі. Ол да белгілі бір деңгейде руханияттықтың өлшемін анықтау арнасына енеді.

Интеллектуалдық пен ұлттық моральдің сәйкестенуі-парасаттылыққа жетелейтін ұстанымды құрайды.

Қазіргі жастарымыздың компьютерлік технологияны меңгеруі, электронды кітаптар, интернет, әлеуметтік желілерді дереккөз ретінде пайдалануы, интеллектуалды ұлт болып ұйысуға жетелейтін тиімді шарттар десек те, дәстүрлі баспа дереккөздерді, журналдар, газеттерді оқу деңгейінің төмендеуі бұл бағдарға кедергілер келтіреді. Сондықтан, бұл бағыттың қазіргі ахуалын да орташа деп бағалауға болады. Уақыт өте келе техника мен ақпараттық жүйе дамып келеді. Қағаз басылымдардың орнын электронды кітаптар басуда.

Дегенмен сандық технологияға көшкен күрделі ақпараттық қоғамда еліміздің әлеуметтік-мәдени даму өлшемінің алғышарттарын тек қана ғылыми технологиялық үдерісте қарастырмай, білімділікке ұмтылу, оның жоғары деңгейі интеллектуалдық, дәстүрлі кітап оқу мәдениетін жастардың мәдени құндылықтық бағдарлары ретінде бекіту қажет. Сонымен қатар жаңа технология мен ақпараттандыру кезеңінде заманға сай ақпаратты пайдалана алу мәдениетін қалыптастыру керек. Ақпараттарды мәдени құндылықтардың даму деңгейін анықтайтын стратегиялық ресурсқа айналдырып, яғни мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару өркениетті дамудың қажетті шарты ретінде қарастырсақ, азаматтарды қоғамда талдау жасай білуге, коммуникативтік дағдыларын дамытуға, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке бейімдей аламыз. Бұл өз кезегінде Сыр өңірінің азаматтарының мәдени құндылықтар туралы ақпарат үшін дереккөздерге сүйенгенде интеллектуалдық деңгейін арттыруға әсерін тигізеді.

Жалпы Сыр өңірінің барлық салаларындағы институционалды өзгерістер респонденттердің өмір сүру жағдайындағы мәдени өзгерістерге үздіксіз әсер етіп отыр. Әлеуметтік мобильділік жағдайында олардың мәдени құндылықтық көзқарастары түрлі өзгеріске ұшырап, кедергілерге жолығып жатады. Бұл өзгеріске ең алдымен құндылық жүйесінің құрылымы ұшырайды. Байқағанымыз мәдени құндылықтар азаматтардың кейбіреулерінің санасында жоғары дәрежеге ие болса, кейбірі екінші орынға ысырылып тасталады. Әсіресе, мәдени құндылықтарына әсер ететін жағдайлар ерекше маңызға ие. Ол халықтың ұлттық сана-сезімі мен мәдени бірегейлік аясын кеңейтетін бағыт.

Дегенмен Сыр өңірінің жастары мәдени құндылықтарды қазіргі өмірдің ырғағына теңбе-тең нормативтік-құндылық кешенін белсенді және жеткілікті деңгейде тиімді игеруде. Әлеуметтік сауалнама негізінде байқағанымыз аздаған кері тартушылық болғанымен, дәстүрлер мен жаңашылдықты мәдени құндылық қатынастарының қалыптастырылған типі белгіленген. Сыр өңірінде өзінің табиғи иерархиясы бар отбасылық құндылықтар және ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтардың берілу бірізділігі сақталынған деуімізге болады. Яғни, өзіндік мәдени дәстүрлердің, діннің, ұлттың және отбасының белгілі бір құндылық мазмұнының сақталуы, жаңа мәдени формалардың генерация аралық мәдениет тасымалының механизациялануына және қазіргі таңдағы жастардың мәдениеті келешектегі қоғамдық даму үдерісінің негізі болып бағытталған.

Сонымен қатар басым көпшілігі өздерін ерекше менталитетке иеміз деп есептейтінін байқадық. Бірақ, мұны ерекшелендіретін сипаттарын атасақ, олар

дәстүрлі қоғамның мәдениетіне тән ата-анаға, үлкендерге, этномәдени дәстүрлерлерге және салттарға, тарихи-мәдени жәдігерлерге, құндылықтар мен нормаларға құрмет сияқты сипаттамаларды беруімізге болады. Мұндай сипаттамалардың жағымды салдары, жастардың өздерін мәдени тасымалдаушы тұлға ретінде сезінуі арқылы мәдени құндылықтарға деген көзқарастары мен ұстанымдары ата-анасымен сәйкес келіп, үлкендердің айтқанымен жүру сияқты сипаттармен береді.

Сауалнама нәтижесінде оптимистік көңіл-күй, позитивті қабылдау басым, жоғары деңгейдегі оптимизм байқалады деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осының негізінде жас буынның бүгінгі таңдағы жаңа құндылықтар, жаңа идеалдар мен жаңа ұғымдарға да дайын екенін байқадық. Сонымен қатар жастар өздерінің көзқарастары ата-аналарының көзқарастарымен сәйкес келеді деп санайды. Сауалнама респонденттер арасында толеранттылық пен сенімнің жоғары деңгейде екенін, этникалық, діни, әлеуметтік топтарға өшпенділік көзқараста емес екендігін анықтадық.

Әрине өмірлік құндылықтар жүйесіндегі мәдени құндылықтар тұлғаның мазмұндық тұсын анықтайды. Бұл жүйе адамның қоршаған ортаға, өзге адамдарға, өз-өзіне қатысты көзқарасының негізін қалайды. Әрбір жас өзінің өмірлік қалыптасуын жеке әрі жауапты түрде таңдауы тиіс.

Бұл үшін мәдени құндылықтарға негізделген өзін-өзі қалыптастыру әдісінің маңызы артып отыр. Зерттеу барысында біз алдағы уақытта жастардың көпшілігінде прагматизм мен рационализм деңгейінің жоғарылауы, «жеңіл табысқа» ұмтылу мен тұтынушылық психологияға жақын болу мәселелерінің алдын алу қажеттігін түсіндік. Себебі бұл аталған мәселелер жинала келе, жастардың бойында тұлғалық құндылыққа айналып кету қаупі бар. Жеке өмірлік мотивтер мен экономикалық мақсаттар жоғары рөлге ие болса, оның ішінде жаңа құндылықтарының ішінде «экономикалық» құндылықтар, экономикалық еркіндік, мінез-құлықтың жаңа стандарттары, өз күшіне деген сенім, тәуекелге бару, тек ақша табу болу болған өмірлік ұстанымдар қазіргі жастардың құндылықты бағыттарының ішінде басымдыққа ие болады [155, 8 б].

Сонымен қатар бұқаралық ақпараттың тармақталған құралдары, яғни ғаламтор арқылы жастар мүлдем жалған құндылықтар мен көзқарастарды сіңіре бастауынан, әлемдік рухани-мәдени кеңістікте өріс алып келе жатқан ақпараттарды талдап, ұлттық таным түсінігімізге сай келмейтін қырларын іріктеп барып қабылдау және еліміздегі жағымды және жағымсыз идеологиялардың қиюласқан «лабиринттерінен» және олардың санаға және бейсанаға ықпал ету өрістерінен жастардың өз мақсаттарын анық білуі үшін мәдени құндылықты бағдардың өзіндік бір тұтас жаңа жүйесін ұсынуды қажет ететіні белгілі.

Қоғам ішіндегі осы субъектілердің мүддесін қорғап, оның ішінде пайда болатын қайшылықтарды дер кезінде объективті түрде шешіп отырса, Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың даму үдерісін бейбіт жолмен дамыта аламыз. Себебі зерттеу нәтижесінде азаматтардың мінездері мен қабілеттіліктері олардың мәдени ортадан нені қабылдайтындығы және өздері

туып өскен тәрбиеленген қоғамның құрылысына байланысты екенін білдік [152, 140 б.].

3.2 Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың мәдени туризмді дамытудағы маңызы

Бұл тарауда Сыр өңірінің мәдени туризмінің семиотикалық әлеуетін түсінуге талдау жасалады. Мәдени туризмді семиотикалық талдаудың негізгі элементі ретінде туристік тартымдылықты біртұтас «оптикалық жүйеде» баяндау сүйемелдеуімен қарастырылса, көп деңгейлі семиотикалық құрылым бола алады. Қызығушылық танытылған өңірдің мета-бейнесінің тұтастығы мәтіндік баяндауды ретке келтіруден, оларды рәміздік үйлестіруден тұрады. Белгілеудің семиотикалық өлшемі метаструктуралардың конфигурациясын модельдей алады, олардың көрсетілімдері кескіндердің матрицасын көрнекілендіруге, оның элементтерін түсіндіруге, осылайша, семиотикалық тұрғыда туристік қызығушылықтың тартымды объектісіне айналдыруға мүмкіндік береді. Туристік объектілерді семиотизациялау әдісін қолдану рәміздік көріністердің өзара әрекеттесу жолдарын анықтауға, өңірдің көрнекі контурларын, «күш» өрістерінің шоғырлануы мен дисперсиялық шекараларын анықтауға, көрнекті орындарды таныстыру үдерісінде туристтерге түсіндірме мүмкіндіктерін орнатуда жылдам нәтиже береді. Мұның нәтижелері Сыр өңірінің мәдени туризм саласының қалыптастыруға негіз бола алады.

Саяхаттау ежелгі мәдени құбылыстардың бірі. Туристі оны кеңістігі тартып, оны түсінуге түсінуге ұмтылады. Кеңістікті жеңу деген оны түсінуге жақындауды білдіреді. Бұл нақты ландшафттар мен ұлттық құндылықтарды түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар рухани деңгей ретінде оның кеңістігіне ену. Географиялық кеңістікпен өзара әрекеттесу кезінде «адамның мәдени ойлауының маңыздылығы ашылады: нақты кеңістік семиосфераның иконикалық бейнесіне айналады-тілде кеңістікке жатпайтын мағыналар бейнеленеді, ал семиосфера өз кезегінде адамды қоршаған нақты кеңістіктік әлемді өзінің бейнесі мен ұқсастығына айналдырады» [156]. Осы өзара әрекеттесудің басқа түрлерімен салыстырғанда саяхаттау барысында кеңістікті мәдениет арқылы рәміздеу орын алады. Таңбалар тек түсіндіреді, оны сөзбен жеткізу қиын.

Туризмнің тарихи-мәдени бағытын дамытуда мәдени мұраларды зерттеу, және олар туралы ақпараттық анықтамалықтар дайындап, тарату мәселесі үлкен орын алуда. Саяхаттардың мақсаты мен басты мотивациясы бойынша туризмнің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: американдық ғалым В.Смиттің ойынша, туризмнің алты категориясы бар, олар: этникалық, мәдени, тарихи, экологиялық, рекреациялық, іскери туризм; [157].

-украиндық ғалым Н.П.Крачило, туризмнің өзгеше алты түрін ұсынған, олар: курорттық-емдік, мәдени-ойын-сауық (тарихи-мәдени, археологиялық, архитектуралық ескерткіштермен танысу мақсатындағы туристік саяхаттар), спорттық, танымдық-іскерлік, діни, кәсіптік туризм; [158].

орыс ғалымы Н.С.Мироненконың пікірінше, туристік іс-әрекет басты мотивтері бойынша келесі төрт түрге бөлінеді деп өз еңбектерінде атап өткен, олар: емдік, сауықтыру және спорт, танымдық туризм (натуралистік, мәдени-тарихи); [159].

орыс ғалымы В.А.Квартальнов, саяхаттау мотивтері белгілі бір деңгейде туристерді саяхат мақсаты бойынша келесі түрлерге бөлген: демалыс, бос уақыт, ойын-сауық, танымдық туризм, спорт туризм және оның салалары, қажылық, іскерлік мақсаттар, қонақ болу мақсаты. Оның ойынша, мәдени-тарихи туризмнің басты міндеті-мәдениет, ғылым және техника жетістіктерімен таныстыру, тарихи орындар мен құрылыстарға саяхаттау [160].

Халықаралық мамандар қазіргі туризмді құлдырауды білмейтін әлемдік экономика саласына жатқызады. Кіріс жағынан ол тек мұнай экспорты, мұнай мен автомобиль сатылымдарына ғана жол береді. Шикізат сату елімізді әлемдік ғылыми-технологиялық даму тенденциясында, жасыл энергияны пайдалану нәтижесінде өзін ақтамайтын шығынға ұшыратады, ал туринадустрия жанданып келе жатқан ресурстарда жұмыс істейді. Осыдан келіп туризмді дамыту елімізге экономикалық тұрғыдан кіріс кіргізуге тиімді бағыттардың бірі деп қарастыруға болады.

Бүкіл әлемде сияқты, біздің елде де мәдени туризм жеке бағытқа бөлініп, жыл сайын одан әрі дамып келе жатыр. Оған мысал Инвестициялар және даму министрлігі дайындап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 мамырдағы №508 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі туристік саланы дамыту» тұжырымдамасында мәдени туризм Қазақстанның басым туристік өнімдерінің бірі ретінде айқындалған. Сонымен бірге, аталған тұжырымдамада көзделген туристік кластерлерде тарихи-мәдени мұра объектілері, соның ішінде тарихи-мәдени, археологиялық қорық-мұражайлардың құрамындағы көптеген көне сәулет өнерінің ескерткіштері-кесенелер, қорғандар, петроглифтер туристік қызығушылық объектілері болып табылады.

Сыр өңірі әлемдік өркениеттің де, қазақылықтың да үлкен қазынасы жатқан аймақтарымыздың бірі. Ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, дінін барынша сақтаған, үлгі болатын санаулы аймаққа жатады.

Осы тұрғыда қарастырсақ Сыр өңірінде өте маңызды тарихи мәні бар ерекше ескерткіштер, құрылысы мен тарихымен қызықтыратын мәдени жәдігерлер аз емес. Олар бұл аймақтың өзіндік тарихын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ дәстүрін, өмір салтын, мәдениетін әлемге танытуға, туристік ресурс ретінде мәдени құндылықтар зерттеліп, туристердің жаңа туризм объектілерін немесе тарихи маңызы бар ежелгі қалалар мен қорғандарға саяхат жасауға, тарихымен танысып, зерделеуге және оларға қатысты аңыздарға көп мән беріп, қызығушылықтары артуда.

Қызылорда облысы 226 000 км²-ден астам территорияны алып жатыр. Республикамыздың басқа аймақтарынан табиғаты, әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайларымен ерекшеленеді. Бұл өңір географиялық тұрғыдан Тұран ойпатының шегінде, Қаратаудың батыс баурайында, Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Талай заманның дүбіріне куә болған қарт өзеннің тарихы да ежелгі Тигр, Еврат, Ніл өзендері бойында өсіп-өнген халықтардың тарихы сықылды тым тереңде. Оған сақ, ғұн өркениетінен күні бүгінге дейін сақталған тарихи-мәдени ескерткіштер куә. Сырдария өзенінің жалпы ұзындығы 2200 шақырымды құраса, оның 1300 шақырымы аймағымызға тіршіліктің нәрін беріп отыр. Сондықтан біздің аймақ қай

заманнан Сыр өңірі аталып келеді. Осыған орай, Сыр өңірінің мәдени туризмді дамытуға өзіндік үлесі бар екенін атап өту қажет.

Сыр бойының Қызылорда облысына қарасты бөлігінде ондаған ортағасырлық, тіпті біздің жыл санауымызға дейінгі уақытқа жататын көне қалалар бар екені белгілі. Облыс орталығы Қызылордада, оның барлық аудандарында түрлі тарихи қалалар мен қалашықтар немесе көне кесенелер бар. Баршынкент, Сығанақ, Сауран, Өзгент, Аққорған, Бестам, Асанас, Жент, Шірік-Рабат (б.д.д. ІҮ-ІІ ғ.ғ.), Үлкен Қос асар (б.д.д. ҮІІ -ІҮ ғ.ғ.), Көксеңгір (б.д.д. Ү-ҮІІ ғ.ғ.), Жанкент, т.б. қалалар мен қалашықтардың көбісі әлі де жақсы сақталған. Кей көне қалалардың теңге соғатын сарайлары, әскери үлкен бекінісі, дамыған мәдениеті мен саудасының болуы-өркениетіміздің де қаншалықты екенін көрсетеді. Шірік-Рабат қалашығы сонау сақтардың кезінде дүрілдеп тұрғанын, Женттің, Жанкенттің, Сауранның, Өзгенттің, Баршынкенттің Ұлы Жібек Жолы бойының сәнін келтірген, ондаған, жүздеген түйелі сауда керуені тоқтайтын іргелі қала болғанын, Сығанақтың Қазақ хандығының алғашқы астанасы саналатынын, басқа да тарихи өңірлерді туристерге тартымды ететіндей басымдықпен насихаттаса туризм де дами түседі.

Сыр өңірінде түркі дүниесіне ортақ қасиетті орындар да бар. Мәселен, Қорқыт ата, Қорасан ата, Сунақ ата, Оқшы ата, Құрбан ата, Бегім ана, Қалжан ахун тағы да басқа есімдер, оларға соғылған көне кесенелер-тарихи ғана емес, рухани бірлігімізді сақтауға әсері бар, материалдық дамуымызға себеп болатын орындар. Қызылорда облысындағы тарихи қалалар, кесенелер, онан табылған археологиялық жәдігерлер дала «Лувры» десек болады. Туризм мемлекет жарнамасы. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала қазіргі таңда тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, мәдени құндылықтардың тартымдылығымен де ерекшеленіп отыр. Осы тұста өңіріміздің туристік кластерін дамытуда мәдени құндылықтардың аса маңызды екенімен келісуге болады. Себебі, әр аймақтың өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт-дәстүрі бар. Дәл осы тәрізді біздің тарихи мұраларға бай жерімізден өзіне ғана тән құндылықтарын табуға болады. Олардың кейбіреулері әлемге әйгілі ғажайып табиғи ландшафтар Арал теңізі, «Барсакелмес» мемлекеттік қорығы, Қамбаш көлі, Қаратау тауының етегі, Қатын Қамал шатқалы және Байқоңыр ғарыш кешені, мәдени-тарихи объектілер оның ішінде ата-бабаларымыздың қалашықтары Сауран, Сығанақ қалашықтарының орындары, Оқшы-ата, Айқожа, Өзгент, Қорасан-ата кесенелері, Сараман-Қоса мұнарасы, Ғанибай үйі, Ғанибай мешіті, мәдени-танымдық жәдігерлер Қорқыт-ата мемориалды кешені, Байқоңыр ғарыш кешені, емдеу санаториялары Жаңақорған санаториясы, Шопан-Ата, Ақ-Шуақ сауықтыру орталықтары.

Жалпы Сыр өңірінде өңірлік туристік орталықтарды қалыптастыру үшін жеткілікті әлеует бар. Қазіргі таңда Сыр өңірінде 553 тарихи-мәдени мұра нысандары мемлекет қорғауына алынған, оның ішінде 30-ы республикалық, 256-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген болса, 267 ескерткіш алдын-ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіміне алынған.

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларының алдын ала тізіміне облыс аумағынан 9 тарихи ескерткіш-Сығанақ, Жанкент, Шірік Рабат, Кескен күйік, Бәбіш, Жент, Баланды қалашықтары, Жетіасар мәдени ескерткіштері және Сауысқандық петроглифтері енгізілді.

Міне осы аймақтардағы құндылықтар арқылы туристік тартымдылық қалыптастыру үшін мәдени туризм аймақтардың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Территориялық рекреациялық жүйелерде табиғи және мәдени кешендер туристік тартымдылықтың ядросы болып табылады. Табиғи факторларға қарағанда, мәдени факторлар жылжымалы және жылжымайтын болуы мүмкін және өзіндік тарихи динамикасы болады. Туристердің мәдени деңгейі жоғарлаған сайын, туристік орталықтардың дамуында мәдени туризм рөлі маңыздырақ болады [161, 43 б].

Мәдени құндылықтарды туристік орталыққа және танымал брендке айналдыру болашақта туризмді экономиканың ең табысты салаларының бірі болуына ықпал етеді. Ежелгі қалалар мен тарихи ескерткіштері бар жерлердің табиғи ортамен үйлесімі, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің брендке айналуы аймақтық және халықаралық мәдени-тарихи туризмнің кең дамуына негіз бола алады.

Брендтің мәдени символикалық негізі мәдени құндылықтар жүйесі мен тұтыну табиғатының таратылуы арқылы оның ресурсына айналады. Танымал теоретик-маркетолог К. Бове брендті тұтынушының қызметтік, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арналған утилитарлық және символдық құндылықтардың жиынтығы ретінде түсіндіреді [162, 132 б]. Ал зерттеуші Н.Н. Александров брендтің аксиологиялық мәнін адамның негізгі төрт құндылықтары арқылы түсіндіреді: ақиқат, пайда, жақсылық, сұлулық. Бұлар Игілік ұғымымен біріктіріледі: 1) рационалды құндылықтар (ақиқат)-ақыл-ой үшін құнды заттар; 2) эстетикалық құндылықтар (сұлулық)-жан үшін құнды заттар; 3) утилитарлық құндылықтар (пайда)-тән үшін құнды заттар; 4) этикалық құндылықтар (жақсылық)-рух, жігер үшін құнды заттар [163, 249].

Мәдени брендингтің семиотикалық тұжырымдамасында бренд-таңба, нышан, белгі, бейне, көркемдік-эстетикалық бейнелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ендеше, әрбір табысты бренд адамға өнімнің түрін, түсін, пішінін, сырт келбетін, дәмі мен дыбысын ескере отырып эстетикалық ләззат сыйлауы тиіс. Сондықтан, бренд жасау үрдісінде шығармашылық топтар, дизайнерлер, режиссерлер, яғни арнайы кәсіби мамандар біріге отырып брендтің атауын, нышанын, таңбасын, белгісін, имиджін жасайды [81, 24 б].

Брендинг мәдениетпен сабақтаса отырып мәдениеттің әртүрлі құбылыстарын жетілдіреді: талғам, тілек, құндылықтар, мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары, қызығушылық, яғни «семиосфераны» қалыптастырады [164, с 128]. Бұл жағдайда мамандар брендтің семиотикалық критерийлеріне мән береді. Осылайша, адамзат субъектілігінің экзистенциалды әлемі «белгілермен жүйелі амал жасау фазасынан өтеді. Брендтің орналасуы белгілі бір бренд құндылықтары бар нақты қоғамдағы адамның ассоциациясына негізделеді. Маркетингтің классикалық теориялары брендтің әлеуметтік, мәдени шығармашылық әлеуетін ескермейді, бірақ вербалды, визуалды,

антропологиялық атрибуттарының жиынтығын көрсететін символикалық табиғатын жоққа шығармайды. Эткин және Капферер бойынша, брендтің семиотикалық жүйесінің әлеуетін толық айқындау үшін оның символикалық атрибутының синергетикалық қатынасы қажет. Брендтерді бір бірінен бөлу үшін таңбалық есімдермен, көңіл-күймен, идеялармен, құндылықтармен және елестермен байланысты графикалық нышандар қолданылады. Бұл нышандар бұқаралық мәдениетте маңызды орын алады. Брендтің мазмұнын «оның ерекшелігі мен құндылық шекарасын» тұтынушы тұрғысынан қарастырсақ, тұлғалық сәйкестігін және өмірлік талғамын қалыптастыратын әлеуметтік-беделдік және мәдени-нышандық атрибуттарының жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Брендті анықтау негізінде бірегейлік немесе сәйкестік брендтің примордиалды атрибуты ретінде әлеуметтік коммуникативтік кеңістікті қалыптастыру үрдісінде бейне және вербалды жолдау негізгі орын алатын семиотикалық таңба ретінде сипатталады [165, с 77].

Мәдени брендингтің маңызды тұжырымдамасы брендті миф ретінде қарастыру. Әртүрлі аңыздар мен тарихи әңгімелерді, ертегілерді қолдана отырып өзінің кеңістігін кеңейтеді. Сыр өңірінің аңыздары оған ерекше келбет береді, оның осы ортамен бірегейлігін қалыптастырады. Мұндай тәсіл мәдениетті жетілдіру және мәдениет арқылы өңірді жылжытуда қолдану өте қолайлы. Бренд-имидж ерекше мифологиялық белгіні, көзқарасты қалыптастырады. Мәдени туризмнің қызметінің нәтижесінде біздің мәдени құндылықтарды тауар ретінде сатып алмайды, өңірдің имиджіне қызығып келеді. Туристерді қанаттандыратын және қанағаттандыратын бейне жасауға тырысқан бренд имиджін жасау барысында мифодизайн тұжырымдамасын қалыптастырды.

Әрбір елдің мақсаты заманауи мәдени бастауларды ескере отырып, өзінің мәдени мұрасын көрсету. Егер бренд өнімдерді ұлттық мәдени мұралардың көмегімен түрлендірсе жағымды әсер қалдырады. Мәдениет коммерциялық брендтерге қарағанда ұлттық имиджді таратуда маңызды орын алады, бірақ ол коммерциялық өнімдерге қарағанда баяу жұмыс істейді. Мәдениетті жылжыту оны қайта жаңғырту мен жаңаруына септігін тигізеді. Ұлттық мәдениет елдің имиджін қалыптастырудың ең салмақты компоненті. Шет елдерде өңірлік брендинг базасын ұлттық дәстүр мен салт, мәдени мұра құрайды. Заманауи әлемде аймақтық имиджді жасаушылар абстракті пішіндерді, геометриялық фигураларды, ең бастысы-тұрғындардың жаһандық мәдениетінің көрсеткішінің жалғасы ретінде түрлі түсті бояуларды қолданады. Осы тәсілді қазіргі кезде барлық елдер және маркетингтік компаниялар қолданып келеді [81, 56 б]. Мәдениеттанушы Ермаганбетова Құралай өңірлік мәдени брендингтің инновациялық құралдарын ұсынады:

1. Аймақ инвестицияға арналған тартымды объект ретінде. Әлеуетті инвестор саяси, әлеуметтік-экономикалық, географиялық, мәдени және ұйымдастырушылық-құқықтық факторлардың үйлесімдігі мен тиімдігін ескеру арқылы инвестиция жасайды.
2. Өңір бизнеске арналған орын ретінде. Бұл жағдайда қымбат емес коммуникациялық қызметтер, кездесулер мен жиындар, дөңгелек үстелдер өткізетін мәдени орындар, алдыңғы қатарлы коммуникация құралдары, тиімді

ұсыныстар мен ақпараттық инфрақұрылым маңызды орын алады. Жергілікті инвестордың қаржысы есебінен Қызылордада 32 бөлмелі қонақ үйі бар «Prima Park» заманауи бизнес-орталығы ашылды.

3. Өңір инновацияға арналған орын ретінде. Жоғары технологиялық өндіріс орындарын қолдау, ғылыми-өндірістік кластерлерді жасау, жоғарғы білім жүйесін және ғылыми зерттеулерді модернизациялау және инновациялық жобаларды қолдау, байқаулар ұйымдастыру тәсілі жатады.

4. Өмір сүруге жағымды мекен ретінде. Тұрғын сол аймақта өмір сүретін адам ғана емес, ол мемлекеттің немесе аймақтың бюджетін толықтыратын салық төлеуші.

5. Өңір іскерлік іс-шаралар өткізу орны ретінде. Қазіргі кезде көптеген компанияларда іскерлік ресми кездесулерді, конференциялар мен семинарларды шетелдерде өткізу тәжірибелері жиі кездеседі. Ол үшін олар барлығына тиімді және қолайлы орын іздейді. Іскерлік кездесумен қатар халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу өзекті тәжірибеге айналды.

6. Өңір туризмге арналған тартымды және көрікті орын ретінде. Туризм жәй ғана көрікті орындарды көру үшін емес, нақты мақсатпен жүзеге асырылмайды. Қазіргі кезде туризмнің түрлері көп, осы себепті әрбір аймақ өзінің басымдылығына байланысты тартымдықты қалыптастырады.

7. Өңір жоғарғы оқу орнында оқуға қолайлы орын ретінде. Білім алушыларға қолайлы тұрмыстық жағдай жасау арқылы өңірді дәріптеу тәсілі Еуропаның көптеген елдерінде, Түркияда, Ресейде де жүзеге асырылады.

Аталған туристік өнімдер аймақтардың мәдени және экономикалық әлеуетіне, табиғи ресурстарына байланысты. Туризмді дамыту тұжырымдамасында негізгі алты туристік өнім ұсынылады: «MICE-туризм», мәдени туризм және турне, белсенді және шытырман туризм, таудағы және көлдегі демалыс, жағажай туризмі, қысқамерзімді туризм.

MICE-туризм бизнеспен, саудамен, іскерлік кездесумен, ынталандыру турымен, конференциялармен, ғылыми семинарлармен, мерекелік іс-шаралармен, жұмыс іс-сапарларымен, іскерлік кездесудегі демалыспен байланысты ұйымдастырылған сапарлар түрі. Бұл өнім бойынша Қазақстанға келуші негізгі елдер: Қытай, Ресей, Еуропа, Қазақстан, Түркия.

Мәдени туризм және турне аймақтардың мәдениетімен, дәстүрімен, мәдени-тарихи ескерткіштерімен, мәдени-тарихи мұраларымен таныстыру үшін арнайы экскурсия, жетекшісіз ұйымдастырылған турлар.

Мәдени туризм-бұл баратын елдің мәдениеті, мәдени ортасы, дәстүрлері мен мәдени ландшафтарымен танысуды көздейтін туризмнің бір түрі. Мәдени туризмге жергілікті халықтардың мәдениетіне қатысты іс-шараларына қатысу мен музейлерді аралау кіреді.

Өзінің классикалық қызметтерінен ауытқып, талабы мен сыны жоғары, ақпаратты технологиялар шарықтаған заманда, «Музейге келушілерді қалай көптеп тартуға болады» деген сұрақ қазірде көптеген музейлердің алдында тұрған мәселе. Жаңа мәдениет саясат тұжырымдамасына сәйкес келушілер санын арттыру мен қосымша табыс табу арқылы өз рентабельділігін арттыру біздің музейлердің де негізгі мәселесіне айналуы заман талабы. Қазір интернет арқылы кез келген адам өзіне қызықты ақпаратты жылдам ала алады. Көптеген

музейлердің виртуалды сайттары арқылы оларды аралай алады. Музейдің экономикалық тұрғыдан тиімді қызмет етуі келушілердің санына байланысты. Қазіргі әлеуметтік мәдени жағдай музейлерге жаңа идеялар, білімдер, рухани құндылықтар іздеуге итермелейді. Осылайша музейлер қоғамдық сананың дамуын белгілі деңгейін бейнелейтін институттан біртіндеп оған жаңаша серпін беретін институтқа айналууда. Осыдан біраз уақыт бұрын музей экспозицияларын орналастыруда ғылыми схемаларға сүйенушілік күшті болса, қазірде қойылған жәдігерлердің мағынасы мен мазмұнын жеткізу үшін түрлі әдіс-тәсілдер мен жаңашылдық таныту кеңейіп келеді. Яғни, ақпараттың аса мол уақытында, тек музей қабырғасында ала алатын әсерлер беруге бағытталған материалды келушілерге ұсынуда бірегейлік пен ерекшелік жасауға тырысушылық басым. Облыс бойынша 4 музей халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Облыс музейлерінің қорында барлығы 139 467 экспонат бар.

Белсенді және шытырман туризм-табиғатта өткізілетін туризм түрі, яғни «жеңіл» туризмнің бізге ыңғайлы түрлері: кемпинг, жаяу жүру, велосипедте серуендеу, табиғатты зерттеу, атпен серуендеу, құстарды бақылау, балық аулау және аң аулау; Арал ауданында джип-сафари ұйымдастыруға және әртүрлі спорттық ойындармен толықтыруға болады. Аталған турөнімді спорттық туризммен байланыстыруға болады.

Таудағы және көлдегі демалыс-демалыс және рекреация саласындағы әртүрлі іс-әрекеттер бағдарламасы: жанұяға, балаларға, жұптарға арналған жазғы және қысқы демалыс, ресми демалыс күндері өткізілетін демалыс, таудағы белсенді туризм түрлері және экологиялық туризм. Аталған турөнім қатарына балалар және жасөспірімдер лагерін, әлеуметтік және агроэкотуризмді жатқызуға болады.

Жағажай туризмі өзен-көлдерге түсу, теңіз демалысы, судағы спорт түрлерімен шұғылдану.

Қысқа мерзімді туризм демалыс күндеріне жоспарланған, бір күннен төрт күнге дейін уақытты қамтитын, табиғаттағы немесе қаладағы демалыс, мәдени және тарихи орындарда серуендеу.

Жоғарыда көрсетілген туристік өнімнің үш түрі: MICE-туризм, мәдени туризм және турне, белсенді және шытырман туризм «тез әсерлі» нәтижесіне ие. Аталған туристік өнімдерді аз уақыттың ішінде дайындауға болады және Қазақстанның барлық территориясы тиімді және қолайлы. Ал қалған үш – таудағы және көлдегі демалыс, жағажай туризмі, қысқамерзімді туризм «стратегиялық өнім» болып саналады. Осы себепті ұзақ уақыт пен арнайы инвестицияны қажет етеді.

Туризмнің тағы бір ерекше түрі-гастрономиялық туризм. Бұл әрбір келуші турист үшін өте маңызды. Саяхат жасаушы немесе демалуға келген турист сол елдің немесе өңірдің аймақтық және ұлттық тағамымен танысады. Гастрономиялық турист үшін ас-мәдениеттің бір түрі. Дәстүрлі ұлттық асхана елдің немесе аймақтың ерекше бірегейлігін қалыптастыратын тарихпен, дінмен, экономикамен, саясатпен, дәстүрмен, аңызбен және басқа факторлармен байланыстырылады [166, с 45].

Кез-келген өзге мемлекеттің азаматын ұлттық тағам асханасы қызықтырады. Туристерді саяхаттап барған елдерінің ас мәзірі, жергілікті

салт-дәстүрлер арқылы қалыптасқан тамақ дайындау мәдениеті өздерінің ерекшеліктерімен қызықтыра түседі. Гастрономиялық саяхаттар арқылы турист өзінің болған елі туралы көзқарасты қалыптастырады.

Сыр өңірінің ас мәзірінің қалыптасуында халқымыздың көшпелі өмір салтының маңызы зор. Сондықтан ас мәзірінің негізгі бөлігін етті және сүтті тағамдар құрайды. Бешбармақ, қуырдақ, қазы, жал-жая, қойдың басы, ет жинағы, тоңбадан басталған астар, сұйық тағамдардан «Турама», бауырсақ қосылған «Сорпа», «Кеспе», «Құйқа», «Бөртпе», «Айран көже», «Сүзбе көжені». Ет тамақтың бірнеше түрі бар: «Жайлау», «Қазына», «Құлагер». Ал қою тағамдардан «Бұқтырма», «Нарын», «Мипалау», «Қуырдақ», «Сірне», «Сиыр етін», нанның бауырсақтан бөлек мыжыма, тәтті қытырлақ, сүтті түрлерінен балқаймақ, майсөк, жент, құрт, сары май, қаймақ, ірімшік және сүт, айран, қымыз, шұбат т.б. сусын түрлері бұрыннан келе жатқан ұлттық тағамдардың түрлері қазір де халқымыздың мәдениетінде маңызды орын алады. Тағам аймаққа қарай түрліше дайындалуы мүмкін: батыс аудандарда халық ет пен балықты жиі тұтынады, себебі Арал өңірі ертеден балық аулау кәсібімен айналысып келеді. Оңтүстік аудандарда халық тамақтану барысында етке қоса, көкөністерді көптеп пайдаланады.

Сыр өңірінде тек қазақ халқының ғана емес, орыс, өзбек, түрік, кавказ, корей халықтарының аспаздық өнерімен танысуға болады.

Қазақы тағамдардың бір ерекшелігі-дайындау тәсілі мен асты ұсынуда қатып қалған заңдылықтардың болмауы. Бұл ерекшелік ұлттық дәм мен қазақ мәдениетінің байлығына көз жеткізіп, оның алуантүрлілігін толық сезінуге мүмкіндік береді. Себебі дастарханымызды жайнатып тұрған әр тағам азық-түліктің қоспасы ғана емес, тұтас халықтардың мәдениетін сіңірген баға жетпес құндылық.

Ішкі туризм. Мұнда өзіміздің халықтық қымбат қасиеттеріміздің, дәстүрлеріміздің мүмкіндіктері толық есепке алынып отырмаған сияқты. «Туризм» деп адамның күнделікті тұратын орнынан басқа жерге баруын айтады. Қазақтың ұлан-ғайыр даласында арлы-берлі ағылып жүрген ағайынның бәрінде де белгілі бір дәрежеде туристік сипат бар. Олар ішкі туристер: олар барлық қоғамдық көліктермен жүреді, қонақүйге орналасады, асханаларда, кафе, ресторандарда тамақтанады, барған жерінен базарлық алып қайтады, ел көріп, жер көріп, өзінің жанын байытады. Шын мәнінде бұл кәдімгі каучсёрфингтің дәл өзі. Бірақ, қазірше осы жүрістерден төленіп жатқан салықтар туризмнің есеп-қисабында қарастырмаған. Бұл да негізгі мәселе.

Әрине, қыдырғанның бәрін туризмге жатқыза беруге болмайтыны рас. Бірақ, адамдар тек қонақ болумен шектелмей, өңірдегі тарихи-мәдени мұрамен танысса, табиғат ескерткіштеріне барса, неге олардың туризмге атымен қатысты емес деп қарастыра алмаймыз. Әрине осы айтылғаннан қонақтық туризм ішкі туризмнің басты бір көзі екен деген түсінік тұмауға тиіс. Қонақтық туризм оның шағын бөлігі ғана бола алады. Қонақтарымызды тойдан бас көтертпей қойғанша, туған өлкенің тамаша табиғатымен, тағылымды тарихымен таныстыруға ұмтылу бірте-бірте бойымызға сіңе берсе дейміз. Мейлі, туризмге тікелей жатқызылмаса да мұның өзі біздің өмір салтымызға әсер етпей қоймайтыны анық.

Ішкі туризмді дамытудың көп қаржыны қажет етпейтін сенімді жолы-жалпы туризм туралы қалың жұртшылықта қалыптасқан түсінікті түзету. Туризмді тек шетке шығу деп, туристерді тек шеттен келгендер деп қарайтын қарапайым ұғымды өзгерте алсақ та біз талай нәрсеге қол жеткізер едік.

Стратегиялық және бәсекелестік талдау аймақта туризмді дамытудың және оны басқарудың стратегиясын қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылады. Стратегиялық талдау зерттелініп отырған аумақ аясында қалыптасатын және олардың әсері туристік кешеннің дамуына кері немесе тиімді әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды бағалауға мүмкіндік береді. Бәсекелестік талдау аймақта туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің детерминанттарының болуын және маңыздылығын бағалауға, соның негізінде тиімді бәсекелестік стратегияларды тұжырымдауға мүмкіндік береді [167, 87 б]. SWOT-талдауды пайдалану негізінде Сыр өңіріндегі мәдени туризмді дамыту үшін ішкі және сыртқы ортаның факторлары анықталды. Олардың әсер күші және олардың қиысуы сыртқы нарықтарда аймақтық туристік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Анықталған басымдықтар және сыртқы мүмкіндер өңірде туризмді дамытудың стратегиясы негізінде қаланады және оларды күшейтуге бағытталған шаралар тізімі арқылы жүзеге асырылады. Әлсіз жақтар және сыртқы қауіптер өңірде туризмді дамытуға шектеулер ретінде қарастырылады.

Сыр өңірі бойынша туристік тартымдылық пен беделділікті арттыру шараларын қарастыру мақсатында осы аймақтың туристік әлеуетіне жүргізілген SWOT-талдауды қарастырайық.

Өңірдің туризмнің күшті жақтарына оның көбіне ішкі туристік әлеуетін анықтайтын мынадай маңызды факторлар:

1. Сыр өңірінде 532 тарихи-археологиялық, архитектуралық ескерткіштер сақталған. Олардың 23-і әлемдік маңызы бар ерекше ескерткіштер архитектуралық, тарихи ескерткіштердің өте көп болуы;
2. Ұтымды әрі оңтайлы географиялық жағдай, темір және автокөлік жолдарының торабында орналасуы; ландшафтардың әртүрлілігі, ерекше туристік объектілердің болуы;
3. Туризм саласына инвестиция мен қаржыландыруды іске асыру мүмкіндіктері;
4. Қонақ үй және қоғамдық тамақтану қызмет-көрсету орындары желілерінің дамуы көп жағдайда туризмнің түрі мен формасын анықтайды;
5. Республикада және аймақтарды ақпараттық-туристік орталықтың, мемлекеттік және аймақтық қолдау саясатының және туризмді дамытудың стратегиялық құжаттар жүйесінің болуы.

Сыр өңірі туризмінің әлсіз жақтарына осы салада дамуды тежейтін және ішкі тосқауылдардың белгілі түрі ретіндегі факторлар:

1. Сыр өңірінде тарихи-мәдени ескерткіштердің басым бөлігі реставрация, реконструкция және регенерация сияқты шұғыл жөндеуді қажет етеді.
2. Қалалардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы әлемдік стандарттарға сай емес. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қала тұрғындарының сұраныстарын қанағаттандыра алмайды. Нашар дамыған туризм индустриясы қажетті сервисті көрсете алмайды. Адам ресурстарының

сапасы әлемдік туристік орталықтардағы адам ресурстарының даму деңгейіне жетпеген.

3. Сыр өңірінің тарихи-мәдени орындары бойынша туристік маршруттар–қозғалысының және насихаттаудың әлсіздігі, шет елден туристерді тарту мақсатындағы жарнамалау жасау үшін өзіндік WEB-сайттарының болмауы; туристік фирмалар мен орналастыру объектілерінің күштерінің шоғырлану деңгейінің төмендігі туристік кластерді құру үшін жеткілікті шарттарды қалыптастырмайды; туристік салаға жеке капитал салымдары мен инвестициясының болмауы.

4. Қонақ үй және көңіл көтеру инфрақұрылымының және туристік санаттағы қонақ-үйлердің мерзімдік кезеңдегі жетіспеушілігі, туризм және демалыс орындарында инженерлік, көліктік және әлеуметтік-инфрақұрылымдардың жеткіліксіз деңгейде дамымаушылығы; туристер демалатын мекендерде сервис деңгейінің төмендігі, осы саладағы кадрлар мен білікті мамандардың жетіспеушілігі, жол бойы инфрақұрылымдардың объектілер сервисінің жеткіліксіз саны мен сапасы.

5. Гастрономиялық туризм барысында дәстүрлі мейрамханалардың болмауы. Дәстүрлі тағам ұсынатын нысандардың сыртқы, ішкі интерьерлері заманауи үлгіде ұлттық колоритсіз безендірілген.

Өңірдегі туризмді дамыту және басқару мүмкіндіктеріне бүгінгі таңда пайдаланатын және жеткілікті деңгейде пайдаланбайтын әлеуетті танытатын факторлар:

1. Облыстың Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық автожолының, теміржолдың бойында орналасуы, мұнайға, газға, құрылыс заттарына бай екендігі үлкен мүмкіндік береді. Қызылорданың әсем де әлеуетті қалалардың қатарына қосылуына мүмкіндіктері тіптен жетерлік.

2. Қала аймағындағы жер ресурстары қала аумағының өсуіне қолайлы;

3. Қызылорда облысының туристік имиджіне жағымды ықпал ететін әртүрлі пиаркомпаниялар, конференциялар, шебер-кластарды өткізу, жаңа туристік объектілерді дамыту жоспарларының болуы мен оларды іске асыру, этноауылдар, ұлттық дәмханалар, тұрмыстық және техникалық қызмет көрсетудің– тиімді қызметтерінің болуы, сапалы сервисті құру, автомобильдік көлікпен туристерді тасымалдауда жол инфрақұрылымын жақсарту.

4. Білікті мамандарды, гидтарды, экскурсоводтарды, туризм инструкторларын, тарихшы экскурсоводтарды және аудармашыларды даярлау, сувенирлік өнімдерді даярлау.

5. Қызылорда облысына тән, жергілікті тұрғындар маманданған шаруашылық өнімдері сатылатын тұрақты халықаралық Шығыс базарын ашу. Мұны өңірдің маманданған шаруашылық саласын дамыту арқылы іске асыруға болады.

Сыр өңіріндегі туризм дамуының сыртқы қолайсыз факторларына және қаупіне нақты немесе әлеуетті қауіпсіздікті танытатын факторлар:

1. Сыр өңірінің дамуына қаланың сыртқы көрінісінің және архитектуралық сипатының тартымсыздығы, туризмді қамтамасыз етудегі сервис нысандарының жеткіліксіз болуы кедергі келтіреді.

2. Тарихи-мәдени ескерткіштердің бузылуы; қажетті инженерлік-коммуникациялық және сервистік нысандардың болмауы;

3. Туризмді қанағаттандыра алмайтын экономикалық құрылымның сақталуы;
4. Жергілікті тұрғындардың әлемдік туристік орталықтардағы адам ресурстарының даму деңгейіне сәйкес емес өмір сүру сапасы;
5. Туризм саласында туристік ағындар мен инвестициялық белсенділік көлемінің төмендеуі.

Жүргізілген SWOT-талдау нәтижелерін топтастыра келе, жалпы Сыр өңірінде туристік имиджді арттыратын және де туристік саланы дамытатын туризмнің келешектік түрлерін анықтаудың ең жақсы амалы ретінде өңір имиджін қалыптастыруды атап өтуге болады.

Өңір имиджін жасанды жасауға немесе жоқтан жасауға болмайды. Өңірлік келбетті жасауға, қызметтің қолайлылығы мен нәтижелілігін күшейтетін бірнеше көзқарастар бар. Бұл саладағы маманның жұмысы аудиторияға бағытталған коммуникация жүйесін жасау емес, керісінше аудиториямен қарым-қатынас орнатудағы саяси процедураларды өзгерту. Брендинг саласының көптеген мамандардың пікірі бойынша егер объект ел немесе халық болатын болса ұлттық брендинг қолайлы емес. Табысты өңірлік брендинг халық туралы емес, оның ішіндегі ұлтты бейнелейтін, елдің келбетін көрсететін тауарлар мен көрікті жерлерді, мәдени объектілерді брендтеу.

Өңір бренді дегеніміз-жергілікті бизнес пен билік арасындағы өзара әрекеттесу, бұл осы мекенде өндірілетін тауарлар, адамдарға қолайлы өмір сүруді қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылымдар, аймақтың инвестициялық тартымдылығы, еңбек және тұрмыс мәдениеті, туристерді қызықтыратын түпнұсқалық оқиғалар.

Креативті визуалды бейне-территориалды брендингтің қатыстылығын білдіретін символдар [81, 32 б.].

Өңір бренді тартымды идеяларда, нышандарда, мәдени құндылықтарда, бейнелерде жүйелі көрініс табатын өңірлік бірегейлік. Тұтынушылық аймақты сәйкестендіретін визуалды немесе виртуалды нышандар, жағымды «фирмалық» белгілер, оның имиджі мен мәртебесін қалыптастыратын немесе бекітетін «таратылған» тауарлық марка. Бүгін өңірдің брендін жасау, дамыту және дәріптеу бұл аймақтың табысты дамуына, оның ауқаттылығы мен өркендеуінің кепілі. Маркетологтардың арасында логотип жасау бұл брендинг деген стереотип те бар, бірақ логотип жасау брендті визуаландырудың бір жағы немесе міндетті емес элементі болып саналады.

Туристік бренд тек бүтіндей мемлекетке ғана емес, белгілі бір қаланың сипаты үшін де қолданылады. Әрине, бренд қаланың барлық мәселелерін реттемейді. Бренд ең бірінші эмоциямен жұмыс істейді. Ол жоғарыдағы мәселелердің шешілуіне тек жанама әсер етуі ғана мүмкін. Бренд қала тұрғындары мен қонақтары үшін жаңа кеңістік. Логотипті қала брендінің бір компоненті деп қарастыру қажет. Логотипті тудыруға себепші болатын және оны қажет ететін қаланың негізгі өнеркәсібі-туризм. Логотиптер арқылы осы саладағы тауарлар саудасы белсенді дамиды. Әсіресе, магнитті жапсырғыштан бастап футболкаға дейінгі кәдесыйлар.

Қызылорда қаласының мәдени туризмдегі логотипінде Сыр Ана монументі бейнеленген.



Сурет 13-Қызылорда қаласы логотипі.

Жалпы «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы үш-ақ сөзге сәл тереңірек ой жүгірткен адамға оның аржағында санаңды сан-саққа сүйрелей жөнелетін мән мен мағынаға толы сыр жатыр. Рәміздік тұрғыда Қорқыт бабадан басталып, сыр сүлейлерінің әрқайсысы бір-бір жеке философиялық мектеп, бір-бір дүниетанушы ұлттық тәлімгер екенін ескерсек Сыр өңірі Алаштың Рухани Анасы да екеніне көз жеткізер едік. Екінші мағынасы қазақ даласына қан жаудырған талай жаугершілік, әртүрлі тарихи зобалаңдар кезінде қазақ осы Сыр бойына келіп, аман қалған. Сыр бойы оларды сәбиін аман сақтауға жанын салатын анасындай әлдилеп, қамқоршы болған. Міне, сондықтанда «Сыр-Алаштың анасы» атануының аржағында осындай да бір сыр жатыр.



Сурет 14-Сыр Ана монументі.

Сыр-Ана монументінің биіктігі 39 метр. Ескерткіш пішіні биіктеген сайын өз діндегінің айналасында оралып, әсем бейне қалыптастырады. Оның 32 метрлік биіктігіндегі шолу алаңынан бүкіл қалаға көз тастай аламыз.

«Сыр Ана» стелласының сәулеттік пішіні биіктеген сайын өз діндегіне айнала оралып, қазақ әйелінің сұлулығын паш ететін әйел мүсінін сомдайды. Сыр өңірінің ерекшеліктерін айқындайтын бұл кешеннің басына сәукеле киген,

мың бұралған қыпша бел әйел-ананың образын иелену мағынасы да осында. Сәукеле-қалыңдыққа арналған бас киім. Сәукеленің басындағы үкісінің өзі-киелі. Үкісінің өзіне анықтап қарасаңыз, күрішті бейнелейтіндей. Бұл дегеніңіз, Сыр маржаны. Сыр маржаны-күллі Сыр өңірінің келбетін таныстырар төлқұжаты десек, артық айтқандық болмас. Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыз да, Қызылордалықпын десеңіз, алдымен Сыр өңірінің күрішін сұрайды. Сыр күріші отандық ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі көзі екені белгілі. Дәлірек айтқанда, стратегиялық дақылдардың бірі. Қызылорда облысы Қазақ елін күрішпен қамтамасыз етеді. Сондықтан, күріш-Қызылорда облысының белгісі. Сәукеле бейнесіндегі мұнара басын жайқалған күріш бейнесіндегі бөлшек аяқтайды. Содан соң, «Сыр Ананың» әйел мүсінін сомдайтын қазақы дәстүрдегі көйлегі.

Жалпы әлемнің кез-келген елі шалқыған теңіздері, дүрілдей тасып аққан дариясымен мақтанады. Біздің қаламыздың ерекшелігі Сырдариядай ұлы өзен іргемізден сылаңдай ағып, айдынды Аралға барып құяды. Сыр өзенінің жалпы ұзындығы 2200 шақырымды құраса, оның 1300 шақырымы біздің облысымыздың үстінен ағып өтеді. Содан да болар, «Сыр Ана» монументіндегі әйел-ананың самал желмен тербетілген етегі Сырдарияның бұрала аққан толқындарын бейнелейді.

Қызылорда облысының логотипінің басты ерекшелігі түркі әлеміне танымал Қорқыт Ата кешені бейнеленген.



Сурет 15-Қызылорда облысының логотипі.

Логотипте Қармақшы ауданында орналасқан Қорқыт Ата кешені, оның үстіндегі қазақтың оюы бұл өңірдің ұлттық құндылықтарға құрметтейтінімізді, оның үстіндегі ғарыш зымыраны «Байқоңыр» ғарыш айлағы-Қызылорда облысының ғана емес, бүкіл Қазақстанның имиджін қалыптастыратын ең танымал туристік нысан екенін білдіреді. Ел аузындағы қария сөзде бұл мекенді-жердің кіндігі деп санайтын «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшатын зымырандарды тамашалауға бүкіл әлемнен туристтер келеді. Қос қапталында Сыр өңірінің Сыр маржаны яғни күріші, келесінде кемпірқосақ бейнеленген.

Кемпіркосақ атауының мифтік санамен байланысты пайда болған ең көне атау деп пайымдауға болады. Олай дейтініміз, бұл атаудың ізі сонау кездегі мифтік ертегі-аңызға апарды. «Баяғыда бір мыстан кемпір болыпты. Оның қызыл, жасыл, түрлі-түсті қойлары болған екен. Мыстан кемпір жаңбырдан соң қызыл, жасыл қойларын қосақтап сауады екен». Аңыз осылайша ақиқаттың зат пен құбылыстың атына айналған. Артында тұрған күн рәмізі Сыр өңірінің шуақты ыстық күндердің көптігін, күріштің күннің аптап ыстығымен тез өнім беретінін білдіреді. Етегінде бастауын мыңдаған ғасырдың куәсі басын тәжік, қырғыз жерінен алатын Сырдария өзені берілген.

Мәдени туризмде мәдени жадыны және тарихи тәжірибенің бірегейлігін білдіретін рәміздердің арқасында саяхатшының ойында өңірдің образы салынады, ол баруды жоспарлаған аумақтың «рәміздік бейнесі» пайда болады. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, туристік ұсыныстар негізінде емес, сонымен қатар өзінің танымдық қызығушылықтары негізінде жаңа орынды таңдау барысында ол бірқатар символдармен байланыстырады, содан кейін ерекшеліктерімен танысады. Қазіргі заманғы туристтерді тұтыну, бос уақыт, технологиялық жаңашылдық жағдайында семантикалық кеңістікті бейнелейтін рәміздер мен осы өңірге тән мәдени кодтарды жасау арқылы «басқа» мәдениетті тұтынуға шақыра аламыз.

Сонымен, аймақтық мәдени брендингті іске асыру мен мәдени брендті бағалау барысындағы коммуникация бағыттарын айтып өтейік:

1. Қарапайым жарнама түрлері (тележарнама, радиожарнама, баспа жарнамасы, сыртқы жарнамалар) кеңінен қолданылады. Себебі, жарнама өңірді туристік «тауар» ретінде таныту барысында қолданылады. Яғни, бұл – өзінше бір мәдениет. Алайда заман талабының өзгеруіне сәйкес жарнама берушілерге жаңа белес басталды. Соңғы кездері өзінің аудиториясы бар, халық пікірімен санасып, көпшілікке белгілі дәрежеде әсер ете алатындарды «әсер етушілер», яғни *influencer* деп бөліп қарастыру қалыпты болды. Осыған сай, әлемде *Influencer Marketing* деп аталатын жаңа бір түсінік қалыптасты. Көбінің сүйікті желісіне айналған YouTube те бүгінде жарнама толып тұр. Онлайн қызмет көрсететін компаниялар да аудиториясын дәл тапқандай. Туристік агенттіктер, билет сату қызметтері, онлайн дүкендердің жарнамасы әр бейнероликтің басында, ортасында көрсетілетін болды. Не дегенмен статистика жарнама берушілердің әлі де теледидарды таңдайтынын көрсетіп тұр. Оған жарнама нарығын зерттеумен айналысатын *Advertising Association of Central Asia* компаниясының дерегі дәлел. Компания зерттеуі бойынша, ақпарат алу үшін халықтың 52%-ы теледидарды, 8%-ы радионы, 6%-ы газет-журналдарды таңдаса, билбордтардың үлесі 18%, ал интернет ресурстар 16%-ды құрайды дейді.

Қазіргі таңда Қызылорда облысы көлемінде жұмыс жасайтын бұқаралық ақпарат құралдарының саны 2 облыстық телеарна, 2 радио, 4 интернет сайт газет, 77 республикалық, облыстық, аудандық газеттер жұмыс істейді. Бүгінгі күні Қызылорда облысында жұмыс жасайтын БАҚ-тың тақырыптық бағыттарына жасалған талдау олардың 48,2% қоғамдық-саяси, 26,8% ақпараттық және ақпараттық-танымдық, 25% өзге де тақырыптық бағыттарда ақпарат тарататынын көрсетті.

2. PR. Қоғаммен байланыс жасау маркетингтік «микстің» мақсатты аудиториямен қарым-қатынас орнатуына бағытталған. Аймақтық брендингке де бұл тәсіл қолданылады. Қарым-қатынас және байланыс агенттері арқылы орнатылады. Пиардың ерекшелігі аймақтың барлық бәсекеге қабілетті ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. PR (Public Relations)-ұйым мен қоғам арасындағы түсіністік пен жақсы қарым-қатынастарды қалыптастыратын институт. Тауар, өнім, қызмет, сатылым туралы қоғамдық пікір қалыптастыратын үгіт-насихат жүргізу тәсілі немесе формасы. Пиар мен жарнама тығыз байланысты болғандықтан пиарды жарнамадан бөлек қарастыру қиын, десе де пиар-жарнама емес. Қазірге кезде «пиарды» көпшілігі біліп жүргенімен айыра алмайды.

3. Сатуға ынталандыру және тура маркетинг. Бұл жағдайда туроператорлар, тұрғындар «сатушы» рөлін атқарады. Сатуға ынталандырудың бірнеше жолдары бар: туристерге «жақын арадағы» жолдамаларды арзанға сату, акциялар, ал инвесторлар мен кәсіпкерлерге салықтық жеңілдіктер қызығушылық тудыруы мүмкін.

4. Жарнаманың басқа түрлері. Бұған аймақты жылжытудың барлық тәсілдері кіреді. Мысалы, өңірде кино түсіру немесе өңір туралы деректі фильм түсіру. Халықаралық, республикалық байқаулардың, спорт ойындарының, олимпиадалардың, жарыстардың, сайыстардың ұйымдастырылуы. Қызылорда облысы бойынша 171 мәдениет үйлері мен клубтары, 209 кітапхана, 14 музей, 12 архив, облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры, облыстық филармония, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, облыстық тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі, 1 қалалық демалыс паркі – барлығы 410 мәдениет және өнер мекемелері халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Мұнда үлкен жарнама екі жылда бір өтетін түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық өнер фестивалі. Фестивальге Түркия, Иран, Грузия, Әзербайжан, Өзбекстан, Сербия, Саха, Башқұртстан, Татарстан Қырғызстан елдерімен қатар, қазақстандық белгілі ғалымдар, өнер иелері мен шығармашылық ұжымдар қатысады. Басты ерекшелігі фестивальдің ашылу салтанаты «Достық үйі» алаңында, қорытынды жабылу шарасы Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш кешенінде өткізіледі. Сонымен қатар, мектеп туризмін дамыту мақсатында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Sacral Тур» және қазақтың салт-дәстүрін насихаттау бағытында «Village life» жобалары жүзеге асырылуда. Өңірде алғаш рет облыстық музей тарапынан арнайы тарихи-танымдық телеэкспедициялар ұйымдастырылып, қасиетті нысандардың маңыздылығы туралы телехабарлар түсіріліп, халық назарына ұсынылды. Музей қызметкерлері «Сыр өңірінің киелі орындарына саяхат» атты жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба аясында облыстағы қасиетті нысандар аясында өңірдің Шығыс аймағы бойынша Батыс Еуропа – Батыс Қытай автодәлізінің бойындағы бағыттар бойынша туристік саяхаттар ұйымдастырылды. 2018 жылы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және облыстық жобалық кеңсе аясында қасиетті орындарды сандық форматқа көшіру және олар туралы әлеуметтік желі қолданушыларға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 150 ескерткіштің 3D форматтағы

интерактивті картасы қолданысқа енгізіліп, QR-код тақтайшалары орнатылды. Осылайша, Сыр өңірінің тарихи орындарымен виртуалды түрде танысуға мүмкіндік жасалды. Өңірдің мәдени мұраларын сақтау, қорғау бағытында Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес жұмыс жасап келеді. Кеңестің құрамында елімізге белгілі тарихшы ғалымдар, археолог мамандар, реставраторлар бар. Кеңестің шешімімен облыстық бюджеттен алғаш рет археологиялық зерттеулерге қаржы қарастырылып, 2014-2018 жылдары аралығында Шірік Рабат, Сығанақ, Жанкент, Жент, Сортөбе, Бәбіш, Қышқала қалашықтарына және Аралдың кепкен табанындағы Кердері кесенесіне археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, музей қоры жаңа экспонаттармен толықтырылып келеді. Қазіргі уақытта қазба жұмыстарымен ғана шектелмей, аршылған нысандарды сақтау, қалпына келтіру шаралары қоса жүргізіліп, облыстық музей қорына 2327 жәдігерлер жинақталды.

Өңірлік мәдени брендингті жүзеге асырудың негізі құралы мен тәсілі – мәдениет. Аймақтық мәдени брендті зерттеуші М. Каваратцистің пікірі бойынша, аймақтың имиджі мәдени өткен шағы мен аймақтың бүгінгі күнінің байланысы негізінде құрылады. Мәдени брендинг әртүрлі үш тенденцияның қосылуынан пайда болады: мәдениет, барабарлық және туризм. Мәдени туризмнің тенденциясы қазіргі кезде кең өріс алып отыр. Себебі, ол тарихи-мәдени таныммен, сапалы демалыспен, қолайлы ойын-сауықпен, көңіл көтерумен және кірісі мол бизнеспен сабақтасады [168, 507 p].

XXI ғасырда жастар арасында кең тараған тенденция «селфи», яғни смартфон немесе планшеттегі фотоапараттар арқылы өзін-өзі суретке түсіру, портретін жасау және оны әлеуметтік желілерге салу. Бұл тәсілді «мәдени брендингті» жүзеге асыру барысында қолдануға болады. Мысалы, белгілі бір объектінің, танымал адамның қасында тұрып «селфи» жасау және сол арқылы болған жерін немесе қасындағы танымал адамды сипаттау арқылы ол соған бейне береді. Яғни ақпарат береді. Қазіргі кезде қоғамның барлық салалары визуалдау тәсілдерін қолданатынын байқаймыз. Имидждеу мен брендтеу үрдісінде визуалдау 80%-ды құрайды. Бейне, имидж теледидар экранында, компьютер мониторында қалыптасады, оның тасымалдаушысы заттар: мысалы, киім, аймақтың түрлерін көрсететін аксессуарлар, мәдени брендтер бейнеленген заттар. «Визуалданбайтынды визуалдандыру» ұстанымының басымдылығын өңірді брендтеу саласындағы аймақтың, елдің брендін жасау қызметінде байқауға болады, оны ішкі мазмұнмен толтырады: инфрақұрылымын жетілдіру, нысандарды қайта жөндеуден өткізу, мәдени фестивальдер ұйымдастыру. Заманауи пиар-технологиялар және брендбилдерлер қазіргі қоғамның бұл тәсілін пайдаланып, визуалды қабылдау үрдісін культке айналдырады және таратады. Шетелдік тәжірибелерде бұл тәсілді мәтіндік мазмұнмен толықтырады және өте жоғарғы бағалайды [81, 53 б.].

Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын, мәдени жетістіктерін жаһандық ақпарат алмасу алаңында дәріптеу үшін тиімді құралдарды пайдалануымыз керек. Электронды қызметтің жүздеген түрін қамтитын Google да-дәл осындай платформа болып табылады. Мемлекеттер өздеріне туристер тарту, қонақтарға

қолайлы жағдай жасау үшін Google компаниясына арнайы жүгінеді. Елдің электронды географиялық карталарын дамыту, қала көшелерінің 3D суреттерін интерактивті карталар мен гидтерді енгізу жобалары осылай пайда болған. Әр мемлекет мемлекеттік тілді Google-дың автоматтандырылған аударма қызметіне енгізу жұмыстарын әлі де жүргізіп келеді. Ұлттық мұражайлар, галереялар, кітапханалар мен архивтер Google Art Project жобасына тарих, мәдениет пен сәулет өнерінің ескерткіштерін енгізу үшін, сондай-ақ ұлттық кітапхана қорларын Google Books қызметіне орналастыру мақсатында бірлескен жобалар сәтті ұйымдастырылуда. Бұл Google компаниясына емес, цифрлық өркениеттен тыс қалғысы келмейтін елге қажет нәрсе.

Қазіргі кезде кеңінен насихатталған платформалардың бірі, бүкіл әлемде ерекше танымал, ай сайын 500 миллионнан астам бірегей қолданушы адам ең көп кіретін ресурс-«Уикипедия» жаһандық онлайн энциклопедиясы. Бұл коммерциялық емес ресурс миллиондаған қолданушылардың жеке жәрдемімен өмір сүреді. Қолданушылардың өздері мақала жазады және редакциялайды. Онлайн энциклопедияның парақшалары барлық қолданушы үшін саяси, ақпараттық және имидждік жұмыстардың маңызды құралына айналды. Wikipedia-ны жасауға негіз болған Wiki-платформаны АҚШ Мемлекеттік департаменті Diplpedia жобасы негізінде жүзеге асырып отыр.

«Уикипедия» әрбір тілдік қауымдастықтың жай-күйі мен әлеуетін дәл сипаттай алатын ең ілгері дамыған лингвистикалық платформа. Бұл ресурстағы бүгінгі тілдер рейтингі 5,5 миллионға дейінгі мақаласы бар 298 тілді қамтиды. 5,5 миллионнан астам мақаласы бар ең ірі тарау – ағылшын тілінде. Тұтастай алғанда, мұндай жаһандық электронды платформада өңір туралы ақпараттар көп болуы мәдени туризмді дамытады.

Мәдениет елдің имиджі мен брендін құнарландырады. Бұл елді және оның имманентті құндылықтарын түсіну арқылы пайда болады. Мәдениет есте жеңіл сақталатын коммерциялық ұсыныстардың үйлесімді сүйемелдеушісі. Әр ұлттың мәдениетін бір бірінен айқындайтын, өзіне тән қайталанбас ерекшелігі бар. Егер оны брендпен тығыз байланыстырса, ол әсерленіп есте қалады. Мәдениеттің арқасында ел көркейіп, оған ұлттық мәртебе беріледі. Мысалы, Сыр өңірі мәдени-философиялық кеңістік ретіндегі келбетін сипаттасақ, түркі әлемінің когнитивтік моделі мәдени-рухани код ретінде таңбаланады. Сыр өңірі ұлттық-мәдени және әлеуметтік сипаты қарастырылады: біріншіден, Сыр өңірі қазақы дүниетаным мекені; екіншіден, Қорқыттың қобызы; үшіншіден, жер кіндігі Байқоңыр; төртіншіден, шексіз рухани кеңістік; бесіншіден, жырдың елі; алтыншыдан, Арал ретінде бірін-бірі толықтырып тұрады деген мәдени брендті қосу арқылы тартымдылыққа ие болуға болады.

Сыр өңірінің мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштердің бар екенін ескерсек, олардың әрқайсысының тарихы, өзіндік ерекшелігі мен құндылықтары бар. Елбасы киелі жерлердің картасы туризмге де жұмыс жасау керектігін айтты. Осы себепті, киелі жерлерді туристік нысандар мен маршруттарға қосып табиғи байлығымыздың ерекшеліктерін атап өту маңызды. Мысалға, Қаратау сілемдері, Сырдария өзені мен олардың көне сағалары, Қызылқұм құмды массиві, Қамбаш көлі және аты әлемге мәлім Арал теңізі

және т.б. киелі нысандарымыз қасиетті жерде орналасқандығы баршамызға мәлім.

Біздің аймақ шығыстан батысқа қарай созыла орналасқандықтан, киелі орындарды тақырыптық топтарға бөліп бірнеше картасын жасауға болады. Оларды аралауда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолы үлкен маңызға ие. Бұл болашақта өлкеміздің туризм саласының дамуына әсерін тигізері сөзсіз.

Сыр бойының киелі жерлерінің тақырыптық экскурсиялардың технологиялық карталарын 4 ауданға – Қызылорда-Қаратау бағыты, Қызылорда-Қызылқұм немесе «Құм басқан өркениеттер» бағыты, Қызылорда-Жетіасар-Қорқыт ата, Қызылорда-Арал теңізі бағыты деп бөліп қарастыруға болады. Осы бағыттар бойынша өлкеміздің қола дәуірінен бастап бүгінге дейінгі аралықпен мерзімделетін киелі орындары енгізілді. Әрине, картаға барлығын қосу мүмкін емес, бірақ, осы маршруттар барысында көптеген қосымша нысандарды қамтуға болады.

Қызылорда-Қаратау бағыты

Қызылорда – Бәйгекұм ауылы – Оқшы ата қорымы – Шиелі – Көккесене – Төменарық – Жаңақорған – Қыркеңсе ауылы – Төлегатай-Қылышты ата кесенесі – Қорасан баба қорымы – Сунақ ата ауылы – Сығанақ кешені – Еңбекші ауылы – Сауысқандық жартас суреттері.

Қызылорда-Қызылқұм бағыты

Қызылорда – Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылы – Бәбіш-мола қалашығы – Шірік-Рабат қала-қорымы – Сеңгіртам қорымы – Баланды кешені – Ұйғарақ қорымы – Оңтүстік Түгіскен қорымы – Солтүстік Түгіскен кесенесі – Жент қалашығы

Қызылорда-Жеті Асар-Қорқыт ата

Қызылорда – Теренөзек – Қалжан ахун мешіт-медресесі – Жалағаш – Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылы – Жалпақ-асар – Қурайлы асар – Кіші Қос-асар – Үлкен Қос-асар – Томпақ-асар – Алтын-асар – Бұзық-асар – Ордазы – Қорқыт ата кешені – Қармақшы ата қорымы – Марал ишан кесенесі және Қалқай ишан кесенесі.

Қызылорда-Арал теңізі бағыты

Қызылорда – Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті – Өркендеу ауылы – Қамбаш көлі – Бегім ана мұнарасы – Ұзынтам мұнарасы – Көкарал платинасы – Арал-асар қонысы – Кердері кесенесі – Барсакелмес қорығы.

Киелі орындардың тақырыптық-туристік маршруттық картасы туристер үшін қолайлы болу керек. Аталған нысандардың басым бөлігіне туристер апаруға болады.

Сонымен қоса туристерді жіберуге болатын аймақтар анықталған. Олар: Қармақшы ауданы бойынша Байқоңыр ғарыш айлағы, Қорқыт Ата мемориалдық кешені; Жаңақорған ауданы-емдік батпақ пен сумен емдеу «Жаңақорған» санаториі мен Қаратаудағы Қатынқамал, Ақүйік, Бесарық өзендерінің шатқалдары; Шиелі ауданы-Телікөл көлдер жүйесіндегі Қанқожа көлі, Қарғалы қорғалымы; Қазалы қаласындағы ІХ-XX ғ.ғ. тарихи қала құрылыстары, Арал ауданы-Кіші Арал теңізі, Көкарал бөгеті, Ақлақ су тоспасы, Қамыстыбас (Қамбаш) көлі.

Жалпы Сыр өңірінде мәдени туризм аймақтық дамудың басты

турресурсы бола алады, өйткені оның туристерді қызықтыратын маңызды сипаттамалары жеткілікті. Біз қазіргі таңда туристік мәні бар ескерткіштерімізді таныстыратын турлар құру арқылы Сыр өңіріндегі ішкі туризмді де дамытуымызға болады және мәдени-тарихи туризмнің аймақтық және халықаралық деңгейде дамуындағы қосатын үлесі бар екендігі белгілі.

Дегенмен туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Сыр өңірінің туристік нысандары туралы біліп, танысуларына мүмкіндіктер жасалмаған. Қызығушылық тудыратындай ақпарат таратылмаса, шетелдік қана емес, жергілікті азаматтардың да баруы қиын және өңіріміздің ішкі туризмі әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес. Қызылорда облысының облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының мәліметі бойынша 2019 жылғы қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша облысқа келуші туристер саны-39237 адамды құрады. Оның ішінде резиденттер-37 633 адам, резидент еместер-1604 адам. Бұл кезеңде орындалған жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемі 533,3 млн.теңгені құрады. Облыс бойынша қонақ үйлер саны-109 бірлік. Қонақ үйлердегі нөмірлер саны-1410 бірлік. Бір реттік сыйымдылық-2 260 төсек-орын. Туристік маршруттар саны-12 бірлік. Туристік агенттіктер саны-6 бірлік. (Otrartravel, Oasistravel, Турсалон, Акме, Стандарт вкуса, Ordatour)

Қызылорда облысындағы туристік саланың жағдайы бойынша талдаулар нәтижесінде келесідей мәселелерді айқындап, туристік стратегиялық дамушылықты қалыптастырушы келешектік бағыттарды қарастыруға болады:

1. Облыс көлеміндегі құнды әрі тартымды болып саналатын экскурсиялық объектілерге апаратын автокөліктік жолдардың болмауы мен нашар жағдайы, осының салдарынан көптеген объектілер жалпы ішкі туризм үшін қол жеткізбестікті танытады.
2. Халықаралық стандартқа сай қазіргі заманғы қонақ үй кешенінің, демалыс үйлерінің, сауықтыру орындарының кемшін жағдайлары, ұсынылатын сервистік қызметтерінің төменгі сапасы.
3. Жекелеген аймақтарда жергілікті тұрғындар ішінде білікті қызмет көрсетуші қызметкерлердің болмауы: гид-аудармашылар, экскурсоводтар, жүргізушілер мен орналастыру объектілерінде қызмет көрсетушілер (қонақ үйлер мен кемпингтер).
4. Алыс тұрғылықты жерлерде сенімді ұялы байлыныс жүйесінің болмауы.
5. Ауылдық, әсіресе алыс аудандар тұрғындары туризмді дамытуға байланысты туристік маршруттарды әзірлеу мен жүргізуге қатыспайды, ешқандай экономикалық табыстылық иемденбегендіктен қызығушылық білдірмейді.

Жалпы заманауи туристің баратын өңірінің тартымдылығы рәміздердегі мәдени және тарихи әлеуетіне байланысты. Туристік сала үлкен кешенді индустрия болғандықтан, онда болып жатқан әрбір үрдіс бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, құнды тарихи-мәдени ескерткіш бола тұрып, оған баратын жолдар дұрыс болмаса, не қызмет көрсетуі тиісті деңгейде болмаса, қонақ үйлер болмаса ол жердің мүмкіндігін біз пайдалана алмаймыз. Сондықтан мәдени-кластерлерді құру бастамасы терең сараланып, икемді жоспарға сүйене отырып іске асырылуы қажет.

Бүгінгі таңда мәдени туризмді дамыту үшін алдымен, инвесторларды тарту, тарихи ежелгі қалалары бар территориялардың инфрақұрылымын, олардың ескерткіштерін, ғимараттарды модернизациялау мен жөндеу мақсатында ішкі қорларды іздеу және туризм бойынша заңнаманы реттеу керек. Қалалық ортаны дамыту мақсатында тарихи аймақ шеңберінде мәдени туризмнің арнайы қорын құра отырып, басқару жүйесін қалыптастырған да жөн.

Үшінші тарау қорытындысы

1. Сыр өңірінің мәдени құндылықтары даму үдерісі жастардан қоғамда қалыптасқан адамгершілік, салт-дәстүр, мінез-құлық қағидаларын, адамзат жасаған өмірлік құндылықтар мен талғамдарды, рухани байлықтарды бойына сіңіріп, меңгеруді талап етеді.
2. Сыр өңіріндегі жастардың мәдени құндылықтарды бағалауда Сыр қоғамы мәдени қоғамды құрушы субъектілерге мәдени қажеттілік тұрғысында мүдделі.
3. Өзіміздің құндылықтарымызды сақтап қала білгендігіміз біздің басты жетістігіміз болғанымен, Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдарын нақтылап отырады.
4. Туристік бағдарламалардың мәдени бағыттарына енген мәдени құндылықтардың белгілері мен рәміздерінің семиотикалық тұрғыда талдануы мәдени туризмдегі ақпараттардың жандануы мен сақталуына жағымды әсер ететін гуманитарлық ресурсы бола алады.
5. Сыр өңірі мәдени құндылықтарының рәміздері әлеуметтену және сәйкестендіру қағидасын орындайды, ал олардың жүргізген мәдени туризм шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметі өзіндік бай мәдениетті құрметтеудің құралы ретінде беріледі.
6. Сыр өңірінің мәдени кеңістіктегіндегі рәміздерді және қала семиотикасын зерттеуде шетелдік және отандық тәжірибені қарастыру негізінде өңірдің туристік бағыттарының мәдени-рәміздік орналасуы мен визуалды бейнесін анықтайтын семантикалық саласына ғылыми қызығушылық таныту қажет.
7. Туризм мен семиотиканың өзара іс-қимылының әдіснамалық механизмін әзірлеу туристік маркетингтік жұмыста өңірдің рәміздік бейнесін салуға әсер ететін факторлар (географиялық орналасуы, табиғи ресурс және ұлттық-мәдени әлеует) туралы үстірт түсінуден аулақ болуға мүмкіндік береді.
8. Сыр өңірінің мәдени кеңістігіндегі түрлі рәміздерді семиотикалық тәсілді қолданып талдау және олардың құрылымдық элементтері мен феноменологиясын анықтау өте өзекті болып табылады.
9. Мәдени туризм бағыттарының семиотикалық позитивті бейнесін құрудағы өзара байланысы туралы ғылыми зерттеулер мәдени туризмнің танымдық қызметін тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сыр өңірі мәдени құндылықтарын семиотикалық талдауда қоғам дамуының объективті қажеттілікті зерттеулермен, өңіріміздің рухани-танымдық аймағының белестерінен, болашағымыздағы руханияттық деңгей туралы сұраныстарынан туындайтын түйткілдер тізбегі біз қарастырып отырған мәселенің талаптарын да күшейте түсті. Сондықтан бұл теориялық зерттеулермен қатар, аталған мәселелердің шешімін табуға және семиотикалық талдаудағы өзіндік баламалы нұсқасын ұсынатын тәжірибелік сипатты зерттеу болып табылады.

Сыр өңірінің мәдениетінің «рәміздік аппаратын» тану үшін құрылымдық семиотикалық талдау әдісін пайдаландық. Бұл әдіс мәдени құндылықтарды мәдениеттің біртұтас мәтіні ретінде, біртұтас семиотикалық жүйе ретінде талдауға мүмкіндік берді. Семиотикалық талдау дүниетанымның ерекше қазақы моделінің мәніне үңілуге, осы мәдени мәтіннің пайда болған өңірдегі әлеуметтік мәдени шынайылықты зерттеуге, мәдениеттің семантикалық толығуларын, рәміздің көпқатпарлығын білуге мүмкіндік берді.

Бірінші тарауда құндылықтар теориясының қалыптасуына талдаулар жасалынды, түрлі концепциялардың методологиялық ұстанымдарындағы ерекшеліктер анықталды, ғылыми концепцияның өзіне тән жетістіктері мен мүмкіндіктері құндылықтар теориясының түрлі тұжырымдарынан біртұтас құрылым туындап, өзінше философиялық келбет қалыптастырған. Мәдениеттер мен құндылықтар үйлесімді дамуы барысында теориялардың алуан түрлілігі оның шеңберін кеңейтіп, бір-бірін толықтыратын жаңа жүйенің пайда болуына себеп екенін білдік. Құндылықтар иерархиясында қоғамдағы барлық саланы мәдени қауымдастықтың құрылымында қалыптасатын мәдени құндылықтардың өзара байланысы, эволюциясы, трансформациясы менталитеттік ерекшеліктермен үйлестіруші қызметін атқаратындығы тұжырымдалды.

Батыс елдеріндегі құндылықтарды зерттеу семиотикасы жеткілікті дамыған теория болып табылатындықтан, бұл тәсілдерді құндылықтардың әртүрлі танымдық деңгейін талдауға мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеу семиотикасына бұл тарауда кеңінен тоқталып, оның барлық бағыттарын зерделеп, оны өз кезегінде тәжірибемен ұштастыру қажеттілігіне басымдық берілді. Семиотикада белгінің бір-бірімен қатынасын синтаксис, белгінің белгіленген затқа қатынасы семантика, белгі жүйесінде тұтынып қолданылатын белгі қатынасын прагматика айырып береді. Бұл Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың дүниетанымдық түсініктерінің негізгі жүйесін семиотикалық тәсілде айқындауға мүмкіндік берді.

Екінші тарауда киелі нысанды семиотикалық зерттеу әдістемесін қолданып, одан этномәдени қисында қазақы қоғамға тән рәміздік мәдени мән-мағынаны ашуға талпыныс жасалды. Мәдени кешеннің әлеуметтік-мәдени табиғаты мен философиялық мәнін ашу арқылы рөлі анықталып, рәміздік тұрғыда әдістемелік негіздерге сүйене отырып, кешендегі дүниетанымдық рәміздік элементтерге талдау жасалды, Қорқыт Атаның ежелгі түркі өркениетінің қалыптасуындағы алатын орыны мен кешеннің мәдени-рәміздік

маңызын пайымдау, кешеннің рухани-мәдени, дүниетанымдық бастауларындағы рәміздік ерекшелігін айқындау және оған жалпы кешендік тұрғыда семиотикалық талдау жасалды. Тақырыпты талдау барысында кешеннің қобызға тән сипатына басымдылық беріліп, ғылыми бағдарға айналды.

Мәдени құндылықтардың мәнін пайымдау үшін дәстүрлі құндылықтар болмысының бастапқы негізі талданды. Құндылықтарды табыстау және тұрақтандыру «дәстүр» арқылы іске асады. Дәстүр Сыр өңіріндегі ең маңызды координаттаушы жүйе. Дәстүр арқылы адамдар арасындағы кеңістіктік-уақыттық тарихи алшақтық жойылып, белгілі рухани-адамгершіліктік қағидалар ортақтығы қамтамасыз етуі белгілі болды.

Сыр өңірі қазақтарының құндылықтары жүйелеріне ерекше әсер ететін дәстүрлі құндылықтардың бағдарланудың даму сипаты мен бағыттылығын анықтау үшін дәстүрлі әлеуметтік институттарға семиотикалық талдау жасалды.

Бұқаралық мәдениеттегі қатынастардың Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарды қаншалықты және қалай өзгерткендігіне баса назар аударылып талданды. Сыр өңіріндегі құндылықтар жүйесіне сараптама жасау екі жақты қарастырылды: жағымды және жағымсыз парадигмалар. Нарықтық қатынастарға негізделген бұқаралық мәдениет аясындағы құндылықтар жүйесінің ауысуының табиғи эволюциялық және жаһандық үрдіс салдарынан болатын жасанды беталыстары сараланды. Ол үшін еліміздегі саяси-әлеуметтік аренадағы құндылықтар мен игіліктердің белгіленуі, оның адамзат эволюциясына әсері мен Сыр өңіріне де айтарлықтай ықпал етіп отырған белгілері нақты өмір шындығымен байланыстырыла қарастырылды.

Бұқаралық мәдениет құрылымдық тұрғыда ұлттық салаға да айтарлықтай ықпал еткенімен, жаһанданудың ерекшеліктерін сараптап, Сыр өңірінің мәдени құндылықтарына түпкілікті деструктивті түрде әсер ете алмайтындығын таразылай келе, батыстану үрдісінің беталысын және ондағы құндылық бағдарлардың басымдылыққа ие болатын тетіктерін ашып бердік.

Үшінші тарауда Сыр өңірі жастарының мәдени құндылықтарының қалыптасуы негіздері мен себептерін, қозғаушы күштері мен құрылымын анықтау, қоғамдағы мәдени құндылықтардың даму үдерісіндегі көптеген қайшылықтардың қайнар көздерін табуға талпыныстар жасалынды. Бұл тарауда негізінен өңір жастарының болмыстық өзегін құрайтын құбылыс мәдени құндылықтар екені тұжырымдалып, оларға мәдени-әлеуметтік тұрғысынан талдау өткізілді. Зерттеу нәтижесінде қоғам субъектілердің мүддесін қорғап, оның ішінде пайда болатын қайшылықтарды дер кезінде объективті түрде шешіп отырса, Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтардың даму үдерісін бейбіт жолмен дамыта алатынын, азаматтардың мінездері мен қабілеттіліктері олардың мәдени ортадан нені қабылдайтындығына және өздері тәрбиеленген қоғамның құрылысына байланысты екенін білдік.

Сыр өңірінің мәдени туризмін қалыптастыру үдерісіндегі басымдықтар мен кемшіліктерді айқындау барысында заманауи ғылыми кеңістікте және мәдени-идеологиялық қызметте орын алып отырған іс-шаралар сараланды. Нәтижесінде өңірдің мәдени брендин жасайтын басымдықтар ретінде «мәдени

құндылықтар» және «киелі нысандарды» зерттеу қажет деп тұжырымдаймыз. Себебі, мәдени құндылықтар өткен шақтың, ұлттық және мемлекеттік сипатты семиотикалық белгілермен, архитектуралық құрылыммен жадыда бекітіп, өңірдің мәдени имиджін қалыптастыруда маңызды орын алады.

Қазіргі дефинициялар «мәдени брендинг», «өңір бренді», «аймақтық бренд» ұғымдарының мағынасына мәдениеттанулық тұрғыдан мән беріліп, ұғымның мазмұны мен оның мағынасын түсіндіруге тырыстық.

Диссертациялық жұмыстың соңында мынадай қорытындылар алынды:

Біз зерттеу нысанына алып отырған мәдени құндылықтарды семиотикалық зерттеу жан-жақты кең қамтылған пәнаралық өрісте қарастыру әрекеті семантикалық, прагматикалық идеялар негізінде зерттеу, мәдени құндылықтардағы таңбалық ақпараттың мазмұндық-семиотикалық аясы негізінде ұлттық әлеуетін және түрлі мәдениет белгілерін құрайтын негізгі элементтерін жіктеу, түркі дүниетанымындағы негізгі аспекті ретінде саналатын құндылықтардың қасиеттілігі туралы ұғым-түсінігі және тұрғындарының ішкі әлемі арасындағы байланысты анықтау өзекті екенін білдік. Мәселенің зерттелу деңгейіндегі семиотика мен рәмізшілдік мектеп батыстық мәдениетте қалыптасқандықтан, осы бағдарламалардың жетістіктерін пайдалану отандық мәдениеттанудың жаңашыл жетістіктерге жетуіне себепкер болды.

Біріншіден Сыр өңіріндегі мәдени жәдігерлер-бүгінгі Қазақстанның көне түркілердің ата-жұрты екендігін білдіреді. Сыр өңірінің мәдени құндылықтар моделі табиғи, психологиялық және әлеуметтік құбылыстармен өзара байланыста болуынан туындады. Сыр өңірінің мәдени құндылықтары ең алдымен, кеңістікте әрдайым өзінің төңірегінде болып жатқан табиғи және әлеуметтік үдерістерді түсіндіруге тырысады. Сыр өңірі халқының осы үдерістерді бақылап, оған тікелей қатысуы, белгілі бір моральдық, эстетикалық және басқа да әлеуметтік құндылықтар тұрғысынан баға беруі-оның тұтас Сыр өңірінің мәдени образының пайда болуына әкеледі.

Екіншіден Сыр өңіріндегі киелі нысандар түрлі танымдық аңыздар арқылы адам өміріне етене жақын кірді. Бұл өз кезегінде киелі маңызға ие болып, кеңістік адам мен қоғамның табиғатқа қосылғандығын ұғынуымен тең келді. Бұл дәстүр Сыр өңіріне табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, арғы тегін құрметтеуді, өз халқының әдет-ғұрпын сақтауды қалыптастырды. Дәстүр түріндегі ұжымдық жады киелілікті ұйымдасқан бастау ретінде қабылдау тәсілдерін сақтап қалды. Сыр өңіріндегі діни ағартушылар мен батырлар институты қоғамдық сананың жоғары деңгейі мен рухани мықтылығын білдіреді.

Үшіншіден, Сыр өңірі халқының әлемді қабылдауы терең рәміздік және таңбалық мағынаға ие болуына мәдени құндылықтардың семиотикалық маңызы зор. Сыр өңірінің мәдени образы-жалпы қазақ әлемінің сипаттамаларымен анықталған ұжымдық әлем моделінің бір бөлшегі және өзіндік, ерекше әлемді тану белгісі.

Төртіншіден, бұқаралық мәдениетте технократиялық ойлау мен дүниетаным белең алып отырғаны белгілі. Бұл Сыр өңіріндегі қазіргі мәдени

болмысқа өзінің әсерін тигізіп, ұлттық төлтумалық келбеттің бедерсіздене бастауына әсер етіп отыр. Сондықтан, объективті түрде ақпараттар ағынын қабылдауда, мәдениеттің бірегейлігін, даралылығын білдіретін құндылықтар жүйесіне назар аударып, оны сақтап, әрі қарай дамытқанымыз дұрыс. Сонда ғана мәдениет өзінің көптүрлілігін, қайталанбас байлығын ұрпақтан ұрпаққа бере алады, дәстүрді жалғастырады.

Бесіншіден, Сыр өңірі халқының құндылықтарға рәміздік бағдарлану жүйелеріне ерекше әсер ететін этнопсихологиялық жағдайларға: этнос, отбасы, тегі, яғни дәстүршілдік және қазіргі жаңа құндылықтарды сүзбелейтін этнофоралардың құндылықтарға бағдарланудың даму сипаты мен бағыттылығын анықтайтын орнықты дәстүрлі әлеуметтік институттарды сақтауымыз керек.

Әрине, Сыр өңірінің мәдени құндылықтарының барлық бағыттарын диссертацияның шеңберінде толығымен қамтып шығу мүмкін емес. Дегенмен, жұмыста қорғауға ұсынылған қағидалардың, негізгі қорытындылары мен нәтижелерінің практикалық, теориялық маңыздылығы құнды деген ойдамыз.

Сыр өңіріндегі мәдени үдерістер ерекше қызығушылық туғызады, оларды аксиологиялық және семиотикалық талдау жаһандану жағдайындағы эстетикалық сана дамуының негізгі үрдістері мен әлеуметтік мәдени заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.

Сыр өңірі мәдени сабақтастығын семиотикалық талдау негізінде оның астарынан халықтық терең дүниетаным, түсінікті ұлттық сана мен парасат-пайымды, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтарды, ғасырлық тәлім-тәрбиенің қысқа да, нұсқалы түрде мәдениет жүйесінде когнитивтік құрылым ретінде рәміздік құндылықтармен сақталғанын білдік. Ендеше, «Сыр өңірінің мәдени бейнесін» жеткізетін ұтымды әрі қаныққан рәміз ретінде құндылықтар ерекше мәнге ие.

Қорыта айтқанда, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері Сыр өңіріндегі мәдени ахуал мен жағдайды кемелдендіруге өзіндік септігін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы құндылықтар мәдениетінің қажетті деңгейде қалыптасуына игі ықпалын тигізеді деген ойдамыз. Сондай-ақ бұл бағыттағы зерттеу қорытындылары қазіргі Қазақстандағы мәдени антропология ғылымына пайдалануға негіз болады, болашақтағы ұлттың эстетикалық жетілуі мен қоғамның бірігуі үшін қазіргі әлеуметтік саланың жаңаруы мен өзгеруі кезеңінде үлкен маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Сорокин П.А. Кризис современной семьи//Вестник Московского университета. Серия социология и политология.-1997.-№3. –С. 65-79.
2. Нұрмұратов С.Е. Адамның рухани құндылықтарының қалыптасуына әлеуметтік-философиялық талдау. Филос.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты.-Алматы, 2000.-200 б.
3. Лосев А.Ф. История античной эстетики.-М.: Искусство, 1980.-Т.б.-765 с.
4. Платон. Соч. в 3-х т.-М., 1970, -142 с.
5. Кант. Критика способности суждения. Сочинение. 6 т./Под. Ред. В.Ф.Асмуса и др.-М.:Мысль, 1966. Т.5.-564.-280 с.
6. Огурцов А. П. Типология//Новая философская энциклопедия.-В 4-х т.-М.: Мысль, 2001.Т. 4.-70-72 с.
7. Вебер М.«Объективность» социально-научного и социально-политического познания//Избранные произведения.-М.:Прогресс, 1990.-345-415 с.
8. Риккерт Г. О системе ценностей//Логос. 1914. Т.1. Вып.1.-С.62.
9. Виндельбанд В. Философия культуры и трансцендентальный идеализм//Культурология XX век. Антология.-М.:Прогресс. 1995.-С.195.
10. “Әлемдік философиялық мұра”. «XX ғасырдағы тарих философиясы». Жиырма томдық. 16-том.-Алматы: «Жазушы», 2007.-544 б.
11. Кассирер Э. Лекции по философии и культуре//Культурология. XX век. Антология.-М.: Прогресс. 1995.-С.290.
12. Нұрмұратов С.Е. Түркі ойшылдарының құндылықтар әлемі//Әл Фараби журналы.-№ 1 (45) 2014.-Б.189.
13. Шелер М. Положение человека в. Космосе//Проблема человека в западной философии.-М.: Знание. 1989.-С.235.
14. Шелер М. Формализм в этике и материальная этика ценностей//Избранные произведения.-М.: Гнозис, 1994.-С.259-337.
15. Дильтей В. Описательная психология.-М.:Мысль. 1924.-137 с.
16. Шпенглер О. Закат Европы.-М.:Мысль. 1923.-345 с.
17. Тойнби А. Постигание истории.-М.:Прогресс. 1991.-736 с.
18. Ғабитов Т. Мәдениеттануға кіріспе.-А., 1996.-223 б.
19. Raymond Williams. Culture and Society.-Great Britain: Penguin Books, 1971.-p 352.
20. Маслоу А. Мотивация и личность.-СПб.: Евразия, 2006.-Т. 4.-375 с.
21. Абишева А. К. О понятии «ценность»//Вопросы философии.-2002.-С.139-146.
22. Батищев Г. С. Диалектика как логика мировоззрения целостно развитого человека//Материалистическая диалектика как логика.-Алма-Ата:Наука, 1979.-С.122.
23. Быховская И.М. Аксиология//Культурология XX век. Антология. Аксиология, или Философское исследование природы ценностей. М.:Прогресс, 1996.-340 с.
24. И. Г. Сухина. К вопросу о понятии культурной ценности: семантическая экспликация. Philosophy. Juvenis scientia. 2016. № 5.
25. Поппер К. Открытое общество и его враги.Т.2.-М., 1992.-525б.

26. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Автореф. Дисс.филол.ғыл. док. Алматы, 1997.-53 б.
27. Қуанышбаева Ж. Ж. ҚР жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар. Алматы. Диссертация. 2015 ж.
28. Нұрмұратов С. Қазақ халқының рухани құндылықтары тарих және қазіргі заман//Адам әлемі.-№3(69). 2016. -Б.87.
29. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында.-Алматы: Полиграфия-сервис К. 2012.-316 б.
30. И. Г. Сухина. К вопросу о понятии культурной ценности: семантическая экспликация. *Philosophy. Juvenis scientia*. 2016. № 5.
31. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера.-Л., 1990.-358 с.
32. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. Санат: Алматы.№3.-43 б.
33. Тәттібек Н.М. Жаһандану және заманауи мәдени кеңістіктегі құндылықтар өзгерісі//KazNU Bulletin. Philosophy series. Cultural science series. Political science series. 2015. №4 (53).-Б.195.
34. Полищук В.И. Лекции по культурологии.-Москва:Гардарика, 2014.-271 с.
35. Тарихи-мәдени мұра және заманауи мәдениет. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинарының материалдары жинағы.-Алматы. 2012 ж.-233 б.
36. Нұрмұратов С.Е. Адамның рухани құндылықтарының қалыптасуына әлеуметтік-философиялық талдау. Филос.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. авторефераты.-Алматы, 2000.-200 б.
37. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әлемдік философиялық мұра.. Қазіргі түркі философиясы/Құраст.:Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева.-Алматы: Жазушы, 2009. Т.20.-512 б.
38. Тәуелсіз Қазақстан философиясы, 2006. 20-том. Аударма.-Астана. 544-б.
39. XX ғасырдың мәдениет философиясы. 17 том. 2008.
40. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры.-М.:Искусство,1972.-363 с.
41. Альджанова Нұрлыхан Қожабергеновна. Қазақтардың коммуникациялық мәдениетін семиотикалық талдау. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы. 2016. - 134 б.
42. Пирс Ч. Избранные философские произведения/пер.с англ. К.Г. Голубович, К. Чухрукидзе, Т. Дмитриева. – М.:Логос, 2000.-421 с.
43. Барт Р. Семиология как приключение//Мировое древо.-1993.-№ 2.-81 с.
44. Моррис, Ч.У. Основания теории и знаков//Семиотика. Сборник переводов. Под ред. Ю. С. Степанова.-М.:Радуга, 2002.-С. 45-96.
45. Де Соссюр Ф. Труды по языкознанию.-М.:Прогресс, 1977.-329 с.
46. Иконникова, С. Н. История и теория культуры/С. Н. Иконникова-Издво: Питер, 2008.-592 с.
47. Усманова А. Р. Умберто Эко: парадоксы интерпретации.-М.: "Пропилеи", 2000.-200 с.
48. Collected Papers of Charles Sanders Peirce/Eds. C. Hartshorne, P. Weiss (Vol.1-6); A. Burks (Vol.7-8). – Harvard: Harvard University Press, 1931-1958.

49. Қайырбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: Филол. ғыл. канд. дисс.-Алматы, 2004.-135 б.
50. Peirce, Charles Sanders. 2000. Selected philosophical works.-Moscow:Logos,-421 p.
51. Peirce, Charles Sanders.1999. Logic as semiotics: the theory of signs.//Metaphysical research.Issue. Language. SPB. 199-217 p.
52. Morris, Ch.U., Theory of Signs of Sickness//Semiotics. Components of translation. Subdirectory Y. S.M. Stepanova. -М.:Радуга, 2002.-С. 96.
53. Евгений Горный "Радуга", Таллин, 1996.-168-175 с.
54. "Әлемдік мәдениеттану ой-санасы". Он томдық. 6-том. Тіл мен мәдениет.- Алматы: Жазушы, 2005.-568 б.
55. Иконникова, С. Н. История и теория культуры/С. Н. Иконникова. Издво: Питер, 2008. 592 с.
56. Руднев В.П. Энциклопедический словарь культуры XX века.-М.:Аграф, 2001. с 608.
57. Лях, В. И. Культурогенез как проблема теории и истории культуры: теоретические основания и реконструкция. Научное издание/В. И. Лях-Краснодар, 2010.-256 с.
58. Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызы. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс. Алматы. 2019.-169 б.
59. Кассирер Э. Избранное. Опыт о человеке.-М.:Гардарика, 1998.-784 с.
60. Лотман Ю.М. О разграничении лингвистического и литературоведческого понятия структуры//Вопр. языкознания.-1963.№3.-44-52 с.
61. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. 9-шы том. 322-бет. XX ғасырдағы Ресейдің мәдениеттанулық ойлары.-Алматы: Жазушы, 2005.-560 б.
62. Кассирер Э. Философия символических форм. В 3-х т.-М.:Университетская книга, 2001. Т. 2.-280 с.
63. Cassirer, E.1955. The philosophy of symbolic forms. london, p 15.
64. Кассирер Э. Избранное. Опыт о человеке.-М.:Гардарики, 1998.-316 с.
65. Vorbasova, K. M, Theoretical principles of semiotics analysis//Tolerance and cooperation as a basis for intercultural communication within the modernization of Kazakhstan society.//The Republican scientific-theoretical conference pack. 2014.5 p.
66. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры.-М. Искусство, 1972.-363 с.
67. Лосев А. Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. 2-е изд. испр.-М.:Искусство, 1995.-315 с.
68. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнические очерки).- Алматы: Қазақстан, 1998.-184 с.
69. Леви Стросс К. Структурная антропология.-М:Наука, 1983,-536 с.
70. Генов Р. Символы священной науки.-М.:Беловодье. 2002.
71. Шпенглер О. Закат Европы: Очерки морфологии мировой истории. Образ и действительность. В 2-х т.-Минск: Поппури, 1998. Т. 1.-688 с.
72. Альджанова Н.К., Борбасова К.М. Қазақ халқы сәндік өнерінің тұрмыс салттағы маңызы//Қазақстан халықтар Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Ғылым мен білімдегі жастар» атты студенттер мен жас ғалымдардың

- «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, 2015, 17 сәуір. Т.2.-Алматы: Қазақ университеті, 2015.-Б.205.
73. Кассирер Э. Понятие символических формы в структуре наук о духе.//Культурология XX в. Дайджест. Философия культуры.- М.:Юрист, 1998, -С.246.
74. Лотман Ю.М. Семиосфера. Культура и взрыв: Внутри мыслящих миров. – СПб.: Искусство, 2000.-704 с.
75. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 5-том. (Тәуелсіз Қазақстан философиясы)/А.Х. Бижанов және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен.-Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2017.-544 б.
76. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. 9-шы том. 326-бет. XX ғасырдағы Ресейдің мәдениеттанулық ойлары.-Алматы: Жазушы, 2005.-560 б.
77. Vorbasova, K.M Communication syliotics of the Kazakh language the manifestation of his literature//The series of series of philosophy of culturology series of political science. N 2. 2016.
78. Ермаганбетова К.С. Киелі нысан аймақтық бренд ретінде//Исламдық руханилық пен рациональдық және этно-мәдени дәстүрлер діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде: халық. конф. матер.-Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2015.-Б. 366-369.
79. Философия.Сост.Т.Х. Габитов.-Алматы: Раритет, 2010.-408 с.
80. Новая философская энциклопедия: в 4 т./Ин-т философии РАН; Нац. обществ. науч. фонд. Изд. 2-е, испр. и допол.-М.:Мысль, 2010.-480 с.
81. Ермагамбетова Қуралай Сергабыловна. Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Алматы. 2019.-152 б.
82. Brie S., Dagggers J., Torevell D. Sacred Space Interdisciplinary Perspectives within Contemporary Contexts.-Cambridge, 2009.-206 p.
83. Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология/пер. с англ., нем., фр./под ред. А.Н. Красникова.-М.:Канон, 1998.-432 с.
84. Қайратұлы Б. «Қасиетті Қазақстан» картасы жасалуда//Егемен Қазақстан. №3.2017.-Б.4.
85. Леви-Строс К. Структурная антропология.-М.: Наука, 1983.-536 с.
86. Abikenov Zh, Gabitov T, Bermakhanov O, Abdiramanova A, Nassimovv M. Semiotic Analysis of the Symbolic World of the Culture Complex. Space and Culture, India 2019, 6:5. 177 p.
87. Әбікенов Ж.О, Альджанова Н.К. Қорқыт ата кешенінің рәміздік әлемін семиотикалық талдау.//Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Философия сериясы. мәдениеттану сериясы. саясаттану сериясы. Алматы. 2018. -№1 (63).-Б.289.
88. Әбікенов Ж., Габитов Т. Семиотиканың түрлі танымдық деңгейін талдау негіздері. V Халықаралық Фараби оқулары аясында өткен студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция. 2018. Б.197.

89. Ivanov, V. 2004. Selected work on semiotics and history of culture.-М. Nauka,- 189 p.
90. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2004. 6-том.-Алматы,-58 б.
91. Қазақ өнерінің тарихы, 2008. 3-том. 1-ші кітап. Өнер баспасы.-Алматы,-289 б.
92. Қорқыт туралы аңыз. Қазақ ертегілері.-Алматы:Жазушы, 1957.-1-т.-298 б.
93. Қорқыт Ата, 1999. Энциклопедиялық жинақ.-Алматы,-800 б.
94. Жақау Дәуренбеков, Едіге Тұрсынов, 1993. Қазақтың бақсы-балгерлері. Ана тілі баспасы.-224 б.
95. Қоңыратбаев Т. Қазақ музыкасының тарихы. Алматы. 2011. 264 б.
96. Қазақ философиясы тарихы, 2014.-Алматы.1-том.
97. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы, Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парагдигмалары.-Алматы:Жазушы, 2006.-496 б.
98. Әбікенов Ж. Қорқыт ата дүниетанымының мәдени кеністігі.//«Әл-Фараби» журналы. 2018.-№ 3 (63).-Б.187.
99. Е.Д.Тұрсынов, 1976. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы.-195 б.
100. Турсунов, Д.Е. 2001, Древнетюркский фольклор: истоки и становление.- Алматы. Дайк Пресс.-172 б.
101. Әлкей Марғұлан, 2007. Шығармалары. Алатау. Алматы.-608 б.
102. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы, Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парагдигмалары.-Алматы:Жазушы, 2006.-496 б.
103. Шакирова, М.И. Қорқыт және қобыз музыкасы. Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал-Сырдария өңірінің орны атты халықаралық ғылыми конференция материалдары.-Алматы, 2009. Б.346.
104. Aldjanova, N. K Borbasova, KM, Rysbekova, Sh. A. Semiotic Analysis of the Yurt, Clothing and Food Eating Habits in English Traditional Cultures//The International Journal of Critical Cultural Studies. Volume 14, Issue 1.2015. 35 p.
105. Тәттігүл Картаева. «Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том.- Алматы:Қазақ университеті, 2014.-235 б.
106. Гамкрелидзе Т.В, Иванов Вяч. Вс. Индоевропейский язык и индоевропейцы. Реконструкция и историко-типологический анализ праязыка протокультуры.-Барнаул:БГК им. Бодуэна де Куртенэ, ч.2. 1998.-420 с.
107. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа.-М.:Наука, 1976.
108. Тойшанұлы А. Т. Түрік-моңғол мифологиясы: Монография.-Алматы. 2009.-192-б.
109. Тұрсынов Е. Генезис казахской бытовой сказки.-Алма-Ата:Наука, 1973.
110. Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар.-Алматы, 2000.
111. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Часть 3. Киргизское наречия. СПб, 1870.
112. Г.С.Исаева. Шаңырақ этномәден концептісінің когнитивтік моделі.// Известия НАН РК. Философия сериясы. 2009. №4.Б-62.
113. Картаева.Т.Е., Болсынбек Т. Сандық жасау өнері және қолданыс аясы (музей материалдары негізінде).//Bulletin. History series. №1(84).2017.-Б.256.
114. Сидоллаева А. Киелі кимешек.-Алматы, 2014.-19 б.

115. Атабаева М.С Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. Филол. ғылым. докт.дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Алматы, 2006.-289 б.
116. Шаханова Н.Ж. Символика традиционной казахской культуры.-Алматы, 2004.-276 с.
117. Нұрланова Қ.Ш. Айтыстың көркем-эстетикалық және философиялық негіздері//Әл-Фараби. 2003. № 4.-Б.96.
118. Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Алматы.2019.-192 б.
119. Литвинова А.Л. Семья как ценность культуры//Социальная динамика и духовная культура.-Тверь, 1991.-С. 108.
120. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 14-том.
121. Машимбаева А.Ж. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы.- Алматы: Арда, 2009.-124 б.
122. Тәттігүл Картаева. «Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 1-том.- Алматы:Қазақ университеті, 2014 ж.-235 б.
123. М. П. Ешимов. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдар: қол қимылдарының семантикасы.//Вестник КазНУ. Серия филологическая. №3. 2014.
124. Бейсембаева С. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке. Дисс.канд.филол. наук.-Алматы, 2002.-119 б.
125. Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет нормаларына салыстырмалы талдау. Филол. ғыл.канд. дисс.-Алматы.1998.-183 б.
126. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі.-Алматы. Санат, 1998.
127. Леви-Строс К. Путь масок. Пер. с фр. А.Б. Островского. М.:Изд-во «Республика», 2000.
128. Нурланова К. Символика мира в традиционном искусстве казахов//Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством.-Алма-Ата: Ғылым, 1993.-226 с.
129. Г.Е.Крейдлин. Невербальная семиотика: язык тела и естественный язык.- М.:Новое лит. обозрение, 2002.-С. 476.
130. Лабунская, В. А. Невербальное поведение (социально-перцептивный подход). Ростов н/Д : Изд-во Рост. ун-та, 1986.-С. 5–35.
131. М. А. Епанешникова. Функции запаха как феномена культуры.//Вестник Челябинского государственного университета. 2010. №31. вып.19.-С.31–35.
132. Фрейд, З. Основной инстинкт/сост. и предисл. П. С. Гуревича. М.:Олимп: АСТ- ЛТД, 1997.-195–196 с.
133. Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы.З.К.Шәукенова және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014.-224 б.
134. Жанабаева Д. Батыс және Шығыс мәдениеті аясындағы дәстүр мен жаңашылдық арақатынасы.//Адам әлемі.-Алматы. -№3 (61) 2014.-Б.144.

135. Арутюнов С.А. Силуэты этничности на цивилизационном фоне: Монография.-М.:ИНФРА-М, 2012.-416 с.
136. Адорно Т., Хоркхаймер М. Диалектика Просвещения. Философские фрагменты/пер. с нем. М. Кузнецова. – СПб.: Медиум, Ювента, 1997.-312 с.
137. Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы/З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен.- Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014.-224 б.
138. Нұрадин Г.Б. Мәдениет философиясы: Оқу құралы.-Астана, 2010.-90 б.
139. Буенбаева. З.Қ. Шығыс және Батыс медиа үдерісі:дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау). Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Алматы. 2019.-170 б.
140. Хвыля-Олинтер Н.А. Интернет-Фактор в ценностном развитии молодежи России// Alma mater. Вестник высшей школы.-2016.- №5.-С.104-109 с.
141. Досжан Р.Қ. Толеранттылық-ұлтаралық қарым-қатынас факторы ретінде// Зерттеуші. 2012.-№6 (74).-Б.32.
142. Почебут Л.Г. Кросс-культурная и этническая психология.:учебное пособие.-Питер. 2012.-14 с.
143. Иоскевич Я. Интернет как новая среда художественной культуры//Экранная культура. Теоретические проблемы.-СПб.:«ДМИТРИЙ БУ-ЛАНИН», 2012.-299 с.
144. Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Алматы.2019.-192 б.
145. Исмагамбетова З.Н. Ценностный релятивизм в контексте массовой культуры//Қазіргі заман адамының рухани ізденісі: Халықаралық ғылыми конференция материалдары.-Алматы, 2006. Б.17-19.
146. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). 5-том. (Тәуелсіз Қазақстан философиясы)/А.Х. Бижанов және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен.-Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2017.-544 б.
147. Нысанбаев А.Н. Сущность глобализации и ее влияние на Республику Казахстан//Казахстан в условия глобализации: философско-политологический анализ. -Алматы: Института философии и политологии МОН РК, 2006.-363 с.
148. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.-203 б.
149. Затов Қайрат Айтбекұлы. Қазақ мәдениетінің өркениеттік кеңістігі. Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.-Алматы, 2010.-254 б.
150. Буенбаева. З.Қ. Шығыс және Батыс медиа үдерісі:дәстүр, контент және конвергенция. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Алматы. 2019.-170 б.
151. Нұрмұратов,С.Е. 2000. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау.-Алматы, ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты.-180 б.

152. Әбікенов Ж., Ғабитов Т. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын талдау.//«Адам әлемі» журналы. 2018.-№12 (76).-Б.168.
153. Ақселеу Сейдімбек, 2010. Шығармалары. 3-том.-Астана.-832 б.
154. К.У.Биекенов, С.К.Биекенова, Г.А.Кенжеакимова, 2012. Әлеуметтану.- Алматы. Паритет.-448 б.
155. Abikenov Zh, Gabitov T. Identification of the kazakh culture in the context of the national idea. LASTEM-522nd International Conference on Social Science and Humanities (ICSSH) Beijing.
156. Лотман Ю.М. Семиосфера.-С.Петербург: «Искусство-СПБ», 2001г.
157. Smith V. Hosts and Guests-University of Pennsylvania Press: Philadelphia, 1977.-280с.
158. Крачило Н.Г. География туризма.-К.:Виша школа, 1987.-208с.
159. Мироненко Н.С. Рекреационная география.-М. изд. Московского университета, 1981.-207с.
160. Квартальнов В.А. Туризм: Учебник. М.Финансы и статистика, 2000. 320 с.
161. Әбікенов Ж. Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар негізінде аймақтық туризмді дамытудың бағыттары. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. 2017.-Б.168.
162. Бове К. Современная реклама.-М.:Довгань, 2001.-132 с.
163. Александров Н.Н. Философские вопросы брендинга.-М.:Изд-во Академии Тринитаризма, 2011.-420 с.
164. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек-текст-семиосфера-история.-М: Языки русской культуры, 1996.-464 с.
165. Капферер Ж.Н. Торговые марки: испытание практикой: Новые реальности современного брэндинга/пер. с франц.-М.:Консалтинговая группа ИМИДЖ-Контакт, 2002. 280 с.
166. Миронова М. Еда без границ. Правила вкусных путешествий.-М.:Альпина Паблишер, 2016. 260 с.
167. Құралбаев А.А. Қазақстанның Оңтүстік аймағында рухани-тарихи туризмді дамытуды басқарудың ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері. Филос. докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс.-Түркістан. 2017.-148 б.
168. Livingstone S. Audience and publics: when cultural engagement matters for the public sphere. 2 nd ed.-Intellect Books, 2005.-168 p.